


83.3 (БҚа3)

М76

# МӨҢКЕ



Ең-шеңіре



Әр сөздің бойына қан жүгіртіп, қасиет  
ұялатып, ұрпақтан ұрпаққа оны сырлы  
бояуымен, сұлу әуенімен тірі де ұлы  
күйінде жеткізген асыл бабалардың  
рухына мың тағзым!

**Құрастырушы**



**Шекті Мөнке би Тілеуұлы  
(1675-1756)**

*Образдың суретін салған Сағмытай Әлімбетов*

# МӨҢКЕ



АЛМАТЫ "ЕЛ-ШЕЖІРЕ" 2007

ББК 83.3 (5 Каз)  
М 76

**Редакция алқасы:** Есенғали Жүгінісов, Базарбай Сәрсенов, Жоламан Алдияров, Бердібай Кемал, Бөрібай Кәртеп, Бақытжан Қосанов

**Жауапты шығарушылар:** Есенғали Жүгінісов, Базарбай Сәрсенов, Бақытжан Қосанов

**Пікір жазған:** Р. Бердібай — Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

**Мөңке.**  
М 76 / Құрастырған. Жұбаназар Асанов. — Алматы /, “Ел-шежіре” баспасы, 2006. — 264 бет.

ISBN 9965-9997-2-4

Бұл жинаққа өз заманында аты алты алашқа мәлім болған ірі қоғам қайраткері, ойшыл, даланың дана философы, сәуегей болжампаз, жырау Мөңке Тілеуұлына (1675-1756) қатысты құнды деректер мен ғылыми мақалалар, Мөңке ұрпақтарына байланысты кейбір естеліктер еніп отыр. Жинақ тарихшылар мен филологтарға, зиялы қауымға арналған.

4603020000  
М —————  
00(05) — 07

~~ББК 83.3~~  
15.V.07

2/8 16.V.07

ББК 83.3 (5 Каз)

Шалқар аудандық  
орталықтанған кітапхана  
Шалқарская районная  
централизованная библиотека

33655

ISBN 9965-9997-2-4

© Мөңке, 2007  
© “Ел-шежіре”, 2007

*Гордится славою своих предков  
не только можно, но и должно;  
Не уважать оной есть постыдное  
малодушие.*

*А. С. Пушкин*

## **АУЗЫНА ХАЛҚЫН ҚАРАТҚАН** ( Алғысөз орнына )

Белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүрген әрбір ақын—өз дәуірінің, қоғамының перзенті, сондықтан да ол өз заманының әлеуметтік күйін, тұрмыс-тіршілігін өлең сөзге айналдырады. Өмір кешкен сол кезеңге ақыл парасатына қарай өз көзқарасы тұрғысынан қарайды, баға береді, мәселе етеді, талқыға ұсынады, келешекте қоғамдық сананың қай тарапқа қарай бағыт аларын болжайды. Он бесінші ғасырда өмір сүрген Асанқайғыны Шоқан Уәлихановтың даланың дана философына теңеуінің сыры осы мәселелерге қатысты. Кеніш ойдың иесі Асанқайғы Алтын Орданың орнына пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетінін болжап бере алған еді. Қазақ тарихындағы осы үрдіс сабақтастығын он жетінші ғасырда Ақтөбе өңірінде туып-өскен ойшыл Мөңке Тілеуұлы толғауларынан байқай аламыз. Мөңке Тілеуұлы өз заманында билікке араласқан қоғам қайраткері еді, бұл жөнінде белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев “Елең-алаң” атты тарихи романында атап өткен. (1.166) Сол дәуірдегі қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананы терең зерттей алған Мөңке қазақ халқын келешекте не күтіп тұрғанын да айтып бере алады. Оның осындай толғауларының бірі профессор Серік Негимовтың “Шешендік өнер” атты оқу құралына енді. “Алдымен, Мөңке бидің бұл тақпақтап айтылған толғамы келер заман кейпін кемел көрегендікпен сипаттаумен ерекшеленеді,—дейді ғалым.—Кесек ойлар кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар”. [2. 125]

Мөңке би айтты деген сөздерде анахронизм ұшырасып тұратынын есте ұстау керек. Әйтсе де профессор ұсынып отырған жолдар Мөңке дейтін би болғанын, оның толғаулар шығарғанын айғақтайды.

Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітап-

ханасында Мөңке туралы “Бірде әкесі Тілеу сегіз жасар Мөңкені ашамай ерге мінгізіп, тайының басын жетелеп, жолға шығалы” деп басталатын әңгіме сақталған [3].

Бұл дерек Мөңкенің әкесі Тілеу екендігіне бір дәлел бола алса керек. Белгілі журналист Қали Сәрсенбай да Мөңкенің әкесі Тілеу еді дейді [4].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шамшадин Керімов те өзінің Мөңке би туралы мақаласында әкесі Тілеу дейді [5].

Мөңке заманында би болған адам, қоғамдық, саяси істерге белсене араласқан. Әбіш Кекілбаев тарихи романында атап көрсеткендей, Әбілхайыр ханға орыс елшілігі келгенде ішінде болған, саясаткер еді. Оның есімі орыс-қазақ қатынастарына байланысты құжаттарда таңбаланған, “Орта жүз және Кіші жүз билері мен батырларының Нұралы сұлтанды Кіші жүз және Орта жүз қазақтарына хан етіп тағайындау туралы император Елизавета ханымға хатына” қол қойған отыз екі адамның бірі Шекті руының Мөңке биі [6]. Демек, Мөңке— ірі саясаткер. Корші отырған патшалық Ресейдің даму тарихын, жүргізіп отырған аяр саясатын, ондағы өндірістік күштің деңгейін, өндірістік қатынастар сыпатын зерттеген адам. Сондықтан да ол келешекте Алтын Орда орнына пайда болған Қырым, Қазан, Ноғайлы т.б. хандықтар сияқты Қазақ Ордасының да орыс отаршылдарының табанына түсетінін анық біледі.

Өре менен темірден жол тартылар,  
Қоныс болса алдыңнан орыс шығар...  
...Орыс, қазақ қосылып,  
Бір-біріне үйір болар,  
Сөйткен заман кез болса,  
Түзелуі қиын болар,—[4].

лейді ойшыл. Отарлық езгіге түскен соң қазақ халқының қоғамдық болмысы, қоғамдық санасы да өзгермек:

Көлдің суы кетіп , табаны қалар,  
Жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалар.  
Жігіттің ақылы кетіп, амалы қалар,  
Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалар.  
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
Әуленнің әруағы кетіп, мазары қалар.  
Адамның жақсысы кетіп, азабы қалар,  
Ақылы жоқ, санасыздың заманы болар [7].

Мөңкенің көзқарасынша, бұл дүниеде себепсіз ештеңе жоқ. Дүниетанымдық мәселеде Мөңке Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты деизмге жақын. Бұлардың дүниетанымы бойынша, Алла—өз заңдарымен дамитын өлшемнің алғашқы себепшісі.

Енді біз айтып отырған Шекті Мөңкенің би, шешен екендігіне, толғаулардың ақиқат осы кісінікі екендігіне нақты дәлелдер келтірейік.

Шешендік өнерді жіті зерттеген ғалым Балтабай Адамбаевтың “Шешендік сөздер” деген кітабында “Сырымның Мөңкені жеңуі” дейтін әңгіме бар. Онда Сырымға бір жолаушы Шекті елінің бір малшысы сізге “бере сал” деп еді,—деп екі жапырақ ескі шүберек береді. Сырым шүберекті Тана Қоске би мен Бөкен биге көрсетеді.—Бұл біздің елдің Шектіде қорлық-кемдікте жүрген бір әйел адамы болар. Сырым, сен барып алып қайт. Көзіңе шарапшын ки, қарт-жас екенінді білдірме, айтыса қалса Мөңкенің алдына бар,—дейді Қоске қарт.

Сырым Шекті еліне барып, “осы елге бір қарындасым еріксіз кеткен екен, алып қайтайын деп келдім” деген соң, Шектінің билері: “Адамыңның ата-тегін, аты-жөнін айт” дейді. Сырым айта алмайды. “Ендеше, саған ел аралатпаймыз, адам бермейміз”—дейді. Сырым айтысып Мөңкенің алдына барады”,—делінген[8.189].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҰҒА кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында ақын Нұржан Наушабаев шығарған “Шекті Мөңке би сөзі” деген толғау бар.

Үзінді келтірейік:

Ақыр заман адамы,  
Қинауына дүниенің,  
Жетік шығар деп еді,  
Үйрек басты атына  
Ер шығады деп еді,  
Толғауы жоқ, күйі жоқ,  
Жыр шығады деп еді.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,  
Белбеу шығар деп еді.  
Жүгініс жоқ, молдас жоқ,  
Көлбеу шығар деп еді.  
Ендігінің адамынан  
“Менмен” шығар деп еді,  
Етікті тастар, аяққа —  
Кебіс шығар деп еді,



Ақыр заман адамы,  
Кұлағына дүниенің,  
Тегіс шығар деп еді,  
Осы айтқаным бәрі де,  
Дұрыс шығар деп еді,  
Тайынша мен танаға,  
Жүк артылар деп еді,  
Қарап тұрған жігітке,  
Қыз артылар деп еді.  
Садақа-қайыр байлардан  
Қол тартылар деп еді.  
Дүниенің жүзіне  
Өре менен темірден  
Жол тартылар деп еді.  
Осы айтқанның бәрін де,  
Мөңке би айтқан деп еді [9].

Ғалымдар арасында Мөңкеге алғаш назар аударған Ахмет Байтұрсынов еді. Ғұлама өзінің әйгілі “Сауат ашқыш” дейтін еңбегінде Мөңкенің бір билігін үлгі есебінде ұсынады, әрі ол билікті басқа емес, Шекті Мөңке айтқанына куәлік береді [10].

Осы әңгіме қазіргі мектеп оқулығына еніп кеткен, бірақ “Шекті” деген сөзі алынып тасталынған. Ру атынан қашса керек [11.144].

1999 жылы шыққан “Қазақ әдебиеті” энциклопедиясында “Мөңке би—заманында би, әулие атанған, болжал түрінде келетін поэтикалық кестелі сөз қалдырған адам. Мөңке Шекті Тілеуден тарайды. Қазір өзінің ұрпағы да тоғыз-он атадан асады. Ел ішінде Мөңке би айтыпты деген болжау түрінде сөз орамдары сақталған. Мысалы, “Бай құрып, бақсы азады, Кен көбейіп, бишара озады. Түрлі-түрлі халық болады, Күндіз-түні жарық болады”,—деген сияқты көріпкелдік жорамалдары қазіргі күнге тап келеді”, —деп атап көрсеткен [12.482].

Сонымен қазақта Шектіден шыққан Мөңке би деген би болған, әкесі Тілеу екендігі айқындалды.

Жоғарыдағы архив материалындағыдай, А. Байтұрсыновтың жазғанындай 7-8 жастағы баланың билік айтуы біздің қазіргі таным-түсінігімізге қарама-қайшы келеді. Рас, тарихқа үңілсек, әртүрлі елдерден әр замандарда әрқилы сәби вундеркиндтер шыққан, бірақ қазақтан шығуы мүмкін емес екенін Совет үкіметі “дәлелдеп”, бәріміздің санамызға сіңіріп кетті.

Мөңкенің есімін балқы Базар жырау:

Төңірі артық жаратқан,  
Аузына халқын қаратқан,  
Қара қылды қақ жарған,  
Алдынан топты таратқан,  
Мөңке, Төле, Қазыбек,  
Әйтеке—Алшын, би Кебек[13].

Сарышолақ ақын:

Тілеудің ұлы Мөңке еді,  
Алты Алашқа бас болған,  
Қар мойын серке еді.  
Ақылы зерек әулие,  
Қияға көңіл сілтеді [14].

Нүрпейіс Байғанин:

Тілеуімнің ішінде  
Әулие өткен Мөңке би  
Дәулет пен баққа асқандар  
Қайырын судай шашқан бар[15]—

деп жырға қосқан.

Н.Байғаниннің “Тілеуімнің ішінде әулие өткен Мөңке би”,—деуінің себебі мынадай: “Жаманақтың (лақап аты—Шекті) ұлы Шыңғыс өлім халінде жатқан балаң жігітті тауып алып, есін жиғызып, ауылына алып келеді. Шыңғыс бала тауып алғанын хабарлап, оны сүтке шомылдырып, асықты жілік ұстатып, баласы ретінде бөлек отау тігіп беріпті. Жігіт өзінің аты-жөнін, шыққан тегін айтпай, ауыл-үй арасында Мәку атанып кетіпті. Оны Зеріп атты ақылды қызға үйлендіріпті. Көп ұзамай ауырып, ауруы мендей баспаған соң, Шыңғысқа бар шындығын ашыпты. Атының Қалу екенін, әкесінің аты Сирақ (дұрысы Сейдақ- А.Ж.) екенін жасырмай білдіріпті. Сирақтың әкесі ноғайлының атақты Мұса ханы екен. Оның бәйбішесінен Сирақтан басқа Орақ, Мамай, Алшағыр туған”. [16] Осы Қалудан Бөлек деген бала қалған.

Бөлек жайлы ел ішінде:

Сұрасаң арғы атамды батыр Бөлек,  
Тірескен аспанменен бір бәйтерек,  
Ерегіс, екіталай іс болғанда,  
Талайлар паналаған көлеңкелеп,—

дейтін сөзі бар. Бөлектен—Айт, Бұжыр, Алатай туған. Айттан—Қабак, Тілеу, Шоң туған. Тілеуден бес бала—Есіркеміс, Әлдеберді, Жолдаяқ, Жақсымбет, Мөңке.

Мөңке—Тілеудің ең кіші баласы. Мұса ханға байланысты оны “Ноғайлы Мөңке” деп те атайды, яғни арғы атасы ноғай дегені. Кезінде ақыр заман туралы көп айтқандықтан “Ақыр Мөңке” деген де атағы бар. [17] Ұрпақтарының айтуынша, Мөңке Сыр бойында, Атырау өңірінде, Хорезм жерлерінде тұрған.

Бидің ойынша, орыстың табанына түскен соң, рас:

Түрлі-түрлі халық болады,  
Күндіз-түні жарық болады...  
Дүниенің жүзінде  
Өре мен темірден жол тартылады...  
Адам ақысыз жұмыс істемейді,  
Дүниені түрлеп кестелейді...[18].

Бірақ бидің пайымдауынша, адамның адамшылығы тек бұлармен шектелмесе керек.

Қазақтың би-шешендері жайлы кейбір кітаптарға қарағанда Мөңке Сырым Датұлымен жиі араласқан. Бұған “Мөңке мен Сырым бала”, [19] “Сырым бидің батасы” [20], “Мөңкенің сұрағына Сырымның жауабы” [21], “Сырымның Мөңкені жеңуі” әңгімелері дәлел бола алады.

Айта кету керек, “Сырымның Мөңкені жеңуі” шартты атау, болмаса ол әңгіме мазмұнында екеуара өзекті айтыстартыс жоқ. Архив құжатында Сырым Датұлы сексен жастағы Мөңкеден бата алыпты деген дерек ұшырасалы. [22]

Мөңкенің әкесі Тілеу—көреген саясаткер, сайыпқыран қолбасы, Сайрам соғысының қаһарманы. Күлтөбеде сөз алған дана. Әз Тәуке таққа отырғанда хан сайлауына қатысқан. Түркістан қаласында Тілеу Айтұлы атындағы көше бар. Оның есімі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі ескерткіш тақтаға жазылған. [23] “Айтақырға гүл шықпайды” дегендей, сол — Тілеуден туып барып Мөңке “Мөңке би” атанған.

Бірінші әйелінен — Оразалы, Орман, Бозай; екінші әйелінен—Қыстаубай мен Орыс деген бала сүйген. Мөңке екі әйел алған, бірі—Төртқараның, екіншісі—Шөмекейдің қызы. Олардан тараған ұрпақ негізінен қазір Ақтөбе облысының Шалқар ауданына қарасты “Мөңке”, “Қотырмас”, “Қайдауыл” елді мекендерінде тұрады. 300 шаңырақтың үстінде.

Ұрпақтарының айтуынша, әулие сексен бір жасында дүниеден өткен.

Ақтөбе және Шалқар қалаларында Мөңке Тілеуұлы атындағы көшелер бар. Ақтөбе қаласындағы орталық көшеге ескерткіші қойылған. Мөңкетану мәселесіне қатысты толымды

зерттеу еңбекті ірі қоғам қайраткері, қазақ тарихы мен әдебиетінің, мәдениетінің ыжанашыры, профессор Мұхтар Құл-Мұхамед жазып, бұл саладағы алда атқарылар мәселелерді айқындап берді. [24] Есімін ұлттық “Қазақстан” энциклопедиясына енгізді.

Әйтсе де, Мөнкенің өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеу ісі тәуелсіздік алған тұста советтік тәсілмен ұрандата екпінді басталып, аяқсыз қалып отыр.

Профессор Есмағамбет Ысмайловтың “жыраулар өмірдің ұсақ мәселелеріне аз араласып, олар көбінесе заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жағлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған” деген байлауына сүйенсек, Мөңке—жырау [25]. Жыраудың мұраларын жинақтауға тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана мүмкіндік туды.

Төмендегі философиялық толғау Мөнкенің жыраулығын бізге түбегейлі айқындап бергендей. Өмір тәжірибелерін ойлы түйіндермен ұштастыра, дәл баламалар тауып суреттеуі жыраулық өнердің үздік үлгісін аңдатады.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,  
Бір тоғайға қоныңыз.  
Қарындаспен, туғанмен,  
Бір туғандай болыңыз.  
Өзіңе кеңес салғанның,  
Орісі кең болмас па?  
Жатқа кеңес салғанның,  
Жазымға басы кетпес пе?  
Жаманнан жесір бір қамшы,  
Ол сүйегіңе жетпес пе?  
Сом, сом жүйрік, сом жүйрік,  
Шүбаланды шаба алмас,  
Моінынан жалы кетіп арыса.  
Жақсылар жаман болады  
Күнінде жасы жетіп қарыса.  
Жамандар жақсы болады,  
Дәулеті асып байыса... [21]

Бұл үзіндіден ескі жыраулық поэзия үлгісін анық көреміз. Біріншіден, кәдімгі ұйқаспен қоса басқы ұйқастар қабат қолданылған. Басқы рифманың болуынан өлең мінсіз көрініп тұр. Екіншіден, көне жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктерінің бірі—өлең жолдарындағы алғашқы сөздердің қайталануы. XV ғасырдағы әйгілі жырау Қазтуған: “Алаң да алаң, алаң жұрт, Ағала ордам қонған жұрт”,—десе, XVI

ғасырдағы Доспамбет: “Тоғай, тоғай, тоғай су, Тоғай қондым, өкінбен”, — дейді, ал Шалкиіздің бір толғауы: “Ор, ор қоян, ор қоян, Ор қоян атылы бір қоян”, — деп басталады. Мөңке бір толғауында: “Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек”, “Сом, сом жүйрік, сом жүйрік”, — деген қайталауларды қолданған. Мұндай сөз қайталаулар Мөңкенің замандасы Бұхарда да бар: “Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұрылып ұшар жаз күні”, — деп бастайды даңқты жырау өзінің философиялық астарға толы бір толғауын.

Мөңкенің жоғарыдағы толғауында:

...Қырға боран бораса,  
Нуға боран борар ма?  
Ел шетіне жау келсе,  
Халық үстіне дау келсе,  
Жамандайын жалтандап,  
Ер жігіт қарап тұрар ма?  
Арғымақтың алдына,  
Найза бойы жар келсе,  
Жабыдайын жалтандап,  
Түсер жерін қарар ма?  
Арғымақтың аяғы,  
Айдай таға қағылса,  
Кілегей мұздан таяр ма?  
Жақсы алдына сөз айтсаң  
Жабығып сөзге тояр ма?  
Күндердің күні болғанда;  
Басына қиын іс болса,  
Жалғасып өскен жақыннан,  
Жақсылар басын аяр ма?—

деген жолдар бар.

Бұл жолдар Махамбеттің бәрімізге етене таныс: “Орай да борай қар жауса, Қалынға қар борар ма?” деп басталатын толғауын еске салады. Сондай-ақ “Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқанында”:

Арғымақ дейтін жығылар,  
Найза бойы жар келсе,  
Жабыдайын жалтандап,  
Түсер жерін қарай ма?  
Арғымаққа айдай таға қақтырса,  
Кілегей қатқан Еділдің  
Көкше мұзынан таяр ма?—

деген жолдар бар екені қазақ тілінде сауат ашқандарға тегіс мәлім. Бұл жолдар жыраулық толғаумен ұштасып жатыр.

Махамбет жыраулық дәстүрден кол үзбеген ақын. Ол нақты жағдайды айтқанда—ақын, дүниетанымдық мәселелерді сөз еткенде—жырау. Бұған “Орай да борай қар жауса”, “Арғымақ сені сақтадым”, “Күн қайда?”, “Арғымақтың баласы” т.б. шығармалары мысал бола алады. Есет Көтібарұлының Исатай өлетін жойқын ұрысқа қатысқаны патша офицері Шустиковқа байланысты оқиға, кейін Махамбеттің Есет Көтібарұлы ауылын паналап келгені тарихтан белгілі. Яғни, Махамбет бұл өлкені жіті білген. Бұрынғы өткен жыраулар поэзиясының тарихына үнемі көңіл аударған, өте жетік Махамбеттің Есет елінде әулие деп бағаланатын, кейінге қалған сөздері үлгі тұтылатын Мөңке мұраларынан жақсы хабардар болғанына күмән келтіруге болмайды.

Атың тулап жықпаса  
Артқы айылдың бегі игі.  
Алыстағы дұшпанның  
Жағаға қолы жетпеске,  
Артында туысқаның көбі игі.  
Екіталай іс болып,  
Еңсеңе дұшпан табан қойғанда,  
Өзіңменен бірігіп,  
Қыр басына шықпаған,  
Ағайынның күнінде,  
Барынан да жоғы игі.  
Атқа міне шабар деп,  
Бұл қашан жосық табар деп,  
Жігіттікпен салқы өскен,  
Баладан күдер үзбеңіз,  
Ол түзелсе табылмас [21.83]

Толғаудағы бұл үзіндіден Мөңке бидің Махамбет сияқты Шалкиіз поэзиясын меңгерген адам екенін көреміз. Шалкиіз “Жауынды күні көп жүрме” деп басталатын толғауын:

Асау тулап жықпаса,  
Артқы айылдың беркі игі.  
Жағаға дұшпан қолы тимеске,  
Артында туысқанның көбі игі.  
Күндердің күні болғанда,  
Қырға шықпас жаманның,  
Барынан да жоғы игі!—

деп аяқтайды.

Зар заман поэзиясын генезис, типология, поэтикасын тұтастай алып зерттеген профессор Бауыржан Омарұлы Мөңке би шығармашылығының қазақ елі шегінен шығып, көрші қырғыз елі поэзиясына ықпалы тигендігі жайлы: “Қырғыз зар заман әдебиетінің көш бастаушысы Қалығұл Байұлының “Ақыр заман” толғауы Мөңке бидің өлендерімен өте мазмұндас шығарма. Жердің тақыр болуы, ағайынның тасбауырлығы, әйелдің ерге теңелуі хақындағы тұжырымдар екеуіне де ортақ”, — дейді. [26.]

Қырғыздың атақты ақыны Арыстанбек Бұйлашұлы (1824-1878) қазақ Қаңтарбаймен айтысқанда:

Мөңке бий айтқан кеп эле,  
Арыстанбек кимнен кем эле,  
Санат сөзүм сан эле,  
Санжыра сөзүм қап эле, — [26.166]

деуі, Мөңке би мұраларының қырғыздың әйгілі ақындары шығармашылығына зор әсері тигендігіне нақты дәлел. Әрі Мөңкенің шешесі қырғыздың қызы болғандықтан, бұл жағдайдың ықтималдығы арта түседі.

Айттық, Мөңке шығармашылығы әлі зерттеусіз жатыр дедік. Кемшін жағы көп дедік. Сол көп кемшіліктің бір бөлшегін бүтіндеу үшін осы кітап жарыққа шығарылып отыр. Жинаққа соңғы он жыл шегінде жарияланған, Мөңкеге қатысы бар, мақалалар мен кітаптардағы қажетті делінген материалдар іріктеп алынған.

**Жұбаназар АСАНОВ**

*Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық  
институтының доценті*

### **Дәйек көздері:**

1. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. — Алматы: Жазушы, 1984
2. Негимов С. Шешендік өнер. — Алматы: Ана тілі, 1997
3. Республикалық Орталық Ғылыми кітапхана, 1067-бума 5-дәптер
4. Сәрсенбай Қ. Шал мен шенунек // Жас алаш, 09.10.1999
5. Керімов Ш. Мөңке шешен. // Ана тілі, 10.01.1991
6. АВПР ф. 122, 1748 г. Д. 8 л. л. 15 об. — 16 об.
7. “Шалқар” газеті, 04.03.1994
8. ӘӨИ, к.к. 139-бума. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. - Алматы: Отау, 1992

9. ҰҒА кітапханасы, 1281-бума, 2-дәптер.
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992
11. Қазік елінің қысқаша тарихы. 5-сыныпқа арналған оқулық. — Алматы: Рауан, 1996
12. “Қазақ әдебиеті” энциклопедиясы. — Алматы: Білік, 1999
13. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. — Алматы: Атамұра, 1994
14. Шалқарлық зейнеткер Ахмедиев Тіркестің жеке архивінен 1998 ж. алынды.
15. Байғанин Н. Таңдамалы. — Алматы: Жазушы, 1991
16. Табылдиев Қ., Қалмұратов А. Кіші жүз рулары. — Алматы: Ер Дәулет, 1994
17. Кемал Б. Тарихта неше Мөңке бар? // “Шалқар” газеті, 2001, 4-сәуір.
18. Үсенов Оңдасынның жеке архивінен 1997 ж. алынды.
19. Төрекүлов Н., Қазыбек М. Қазақтың би-шешендері. — Алматы: Жалын, 1993
20. Кәкішев Т. Билер сөзі. — Алматы: Қазақ Университеті, 1992
21. Адимбаев Б. Шешиендік сөздер. — Алматы: Отау, 1992
22. Республикалық Орталық Ғылыми кітапхана, 137-бума, 6-дәптер.
23. Алдияров Ж. Сайрам шайқасының сардары. — Алматы: Зерде, 2000
24. Мұхтар Құл-Мұхаммед. Мөңке би. // Егемен Қазақстан. 18-21 қараша, 2003
25. Ысмайлов Е. Ақындар. — Алматы: ҚМКӨБ, 1956
26. Б. Омарұлы. Зар заман поэзиясы. — Алматы: Білік, 2000



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,  
заң ғылымының докторы,  
профессор

## МӨҢКЕ БИ

### *Аңыз бен ақиқат*

Қазақ тарихында есімі жиі ауызға алынатын тарихи тұлғалардың бірі — Мөңке би. Ол туралы өз заманында М-Ж.Көпеев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтар бастап, А. Жұбанов, Ә. Кекілбайұлы, Т. Кәкішев, Б. Адамбайұлы, Н. Төреқұлов, С. Негимовтарға дейін қалам тартып, деректер қалдырып, өз зерттеулеріне арқау етті. Мөңке бейнесі Нұржан Наушабаев, Нүрпейіс Байғанин сияқты халық ақындары шығармаларында да ақылгөй әулие, жойдалы жырау ретінде сомдалды. Мөкенің болашақты болжап айтқан толғауы Халық жазушысы, депутат Шерхан Мұртазаның Парламентте сөйлеген сөзіне арқау болды.

Дүниеден озғанына екі жарым ғасырға жуық уақыт өтсе де қазақ әдебиеті мен ғылымының алуан қоғамда (патша заманы, кеңестік кезең, тәуелсіздік дәуірі) өмір сүрген сан буыны мұрасына жиі-жиі жүгініп, сол алуан қоғамдағы сан буын өкілдері өз қажеттіліктерін тапқан, болашақты болжаған әулие Мөңке, жойқын жыр төккен жырау Мөңке, келісті, кесімді билік айтқан би Мөңке, тапқыр, тұрлаулы сөз айтқан шешен Мөңке кім? Абайша айтқанда осы жұрт Мөңке бидің шынайы бейнесін біле ме екен? Енді осы мәселені таратып, тарқатып айтсақ дейміз. Қазақтың би-шешендері тарихын індете зертеген ғалымдарымыздың бірі — филология ғылымдарының докторы, профессор Нысанбек Төреқұл. Нықанның әбден толықтырылып, өңделген, көлемі 50 баспа табактан асатын “Даланың дара ділмарлары” атты жинағында екі Мөңке бидің аты аталады. Соның әуелгісі Шыңғыс ханның немересі — Мөңке Төлеулы.

Әлем әміршісі болуға ұмтылған Шыңғыс хан төрт ұлына өзі жаулаған дүниенің төрт бұрышын: үлкен ұлы Жошыға — бүкіл Дешті Қыпшақ даласын, екінші ұлы Шағатайға —

Орталық Азияны, үшінші ұлы Үгедейге — Алтай мен Тарбағатай аймағын, кіші ұлы Төлеге — ата жұрт — Монғолияны қалдырады. Төрт ұлдың ішінде Шыңғыс ханның алтын тағы әуелі Үгедейге, ол қайтыс болғаннан кейінгі бес жылғы бұлғақтан соң 1246 жылы ұлы хан тағына Үгедейдің үлкен ұлы Құйыққа бұйырады. Небәрі екі жыл билік жүргізген Құйық опат болған соң алтын тақ 1251 жылы Бату ханның қолдауымен Төленің үлкен ұлы Мөңке ханның қолына көшеді.

Рашид ад-Диннің жазбалары бойынша Шыңғыс ханның бес жүзден астам әйел-канизактары болғанымен, заңды бәйбішелері (хатун-и-бузург) бесеу еді. Ол бес бәйбішенің ішінде (Бөрте, Құлан, Есуқат, Күнжі, Есулан) ұлы ханның төрт құбыласын түгендеп, даңқын асырған төрт көкжал Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле — төртеуін де тапқан Қоңыраттан шыққан Дат шешеннің (монғолша “сечен” — дана, данышпан деген мағынаны білдіреді) қызы асыл жатырлы ханым Бөрте еді. Рашид ад-Дин “Шыңғыс ханның бұл төрт ұлы шетінен ақылды, парасатты, неге болмасын жетік, жаужүрек, қаһарман болды, сондықтан әкесі мен әскерінің һәм халықтың шексіз ықыласына бөленді. Олар Шыңғыс хан мемлекетіне төрт негізгі тірек ретінде қызмет етті”, — деп айтса айтқандай-ақ, өздері ғана емес, олардың ұрпақтары Азия халықтары тарихында ұлы билеушілер ретінде қалды (Рашид ад-Дин, Сборник летописей. М.-Л., 1952. т-1, кн. 2, с. 68-69). Реті келгенде айта кетеміз керек, Бөрте апамыздың бес қызы — Құджын, Жетіген, Алағай, Тұмалын, Апталын бегімдер де талай хандар мен ханзадаларға жар болып қана қоймай, ұлы бабасының жорықты жолын жалғастырған жаужүрек батырлардың да анасы болды.

Сонымен 1251 жылы күллі әлемді дірілдеткен Шыңғыс ханның алтын тағына Мөңке хан (түрлі дерек көздерінде Мунхэ, Менгу) отырып қана қойған жоқ, “жарты әлемнің әміршісі” атағына бара-бара “ұлы хан” титулына ие болды. Бұл оқиға Рашид ад-Диннің жазуынша 1251 жылдың 4 шілдесі күні Шыңғыс ұрпақтарының ұлы құрылтайында болған еді. Мөңке 8 жыл хандық құрды.

Жалпы қазақ тарихында Жошы, Шағатай әулетінен шыққан хандар тарихы бүге-шігесіне дейін тарқатылып жазылғанымен, Төле әулеті көп таратылмайды. Шынуайтқа келгенде Төленің (төле монғол тілінде “айна” деген мағына береді, сондықтан хан дүние салғаннан кейін оны монғолдың қастерлегені соншалық, бұл сөзді пайдалануға тыйым салынып, “төле” түркінің “күзгу” — “айна” сөзімен алмастырылды) кіндігінен тарағандардың үшеуі де өз есімдерін Азия тарихына өшпестей етіп жазды.

Мөңке ұлы хан тағына отырса, Құбылай Қытайды билеген Юань династиясының негізін салды (қазіргі Қытай астанасы Пекин — Ханбалықты салған осы хан), ал Хулагу болса бірнеше ғасыр бойы парсы жұртын билеген хандар әулеті — хулагидтердің негізін салды. Мөңке хан тарихын тереңірек қаузауымыздың сыры — Мөңке би мен Мөңке ханның өмір сүрген ортасы, уақыты, тарихтағы рөлі, ата-тек шежіресі әр алуан, тіпті бір-бірімен мүлде жуыспайтындығына назар аудару.

Біріншіден, Мөңке жай хан емес, ұлы хан болды. Ендеше жарты әлемнің тізгінін ұстаған әміршінің әңгіме-дүкен құрып, дүниеауи пәлсапаға соғып, жыр толғаған деу мүлде қисынға келмейтін тұжырым.

Екіншіден, монғолдарда билер институты, жалпы “би” деген ұғым болмаған. Билер институты бертін келе Ноғайлы дәуірінде шыққан. Жалпы би—Ноғайлы дәуірінің әміршісі, әмір — Ақсақ Темір заманының билеушісі, халиф — араб патшалары, сұлтан — салжұқтар мен Осман империясының билеушілеріне қатысты лауазымдар. Оның үстіне монғолдар өз билерін “сечен” атаған (біздіңше шешен, мәселен Жиренше шешен). Монғол қоғамында хан мен шешеннің әлеуметтік иерархиядағы орны жер мен көктей.

Үшіншіден, Мөңке қаншалықты ұлы хан болғанымен Жошыдай жолбарыс, Батудай баһадүр, Беркедей берекет хандар билеген Дешті Қыпшақта соншалықты танымал болмады. Сондықтан исі түркі жұртында “Мөңке хан айтыпты” деген жыр-толғауларды былай қойғанда, Мөңке ханға байланысты аңыз-әңгімелер де мүлдем кездеспейді. Байқауымызша, Мөңке айтыпты дейтін жыр-толғаулар монғол әдебиетінде де жоқтың қасы көрінеді.

Міне, осы себепті Мөңке биге қатысты мұраны Мөңке ханға телудің еш қисыны жоқ деген батыл тұжырым жасауға әбден болады деп есептеймін.

Жоғарыда аталған жинақтағы екінші Мөңке шынымен-ақ Мөңке би деп аталады. Автор: Мөңке би Аманұлы (1763-1836 ж.ж.) Кіші жүздің Шекті атасынан шыққан атакты, шешен би. Ол Сырым шешеннің аяғын ала қатарға қосылған би еді. Мөңке би қайтыс болғанда, оның ақын баласы Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) жеті жаста болатын, - дейді қариялар”, - деген деректерді алға тартады. Жалпы Шекті Мөңке биді Мұрат Мөңкеұлының әкесімен өзге де зерттеушілер жиі шатастырады. Сондықтан осы мәселенің де басын аша кеткен жөн сияқты.

Қара қылды қақ жарып кесіп айтатын алдаспан жырдың

иесі Мұрат Мөңкеұлы беріректе 1846 жылы дүниеге келіп, 1906 жылы қайтыс болған.

Мұраттың өмірі мен шығармашылығы Кеңес заманы тұсында Х. Досмұхамедовтен бастап, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Е. Исмайлов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов сияқты дуалы ауыз ғалымдарымыз бен қаламгерлеріміз тарапынан жан-жақты зерттеліп, тіпті 1949 жылға дейін мектеп оқулықтары төрінен де орын алып келді. Кейін алдаспан ақынның орыс отаршылдығының текеметін тіліп айтқан отты жырлары коммунистік құлақкесті идеологияның “қисынына” келмейтін болғандықтан барлық оқулықтан алынып тасталып, ақынға Шортанбай, Дулаттармен қатар “зар заманның заржақтары” деген айдар тағылып, әлдеқашан дүниеден озған ақындардың әдеби мұралары саяси қуғынға ұшыратылды.

Атырау өңірінің тірі энциклопедиясы саналатын Берік Қорқытов ағамыздың бұлтартпас деректері бойынша Мұрат Мөңкеұлының атасы — Беріш. Автор: “Мұрат осы атадан шығып, ертеде ел ішінде Беріш-Мұрат ақын атанған. Беріштен Байсейіт, Байбақты болып бөлінеді. Мұрат Байсейітке жатады. Байсейіт Тілес, Қитас болып бөлінеді. Мұрат Тілеске жатады, Тілестен Қаратоқай, Бөкен болып бөлінеді. Ағайынды осы екі атадан тараған өздерін Қаратоқай-Берішпіз деп атайды. Мұрат осы Қаратоқайдан шығады. Жеті баулы Беріштің арасында Қаратоқай Мұрат атанған. Бер жағы былай болып келеді: Қаратоқайдан Сасыған, одан Аққұлы, одан — Байбоз, одан — Жиенбай, одан — Рапхан, одан — Аман, одан — Мөңке. Осы Мөңкеден Мұрат туады”, — деп соқырға таяқ ұстатқандай дәлме-дәл, нақпа-нақ жазады (Мұрат, А. — 2001, 7-8 беттер). Ендеше ежелден Беріш-Мұрат атанған Мұрат Мөңкеұлының әкесі Мөңке Аманұлын Шекті Мөңкемен шатастырудың еш қисыны жоқ.

Мұрат жастайынан жетім қалғандықтан оның әкесі туралы дерек тым мардымсыз және сол аз деректің өзінде Мөңке Аманұлы би болған екен деген дерек мүлде кездеспейді.

Мұрат қайтыс болғаннан кейін қазіргі Индер ауданының Жарсуат ауылында жерленеді. Осы заманда жерлестері басына тамаша күмбез тұрғызды. Өткен жылы Атырау облысында болған сапарымда Индерге арнайы соғып, ел ағаларымен бірге Мұрат бабамыздың басына құран оқыдым. Ондағы көнекөз қариялар да Б. Қорқытов келтірген шежіре деректерін түгелдей қуаттап, ақынның нағашы жұрты — Адай, қайын жұрты — Есен-Беріш екендігін, Сары, Дәулетқали деген екі ұлының болғандығы туралы деректер берді.

Бұл деректерден шығатын түйін: Мұраттың әкесінің Шекті

Мөңке биге еш қатысы жоқ; Мөңке Аманұлы Шектіден емес, Беріштен шыққан; Мөңке Аманұлы би болыпты деген дерек еш жерде кездеспейді.

Мөңке би туралы мағлұматтардың басым көпшілігінде оған “Ноғайлы Мөңке би” деген тіркес қосақталып жүреді. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев оның “Азарсың, жұртым, азарсың”, деген толғауын “Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің тақпақтап айтқан сөзі” дейтін атаумен берген (Алматы: “Ғылым”, 1992. 2-том, 55-58 беттер).

Өз заманының ғұламасы атанған Мәшекең Шекті Мөңке би айтқан толғауды Ноғайлы Мөңке бидің аузына тегін салып отырған жоқ. Шынуайтқа келгенде екеуі бір адам. Енді осы тезистің қисынына көшейік.

1992 жылы “Рауан” баспасынан “Алты ата Әлім” атты жинақ шықты (құрастырушылар Ж. Дәуренбекұлы, С. Құттыбайұлы). Онда Шекті (шын аты — Жаманак) шежіресіне қатысты төмендегідей деректер бар: “Жаманактың үлкен ұлы Шыңғыс (енді бір деректерде бұл Шыңғыстың інісі — Өріс — М. Қ.-М.) жылқы қайырып жүріп, өлім халінде талықсып жатқан балаң жігіттің үстінен шығады. Аузына су тамызып, ауылына алып келеді. Шыңғыс бала тауып алғанын хабарлап, оны сүтке шомылдырып, асықты жілік ұстатып, өзіне бала қылып жеке үй тігіпті. Балаң жігіт өзінің аты-жөнін, шыққан тегін айтпапты да, араларында Мөку атана бастапты. Оған Зеріп атты ақылды қыз алып береді, бірақ көп ұзамай жігіт дертке ұшырап, қатты наукастанады. Жігіт өзін ауру меңдей бастаған соң өлерін біліп, Шыңғысқа бар шындығын айтады. Өзінің атының Қалу екенін жасырмайды. Әкесінің аты Сирак екен. Сирақтың әкесі Ноғайлының Мұса ханы екен. Оның бәйбішесінен Сирақтан басқа Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Тоқалдан Мұса ханның жеті баласы болады, үлкені Ысмайыл екен... Өз басынан кешкенді айтып берген Қалу өлім алдында жатып, әйелінің жүкті екенін, одан ұл туса атын Бөлек деп қоюды аманат етеді. Сөйтіп Қалу Зеріпке үйленген соң алты айдан кейін қайтыс болады. Зеріп босанғаннан кейін баланың атын Бөлек қояды, өзіне тең көріп Жаманактың бір ұрпағы деп қабылдайды” (21-бет). Бөлек шежіресі ары қарай былай өрбиді. Бөлектен Айт пен Бұжыр деген екі ұл, ал Айттан Тілеу мен Қабақ тарайды. Тілеу Өз Тәуке заманында қол бастаған батыр ретінде атағы шығып, 1684 жылы Сайрам соғысында шейіт болады. Сүйегі Түркістанда қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген. Мөңке би — осы Тілеу батырдың бел баласы. Атақты Есет, Бекет батырлар осы Тілеу мен Қабақтан шыққан.

Ендеше Мөңке бидің ата-шежіресі әуелі Мөңке — Тілеу

— Айт — Бөлек — Қалу болып, өкіл әкесі Шектіге тірелген де, ары қарай Қалу — Сирак — Мұса хан болып, Ноғайлы ұлысының негізін салған, ел қамын жеген Едігеден бір-ақ шығады. Мәңке ағамызды “Ноғайлы Мәңке би, Шекті Мәңке би” десек те қателеспейміз дейтініміз де осыдан.

Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Ордалардан кейінгі көшпенділердің ұлы мемлекеті — Ноғай Ордасының тарихы бүгінде көмескі тарта бастады. Бір кездері ноғай-казак бір атаның баласы, бір ұлыстың азаматы болғанын бүгінде біреу біліп, біреу біле бермейді. Ендеше осы мәселенің де ара-жігін аша кеткен жөн сияқты.

“Ноғай” сөзінің этимологиясы туралы әр түрлі пікірлер бар. Соның бірі — ұлыс атауы Жошы ханның 1300 жылы қайтыс болған немересі Ноғай есімді түменбасының (орыс энциклопедиясында — “темник Золотой Орды”) атына байланысты шыққандығы. Ноғай баһадүр Берке ханның қолын бастап талай рет шайқасқа шыққан, сол сан соғыстың нәтижесінде Алтын Орданың шекарасын Дон мен Дунайдың бойына дейін кеңейтіп, Берке ханның атынан ұлан-байтақ өлкеге әмір жүргізді. Әйгілі шығыстанушы Н.И. Веселовскийдің деректері бойынша Ноғайдың бет-беделінің күштілігі сондай, ол 1273 жылы әйгілі Византия императоры Михаил Палеологтың қызы Ефросиньяға үйленеді. Өз заманында Польша, Венгрия, Болгария, Сербиялармен қатар, көптеген орыс князьдықтар абыройы асқақтаған Ноғаймен одақ болғанын өздеріне зор құрмет санаған (Веселовский Н.И., Хан из темников Золотой Орды Ногай и его время, “Записки Российской АН”, 1922. Сер. 8, т. 13, №6). Біздіңше, Шыңғыс хан заманынан келе жатқан: Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы, Өзбек ұлысы, Хулагу әулеті деп ұлыс атын билеушілер атына қарата қою үрдісі бойынша Ноғай хан негізін салған мемлекет атауы Ноғай ордасы делініп, ал ұлыс аты Ноғай болып қалыптасқан сияқты. Мұның тағы бір дәлелі — Шыңғыс хан дәуірі мен оның шежіресіне қатысты дерек көздерінде “ноғай” деген ру, тайпа атауы мүлде кездеспейді. Бұл ұлыс та аты Ноғай хан заманынан кейін ғана хатқа түсе бастаған.

Ноғай тарихын жете зерттеген тарихшы-ғалым Б.-А. Кочекаев: “такую версию трудно допустить, так как сразу возникает вопрос: почему же подданные Ногай никогда не называли себя ногайцами. Известно, что Ногай погиб в 1300 г., сыновья его 1301 г. И только спустя почти два века появились понятия “Ногай”, “Ногайская Орда”, — деген уәж айтады (Кочекаев Б. — А., Ногайско-русские отношения в XV-XVIII вв. А., 1988, с. 21-22). “Ноғай” этнонимінің

шығу төркіні туралы көзқараспен келіспеген автор, оны “Ноғай Ордасының” негізін Едіге хан салды, сондықтан оның есімі ел аузындағы көптеген жыр-аңыздарда қалды, ал Ноғай есімі ел жадында сақталмады деген пікірін де көлденең тартады.

Бұл тұжырыммен келісу қиын. Ноғай есімі мен оның жеңісті жорықтары толып жатқан ортағасырлық араб, парсы, орыс, византия жылнамаларында кездеседі. Екіншіден, шын мәнінде, “Ноғай”, “ноғайлы” этнонимдері Кочекаев жазғандай Ноғай өлген соң екі ғасырдан кейін емес, бір ғасырға жетпейтін уақыт өткен соң ғана хатқа түсе бастады. Орда даңқын асырған Едіге би 1352 жылы туып, 1396 жылы таққа отырады. Сөз жоқ, Ноғай Ордасының атағын аспандатып, асығын алшысынан түсірген Едіге би. Бұл пікірге біз толық келісеміз, ал автордың “ноғай” атауы Ноғай ханның есіміне байланысты болмады деген пікірі “Едіге Шыңғыс әулетінен, тіпті, монғол жұртынан ғана емес, көшпелілердің өз ортасынан — маңғыт руынан тараған” деген әсіреқызыл тезисті дәлелдеуден шыққан жадағай тұжырым деп есептейміз. (Едігенің маңғыт руынан шықпағандығына біз төменде арнайы тоқталамыз).

Зерттеушілердің тағы бір тобы (М.Ф. Сафарғалиев) “ноғай” монғолдың “нохай”—“ит” деген сөзінен шыққан деген деректі алға тартады. (Распад Золотой Орды. Ученые записи Мордовского гос. Университета, Саранск, 1960, вып. 11, с. 226). Автор мұнда түркі тайпаларының арғы атасы бөрі, қасқыр екендігін, ал сол қасқыр тұқымдас иттің бірқатар монғол тайпаларында тотемдік маңызы болғандығын меңзесе керек. Шындығында ноғай тарихын зертеген өзге ғалымдар да ноғай арасында олар “самыр” атты қанатты иттен шыққан дейтін аңыз-әңгімелердің көп кездесетінін алға тартады. Сондықтан бұл версиямен келісе отырып, біз бұл тұста “ноғай” —“ит” сөзі ноғай этнониміне емес, Ноғай ханның есіміне қатысты шыққандығына оқырман назарын аударғымыз келеді. Мұндай есімдер түркі-монғол халықтарында көптеп кездеседі. (Барак хан, Көкжал Барақтан Итбайға дейін).

Ноғай Ордасы ел қамын жеген Едіге би тұсында қанатын кенге жайып, ағаш уықты, киіз туылдырықты көшпенділер даңқын Европа мен Азияның ұланғайыр даласында шарықтатқан қуатты мемлекет болды.

Едіге ( орыс-татар жылнамаларында — Едигей, Идигу, Идику) 1396 жылы таққа отырғанымен билікке бұдан ерте араласты. Ол әуелде Еділ мен Жайық бойындағы қос өзен аралығында билік құрды. Кейін Темір-Құтлықпен одақтасып,

1399 жылы Ворскла өзені бойында бірлескен поляк-литван қолын тас-талқан етіп жеңеді.

Темір-Құтлық өлген соң Алтын Орданың бірден-бір билеушісіне айналған Едіге қанішер Темірдің қанды жорықтарымен тоз-тозы шыққан Жошы ханның ұлысын өз туының астына жинайды.

Едіге 1409 жылы Россияны тізе бүктірді. Мәскеуді ала алмаса да, Серпухов, Дмитров, Переяславль, Ростов, Нижний Новгород т.б. толып жатқан орыс қалаларын басып алып, дәрегіне бас ұрғызады. Едіге есімі көшпенділердің Алтын Орда аясында дәуірлеген ең соңғы серпіліс кезеңі ретінде қазақ, ноғай, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, өзбек халықтарының көптеген жыр-дастандарында қалды. Едіге туралы Шоқан Уәлихановтан бастап, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, тіпті, Қ. Сәтбаевқа дейін қазақтың әдебиетші, тарихшы ғалымдарының қалам тартпағандары сирек. “Ер Едіге” дастаны қазақ тарихи жырларының керемет үлгісі ретінде 1950 жылдарға дейін мектеп оқулықтарына да енгізілді. Осыдан екі-үш жыл бұрын талантты жас ғалым Едіге Мағауин ол бойынша арнайы диссертация да қорғады.

Едіге есімі неге ел жадында осыншама ұзақ уақыт сақталды. Неге оның өзін қойып ұрпақтары: Орақ, Мамай, Қарасай, Қазиларға дейін қазақ эпостарының басты кейіпкерлеріне айналды. Енді осыған тоқтала кетейік. Жалпы қазақ тарихын, қазақ хандығы құрылуынан ғана бастатудың тек томаға-тұйыққа, ұлт тарихының, ұлыс даңқының, күйірік-жалын күзеуге ғана әкеліп соғытқаны туралы бүгінде аз жазылып жүрген жоқ. Едіге мен Ноғайлы тарихын зерттеуде де біз осы принципті басшылыққа алғанымыз жөн.

Ноғай ұлысы Азау теңізінен бастап Арал теңізіне дейінгі аралықты, Дон, Дунай дариясынан бастап, Есіл мен Ертіске дейінгі ұлан-байтақ аумақты қамтыды. “Ноғай” деген ұлыс ру, тайпаны былай қойып, жалпы этноним атауы XIV ғасырда ғана хатқа түсе бастағандығын біз жоғарыда атап өттік. Ендеше көшпенділердің ең соңғы империясының құрамында қандай ұлттар мен ұлыстар болған?

Көптеген зерттеушілер Дешті Қыпшақ тағының билеушісі Едіге билік ұлысындағы “ноғайлы” халқының қыпшақтар болғандығын атап көрсетеді. А.И. Мусин-Пушкин ноғайлар монғолдар мен түркілердің араласуынан шыққан десе, П. Бутков оны “Едіге би бір тудың астына жинаған қыпшақтар” деп жазады. Л. Люлье ноғайларды “монғол ордасынан қалған қыпшақтар” десе, С.А. Плетнева: “По существу Ногайская Орда состояла в основном из потомков половецкого населения, включенного в середине XIII века



в состав Золотой Орды”, — деп жоғарыдағы пікірлерді одан әрі нақтылай түседі (Плетнева С.А. Кочевники средневековья: поиски исторических закономерностей. М., 1982, с.140).

Орта ғасырлардағы “қыпшақ” атауы осы күнгі қазақ халқының құрамына кірген рулардың түгелге жуығына таңбылғаны бүгінде дәлелдеуді көп қажет етпейтін шындық. Ал Ноғайлы ордасына келер болсақ, онда маңғыттармен қатар тоқсан баулы қыпшақтың “алаш” ортақ этнонимімен белгілі болған Кіші жүз рулары түгелге дерлік, бұған қосымша арғын, найман, қаңлы, үйсін, қыпшақ, керей, руларының басым көпшілігі болғандығын көптеген зерттеушілер атап көрсетеді.

Бір өкініштісі, Кеңес заманындағы қазақстандық тарих ғылымында Ноғайлы дәуірі терең зерттелмеді. Тіпті осыдан бес жыл бұрын ғана шыққан, толықтырылған “Қазақстан тарихында” Ноғай ордасына небәрі 1,5 бет қана орын берілген. Міне, біздің тарихшылар қауымының осы осалдығын татар ағайындар шебер пайдаланып, Ноғай ордасының тарихын өз мемлекеттерінің, Ноғайлы батырларын өз батырлары, Ноғайлы дәуір дастандарын өз ауыз әдебиетінің үлгілері ретінде ашықтан ашық жаза бастады. Ол ол ма, әйгілі Қадырғали Жалайри жазған “Шежірелер жинағына” ХІХ ғасырдың ортасында-ақ қазақтың ұлы ағартушысы, ғалым Шоқан Уәлиханов: “которая замечательна уже тем, что написана киргиз-кайсаком”, — деп баға беріп қана қоймай, кейбір тарауларын орыс тіліне аударғанына қарамастан, осы заманғы татар ғалымы М.А. Усманов “Шежірелер жинағы” авторын да, жинақтағы тарихты да татар ағайындарға телиді (Усманов М.А., Татарские исторические источники ХУІІ-ХУІІІ вв. Казан, 1972). Ал Фахруддинов атты тағы бір ғалым бұдан ары барып: “Золотая Орда была общим и единым средневековым государством всего татарского народа, всех этнографических групп, окончательно сформировавшихся как народность на той обширной территории, которая исторически была золотоордынской. Естественно, она имела свои отдельные регионы с локальным вариантом этноса, его языка и культуры. Однако это была например не казахским, (астын сызған біз — М. Қ.-М.) не узбекским, хотя эти народы занимали его периферийные восточные районы, а прежде всего татарским государством. История этого государства, язык, материальная и духовная культура его населения — это татарская история, татарский язык, татарская культура”, — деп айды аспанға бір-ақ шығарған (Золотая Орда и татары. Набережные Челны. 1993, с.16).

Татар ғалымының бұл сорақы пікірі қазақ тарихшыларының көзіне түспеген болар. Түскен күннің өзінде

кейінгі кездерде бел ала бастаған осы тектес “зерттеулерге” әзірше казак ғалымдары тарапынан тиісті тойтарыс бола қойған жоқ.

Қанша дегенмен де Ер Доспамбеттің ұрпағы емес пе, Р. Фахруддиновтың бұл пікіріне белгілі ноғай жазушысы Иса Қапаев қатты қапаланып: “Хотелось бы сказать и о вопросе периферийности казахов, которые поднимают ученые. Для Золотой Орды периферийным было, скорее, место расселения казанских татар, нежели земли, занятые казахами: они примыкали к территории древнего ногайского государства. В Выше упомянутом тексте явно прослеживается главная мысль: после отделения Казахстан и Узбекистана в Российском государстве остается только один народ, который должен присвоить культурное население Золотой Орды — это современные казанские татары. Иначе чем, культурным грабежом, мародерством, такую позицию не назовешь”, — деп татар ағайындарының шымбайына бататын шындықты шырылдата жайып салды (Капаев И. Уплывающие тени, Ставрополь, 1999, с.172). Ащы да болса ақиқатты Иса бауырымыздың осы сөзіне асырып айту қиын-ақ.

Алтын Орда мен оның мұрагерлеріне байланысты тарихтың ең алдымен қазақтарға тікелей қатысы бар. Оның үстіне Ноғай ордасына тоқсан баулы қыпшақтың қарға тамырлы қалың рулары қосылғанда монғол нәсілінен шыққан маңғыттар біртіндеп қыпшақтанып кеткен. Оны башқұрт ғалымы Р.Г. Кузеевтың мына бір пікірі толық қуаттайды: “Племя мангыт, из которого происходил Ногай, смешалось тюрками и полностью кыпчакизировалось” (Происхождение башкирского народа. М., 1974, с. 484).

Алтын Орда тарихы ғана емес, оның ескі жұртында дүниеге келген Ноғай ордасы мен Ноғайлы ұлысының Дешті Қыпшақ мемлекеті мен осы мемлекеттің негізгі халқы қыпшақтардың бірден-бір заңды мұрагері екендігі тарихшылардың басым көпшілігі мойындайтыны шындық.

Ендеше ноғайлардың шығу тегіне байланысты деректерді ноғай ғалымы Би-Арслан Кочекаевтың мына бір пікірімен қорытқан жөн сияқты: “Мы полагаем, что ногайцы монголо-кыпчакского происхождения, но не монголо-татарского. У татар не было родового деления, как у ногайцев, тем более сходных родов по происхождению с ногайцами. Зато ногайцы имели общего с казахами” (Б-А. Кочекаев. Аталған еңбек, 24-бет).

Ноғайлардың “қыпшақтануына” (қазақтану деп түсінуге болады) әйгілі Хакназар ханның әуелі 1569 жылы, кейін 1577 жылғы жорықтары нәтижесінде қазақтар шекарасын Жайықтан

асырып, Еділдің орта тұсына дейін жеткізуі де өз әсерін тигізді. Тарихи құжаттарда, Хакназар қазақтардың ғана емес, ноғайлардың ханы ретінде аталады. Бұл туралы П.П. Иванов: “Массовое организованное передвижение в Среднюю Азию ногайских улусов должно было смериться с разрушительными переходами отдельных незначительных групп, присоединившихся к казахским родам и действовавшим заодно с ними. Этот процесс перехода к казахам носил, по видимому, весьма значительные размеры, особенно усилившие после гибели одного из важнейших ногайских князей Ормамбета в конце XVI века” (Иванов П.П., Очерки истории каракалпаков. С. 30-31).

Мұндағы Иванов айтып отырған Ормамбет — Исмайыл бидің немересі. Бұл оқиға қазақ шежіресінде “Ормамбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлгенде” деген тіркеспен түскен.

Бұл кездегі ұлан-байтақ жерде билік құрған ноғайлы халқы Ормамбет би өліп, он сан ноғай бүлінгенде Кіші жүз рулары өздерінің ата қонысында отырып-ақ ру-румен, ауыл-ауылмен ата жұрт — Дешті Қыпшаққа жортуылға жаңа шыққан жас жолбарыс — Қазақ хандығына қараған. Бұл туралы ұлы түрколог ғалым В.М. Жирмунский: “Восточная группа ногайских улусов... растворились, по видимому, в составе казахов так называемого “Младшего жуза”, владения которого простирались впоследствии от Яика и Эмбы до Иргиза и Аральского моря, охватывая земли, когда-то населенные ногайцами”, — деп жазады (Тюркский героический эпос. С.489-490).

Орыс жылнамаларындағы деректер бойынша Ормамбет би 1597 жылы опат болғанын ескерсек, Ноғайлы ұлысында болып келген Кіші жүз қазақтарының қазақ хандығы құрамына қайтадан қосылуы XVII ғасырдың алғашқы ширегінде жүзеге асты деп пайымдауға толық негіз бар.

Сонымен оқырманға Ноғай хан, Ноғай Ордасы, ноғайлы халқы туралы жеткілікті деректер берген соң Едігенің өз басына оралайық.

Революцияға дейінгі ең үлкен орыс энциклопедиялары “Брокгауз-Ефрон”, “Гранаттардан” бастап, Кеңес дәуіріндегі Үлкен Совет энциклопедиясының үш басылымында дерлік Едіге би туралы мақалада оның шығу тегі туралы үнемі бір ғана дефиниция қайталанып: “маңғыт тайпасынан шыққан әмір”, — деген анықтама береді, бірақ оның ата-тегі түгел тізбеленбейді. Дерек көздері бір нәрсені анық көрсетеді, ол Едігенің Шыңғыс хан әулетінен шықпағандығы. Мұсылман билеушілерінің тарихын терең зерттеген ағылшын ғалымы Клиффорд Эдмун Босфорт ол туралы: “Когда Тохтамыш

умер, реальная власть в Золотой Орде перешла к энергичному “управителю дворца” Эдигю (Едигею). Однако после смерти последнего в 822/1419г. в связи с нескончаемыми внутренними смутами начался распад Золотой Орды”, — деп жаза тұра өзі құрастырған Алтын Орда хандары тізбесінен Едігеге орын бермейді (Мусульманские династии. М., 1971, с.206). Шыңғайтқа келгенде Едіге Алтын Орда тағына өмір бойы Ақсақ Темірмен жағаласып өткен Тоқтамыс өлмей тұрып-ақ отырған еді.

Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның апайтөс даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Көшпелілердің үш ғасырға созылған қуатты күшіне, жалпы түркі тамырластығына балта шауып, түркі халықтарының дәуірлеуін кемінде жарты ғасырға тоқтатқан қанішер Темір болды. Ол Шыңғыс хан әулетінен шыққан құла дүздің соңғы қабылдарының бірі атанып, күллі Русьті табанына салып таптап, Мәскеуді жағып жіберген Тоқтамысқа үш рет қансырата сокқы беріп, ақыры 1391 жылы 200 мың қолмен Жайық бойында Тоқтамыс қолын тас-талқан етіп жеңеді. Жалпы Алтын Орданың әлсіреп, оның Ноғай ордасы, Әбілқайыр ұлысы, Моғолстан болып бет-бетіне бөлініп кетуіне бірден бір себепкер осы қанішер Темір еді.

Ақсақ Темір дүниеден озғаннан кейінгі көшпелілердің азуын айға білеген арыстан билеушісі болған Едігенің ата-тегі “маңғыт руынан шыққан” деген дерек шындыққа сәйкес келмейді. Едіге өзін монғол-түрік ыңғайында хан деп те, Темір үрдісінде әмір деп те жарияламай би титулын иеленуі де біршама жайды аңғартқандай.

Едіге бидің ата-тегі туралы ең толық әрі дәлме-дәл деректі “Шежірелер жинағының” “Едіге би дастаны” бөлімінде Қалдырғали Жалайри келтіреді. Енді осыған үңілейік. Онда: “Әуелгі бабасы Әмір Әл-Момын Әбу Бакр әл-Садық (осы тұста және бұдан кейін де астын сызған біз — М.Қ.-М.) разы Алланың төрт ұлы бар еді. Екеуінің кішісі — ұлысы, оның аты — Мұхаммед атты еді. Шамда патша еді. Оның ұлы Сұлтан Каиб атты еді, ол да Шамда патша болды, оның ұлы Сұлтан Хамид еді, ол Сарсарда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Қайдар еді, ол да Сарсарда патша болды. Оның ұлы Әбу-л-фана еді, ол Антақияда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Мұхмед еді, ол Антақияда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Сәлім еді, ол да Антақияда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Садық еді, ол да Антақияда патша болды.

үзінділерін Шокан аударған Қ.Жалайыр шежіресімен де өте жақсы таныс. Сондықтан ол Баба Тукластың қазақ эпостарындағы Баба Түкті Шашты Әзиз екендігін нақтылап, оның Жалайыр шежіресінде көрсетілгендей Меккеде патша болғандығы туралы дерегін қоса келтіреді.

Баба Түкті Шашты Әзиз ноғай эпостарының да басты қаһарманы. Бұл туралы ноғай жазушысы И.Қапаев:

“От Баба Тукли Шашлы-аса происходили все ногайские богатыри. Знаменитый Эдиге, основатель ногайского государства, тоже является его потомком. Известные русской истории потомки Эдиге, князья Юсуповы, в своих родословных книгах тоже ссылаются на этого патриарха”, - деп жазады (Қапаев И., Уплывающие тени, Ставрополь, 1999, с.225).

“Қырымның қырық батырындағы” Аншыбай, Парпариялар ойдан шығарылған, тарихи дерек көздерінде кездеспейтін кейіпкерлер, ал Баба Туклас пен Құттықия эпостық жырлар мен тарихи шежірелерде қатар аты аталатын Едігенің ата-бабалары.

Егер Мөңкені Едігеден тарайды десек, оның әулиелігі Баба Түкті Шашты Әзиз бабасынан жұғысқан деп шамалауға толық негіз бар деп санаймын.

Араб, парсы, түркі, орыс тілдерін жетік білген (“Шежірелер жинағының” біраз бөлігі парсы тілінде жазылған), өз заманының үлкен ғұламасы, әрі Едіге өмірін өткізген өңірден шыққан, би қайтыс болғаннан кейін араға небәрі бір ғасырдан астам ғана уақыт салып дүниеге келген, Едіге туралы ақиқат әлі аңызға айнала қоймаған заманда өмір сүрген Қадырғали Жалайридің бұл деректеріне күмән келтіру қиын.

Қадырғали би одан әрі Едіге тұқымдарын былайша өрбітеді. Едігеден бес бала туған, екеуі жас кезінде опат болған соң есімдері беймәлім. Белгілісі Нұраддин, Қасым, Саид-Али мырзалар, Нұраддин 37 жасында опат болды. Одан кейін Мансұр би болды. Одан кейін Қази би болды. Нұраддиннің Афас, Уақас, Хоразми атты үш ұлы болған. Қазиден соң әуелі Афас, кейін Уақас би болды. Ол 47 жасында қайтыс болды. Уақастың ұлы Мұса, Ямғұршы (Жаңбыршы) еді. Уақастан соң Мұса би болды. Одан кейін билік араға азғана уақыт салып әуелі Жаңбыршының ұлы Ағышқа (қазақта – Телағыс), кейін Хасанға (қазақта – Асан), одан кейін Алшағырға өтті. Бұлардан соң билік Шидақ, Шейх Мамай, Юсуфке көшіп, соңында Мұса бидің ұлы Исмайыл би болады. Тура осы арада сәл тыныс алып, бастапқы Шекті шежіресіне қайтып оралайық.

Жалпы менің бір таң қалатыным, жазу-сызуы жоқ

көшпелілердің жүрекке, ұрпақ жадына жазылатын шежіресінің ешбір жазба дерек көзінен кем түспейтіні. Шекті шежіресінде Қалудың әкесі — Сирақ, оның әкесі Ноғайлының ханы Мұса хан еді. Мұсаның ұлы Ысмайыл екен деген деректер Қадырғали шежіресімен толық сәйкес келеді. “Қырымның қырық батыры” жырында “Мұса хан” атты жыр бар. Осы және Мұса ханның ұрпақтарына арналған өзге де жырларда оның 30 ұлы болғандығы айтылады. Соның ішінде “Қарғабойлы Қазтуған” жырында: “Мұсаның отыз баласы, Расын оның сұрасаң, Қалу менен Сары еді”, — деген жолдар бар. Мұны кездейсоқтық деу қиын. Себебі “Жаңбыршыұлы Телағыс” жырында осы деректер: “Мұсаның отыз баласы, Белгілі құдай ұрыпты, Ең кенжесін сұрасаң, Қалу менен Сары еді”, — деп қайталанады. Демек, Қалу өмірде болған, нақты тарихи тұлға. Қалу Мұсаның ұлы емес, немересі болуы да ғажап емес. Себебі осы циклда Қазидан Мұса туады, ал шындығында Мұса Уақастың ұлы еді. Циклда Уақас түсіп қалған. Ендеше Мөңке би мен Едігенің арасын төмендегідей желімен жалғауға болады. Мөңке би — Тілеу — Айт — Бөлек — Қалу — Сирақ — Мұса хан — Уақас би — Нұраддин мырза — Едіге би. Бұдан арғы ӘбуБәкір халифке дейінгі шежіре жоғарыда келтірілгендіктен қайталаудың реті жоқ деп есептейміз.

Оқырманның ойына: “Мөңке бидің ата-тегін тарату үшін осыншама ұзақ-шұбақ шежіренің не қажеті болды екен?” деген сұрақ оралуы әбден мүмкін екендігін шамалаймын. Бұған айтар жауабым: біріншіден, Ноғайлы тарихы біздің ата тарихымыздың бөлінбес бөлшегі. Ол бүгінде жалпы саны 70 мыңға да жетпейтін ноғай бауырларымыздың ғана емес, он екі миллионнан асатын қара орман қазақ халқының да тарихы; екіншіден, Едіге би сияқты баһадүр билеушілеріміздің өмірі ертедегі ғұндардың ұлы әміршісі Атилладан бастап, кешегі хан Кенеге дейінгі киіз туырлықты көшпелілер рухын күллі әлемге танытқан батыр бабаларымыздың тарихы. Ендеше сол асыл текті аталарымыздың тарихын теңізден маржан сүзгендей теріп, бүгінгі ұрпаққа табыстау әр ғалымның абзал борышы болмақ. Үшіншіден, қазақ қанша түбі бір түркіден тараса да өз тарихы өзіне жетіп артылатын халық. Ендеше талыстай тарихымыз бар деп талтайып жата бермей және оны ел-аман, жұрт-тынышта сол өгіз терісіндей шежірені түбі бір бауырларға жырымдатпай өзіміздің рухани игілігімізге жаратқанымыз жөн. Міне, осы себепті және не туралы айтсам да, жазсам да көмескілемей, күлбілтелемей шама келгенше жеріне жеткізе ашық, айқын жазуды ұнататындықтан оқырманға ел қамын жеген Едіге бидің бел баласы Мөңке

бидің тарихын тұтас күйінде жеткізуді мақсат еттім. Жалпы Едіге биге қатысты жыр-дастандар бір ғана шектінің немесе Кіші жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың ұлан-ғайыр рухани байлығы. Енді осы туралы бірер пікір айта кетейік.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің айтуымен хатқа түскен Мұрын жырау Сенгірбаев жырлаған “Қырымның қырық батыры” (өуелгі нұсқасы — “Ноғайлының қырық батыры”) тарихи жырлар циклының басты кейіпкерлері Ноғай ордасының қаһармандары.

Өкінішке қарай, қазақтың батырлық эпосының қалың да күйкалы қабатын құрайтын осы бір тарихи жырлар жүйесін Мұханның шәкірті профессор Сұлтанғали Садырбаевтан басқа ешкім арнайы зерттеудің объектісіне айналдырмады десе де болғандай. “Садырбаев С., Вопросы циклизации казахского эпоса. Автореферат кандидатской диссертации. А.-А., 1965). Одан бері қырық жылға жуық уақыт өтіпті. Тіпті “Қырымның қырық батырының” бір парасы ғана күзеліп-түзеліп, таптық тұрғыдан “тазаланып” “Батырлар жырында” жарияланды. Жырлардың аттары айтып тұрғандай-ақ “Құттыкия” (Едігенің өмірде болған әкесі), “Едіге” (өзі), “Нұрадын” (Едігенің ұлы), “Мұсахан” (Едігенің немересі), “Орақ-Мамай” (Мұса ханның немерелері), “Қарасай-Қази” (Орақ бидің екі ұлы), “Жаңбыршы ұлы Телағыс” (Жаңбыршы Мұса ханның бауыры. Жаңбыршының ұлы Ағыш — қазақта Телағыс би болған) тарихи жырлары Ноғайлы дәуірінің жыраулары шаңырағына болат қалқан көтеріп, уығына ақ найза шаньшқан, керегесін жыр-жебемен керіп, төріне төбе билерді отырғызған еңсесі биік Жыр-орда емес пе. Өкінішке қарай, зерттеушілеріміздің осы Жыр-орданың есігіне енгенімен, төріне шығуға әлі күнге дейін жүрегі дауаламай келе жатқандығы Ер Едіге тұқымына жараспай-ақ тұрғанын жасырып қайтеміз.

Қазақтың көрнекті фольклорист ғалымы Сейіт Қасқабасов “Қырымның қырық батыры” туралы: “Бұл эпос тұтастанудың барлық түрінен өткен, мұнда сюжеттік циклдену де, ғұмырнамалық циклдену де, шежірелік циклдену де, тарихи циклдену де бар”. “Қырымның қырық батырында” Алтын Орда, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы тұстарындағы билеушілердің қаһармандық шежіресі тұтастанудың барлық үлгісі арқылы жыр түрінде баяндалған да, үлкен эпопеяға айналған. Ал, эпопеяның алтын діңгегі “Едіге туралы жыр”, — деген пікіріне алып қосарымыз жоқ. Тек қарым-қабілеті зор Секеңнің осы тақырыпты терең қаузамай: “Бұл мәселені кезінде В.М.Жирмунский егжей-тегжейлі зерттегендіктен біз оған тоқталмаймыз”, — деп тақырыпты бір мақаланың

шенберінде ғана тым келте қайырғаны өкінішті-ақ (Қасқабасов С., Жаназық, А., 2001, 493-бет).

Жалпы ұлы Мұхаң мен Қанекенді қоспағанда қазақ ғалымдары: С.Садырбаев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Е.Мағауин, Д.Есенжановалар “Едіге” тақырыбына арнайы зерттеулерін арнағанымен В.Жирмунскийдің “Тюркский героический эпосындай” кең қамтыған кесек туынды әлі дүниеге келе қоймағаны да шындық екенін тағы бір айтып өткен артық емес.

Біз жоғарыда осыдан бір ғасырға да жетпейтін уақыт бұрын дүние салған Мұрат Мөңкеұлын да еске алдық. Бір ғажабы, Қазақ хандығы құрылмай тұрып дүниеге келген “Едіге” эпосының кейіпкерлері — Ноғайлының билері мен батырлары Мұрат ақынның өзінше толғаған “Қарасай-Қази” жырына да арқау болған. Міне, тереңнен тартқан тарихтың алтын арқауының бүгінгі күнге дейін ел жадында, жыраулар жырында үзілмей жетуінің тамаша үлгісі осы емес пе?!

Сонымен Ноғайлы Мөңке би мен Шекті Мөңке бір адам болып шықты. Ендеше Шекті Мөңке туралы қазақ ғалымдары мен әдебиетшілері не дейді? Солардың да бір парасын қарастырып көрейік.

Алаш ардақтысы Ахаң — Ахмет Байтұрсынов “Мүңке би” деген айдармен 1926 жылы жарық көрген “Сауат ашқыш” атты оқу құралында Мөңке бидің жеті жасындағы кісі құны дауын бітіріп айтқан билігі туралы ел аузындағы әңгімені келтіріп, оны: “Сол бала үш жүзге белгілі Мүңке би атанып, аты аспанға шығады”, — деп аяқтайды. Ахаң биді Шектіұлы Мүңке деп атайды.

Ахаңнан басқа Алаштың тағы бір арысы Жүсіпбек Аймауытов екі бірдей шығармасында: “Ақбілек” романында және “Ел қорғаны” пьесасында Едіге, Мөңке тақырыбына соғады.

1927 жылы жазылған “Ақбілекте” автор “Едіге” жырындағы:

“Кім баласын сүймейді?  
Сен туғанда Нұралым,  
Төбел бие сойдырдым,  
Төрт қырлап ошақ ойдырдым...  
Қара кеске бөлеттім,  
Ақ, кара кес батад деп,  
Бала кеске бөлеттім.  
Алтыннан шүмек ойдырттым,  
Күмістен түбек қойдырттым...” —

деген тамаша үзіндіні келтіреді. Ал “Ел қорғаны” атты шағын



пьесасында, кейіпкер-ақсақалдың аузына: “Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой:

Жас баладан биің болар,  
Жас балшықтан үйің болар.  
Ат жақсысы арбада болар,  
Жігіт жақсысы саудада болар,—

депті ғой өтерінде”, — деген сөздерді салады.

Мұның бәрі Мөңке би шығармаларының төңкеріске дейін жеке жинақ болып шықпаса да XX ғасыр басында қазақтар арасына кең танымал болғандығын көрсетсе керек.

Мөңке бидің өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы әр жылдары академик А.Жұбанов, филология ғылымының докторлары, профессорлар Т.Кәкішев, С.Негимов, Ш.Керім мен ғылым кандидаттары Б.Адамбаев, Қ.Сыдықұлы, М.Тілеужанов, С.Байменше, Б.Омарұлы қалам тартты. Баба мұрасын тірнектеп жинап, оның жарық көруіне ақтөбелік зерттеушілер Жұбаназар Асанов пен Кемейдулла Төлеубайұлының да зор еңбек сіңіргенін атап өткен жөн.

Мөңке бейнесі Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының “Үркер” романынан да көрініс тапты.

Академик Ахмет Жұбанов өзінің қазақ музыкасының арғы-бергі тарихына арналған “Замана бұлбұлдары” атты іргелі монографиясында Ақтөбе өңірінен шыққан Батақтың Сарысы атты әйгілі әншінің өмірі мен шығармашылығына арналған мақаласында: “Сарының... аталары Мөңке би өз заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған. Кердері Әбубәкір сияқты Мөңкенің жаңа заманның бірқатар көріністеріне “бөленің басы” деп қарауға да болған. Бірақ Мөңкеден басталған тапқыр сөз дәстүрі ол өреде үлкен орын алады”, — деп жазады (Жұбанов А., Замана бұлбұлдары. А., 1975, 222-бет).

Ахаң Мөңке биге “өз заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам” деп зор баға бере отырып, жыраудың жаңа заманның бұзылуға айналған бетінен түңілген толғаулары да болғанын оқырман есіне арнайы салып өтеді. Ілгері буынның қадам басқанын аңдып, артық-ауыс пікірлері үшін “халық жауы”, “ескішіл-байшыл” деген айдар тағуға әуес заманда Әбубәкір, Мөңке сияқты ақын-жыраулар шығармашылығы туралы Ахаңның басқаша айтуы да мүмкін емес еді.

Осыдан оншақты жыл бұрын белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішев шәкірттерін ұлт мұрасының ұлық туындыларын жинауға жұмылдырып, бірнеше жинақтар шығарды. Солардың

бірі 1992 жылы “Билер сөзі” деген атпен “Қазақ университеті” баспасынан жарық көрді. Онда ғалым Мөңке бидің “Кермиық кеңесінен қалды” деген жұмбақ түрінде сұраулы толғауы мен оған өзінің берген жауабын келтірген.

Осы тақырыптас “Шешендік өнер” атты оқу құралында профессор С.Негимов та Мөңке бидің Халық жазушысы, депутат Шерхан Мұртаза Парламент отырысында сөйлеген сөзінде келтірген әйгілі “Құрамалы, қорғанды үйін болады”, — дейтін толғауын енгізіп, соңынан: “Мөңке бидің бұл тақлақтап айтылған толғамы келер заманның кейпін кемел көрегендікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Кесек ойлар кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялы-экспрессивтік қуат бар”, — деген баға береді (Негимов С., Шешендік өнер. А., 1997, 125-бет).

Мөңке творчествосына арнайы қалам тартқандардың бірі — жас ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Ш.Керім. Ол бидің өзге зерттеушілер назарына түспеген “Ақырзаман болғанда” деген толғауын Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан тауып, өз түсіндірмесімен “Ана тілі” газетінің бетінде жариялады.

Мөңке бидің мұрасын ғана емес, бүкіл өмірін қазақтың би-шешендері шығармашылығын зерттеуге арнаған фольклорист-ғалым Балтабай Адамбаев өзі құрастырған бірнеше жинақтарда Мөңке бидің Сырым батырға қойған философиялық астарлы сұрақтары мен оған Сырымның қайтарған жауабы, сондай-ақ Мөңкенің шеркеш Түрке би, тана Нүрке билермен кеңесіп отырып айтты дейтін “Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек” дейтін толғауларын енгізген. Ғалым соңғы толғауды “Сәуле” журналының 1924 жылдың I-санында жарияланған нұсқасынан алған. Кейін бұл толғауды дәл осы жарияланымнан алып, С.Сейфуллин өзінің “Қазақ әдебиеті” атты еңбегіне енгізген.

Мөңке туралы сүбелі мақала жазған ғалымдарымыздың бірі — Серікқали Байменше. Оның осыдан үш жыл бұрын “Егемен Қазақстан” газетінің бетінде жарияланған “Мөңке бидің Нострадамустан несі кем?” атты мақаласы ол туралы тәуелсіздік жылдары жинақталған жарияланымдар мен зерттеулерді қорытып түйіндеген тиянақты туынды болып шықты.

Міне, байқап отырған боларсыздар, Мөңке бидің есімі ескі заманда да, Кеңес кезеңінде де, еліміз тәуелсіздік алған жылдарда да ел жадынан, халық есінен шыққан емес. Әр заманда да халық оның шығармашылық мұрасынан өз жоғын

тауып, хал-қадірінше рухани қажетіне жаратып отырған. Мөңке есімі Ә.Кекілбайдың Республика Мемлекеттік сыйлығын алған тарихи полотносы “Үркер” романында да аталды. Жалпы жазушы туындысындағы оқиға өмірде нақты болған, тіпті тарихи құжат ретінде хатқа да түскен.

Қазақ руханиятының үш ғасыр бойы тарихынан ойып орын алған Мөңке би кім еді, оның өмірі несімен онегелі? Осы сұрақтарға да жауап іздеп көрелік.

Мөңкенің туған, өлген жылдары туралы мәліметтер бір жүйеге түспеген. Ол туралы “Қазақ әдебиеті”, “Ақтөбе” энциклопедияларындағы деректер де ала-құла. Кейінгі басылымда оның өмір сүрген заманын жаңсақтықпен бір ғасырға дейін шегерген.

Мөңке, ең алдымен, Әбілқайырдың замандасы. Ханның жақын кеңесшілерінің бірі, ақылгөй абызы болған.

Әбілқайыр туралы қазақ әдебиеті мен ғылымында аз жазылмаса да осы бір қазақ тарихындағы күрделі тұлғаның бар болмыс-бітімі, өмірінің қалтарыс, бұрылыстары, ішкі сырының иірімдері мен түпкі мақсаты түгел ашып көрсетілді деу қиын. Барлық күш-қуаты бойында, билеуші үшін шау тартты деуге келмейтін 56 жасында дүние салған Әбілқайыр ханның ақыл қосар кеңесші биі болған, ол дүние салған соң Кіші жүз бен Орта жүздің игі жақсылары атынан орыс патшайымына Нұралы ханның билігін тану туралы хатқа қол қою құрметіне ие болған Мөңке қайткен күнде де Әбілқайырдан жасы үлкен болғаны анық.

Мөңкенің жасын анықтауға оның әкесі Тілеудің 1684 жылы Сайрам соғысында опат болғаны да өз жарығын түсіргендей. Шежіре деректері бойынша бұл кезде Мөңке тоғыз жасар бала екен. Егер А.Байтұрсынов келтірген деректе Мөңке 7 жасынан бастап ділмарлығымен көзге түскен дана бала болса, оның жасының әкесі қайтыс болғанда ел жадында қалуы ақылға әбден қонымды. Осы тұрғыдан тұжырым жасар болсақ Мөңке 1675 жылы дүниеге келген болып шығады. Сонда ол Әбілқайырдан 18 жас үлкен болып шығады. Бұл да қисынға келетін есеп.

Әбілқайырды 1748 жылдың 12 қыркүйегінде Қабырға өзенінің бойында кездескен жерінде Орта жүздің сұлтаны Барак қастандықпен өлтіреді. Хан өлгенде соңында Нұралы, Ералы, Қожахмет, Айшуақ, Шыңғыс және Әділ атты алты ұлы қалды. Әкесінен кейін хан тағына отырған Нұралы Әбілқайыр мен Бопай ханшаның тұла бойы тұңғышы еді.

Әбілқайыр көзі тірісінде-ақ Нұралыны мұрагер ретінде хан тағына дайындай бастағанға ұқсайды. Сондықтан ол 1741 жылы сол кездері формальды болса да Иран шахы Нәдірдің

билігіндегі Хиуа тағына Нұралыны отырғызады. Нұралының Хиуа билеушісі болғаны жөнінде тарих ғылымында әртүрлі алып-қашпа әңгімелер бар. Нұралының азғана уақыт болса да Хиуа тағына отырғаны ақиқат. Бұл туралы сол оқиғалардың куәгері П.И.Рычков: “Шах кеткен соң, хиуалықтар бұл ханды өлтіріп, өздеріне хандыққа Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтанды сайлап алды”, — деп жазады (П.И.Рычков, Н.П.Рычков, Капитан жазбалары. А., 2002, 40-бет).

Мөңкенің есімі орыс мұрағатына Әбілқайыр өлімінен кейін Кіші жүздегі жағдай әбден шиеленіскен 1748 жылы хатқа түскен. Ол әуелі Әбілқайыр өлімінің себеп-салдарын анықтауға жіберген аудармашы Юмағұл Гуляевтің жазбасында аталады. Онда: “И того же числа все знатные бии и батыры, согласясь, четырех биев: а имянно: Чюмекейского роду — Джалгана; Чиктенского — Сырлыбая, да Бабия и Мунка”, — деген жолдар бар (Архив внешней политики России, ф.122, 9-8, пл.27-29). Құжат 1748 жылы қыркүйектің аяғында жазылған. Зерттеуіміздің мақсаты Әбілқайырдың өлімі болмағандықтан біз құжаттағы бұл мәселеге қатысты деректерді талдаудың қажеті шамалы деп есептейміз. Бұл құжаттың бізге беретін мағлұматы отаршыл аппараттың сакқұлақ шенеунігі Мөңкені Кіші жүздегі атакты төрт бидің қатарына қосатыны. Құжат хатқа түскен жылы бидің жасы — 73-те.

Мөңкеге қатысты екінші бір құжат 1748 жылдың 5 қазанында жазылған. Ол Россия императрицасы Елизавета Петровнаға Кіші жүз бен Орта жүздің ең беделді 32 биі мен батыры қол қойған Нұралыны хандық билікке бекіту жөніндегі өтініші.

Құжаттың қазақ тарихы үшін мән-маңызы ерекше болды. Себебі Ресейге бодан боларда Әбілқайыр Кіші жүздің заңды ханы ретінде Ресей империясымен дипломатиялық байланысқа түскен. Демек ол кезде Әбілқайырдың хандық күзіретін Ресейдің тануының қажеті болмаған. Сондықтан Нұралыны хандық билікте бекіту туралы өтініш орыс-қазақ дипломатиясында бұрын-соңды орын алмаған жаңа прецеденттің негізін салды. Оның өзіндік себеп-салдары да болды.

Әбілқайыр дүние салған соң Орта жүздің Бөгенбай батыр бастаған бірқатар игі жақсыларының қатысуымен Кіші жүз халқы хан сайлаудың Шыңғыс хан заманынан келе жатқан барлық дәстүрлерді сақтай отырып Нұралыны хан тағына отырғызды. Дәл осы кезде қайтыс боларының алдында Әбілқайырға қырын қарай бастаған Кіші жүздің шөмекей, шекті, төртқара, қарасақал сияқты рулары Қайып ханның

ұлы Батыр сұлтанды хан көтеріп үлгерген еді. Сондықтан Кіші жүздің басым көпшілік руларының қолдауына ие болған Нұралы өз билігін Ресей империясы тарапынан заңды түрде бекіту арқылы Батыр сұлтанның хандық күзіретінің заңсыз екендігін дәлелдеп, оның билігіндегі аталастарын біржолата өзіне қаратуды мақсат етті.

Нұралы жағында Ресей императорынан ең алғаш “тархан” лауазымын алған Орта жүздің белгілі қайраткері шақшақ Жәнібек те болды, болып қана қоймай оның есімі патшайымға өтініш жазған 32-нің басында тұрды.

Осы тұста мына бір фактіге де ерекше назар аударма кеткен жөн сияқты. Әбілқайыр Кіші жүздің ханы бола тұра өмірінің соңына дейін өз билігін қазақтың өзге аумағына да жүргізуді мақсат еткен амбициялық жоспарын тастаған жоқ. Оның ұлы Нұралыны Хиуа тағына отырғызуы, Ресей империясынан жасырып парсы патшасы Нәдір шаһпен келіссөз жүргізуі, Орта жүздің бірқатар рубасылары, батыр, билерін өзіне жақындатып, қанатының астына алуы осының айқын айғағы болса керек. Бірақ оның кенеттен қайтыс болуы бұл жоспарлардың орындалуына мүмкіндік туғызбады.

Енді Орта жүз бен Кіші жүздің игі жақсылары қол қойған құжатқа келейік. Өтініштің негізгі мазмұны екі пунктпен белгіленген:

“1-е. Вашего и.в. верноподанный Абулхаир хан от сего света отшел, а наместно ево наследству выбрали мы в ханы сына ево Нурали-солтана.

2-е. И хотя мы ево, Нурали-солтана, по своему обыкновению, в ханы и выбрали, токмо без особливаго Вашего и.в. высочайшаго указа главным ханом учинить мы ево не в состоянии. Того ради Вашего и.в. всеподаннейше просим, дабы высочайшим Вашего и.в. указом повелено было одному Нурали-солтану наместно отца ево, Абулхаир-хана, быть главным ханом и на что ханство наградить ево Вашего и.в. высочайшею за золотой печатью грамотою. Всемилостивейшая государыня, просим Вашего и.в. на сие наше всеподаннейшее доношение милостливаю резолюцию учинить” (АВПР, ф. 122, д.8, л.л. 15-16).

Құжатқа Орта жүздің екі беделді адамы Шақшақ Жәнібек тархан мен Керей Наурыз би бастап, Кіші жүздің 30 би, батырлары қол қойған. Сол қол қойып, ру таңбаларын басқан игі жақсылардың жуан ортасында Мөнке бидің есімі бар.

Белгілі тарихшы, ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаев Нұралы хан өміріне қатысты мұрағат актарысып жүріп, дәл осы жылдың осы күні (1748

жылдың 5-ші қарашасы) Әбілқайыр жесірі Бопай ханшанын Елизавета Петровнаға тура осындай мазмұнда жолдаған хатын тапқан. Онда: “И хотя народ наш одного сына моего Нуралы солтана в ханы выбрали, того ради Вашего императорского величества Всеподанейше прошу одному сыну моему Нуралы солтану вместо отца его Абулхайр хана главным и настоящим ханом быть повелеть, и на что его ханство наградить его Ваше и высочайшего за золотою печатью грамотою”, — делінген (Қасымбаев Ж., Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.) А., 1999, с. 145).

Бопай ханша Әбілқайырдың өз билігін қазақтың өзге рулары есебінен кеңейте түсу жоспарынан хабардар болған. Тіпті бұл жоспарды екеуі бірлесіп жасауы да мүмкін. Сондықтан патшайымға жазылған екі хаттың екеуінің де инициаторы Бопай болған сияқты. Және бұл құжаттардың бірде бірінде өтініш айтушылар Нұралыны Кіші жүздің ханы болсын деп анықтап көрсетпейді. Бопай ханшаның хатында “главным и настоящим ханом” деген тіркес ханшаның Нұралыны үш жүздің ханы ретінде бекітіп жіберсе деген үмітінен хабар берсе керек.

Мөңке би қол қойған бұл өтінішке императрица 1749 жылдың 26 ақпанында жауап беріп, Нұралыны Кіші жүздің ханы ретінде бекітіледі, бірақ ханға “жалованная грамотаның” түпнұсқасы берілмейді. Осында бірақ гәп бар.

Профессор Ж. Қасымбаев Нұралының немересі Жәңгір хан “жалованная грамотаның” түпнұсқасын Ресей архивтерінен індете жүріп, әрең тапқаны жөнінде қызғылықты фактіні алға тартады. Түпнұсқада: “семилостивейше подтверждаем избрание означенных киргиз-кайсаков и утверждаем его сим Высочайшим указом”, — деген жолдар бар. Бұл императрица қазақтың игі жақсылары хан көтеріп, 32 адам қол қойған халық жиналысының хаттамасы іспеттес құжатты бекіткендігін дәлелдейтін факт. “Жалованная грамотаның” он бойында Нұралының тек Кіші жүз ханы ретінде бекітілгені туралы бір ауыз сөз жоқ.

Нұралы хан туралы пікірімді мен бұрынғы зерттеулерімде айтқанмын. Сондықтан оның бәрін қайталамастан орыс отаршылдары, жалпы осы отаршыл саясатты жүргізушілер Қазақ даласындағы хандық билікті әлсіретуге қолдан келгеннің бәрін істеп бақты. Олар үш жүздің басын біріктіруге бар күшін салды. Кейін үш жүздің игі жақсылары жиылып хан көтерген қазақтың ұлы ханы Абылайдың да бүкілқазақ ханы ретінде күзіретін танымауға тырысуы осының айғағы болса керек. Нұралы ханның да хандық билігін бекітуде олар сол

баяғы құйтырқы әрекеттеріне басқан. Оны жүзеге асыруға қазақ даласына келгенше Ресей империясының Стамбулдағы өкілі болған әккі И.И. Неплюев колынан келген айла-амалын жасап баққаны көрініп-ақ тұр.

Сонымен Мөңке би Әбілқайырдың ақылгөй биі ғана болып қоймай, оның ұлы Нұралыны хан тағына отырғызу үшін Ресеймен дипломатиялық байланысқа түсіп, өзін ХҮІІІ ғасырдағы қазақ қоғамының беделді қайраткері ретінде де көрсете білді. Ендеше біздің ғалымдарымыз Мөңке өмірін зерттегенде оны би, шешен, жырау болды деген анықтамалар аясынан шығап, өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері болғандығына ерекше назар аударуы керек деп білеміз. Жоғарыдағы қос құжат оның осы қырын зерттеймін деп құлшынған зерделі жастарға әлі талай ашылмаған мүмкіндіктердің бар екендігін аңғартса керек.

**Мөңке — би.** Сондықтан оның аты аталғанда үнемі “би” сөзі тіркесе жүреді. “Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік “дала заңының” билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші — билер болды. Би, ең алдымен, сот (судья). Бидің өзі де, билігі де түп тамырымен халықтың тарихына байланысты болды. Сол себепті де ол беделді, дәстүрлі билік қатарында болды. Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталды”;— деп жазды қазақ заң ғылымының патриархы, академик Салық Зиманов (Қазақтың ата заңдары, А., 2001, 17-18 беттер).

Би көшпелі қоғамда қашанда билік басынан ажырамаған тұлға, хан кенесшісі қызметін атқарды. Бұл “түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би” деп аталатын есте жоқ ескі замандарда (біздің дәуірімізге дейінгі ІІ ғасыр шамасы) өмір сүрген Майқы биден бері үзілмей келе жатқан көшпелі қоғамның көп өзгеріске ұшырамаған құқықтық дәстүрлі институты. Бұған қазақтың ұлы ағартушы ғалымы Ш. Уәлихановтың: “Билер соты, 50 жыл бойғы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлкім, мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сол қалпында қалды”, - деген сөздері дәлел.

Қазақ қоғамында дау шешу, билік айту, бір сөзбен айтқанда, сот функциясын атқару қашанда оңай шаруа болмаған. Еуропалықтар дәстүрлі қазақ құқығын: жауапкершілікке тарту, жаза кесу, айып салу, құн төлету, көбінесе “жабайылық нормалар” деп мұрын шүйіре қараған, бірақ бәрі емес. Поляктың бекзат ортасынан шыққан Адольф Янушкевичтің күнделіктеріндегі билер сотын бақылау барысында мына бір жолдарға назар аударайықшы: “Бұл даулы

іс бізді бірнеше күнге аялдатты. Өйткені, бір-бірімен жауласқан екі жақ, егеске түскен. Бұл дау әбден ушығып шегіне жеткен. Минут сайын өзге сөзге жаңа шешендер араласады. Осындай дала Демосфендерінің кейбірсулерінің сөздері мәнерлігімен, жігерлігімен мені барынша қызықтыра түсті. Тоқымбай старшина мен Байкескенің өзі егер ертедегі Грекия мен Римде өмір сүрсе, данқтан белі бүгіліп, кеткен болар еді” (Янушкевич А., Қазақ даласына сапары туралы жазбалар, А., 2003, 27-бет). Қазақтың кез келген ауылында кездесе беретін қатардағы билердің іс-әрекетіне осыншама таң-тамаша қалған поляк зиялысы Мөңке билердің шешкен дауына қатысса, Демосфенді қойып, оны Цицеронның өзімен қатар қоятынына менің күмәнім жоқ.

Қазақ билерінің данышпандығы туралы А. Янушкевич қана жазып қойған жоқ. Шокан Уәлихановтың “Суд в древней народной форме” атты еңбегінен кейін белгілі шығыстанушылар И. Крафт, А.Е. Алекторов, Д. Андре, Л. Баллюзек, И. Козлов, А.И. Крахалев, т.б. билер соты, дала құқығының ерекшеліктері туралы тамсана жазды. Бұл тақырыпта данышпан Абайдан бастап, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев да қалам тартты. Әсіресе императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, қазақтың дәстүрлі отбасылық заңынан магистрлік диссертация қорғаған Жақып Ақбаев бұл тақырыпты тереңдете зерттеп, соңына мол ғылыми мұра қалдырды.

Дала демократиясының өзіндік нормативті-құқықтық негіздері болды. Ол әдетке, ғұрыпқа, ережеге негізделді. Билер сотында қаралатын жер дауы, жесір дауы, ер дауы, мүлік дауы осындай заңдарға негізделіп шешіледі. Тіпті билер ең жиі қолданылатын жаза — айып салудың өзі күрделі құқықтық институт болды. Зерттеуші Н. Айтқұлованың пайымдауынша, айыптың құрамында хандық (хан не сұлтан алымы), билік (би ақысы), жасауыл ақысы (бітісуші жақтардың билікке әкелушінің ақысы), кепіл ақы (кепілдікке жүрушінің ақысы), қалам ақы (іс жүргізушінің төлемдерінен бастап сүйіншіге дейін қарастылылған. Айып құрамының мұндай күрделілігі екі ортаға сыналап кіріп, пайда табу, пара алуды мүлде болдырмаған. Міне сондықтан, И. Козлов: “Киргизский суд — гласный, публичный, совестный и мировой” — деп қазақ билер сотына әділ баға берген (Материалы по обычному праву казахов. Сб.1. А., 1998, с. 225). Ендеше Мөңке бидің билік қызметі де қазақстандық заңгер ғалымдар тарапынан болашақта арнайы зерттеледі деген сенімдемін.



**Мөңке — философ.** Философ болғанда қадым замандағы Қорқыт, беріде Асан қайғы дәстүрін жалғастырған дала данышпаны.

Жеті жасынан бастап-ақ сөзіне тыңдаған жұртты ұйытқан дала биінің философиялық толғауларының бүгінгі күнге жеткені асылдың сынығындай ғана аз дүние. Соның өзі Мөңке бидің бүкіл болмыс-бітімінен әжептәуір мағлұмат бергендей. Оның риторикалық сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі бізге там-тұмдап жеткен мұрасы философ ғалымдарымыз тарапынан арнайы зерттеуді қажет етіп тұрғаны анық.

Мөңкенің философиялық толғауларында көшпелі қоғамның отырықшы елдің институттарына іштей қарсылығы айқын сезіліп тұрады. Бұл қарсылық қарапайым тіршіліктегі ерекшеліктерден бастап, мемлекеттік саяси билік институттарының қызметіне дейін — хан билігі, батыр беделі, би шешімі, әлеуметтік өмірдің алуан саласынан бастап, дәстүрлі көшпелі мәдениеттің кескін-келбетінің өзгеруіне дейін қазақ қоғамының бүкіл палитрасын қамтиды. Мөңкеге дейін солай болған, Мөңкеден кейін біз қанша отырықшы болсақ та бабалар сарайындағы киіз туырлықты көшпелі тірлікті идеалдандыруымыз әлі қала қойған жоқ. Бұл тәрбие емес, қанмен бойға сіңетін феноменалды құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда еврей ғалымы А.М. Хазановтың: “Номады никогда не смогли существовать сами по себе, без внешнего мира, представленного некочевыми обществами с иными системами хозяйства. Напротив, кочевое общество могло функционировать лишь до тех пор, пока этот внешний мир не только существовал. Но и допускал возможность его реакции — социальной, политической, культурной, словом, всесторонней, при которой номады оставались номадами”, — деген сөздері көкейге әбден қонады. (Хазанов А.М., Кочевники и внешний мир. А., 2002, с. 69). Мөңке философиясы көшпелі қазақтар қандай мықты өркениеттің әсері болса да көшпелі болып қалуы керек дейтін кредоны ұстанудан туған философия. Оны жатсынуы оңай, түсінуі қиын. Ендеше біз осы қиыннан қиыстырып жол табуымыз керек.

**Мөңке — сәуегей.** Ол туралы қалам тартқандар Мөңкені болашақ келбетін тап басқан болжампаз ретінде бейнелейді, кейбірі тіпті Нострадамуспен де теңейді.

Ғылым мен техника, медицина қаншалықты қарыштап дамыса да әлі күнге дейін адам мүмкіндігінен асқан емес. Адам қабілет-қарымының жұмбағын шешкен де әлі ешкім жоқ. Төрт ғасыр бойына адамзат қоғамының таң қалдырып келе жатқан сондай жұмбақ жандардың бірі өзіміз жиі-жиі

Мөңкемен салыстыратын осыдан тура 500 жыл шамасы бұрын дүниеге келген француз сәуегей Мишель де Нострадам немесе батыс әдебиетіндегі Нострадамус. Ол туралы жазылған кітаптардың өзі бір кітапхана болатын шығар-ау, сірә.

Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келген Нострадамус кейбіреулер айтқандай көп шарлатандардың бірі емес, өз заманына сай классикалық білім алып, медицина докторы атанған оқымысты адам болған. Ол соңына мол мұра: қысқаша катрен түрінде берілген он томдық “Центруийлер” аталатын болжамдарын қалдырып кетті. Ақыры Мөңкемен салыстырып қалған екенбіз, оқырманға түсініктірек болу үшін Нострадамустың өміріне қатысты бірді-екілі деректі келтіре кетейік.

Француздың әйгілі королі Генрих II дәуірлеп тұрған кезінде қайтыс боларынан үш жыл бұрын Нострадамустан мынадай болжам алады. Онда былай делінген: “ Молодой лев победит старого на поле битвы в поединке. Он пронзит его глаза через золотую клетку. Две раны, нанесенные одним, а затем он умрет страшной смертью”. Осы ескертуден үш жыл өткен соң Генрих II рыцарлық турнир кезінде жас капитан граф Монтгомеримен жекпе-жекке шығады. Жекпе-жек үстінде Монтгомеридің найзасы королдің алтын қалқанын тесіп өтіп сол көзіне қадалады. Найзаның ұшы королдің көзін ағызта миына жетіп ораң тоқтайды. Тоғыз күн қиналып, король жантәсілім етеді. Бұл сәуегейлік Нострадамустың атағын бүкіл Еуропаға жайды.

Жалпы өз басым болжау біткеннің бәріне онша көп сене бермеймін. Бірақ осыдан бірнеше жыл бұрын қолыма 1996 жылы Мәскеуден орыс тіліне аударылып басылған Джон Хоугтың “Нострадамус. Новые откровения” деген кітабы түсті. Кітаптың шыққан жылына назар аударып отырғаным, оның Нью-Йорктегі 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі әйгілі трагедияның бес жыл бұрын басылғандығына назар аудару. Сонда Нострадамустың жүзеге аспаған болашаққа арналған болжамдары ішінен мынадай жолдарды оқыдым: “ Великий город на берегу океана, окруженный хрустальным болотом, в зимнее солнцестояние и весной страдает от ужасного ветра”. Байқайсыз ба, Нострадамус нақты кісі атын, оқиға болатын жылды, мемлекетті не қаланы атын атамайды. Жоруды әркімнің өзіне қалдырады. Жоғарыдағы болжамдағы “великий город на берегу океана” деп Нью-Йоркті, “хрустальное болото” деп сырты әйнекпен қапталған Әлемдік сауда орталығын, “ужасный ветер” деп дыбыстан жылдам ұшатын ұшақтарды әбден шамалауға болатын сияқты.

Тағы бір мысал. Нострадамус өлерінен екі апта бұрын:

“По его возвращения из Посольства дар короля положен на место. Он больше ничего не совершит. Он уйдет к Господу. Близкие родственники, друзья, братья по крови найдут его мертвым у постели и скамьи”, — деген болжам айтады. Шындығында да ол бұдан кейін ешқайда шықпай, өз үйінде қайтыс болады. Отбасы мен достары оның өлі денесін өзі айтқандай төсек пен сәкінің ортасында (у постели и скамьи) табады. Мөңке бидің де қайтыс болуы осыған ұқсас. Би демі таусыла бастағанда: “Мен өлгесін ақ бура мініп Жақайым Сартай деген кісі келер, жаназамды сол оқыр”, — депті. Сол күні би дүние салып, ағайындары жаназасын кімге шығартарын білмей дал болады. Себебі Сартай молданың ауылы бірнеше күншілік жерде екен. Сөйткенше болмай сырттан шөккен түйенің “бақ” еткен дауысы естіледі. Мөңкенің ағайындары киіз үйден сыртқа атып шықса, асыға басып Сартай молда келе жатыр екен дейді.

Әрине, Мөңке би өз болжамдарын жүйелеп, хатқа түсіре алған жоқ. Дегенмен көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда өмір сүрген ол заман аңысын аңдап, оның кескін-кейпін дәл болжай білген. Бұл туралы ұлы Мұхтар Әуезовтың “Абылай дәуірінде зар заман ақындары екі алуан болған. Мұның бірі — елге келер күннің жұмбағын шешіп беріп, үлгі-өсиет сөйлейтін, болжау айтқан қария, екіншісі — толғау айтқан жырау”, — деген бағасы тура Мөңкеге қаратылып айтылғандай. (Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991, 240 бет). Мұхтан айтқан екі қасиеттің екеуі де, әсіресе, “келер күннің жұмбағын” шешкен болжау айту Мөңке шығармашылығының басты белгісі деп білген жөн.

Мөңкенің:

Түрлі-түрлі халық болады,  
Күндіз-түні жарық болады...  
Дүниенің жүзіне  
Өре менен темірден жол тартылады...  
Адам ақысыз жұмыс істемейді  
Дүниені түрлеп кестелейді”, —

деген болжамдарының, шындығында, Нострадамус картрендерінен несі кем? Қазіргі Қазақстандағы көп ұлтты халық, күндіз-түні жанған жарық, айқыш-ұйқыш тартылған темір жол, жалақылы жұмыс — бәрі-бәрі келіп-ақ тұрған жоқ па?

Сәуегей бидің тағы бір толғауы:

Қу моладан үйің болады,  
Қу баладан биің болады.

Кебір жерге теңеледі,  
Әйел ерге теңеледі.  
Сиыр өгізге теңеледі.  
Көл теңізге теңеледі.  
Ашыны ащы демеяді,  
Сағынып тамақ жемейді.  
Тапқанын олжа демеяді.  
Алхам білгенін молда дейді,  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді,—

бүгінгі заман келбетін көз алдына әкеледі. Осы бір шағын толғауда әлеуметтік теңдік, эмансипация, ащы суға әуестік, қаптап кеткен дүмше молдалардың көбеюі, адамдардың арасындағы алыс-берістің азаюы, т.б. Мөңке қайтыс болғаннан кейін бір жарым ғасырдан астам уақыт өткен соң өмірге келген өзгерістер. Ендеше мұны сәуегейлік демегенде не дейміз.

Мөңкенің ел арасында кеңінен тараған мына бір толғауы да замана, бүгінгі заман келбетін дәл-ақ берген емес пе?

Құрамалы-қорғанды үйің болады,  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.  
Дүдәмалау дінің болады,  
Әйелің базаршы болады,  
Еркегің қазаншы болады.  
Сарылып көлік тосасың,  
Құны жоқ көк қағазды судай шашасың.

Қалалық жердегі құрамалы-қорғанды үйлер, айнымалы-төкпелі соттар, халыққа пайдасы жоқ жиындар, алашұбар тіл, дүдәмалау дін, базаршы болған әйелдер, қазаншы болған еркектер, көлік тосқан жұрт, құны жоқ құнды қағаздар — екі ғасыр бұрын Мөңке болжаған бүгінгі күннің шынайы шындығы емес пе?

Нострадамус та ешбір болжауын қолмен қойғандай нақпанақ айтпаған, көбінесе түспал, ишарамен жеткізіп отырған. Осы тұрғыдан келгенде Мөңке бидің де толғауларынан біз көзі ашық, көкірегі ояу, болашақтың беталысын, бағытын, бағдарын болжай білген сұңғыла адам болғандығын айқын аңғарамыз. Мөңкенің сәуегейлігі ел арасында кеңінен тарап, ол көзі тірісінде-ақ әулие атана бастаған. Содан болар атақты халық ақыны Нүрпейіс Байғанин:

Тілеуімнің ішінде әулие өткен Мөнке би, —

десе, әйгілі Сарышолақ ақын:

Тілеудің ұлы Мөнке еді,  
Алты Алашқа бас болған.  
Қара мойын серке еді,  
Ақылы зерек әулие,  
Қиянға көңіл сілтеді, —

деп Мөнкені әулие тұтқан.

**Мөнке — жырау.** Жырау болғанда өзінен бір-екі ғасыр бұрын өмір сүрген Қазтуған мен Доспамбет дәстүрін дамытқан жырау. Тіпті, Доспамбет, Шалкиіз бен Махамбет арасын жалғастырып тұрған поэтикалық көпір сияқты.

Шалкиіз:

Ор, ор қоян, ор қоян, —

десе, Мөнке:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, —

деп толғайды. Немесе Мөнке:

Қырға боран бораса,  
Нуға боран борар ма, —

десе, Махамбет оны өзінше іліп әкетіп:

Орай да борай қар жауса,  
Қалыңға боран борар ма, —

деп жалғастырады. Тағы да салыстырып көрейік:

Қазтуғанда:

Бұдырайған екі шекелі,  
Мұздай үлкен көбелі,

Мөнкеде:

Тегеуріні төрт елі,  
Аспаннан түскен тас түлек, —

Махамбетте:

Еңселігім екі елі,  
Егіз қоян шекелі, —

болып келеді.

Мұндай құйма алтындай кесек тіркестер, тапқыр тенеу,

терең ой, әр алуан мағына, сөзбен салынған сурет, риторикалық сұрақ-жауап жыраулар поэзиясының жалғасы саналатын Мөңкенің де поэтикалық мұрасына тән сипаттар.

Мөңке би араға үш ғасырға жуық уақыт салып, өзінің бүкіл ұлықтық болмыс-бітімімен туған халқымен қайта табысты. Сағынған жұрты да бабасына лайық құрмет көрсетіп, туған жері Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Қайыр аулына Мөңке бидің есімін берді, облыс орталығында бидің тас мүсіні орнатылды.

Мөңке бізге несімен қымбат? Мол мұрасынан тағылым, тәрбие алу үшін қымбат. Мөңке бидің рухани ұстаздарының бірі Шалкиіз ноғай бауырларда сақталған толғауларының бірінде:

Сіз де өлерсіз, өлерміз біз өзіміз,  
Өлген соң жұмылар екі көзіміз.  
Біз өлген соң қалғандармен,  
Сөйлер біздің сөзіміз, —

деген екен.

Шалкиіз айтқандай бабалардың өзі дүниеден өтсе де, соңында ұрпақтарының талай буынымен тілдесетін мәңгі өлмес сөзі қалды. Осы орайда тура он жыл бұрын — 1993 жылы Ордабасының тура биігінде тұрып, қазақтың үш ұлы биі — Төле, Қазыбек, Әйтеке туралы толғаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мына бір сөздері Мөңкеге де қатысты көрінеді маған: “Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанмыз, міне бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағы алдында бас иеді”. Біз де өз заманының дара қайраткері, дана философы, ер құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла биі, болашақты болжаған сәуегей абызы, тағылымды жыр толғаған кемеңгер жырауы Мөңке бидің биік рухы алдында басымызды иеміз.

*“Егемен Қазақстан” газеті  
18-21 қараша 2003 жыл.*

*“САЙРАМ ШАЙҚАСЫНЫҢ САРДАРЫ” кітабынан  
(Алматы: “Зерде”, 2000, құраст, Ж. Алдияров)*

## АЛҒЫ СӨЗ

Отарлық езгіден, темір құрсаудан босағаннан бері сөз бостандығына ерік берілді. Бұрын айта алмай іште шемен, көңілде шер болып келген сырларды сыртқа шығаруға мүмкіндік туды. Біздің ең кемшін жатқан тұстарымыздың бірі де осы өз тарихымыз еді. Басқасын былай қойғанда, өзіңнің ата-тегіңді, шежіре-тарихыңды, бұрынғы өткен батыр мен билеріңді, хан мен сұлтандарыңды хандық мемлекетің мен ақ орданды айту — үлкен саяси қателік және ұлтшылдық саналды.

Тарихи жады өшкен адам мөңгүртке айналмақ. Қазақ халқы деп аталатын ордалы жұрт, 8-9 миллион халық жетпіс жылда азып-тозып, жарымжан халге жетіп едік. Енді бір 20-30 жылда коммунистік бағдарламаға сәйкес — тіліміз де, діліміз де ұмытылып, ұлт ретінде біржола жойылатын едік. Осыған маңдай тіреп тұрғанбыз. Алла жар болды, ұрыс-қағыссыз, соғыс-қантөгіссіз тәуелсіздік алдық. Еңсе көтеріп, өткен-кеткенімізді түгендей бастадық.

Саясат қанша көлеңкелегенмен, түбегейлі өшіріп, жоқ қылып жібермек болғанымен ел-жұртының жүрек түпкірінде мөңгіге сақталған ғажайып тұлғалар болды. 1630-1684 жылдары өмір сүрген, 1681-1684 жылдары Қазақ Ордасын қорғаған, әйгілі Сайрам шайқасының сардары, Ақтөбе өңірінің перзенті әрі батыр, әрі би Тілеу Айтұлы осындай ерен тұлға еді. Тілеудің түп-тегі — ноғайлы. Арғы аталары — даңқты Орақ, Мамай, Ноғай Ордасының ұлы биі Мұса, Алтын Орда әміршісі Ер-Едіге.

1681-1684 жылдары Сайрам қаласы түбінде қазақ пен жоңғарлар арасында зор майдан өтеді. Қазақтардың алдында елді, жерді сақтап қалу, не боданға түсіп құл болып кету, елдіктен айырылу қаупі тұрды. Рухы биік, кісілігі зор дана

бабаларымыздың құлдықтан гөрі кескілескен қан майданда шайқасып көз жұмғанды жөн санап, қаруы күшті, саны мол жоңғарларды төрт жыл бойы ілгері бастырмады. Ақырында жау Сайрамды алғанымен күші азайып, қалжырап, кейін шегінуге мәжбүр болды.

Бұл соғыстың ел тарихындағы мәні зор. Өйткені ол сол кезеңнің өзінде қазақ халқының болашағын айқындады. Жеңіліске ұшырағанда ел тоз-тоз болып, “актабан шұбырындыға” ұшырар еді. Екіншіден, батыр бабаларымыз Орта Азиядағы тепе-теңдікті сақтап қалды, жоңғарлар жеңіске толық жеткен жағдайда, тарих сахнасынан қазақ халқының кетуі кәдік. Академик Мұрат Жұрынов Тілеуді қазақтың бірінші батыры, маңдай алды сардары, дарабозы дегенде мәселеге осы тұрғыдан келіп отырғанын оқырмандар ұқса керек.

Түркістандық бауырлардың қолдауымен әкелі-балалы Тілеу мен Жолдыаяқ батырлардың атына көше берілуінің, есімдері Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі көк тасқа жазылуының мәнісі де түптеп келгенде осы мәселеге тіреледі.

Жүзге, руға бөлінбей, ата жауға қарсы аталарымыздың бірлесіп күресуі, алапат майданда бір-біріне арқа тіреп тұрып қорғануы бүгінгі ұрпақ үшін де таптырмас өнеге, өзгеше сабақ, тарихи тағылым.

Жинақтағы баяндамаларды, шығып сөйлеушілердің сөзін оқығандар әрі би, әрі батыр асыл текті Тілеу туралы біршама мәлімет алары хақ. Бұл еңбек Сайрам шайқасы мен оның қаһармандарына жаңаша көзқарастың басы ғана. Толымды еңбек алдағы күннің еншісінде.

*Жоламан АЛДИЯРОВ*  
2000 жылы



Жұбаназар АСАНОВ

## ТІЛЕУ АЙТҰЛЫ

Аса қадірлі, түркістандық бауырлар! Ардақты ағайын!

Бүгін біз өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, ерекше толқу үстіндеміз. Түркістандық бауырларымызға деген алғысымыз шексіз! Түркістандықтардың бізбен салыстырғанда ұлт мүддесіне айрықша ықылас қоятындығы, тарихымызға ыждаһаттылығы, бүкіл қазақ қауымының ауызбіршілігіне ден қоятындығы бәрімізді тәнті етіп тұр. Осының нәтижесінде ғана Сайрам соғысының қаһармандары Тілеу Айтұлы мен оның баласы Жолдаяқтың есімдері Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі ескерткіш тақтаға жазылып, қала ортасынан көше берілді. Жұлмаланған тарихымыздың бір парағы қалпына келтірілді.

Жетпіс жыл бойғы коммунистік билік заманында жекелеген ұлттардың тарихын жазудағы ең басты мақсат — сол халықтардың тарихы болмағанын дәлелдеу еді. Бұл реттегі ең озық мысал — 1943 жылдан бастап, 1980 жылға дейінгі аралықта жазылған қазақ тарихының ресми нұсқалары. Қайткенде де тарихымыз “Пәленбай тарих” аталған соң, сол халықтың өткен-кеткені туралы бірдеңе айтуға тура келеді... Әуелгі тарих, мәселен, 1943 жылы “Қазақ ССР тарихы” осы үлгімен, күлдікөмеш болса да, жазылып қалды. Бірақ соғыс біткен соң, өкімет пен партия “ес жиып”, өз халқына қарсы күресті жаңа жігермен қайта бастаған кезде бұл шалағай тарихтың өзі көп болып көрінді. Сөйтіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тікелей нұсқауымен жаңартылып, өңделіп, яғни бұрынғыдан әрмен бүлініп, 1949 жылы екінші қайтара басылды. Ізінше, бұл марксистік идеология советтік отаршылдық көзқарас тұрғысынан жазылған жарымжан тарихтың өзі керемет “зиянды кітап” деп жарияланды. “Қазақстан тарихын марксистік-лениндік тұрғыдан баяндау” туралы қандықылып қаулы шықты.

---

*\*Баяндама. Қысқартылған нұсқасы.*

Көкірегінде сана, көңілінде санлау бар тарихшы, әдебиетші атаулы түгел айдалды, осыдан соң шын мәнінде Қазақстандағы тарих ғылымы өзінің өмір сүруін тоқтатты (М. Мағауин).

Ошiп қалған тарихымызды қайта қалпына келтiру оңай шаруа емес, “Сайрам соғысы деген соғыс қандай соғыс едi?”, “Тiлеу Айтұлы деген кiм?” деген сұрақтарға нақтылы жауап беруге тура келедi. Сайрам соғысы тарихын берiдегi тарих кiтаптарынан ұшырастыра алмадық, тек 1957 жылы “Қазақ Мемлекеттiк Баспасынан” шыққан “Қазақ ССР тарихының” 248-шi бетiнде бiр-ақ кездеседi. “XVIII ғасырдың 80-шы жылдарында жоңғар феодалдарының қазақ жерлерiне жорықтары бұрынғыдан бетер зор көлемде қайтадан қозды. Жоңғар феодалдары Оңтүстiк Қазақстанды және Сырдария бойындағы сауда қалаларын, сонымен қатар ең маңызды керуен жолдары өтетiн территорияны да басып алуға тырысты. Халдан (1671-1699) деген жоңғар хунтайшысы 1681-1685 жылдары Оңтүстiк Қазақстанға бiрнеше рет шабуыл жасады. Сайрам қаласын алып қиратып кеттi. Бай аудандар тып-типыл болды”.

Төрт жылға созылған, қазақ тағдыры талқыға түскен Сайрам соғысы туралы бар мәлiмет осы абзацтағы үш жолмен шектелген. Шын мәнісінде бұл соғыста бiздiң арыстан туған аталарымыз Қазақ Ордасын құлдық кiрiптарлықтан, тiптi жер бетiнен жоқ болып кету қаупiнен өздерiнiң жанын пiда етiп, қанын төгiп ерлiкпен қорғап қалған едi. Бұл деректi қазақтың көрнектi жазушысы, әрi тарихшы Мұхтар Мағауиннiң “Қазақ тарихының өлiппесi” деген кiтабынан табамыз.

1645 жылы туған, Тибетте тәрбие алып, жиырма бес жасына дейiн дiни қызмет атқарған Ғалдан-Бошықты билiкке жеткен алғашқы күндерiнен бастап-ақ бүкiл ойрат-халха жұртын ұйыстыру, ұлы монғол жұртын қалпына келтiру жолында күрес ашады. Әуелi жоңғарлардың өз iшiн тыныштандырады. Жақын-жекжатын бас игiзiп, әкесiнiң iнiсi Шоқыр-Ұбашыны билiктен тайдырады, соңғы қырық бес жыл бойы ойрат ұлысының бар бүлiктiң мұрындығы болған Өшiртi-Шешен-ханның ұлысын шабады, өзiн өлтiрiп, тұқымын қырып-жойып, ел-жұртын басып алады, сөйтiп бүкiл жоңғарды дөрегейiне келтiредi. Қытаймен елшi алмасады, Ресеймен арада тыныштық орнатып, алыс-берiс, сауда iсiн ұйымдастырады. Әкесi Батұр қонтайшы қалыптастырған “дала заңын” жаңғыртып, толықтырады. Ойрат әскерiн от қарумен жарактау iсiн жүйелi түрде жолға қояды.

Бүкiл Жоңғар жұртын уысына түсiрген Ғалдан Бошықты-хан 1678-1679 жылдары Шығыс Түркiстанды бағындырады... 1681 тауық жылы қазақ пен қалмақ арасындағы екi жүз

жылдық соғыстың жаңа кезеңі басталады. Қалмақтарын 1681 жылғы әуелгі жорығының өзі-ақ Ойрат ұлысының айрықша қуатқа жеткенін, Қазақ Ордасының үлкен қатер алдында тұрғанын аңғартады. Бұл жорықта Ғалдан-Бошықты ханның өзі бастаған қалмақтар жолындағының бәрін жапырып, бүкіл Жетісуды көктей өтіп, Шудан, Таластан асып, Арысқа жетеді, қазақтың қалың ортасындағы Сайрам қамалын қоршайды... Тас құрсауға түссе де қамалы берік Сайрам құламайды. Ғалдан-Бошықты қысқа қарай кейін шегініп, жазды Іленің жағасында өткізеді; күш жинап, шешуші ұрысқа әзірленеді.

Келесі ит жылы тағы да тынымсыз, тепе-тең күрес үстінде өтеді. 1683 доңыз жылғы шайқастар тағы да Сайрам түбінде болады.

Ақыры, 1684 жылы жазда жоңғарлар Сайрамды басып алады. Қаланы қиратып, халқын қырып-жойып, Қазақ Ордасының ұйықты жұртын ойрандап, мың сан тұтқын, қисапсыз олжамен Жоңғарға оралады (М. Мағауин).]

Ғалдан-Бошықты-ханның Сайрам түбінде бөгелуінің өзіндік сыры бар-тын. Себебі, қазақтар бар күш-қуатын қамалы берік Сайрамға шоғырландырған еді. Ел тәуелсіздігіне қатер төнген осы тұста Тілеу батыр өзінің 17 мың сарбазымен Сайрам түбіне келіп жетті. ("Ақтөбе" газеті, 24.07.1996) Төрт жыл бойы тынымсыз соғысып, Сайрамды алғанымен жоңғар әскерінің де күш-қуаты кеміп, әлсіреді. Қайта қалпына келіп, тың күш-қуат жинау үшін кейін шегінді. Қазақ Ордасының астанасы Түркістанды басып алу кейінге қалдырылды. Қазақ халқы сол жылдары туып кетуі мүмкін бір "ақтабан шұбырындыдан" аман қалады.

Міне, әйгілі Сайрам соғысының қысқаша тарихы осындай.]

Енді ХҮІІ ғасырда өмір сүрген, 1681-1684 жылдары астанамыз Түркістанды ғана емес, күллі Қазақ Ордасын жаудан қорғаған, Сайрам соғысының батыры, Ақтөбе өңірінің перзенті Тілеу Айтұлының кім екендігіне тоқталайық. Біз көрген, өзінің жеті атасын ғана біліп қоймай, түп-түқияннан хабары бар көнекөз қариялардың айтуынша және ел ішіндегі жазба шежірелердің дерегінше Тілеудің ата-тегі төмендегідей: Бабатүкті Шашты Азиз — Құттықия — Едіге — Аббас — Ғаббас — Шәдіре — Мұса — Сидак, Орақ, Мамай — Мөку — Бөлек — Айт — Тілеу, Қабак.

Сонымен, Тілеудің арғы атасы — Едіге. Едіге болғанда — тарихи деректерде "Дешті Қыпшақ әміршісі", "Татария императоры", "Алтын Орда билеушісі", ал халық санасында "Ел қамын жеген ер Едіге" атанған ұлы бабаның ұрпағы. Қазақта "Едіге" дейтін көркемдік қуаты күшті, таңғажайып халықтың эпосы бар. Кезінде ол жырды Шоқан Уәлиханов,

П. М. Мелиоранский, В. М. Жирмунский зерттеген. 1905 жылы профессор П. М. Мелиоранский Санкт-Петербургтен жеке кітап етіп бастырған. (Халқымыздың біртуар перзенті академик-ғалым Қаныш Сәтбаев “Ер Едіге” жырының бір нұсқасына үлкен алғы сөз жазып, 1927 жылы Мәскеуде қазақша шығарған). [Қараныз: Е. Мағауин. Едіге. — Алматы, 1993]

Совет тарихшылары Ақсақ Темірдің Токтамысқа аттануына Едіге себепші болған дейді. Бұл орайдағы түркі жұртына жат көзқарастағы жылнамашы еңбегін тілге тиек етеді. Сөз жоқ, бұл теріс пікір. Едіге Темір ордасына саяси босқын ретінде ғана барған. Ақсақ Темірдің қалың қолы Алтын Ордаға жақындағанда Едіге екі нөкерін жіберіп хабар алған. Ордадағы хандық билік Шыңғыс ұрпағы Құттылыққа көшкенде Едіге жаңа ханның бас әміршісі болады. Темір-Құттылық таққа отырғанымен Алтын Орданың бас билігін 1410 жылға дейін Едіге ұстап тұрады, талай ханды өз қолымен алмастырады.

Халқымыздың көне тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі — 1399 жылы Ворскла өзені бойында болған шайқас. Хандық биліктен айрылған Токтамыс алдымен Қырымға, кейін Литва жеріне қашып құтылады. Мұнда оны Литваның ұлы князі Витовт жылы қабылдап, қолдайтындығын білдіреді. Алтын Ордадағы алауыздықты пайдаланып қалмақшы болған Витовт 1399 жылы Литва әскерін, Польша әскерін, батыс орыс князьдарының әскерін, Тевтон орденінің рыцарьларын бастап жорыққа шығады. Бұл ірі шайқаста Едіге бастаған Алтын Орда әскері толық жеңіске жетеді. Витовт әлемге даңқы жайылған, ержүрек, өркөкірек, жеңімпаз әскерінен түтелге жуық айырылып, өзі бас сауғалап, әрең аман құтылады. Литвандар мен орыстардың, ляхтар мен алмандардың көптеген атакты да даңқты княздері мен әскербасылары осы шайқаста қаза табады.

Шайқастың тарихи мәні өте зор болды. Біріншіден, бұл соғыс бүкіл түркі халықтарының келешегіне жол ашты. Жеңіске ұшыраған жағдайда түрік халықтарының болашағы бұлдыр болар еді. Екіншіден, бұл соғыс Европадағы тепе-теңдікті сақтап қалды. Жеңіске жеткен жағдайда Литва мемлекеті ерекше күшейіп, тарих ағымы басқа арнамен кетер еді. “Мұндай жеңісті Шыңғыс та, Бату да көрген емес”, — деп жазады Карамзин өз еңбегінде. Осыдан кейін Алтын Орданың жағдайы оңала бастады. 1405 жылы Едіге Ақсақ Темірдің өлімін пайдаланып, Сыр бойын қайырып алады, Хорезмді өзіне қаратады.

1408 жылы Мәскеуге жорық жасайды, бас игізіп, алым-салық жинап қайтады. (Е. Мағауин).

Міне, Тілеудің арғы атасы Едіге хақында аз-кем мәлімет осындай.

Тілеудің бергі атасы — Ноғай Ордасының билеушісі Мұса. Мұса мен Жаңбыршы бірге туған. ХҮ ғасырда Алтын Орда ыдырап, жеті хандыққа бөлінгенде Мұса — Ноғай Ордасын, Жаңбыршы — Астрахань хандығын билеген. Бұл да тарихта айқын жазылған ақиқат. Мұсадан: Сейдақ, Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Сейдақтан Мәку (Қалу), одан Бөлек, одан Айт пен Бұжыр, Айттан Тілеу мен Қабақ туған. Сарышолақ шайыр шығарған атакты “Тілеу-Қабақ” әні осы кісілерге арналған. Жаңбыршыұлы Телағыс та хан болған. “Телағыс” дейтін эпостық жыр да бар. Ал әйгілі “Орақ-Мамай” жыры баршаға мәлім. Міне, Тілеудің арғы аталары туралы осындай мәлімет бар. Ал Тілеу мен Қабақтың бергі ұрпақтары — Қалдыбай хан, Әзберген хан, мың жылдығын болжаған Мөңке би, Сары Шонай, Қаражігіт, Мырзагүл билер мен Сарышолақ шайыр, Бақтыбай, Көтібар, Есет, Қарагүл, Ерназар, Бекет батырлар.

Мұса әулеті Бұжырдар — ХХ ғасырда қазақ мәдениеті мен өнеріне, ғылымына зор үлес қосқан Жұбановтар тараған.

Қайдан шыққанын, ата-тегін, тарихын бес саусағындай білетін Тілеудің төменшік болуға хұқы жоқ еді. Бай болғаны, бағлан болғаны өз алдына. Ол — ел билеген атакты би, ойшыл дана да еді. Өз заманының озық саясаткері еді. Сол заманның әйгілі жырауының:

—Үш Ана Күлтөбеде жиналғанда  
Сөз тапқан атам Тілеу ойланбай-ақ, —

деп шалқитыны содан.

XIX ғасырда ғұмыр кешкен, өмірі ат үстінде, арпалыспен, өксікпен өткен Сарышолақ шайырдың :

Атамыз Қара Тілеу— бидің соңы,  
Сүлфәзі, Қосым қожа — пірдің соңы.  
Сөзімнің жоқ қатасы,  
Қабыл болған батасы,  
Күлтөбеде сөз алған,  
Тілеу — елдің атасы”, —

дейтіні де содан.

1680 жылы қазақтың жақсы мен жайсандары Салқам Жәңгірдің бел баласы Әз-Тәукені хан сайлағанда Тілеу де қатысқан. Сөз алған. Бұл оқиға хақында әлгі ескі заман жырауы: “Әз-Тәукені — хан сайлап, Сүлфәзіні — пір сайлап”, — дейді.)

Тәукенің таққа отырғанына бір жыл толғанда, яғни 1681—

тауық жылы қалмақтың даңқты ханы Ғалдан-Бошықты қазақ жеріне басып кіреді. Жетісу өңірін жаулап алады. Тәуке оған тегеурінді қарсылық көрсете алмайды, себебі қалмақтар соғыс өсерінде ілгері кетіп, от қару — мылтықпен қаруланған еді. Салқам Жәңгір Ордабасыда жасын күркіреткен қырғыннан Дүрбін-Ойрат жақсы сабақ алған-ды.

Жоғарыда айттық, Ғалдан-Бошықты жолдағының бәрін жапырып Шудан, Таластан асып Арысқа жетті деп. Одан қазақтың қалың ортасына кіреді. Сайрам қаласына келіп маңдай тірейді. Бұдан әрі ол Қазақ Ордасының астанасы іргедегі Түркістанды алуды көздейді. Сөйтіп, бүкіл қазақ халқының тағдырына зор қауіп төнеді.

[Көреген саясаткер, ақылы мен батырлығы тең қолбасшы, атадан асыл туған Тілеу, келе жатқан қара түнектің ақыры немен тынарын болжап, 17 мың сарбаз жасақтап, інісі Қалдыбайды, өз кіндігінен шыққан ұлы Жолдыаяқты ертіп, астанамыз Түркістанға аттанады. Түркістанда отырған ханымыз Әз-Тәукенің алдынан өткен соң, Ойрат соғысына келіп кіреді. Ол заманда 17 мың сарбаз — үлкен күш еді, тыңнан қосылға мол қол қазақ жауынгерлерінің рухын көтерді. Сайрам түбінде үш жылға созылған текетірес соғыста шебер қолбасы Тілеудің абыройы артып, атақ-даңқы жауына үрей тудырады. Дүрбін-Ойрат—Қара Тілеуден көп зәбір шегіп, маңдайлары тасқа тіреледі. Мықты деген талай батырлары осы жерде көз жұмды. Бірақ қалмақтар саны жағынан көп және қарулары сай еді. Сондықтан осындай теңсіз жойқын ұрыста Тілеу батырдың қасиетті қаны ат жалынан асып, қара жерге төгілді. Мұны естіген Қалдыбай мен Жолдыаяқ ұрыс салып, қатар ұмтылады. Олар жолындағыны ығыстырып жетемін дегенше батырдың денесін қалмақтар қоршап, шеп құрады. Шежірелердің айтуынша, әулие атамыз елден шыққанда інісі Қалдыбайды оңашалап: “Мен осы сапардан қайтпаспын, сақ боларсың, өз қолыңнан қоярсың”, — деп өсиет еткен екен дейді. Аға алдындағы борышына адал Қалдыбай басын бәйгеге тігіп, топқа түседі. Бірге ұмтылған Жолдыаяққа: “Ту сыртымнан ешкімді жіберме”, — дейді. Қарымы қатты Қалдыбай алмас қылышпен (қылышының өткірлігі соншалықты — “ауада қалықтап келіп түскен шәйі орамалды турап түседі екен” деседі) алдындағы жауды жапырып отырады да, Жолдыаяқ та ту сыртынан дұшпанды маңайлатпайды. Жан беріп — жан алысқан айкаста ағайынды қос батыр жаудың қолынан Тілеудің сүйегін алып шығады. Бөрте жорғаның үстіндегі Қалдыбай ағасының денесін алдына өңгеріп кейін шегінеді. Қалдыбайдың қолы байланғанын көрген қалмақтар тез ес жиып, қайта қоршайды. Қалдыбай

қолы бос емес, әрі атта екі кісі, ендігі ауыртпалық Жолдыаяққа түседі. Сонда, сабына қорғасын құйған, өзінен басқа ешкім көтере алмайтын көк найзаны ұршықша үйіріп, жай оғындай жалтылдатқан Жолдыаяқ оңынан келгенді оң шаншып, сол келгенін сол шаншып, қоршауды бұзып, әлденеше рет жараланғанына қарамай әкесінің сүйегін алып шығады. Қазақ сарбаздары Жолдыаяқтың жанкешті ерлігіне қайран қалады. Бірақ есіл ер ауыр жарақаттың салдарынан көп ұзамай-ақ қыруластарының ортасында фәниден бақиға аттанады. Шәйіт болады. Тілеу ірі денелі кісі екен. Қалдыбай да олқы болмаса керек, жиналғандар “сұңқардың сүйегін тұлпар көтереді деген осы екен-ау” деп Бөрте жорғаға да танданыпты.

Бұл 1684 жылдың жазы еді. Осылай асыл текті Тілеу бабамыз халқының болашағы жолында қан майданда мерт болады. Жаумен жағаласып жатқан қалың қол кеңесе келе өздерінің дана қолбасшысымен оның жау жүрек ұлын Тәуекел хан, Салқам Жәңгір жатқан қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерлеуді ұйғарады. Сонда қос батырдың сүйектерін Қалдыбай кара нарына теңдегенде Жолдыаяқ жағы басып кете беріп, қапқа құм салып теңестіріпті дейді.

Бүгінгі күннің тұрғысынан қарасақ, Тілеу бабамыз босқа қан төкпейті. Тәңірінің назарынан тыс қалмапты: ұрпағы өсіп-өніп, оның аты рулы елге айналды. Тілеу дейтін елді, руды бүгінде күллі Қазақстан біледі. Руынан батыр да, ғалым да, жалпы елге танымал талай азаматтар шыққан.

Бұдан үш жүз жылдан астам уақыт бұрын елін қорғаған ерлерді ұмытпай, есімдерін Қожа Ахмет Иассауи мазарындағы мәрмәр тақтаға жазып, қаласынан көше аттарын беріп жатқан түркістандық бауырларға мың да бір рахмет! Қасиетті Түркістан қаласы барлық қазақ баласының ұйытқылы Ордасына айналғай!

*18 тамыз, 2000ж.  
Түркістан қаласы*

## БАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

Құрметті бауырлар! Сіздердің келетіндеріңізді естіп, қуанышпен қарсы алып жатырмыз.

Мен өзім химия ғылымының маманы болсам да, тарихты бөтен санамаймын. Өйткені әр адам өзінің халқының өткен жолын, елінің тарихын білуі тиіс. Инженер Мұхамеджан Тынышбаевтан бастап ғылымның өзге салаларының өкілдері тарихқа елеулі үлес қосқан.

Тарихта ұлттың болашағын шешетін сәттері болады. Соның ең бір қажетті, ерекше бір орын алатын шешуші кезеңдерінде Тілеу бабамыздың ерлік ісі мен қызметі ерен болған. Осы уақытқа дейін тарихшыларымыздың неге Тілеу бабамызды көтермей жүргенін, Тілеу бабамыздың тарихтан өз орнын осы уақытқа дейін неге ала алмай жүргенін білмеймін.

Қазақтың ең бірінші батыры кім дегенімізде осы Тілеу бабамызды айтуымыз керек.

Ал егер жау Түркістанды алса, Сайрамды алса, не қалар еді қазақта? Қазақ Сырдан асып, Иранға — парсы еліне сіңіп кетер ме еді? Қазақтың жеке дара хандық құрып, халық болып отыруына, ерліктің, елдіктің туы көкке көтеріліп, жеңіске жетуіне, ұрпақтардың бүтінгі күнге аман жетуіне атамыздың қосқан жанкешті ерлігі орасан.

Тағы бір шешуші кезеңде, “ ақтабан шұбырынды ” тұсында, ел басына күн туғанда, Әбілхайыр шығып қазақты біріктірді.

Ендігі мәселе — Тілеу атамыз туралы мәлеметтерді жинап, осы университетіміздің студенттеріне насихат ету. Еліңді сүйсең осы Тілеу батыр сияқты сүй. Өйткені, ол — баласын да майданға салып, өзі де қасап қырғынға бас боп кіріп, қазақтың болашағын, қазақтың келешегін сақтап қалғандардың бірі. Сондықтан жастарды тәрбилеуде өнеге ретінде кең орын алатын бір тұлға — осы Тілеу атамыз деп есептеймін.

Тарихшыларымыздың назарын аударайын. Осында Қалаш деген қала болған, мына Арыстың қасында, кішкентай ғана темір жол бекеті. Ол кезінде Тәшкеннен де, Сайрамнан да



биік қала болған. Сол Қалаштың қасында Тілеу деген ауыл бар. Соны зерттеу керек. Оның қайдан шыққанын әлі ешкім білмейді. Бабамыз осында жерленгеннен кейін Тілеу ұрпақтарының біреуі қалып қоюы мүмкін. Мұны да зерттеу керек. Жалпы бабамыздың атын шығарып, рухын көтеру — біздің міндетіміз. Бізді бабамыз жан-тәнімен қорғады, ал біздің парызымыз — бұл кісіге тарихымыздан өзінің орнын беру.

Түркістан — қазақтың рухани астанасы. Біздің батыр бабаларымыз жатыр.

Құрметті ағайын! Ақтөбе жері — батырлар елі. Қазақтың болашағын жан аямай сақтап қалған ел, қасиетті ел.

Сіздердің осы келгендеріңіз айтып жүретін мәселе. Қай жерден, қай елден келіп жатыр, мысалы, сіздерге ұқсап. Мысалы осы Түркістанда бабасы жерленбеген қазақ жоқ. Сіздердің осы істеріңізді уағыздап жүретін боламыз. Егер қазақтың барлығы сіздер сияқты ауыздары бір болса, шешілмейтін мәселе жоқ. Сіздерге үлкен рахмет!

*18. 08. 2000 жыл*

## ӨНЕГЕ БОЛАР ӨРЕЛІ ІС

Киелі Түркістанның 1500 жылдық мерекесі күн сайын жақындап келеді. Ресми түрде белгілеп отырған түрлі шараларымыз бар, бірақ халықтың ерекше бір пейілінде, көңілінде шек жоқ екен.

Біз бұрын той сценариіне кіргізбеген, халықтан осындай бір ынта-ықылас боларын білмеген, жақсы бір шаралар басталып жатыр. Географиялық жағынан алыста жатқан, бірақ жүрегі жағынан тым жақын Ақтөбе облысындағы тамаша азаматтар тарихты тағы бір парактай келіп, ыждаһаттылықпен зерттей келіп, үлкен бабаларымыздың, қол бастаған батырларымыздың, көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, осында келіп қасиетті Түркістанды үлкен соғыстарда жаудан азат еткенін, алдынан қалқан болып тұрғанын мәлім етті.

Тарихымыздың көп беттері ақтандақ болғандықтан білмей жатқандарымызға кешіріммен қарайтындығымыз түсінікті. Бірақ осының бәрін білікті бауырларымыз алдымызға жайып салғанда, оған бас иіп, “бәрекелді, рахмет!” деп, рухтана түсуіміз заңды құбылыс. Міне, ақтөбелік ағайындарымыз көп уақыттан бері зерделей зерттеп, аталарымыздың осында жатқандығын, олардың ерлік, қайраткерлік істері Түркістанмен байланыста болғандығын, сабақтас екендігін дәлелдеп берді.

Кеше осында Ақтөбенің азаматтары зиялылықпен, елдіктің ең бір шыңын паш етіп, бірауыздылықты, мықтылықты көрсетіп, 150-ден астам арнайы көлікпен келді. Осында 1681-1684 жылдардағы Сайрам соғысы деген атпен қазақ тарихына кірген шайқастарда ерлікпен қаза тапқан әкелі-балалы Шекті Тілеу мен Жолдыаяқ аталарымыздың рухына арналған ғылыми мәжіліс (конференция) өткіздік. Онда ғалымдарымыз, тарихтан хабардар кісілер гибратты әңгімелер айтты. Жап-жас балаларымыз жүр осында, оқалы камзол киген апаларымыз жүр. Бұның барлығы шын мәнінде Түркістанның ұлы қала екендігін, тарихымыздың барлығы дәл осыған келіп тоғысып жатқандығын көрсеткендей.

19.08.2000 жыл

## БАРШАҒА ОРТАҚ БАТЫР

Біз қашанда ата-баба рухын қастерлеген, әруаққа сыйынған халықпыз. Міне, бүгін саналы ұрпақтарының ізгілікті жұмыстарының нәтижесінде Тілеу, Жолдаяқ аталарымыздың есімі жаңғыруда. Мен бауырларыма ризамын! Әсіресе, мұндай игі іске қолдау көрсетіп, көмек көрсеткен, Тілеу атамыздың суретін салдырған облыс әкімі Аслан Мусинге алғысымыз шексіз. Түркілердің киелі қаласы Түркістан жұртшылығына, осы қаланың әкімшілігіне көп-көп рахметімді айтамын. Түркістандық азаматтар Тілеу, Жолдаяқ бабаларымыздың еліміздің болашағына сіңірген ерен еңбектерін бағалап, Түркістанның төрінен көше берді. Мұның өзі жастарға, келешек ұрпаққа тәрбиелік маңызы зор оқиға болмақ. Батыр бабаларымыз өткен жол, олардың ерлік істері — бүгінгі және келешек ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Халықаралық Қазақ-түрік университетінің вице-президенті Өскенбай Мәдиев мырза да биылғы оқу жылы Тілеу, Жолдаяқ батырлар туралы сабақпен басталатынын айтып қуантты. “Бабаларымыздың сонау алыс замандағы біліктілігі, ұйымшылдығы, соншама алыс жерден қол жинап келіп, қан майданға кіруі қазіргі жастар үшін бірлік жолындағы үлкен тәрбие”, — деді.

Құдайға шүкір, шаң басып қалған көне тарихымызды аршып алып жатырмыз. Осының өзі егемен ел екендігіміздің белгісі. Міне, Тілеу атамыздың рухымен қауышып жатырмыз. Бұл жиын Тілеудің, тек Әлім-Шектінің ғана емес, барлық қазақ халқының батыры екенін көрсетіп отыр.

Ал енді аз ғана уақыттан кейін екінші Меккеміз — Түркістанның 1500 жылдық мерекесін бүкіл түркі дүниесі тойлағалы отыр. Бұған дейін ерлігі белгісіздеу болып келген Тілеу бабамыздың есімі осындай ұлы тойдың алдында жаңғыруының өзі аруақтың тегін еместігін көрсетсе керек.

Қала әкімшілігі, қала әкімі Өмірзақ Әметұлы: “бабаларымыздың рухын асқақтатуда көп жұмыстар атқарылар, соның бір парасы ретінде аталарымыздың атына Түркістанда көше болса”, — деген шешімге келді. Сонымен бұрынғы Ынтымақ көшесі осы бір салтанаттан кейін Шекті Тілеу-Жолдаяқ бабаларымыздың атындағы көше болады.

Осы бір салтанатқа келген қадамдарыңыз құтты болсын!

*19.08.2000 жыл*

## АСЫЛДАН АСЫЛ ТУАДЫ

Ежелгі астанамыз Түркістандағы батыр бабамызға арналған күндер мені ерекше қуанышқа бөлеп, мерейімді өсірді.

Елім деп еңіреп өткен, парасаты биік, мерейімді өсірді. Еке жеке басынан ұлт мұратын биік тұтқан, заманында атағы алты Алашқа әйгілі болған, арыстан туған атаның ұрпағы екенімді бүкіл болмысыммен сезінгеніме айдыным асып, мерейім тасып шыға келді. Жан-жағыма көз тастағанымда залда отырған, Астанадан, Алматыдан ат арытып келген зиялы азаматтардың шаттыққа толы жүздерінен де осы сезімді анық аңғардым.

Кеңес үкіметі енді бір 20-30 жыл тұрғанда өз атамызды өзіміз танудан қалады екенбіз. Тәубә, не болғанда да тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге шүкір... Қазак-түрік университетінде өткен ғылыми конференция, академик Мұрат Жұрыновтың салмақты да салиқалы, жүрекжарды сөзі санамда өле-өлгенше өшпестей болып таңбаланды.

Мен жасы біразға келген, жұмыс ыңғайына орай үнемі сапарда жүріп, соның себебімен неше түрлі жерді, қаншама елді көрген адаммын. Жазмышқа байланысты нешеме қиындықты ғана емес, қуанышты да бастан өткердік. Алайда мынадай қуаныш — пенденің басында аса сирек ұшырасатын ғажайып нәрсе. Сөзбен жеткізу қиын.

Халқы үшін зор қайрат қылған, 17 мың қолды бастап 4 жыл бойы қайтпай ұрыс салған, ақылмен іс қылып, елінің азаттығын сақтап қалған, осы жолда шыбын жанын пида еткен Тілеу атамды Алла Тағаланың өзі жарылқаған. Оған өсіп-өрбіген ұрпақ беріп, атын руға шығарған. Түсінген кісіге осындай аруақты адамның ұрпағы болудың өзі үлкен мақтаныш.

Тілеудің бес баласының бірі - әйгілі Мөңке би. Асылдан асыл туады. Мөңкенің толғаулары мен биліктері архивтерде (Республикалық орталық ғылыми кітапхана: №1067; №1281 бумалар) сақталған. Мөңкеге ғұлама Ахмет Байтұрсынов (қараңыз: "Сауат ашқыш", 1926), әйгілі Әбіш Кекілбаев (қараңыз: "Елең-алаң", 1984), жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза (қараңыз: "Егемен Қазақстан" газеті, 30.05.2000) назар аударды. Ғылым докторлары, профессорлар Т. Көкішевтің, Н. Төреқұловтың, С. Негимовтың, М. Тілеу-

жановтың, С. Толыбековтың кітаптарында Мөңке айтқан билік сөздерге ойып орын берілген. Ел ішінде аңыз-өңгімелер қаншама!

Мөңкенің даналығына барша жұрт қайран қалған.

Мен сол Мөңке әулиенің тікелей ұрпағымын. Ойладым: “Кейінгі жас буынға, ең болмағанда Тілеуден тараған балаларыма Тілеу мен Мөңкенің қадір-қасиетін жеткізер жол тапсам, санасына сіңірsem – елін, жерін сүйетін отаншыл, рухы жоғары, еңсесі биік, дұшпанына есе бермес өр кеуде, халқына пайдалы ұрпақ тәрбиелеуге септігім тиер еді”, - деп.

Бұл – көкіректе қордаланған ұлы арман. Асыл мұраттың жүзеге асырудың басы болсын деп, осы кітапқа демеушілік жасадым.

Әуелі Алла, сосын заманынан озық туған Аталарымның аруағы қолдағай!

*18. 08. 2000 жыл,  
Түркістан қаласы*

*Қаныбек САРЫБАЕВ*

## **ШЕКТІНІҢ ШЕКСІЗ ОЙЛЫ ПАЙҒАМБАРЫ**

Түркістан — баба қала бәрімізге,  
Емдейтін санамызды дәріміз де.  
Тұратын ағайынның басын қосып,  
Орталық саналады әлі бізге.

Ақиық Ақтөбенің шектілері  
Түркістан — астанамыз деп біледі.  
Сыйға-сый, сыраға бал әдетеміз,  
Ақ ниет, ақ жарылқап кетті мені!

Қазаққа қалқан болған Тілеу-Қабак —  
Үш жүздің тарихында біреу ғана-ақ!  
Тәукені Түркістанда Хан көтерген,  
Құлпыртып табанында кілем қабат.

Айқаста айрықтанып Сайрамдағы,  
Адамның сұңқарына айналғаны.  
Қасына Иассауидің жайғасыпты  
Шектінің шексіз ойлы пайғамбары!

Біршоғыр, Ұлы Борсық, Сағыз-Жемнен,  
Толқынған Түркістанға нағыз керуен.  
Жұмылған жұдырықтай қазақтарым,  
Қусырып қуып шыққан жауызды елден!

Елім деп елу төрт-ақ жасын қиып,  
Күшыпты асыл Тілеу асыл-күйік...  
Тәу етіп Түркістанға келгендерге  
Мендағы тағзым етем басымды иіп!

*18. 08. 2000 жыл,  
Түркістан қаласы*

“ТІЛЕУ-ҚАБАҚ” — САРЫШОЛАҚТЫҢ ӘНІ

Үш жүздің аға ханы, даңқты қолбасшы, сайыпқыран Әбілқайыр баһадүрдің қабырғалы билерінің бірі болған, қазақ қоғамының ірі қайраткері, дала философы Мөңкенің әкесі — Тілеу еді. Тілеу мен Қабақ тарихта болған адамдар. Атақты “Тілеу-Қабақ” әні осы кісілерге, бұлардан тараған рулы елге қатысты туған. Тілеу мен Қабақ ағайынды. Ағалы-інілі. Атасы бір, анасы бір. Бұл жөнінде әдебиетші ғалым Жұбаназар Асанов мынадай дерек береді: “Тілеудің бергі атасы — Ноғай ордасының билеушісі Мұса. Мұса мен Жаңбыршы бір туған. ХҮ ғасырда Алтын Орда ыдырап, жеті хандыққа бөлінгенде Мұса — Ноғай Ордасын, Жаңбыршы — Астрахань хандығын билеген. Бұл да тарихта аққа қарамен таңбаланған. Мұсадан Сидак, Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Сидактан Мәуке, одан Бөлек, одан Айт пен Бұжыр, Айттан Тілеу мен Қабақ туған...

Тілеу мен Қабақтың бергі ұрпақтары — Қалдыбай хан, Әзберген хан, мыңжылдығын болжаған Мөңке әулие, Сарышонай, Қаражігіт, Мырзағұл билер мен Сарышолақ шайыр, Бақтыбай, Көтібар, Есет, Қарағұл, Ерназар, Бекет батырлар.

Мұса әулеті Бұжырдан — ХХ ғасырда қазақ мәдениеті мен ғылымының бір бұрышын (төрт бұрышты десек) тіреген Жұбановтар тараған”, - дейді. (Асанов Ж. Тілеу. // “Ақтөбе”. 11.08.2000 жыл). Демек, Тілеу мен Қабақтың арғы тегі — Ер Едіге. Кәуірді уысында жиырма жыл ұстаған — Ер Едіге!

Тілеуден Қабақ үлкен. Жас жағынан. Бірақ Тілеу есімінің бірінші аталуында мынадай мән бар: ол — Әз Тәуке ханмен тұстас өмір сүрген, әрі оның даңқты билерінің, батырларының бірі болған. Бұны белгілі ақын Сарышолақтың: “Атамыз Қара Тілеу бидің соңы, — Сұлфазы Қосым Қожа пірдің соңы”, — деген өлең тармақтары бекіте түседі. 1681 жылы қалмақтың ханы Ғалдан-Бошықтының қазақ жеріне жасаған қанқұйлы жорығына қарсы Кіші жүз Алшын елінен 17 мың сарбаз жасақтап, өзі бас боп, қасына Қабақтан туған немере інісі Қалдыбайды алып, қасап майданға кіреді. Соғыстың аты — соғыс. Өзек өртер қамырықты өкініші мол. 1864 жылдың жазында Сайрамдағы кезекті жан алып, жан беріскен бір

қырғында Тілеу батыр, оның баласы Жолдыаяқ басқа да асыл ерлер түгелімен шейіт болады. Әйтсе де саны көп, қарулары сай тегеурінді жаудың тұмсығын тасқа соқтырып, күшін қатты өлсіретіп жіберген еді. Санада ұстар жәйт, ақиқат жағдаят, “Ақтабан шұбырынды” оқиғасын 39 жылға, 1723 жылға дейін шегеріп кеткен-ді. (М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. — Алматы: “Қазақстан”, 1995, 76-77 беттер)

Бабаларымыздың бүгіндері біз жылы лепеспен еске алар ұлы істерінің бірі бұл. Тілеу баһадүр туралы деректерді Түркістан қаласынан шығатын “Түркістан” апталық газетінің 2000 жылғы тамыздың 18-дегі №34 (8296) санында жарияланған Қанатбай Елеусізұлының “Сайрам соғысының батырлары” және жоғарыда біз куәлікке тартқан Жұбаназар Асановтың зерттеу мақалаларынан т.б. алуға болады.

Тілеу мен оның баласы Жолдыаяқ Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің іргесіне жерленген. Есімдері ондағы тақтаға алтын өріптермен таңбаланды. Мұсылман жұрты үшін кіші Мекке саналатын қасиетті Түркістан шәріінде әкелі-балалы Тілеу-Жолдыаяқ және Қалдыбай батырлардың есімдерінде көшелер бар.

Біздің әңгімеміз — сол Тілеудің Жалтумасынан тараған Бестоқал Сарышолақ шығармасындағы көленкелі тұсы болмақ.

Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ұлы әнші, композитор, педагог, этнограф Фарифолла Құрманғалиев Сарышолақ сал мұраларының бірден-бір жанашыры болып еді. Шайырдың “Тілеу-Қабак” әні иісі қазаққа Фарифолла Құрманғалиевтың орындауында тарады. Аталған бұл туындыны ақиық әнші тіпті шет елдердің төрінде шырқады, күйтабақтарға, мемлекеттік теле-радио қорына жаздырып қалдырды. “Тілеу-Қабак” әнінің, ол жөнінде мағлұматтардың сақталуы — Сарышолақ салдың әншілік, композиторлық қырын растайтын бірден-бір куәлік болып отыр бізге.

Шайырдың өнердегі даралық қасиеті — ақындығымен ғана емес, әнші-композиторлығымен де ерекшеленеді. Оның ондай сегіз қырлы бір сырлы боп өсуі әрине, тәрбие көрген ортасына байланысты екені даусыз. Сарышолақ өмір сүрген кезеңде де айтулы әншілер, жыраулар өмір кешкен. Бұл сөзімізге сол кездегі өз тұстастары — Пұсырман ақын, Ақпан ақын, әнші-композитор өрі ақын Сары Батақұлы және тағы басқалары дәлел. Бәрін тізіп көрсету міндет емес, олардың бір-екеуін атасақ та жеткілікті.

Енді осы ақын-жыраулар турасында қысқаша мәліметтер беріп өтсек дейміз, айтпақ ойымызды айғақтай түсу үшін, әңгіме желісі айқын болу үшін.



Руы — Тілеу, оның ішінде Қызай — Тәңірбергеннен тарайтын атақты Батақұлы Сары Сарышолақтың тұстасы еді, дедік. Сары — әйдік әнші болған. Бұған академик Ахмет Жұбанов мынадай куәлік береді: “Сарының әнін біздің туған шешеміз (1962 жылы 93 жасында қайтыс болды) Бибішынар Ұлықұмда 13-14 жастар кезінде естіген. “Ертеңгі уақыт. Қыз-келіншек жиналып, жаңа көшіп келген Шолқияқ деген жерде үй тігіп жатқанымызда ауылдың үлкендері: “Шуламандар түге, жабындар ауыздарыңды!” — деп айқайлағанына әңгімені тоқтата салғанымызда, алыстан сынғырлап салған ән естілді. — Мынау кетіп бара жатқан Батақтың Сарысы. Ой, шіркіннің, дауысы-ай! — деп ауыл адамдары барлық жұмыстарын қойып, біраз уақыт аңырып ән тыңдады” дейтін” (Жұбанов. Замана бүлбұлдары. — Алматы: Жазушы, 1975, 241-бет)

Фарифолла Құрманғалиев Батақұлы Сары шығармаларының да бірден-бір орындаушысы болып еді. Ол күйтабаққа жаздырған “Сарының әні” деп аталатын туындының мәтіндері мынадай:

1. Баласы мен Батақтың атым — Сары,  
Дей-тұғын Сары, Сары жұрттың бәрі.  
Қас дұшпан айтқанымә көнбейсің деп,  
Жармола түрмесіне тұтқындады.
2. Баласы мен Батақтың атым — Батыр,  
Қамауда қараңғы үйде бұ да жатыр.  
“Баспақшыл басқа түссе” деген бар ғой,  
Төсек қып қара жерді жаттық ақыр.
3. Баласы мен Батақтың тұтқындағы,  
Көмекей көрінбейді жұтқындағы.  
Би-болыс арыз салып жата берші,  
Мен бірдей қызыл түлкі бытқылдағы.

(Казахские песни. ГОСТ 5289-68 Д-27253, “Мелодия” всесоюзная фирма грампластинок Ташкентский завод им. М.Т. Ташмухамедова)

Алматы шәріндегі “Жазушы” баспасынан 1985 жылы шыққан “Бес ғасыр жырлайды” деген жұртышылыққа белгілі еңбекте (103-110-беттер) жарияланған Сарының өлеңдері мен Фарифолланың күйтабаққа жаздырған ән-мәтіндеріндегі кейбір тармақтар бір-бірінен сәл өзгешелеу.

Тарихта Шекті руы қазақтарының отаршылдық езгіге қарсы көтерілісі 1847-1858 жылдары өткені белгілі, тарих парақтарында бұл бүй деп түзіліпті: “...Шекті көтерілісіне де себеп болған патша әкімшілігі енгізген алым-салық, қысымшылық, міндеттері ауыр жұмыстар болды”. (Қазақ ССР

тарихы — Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957, 367-бет)  
Міне, осы бас көтеруді басқарған даңқты батыр — Есет  
Көтібарұлы еді. Алайда, мұздай күрсаңған Ресейдің жаулаушы  
армиясы аяусыз басып-жаныпты. Отаршылдардың қазақтарға  
жасаған жауыздықтарын А.И Герцен шығаратын “Колокол”  
журналы, немістің “Аусбург газеті” ашына жазған. (Жұбаназар  
А. Әзберген Мұңайтпасұлы. — “Ақтөбе”, 2005, 17-бет)

Бұндағы айтпағымыз — Ғарифолла Құрманғалиевтың жеке  
архивінен Ақпан ақын толғауының табылуы. Ақпан Есет  
батырдың жасағында болған. Руы — Шектінің Жанкылышы,  
оның Есенгелді аталығы. Қолдағы деректерге сүйенсек, ол —  
сол кезде жиырмалардағы балаң жігіт екен. Ақпан былай деп  
Есетті марапаттапты:

...Қарт бурадай қаһарлы,  
Патшаға қазақ бағынбас,  
Ер Есеттің діні азбай.  
Ер Есет елдің басы еді,  
Арыстандай азулы,  
Аруағы жұрттан озулы...

Ақын сонау барақат кешкен ел-жұртының қызығы мол  
дәуренін сағына аңсай толғап, енді сол заманның көзден бір  
— бір ұшқанын, арманға айналғанын айтады. Мұңын, зарын  
көркем тілмен шебер жеткізген.

Асқаралы тау, ағын су,  
Самалды тоғай, салқын ну.  
Ойласам естен кетпейді,  
Қоныс деген құрғырың.  
Біздер кеттік қоныстан,  
Шығарған соң сұм патша,  
Қырық мың әскер орыстан.  
Біз жыламай қайтеміз,  
Көрмеген жер — көрстан.  
Көрстан демей не дейін,  
Бесқалаға келген соң,  
Кетпен шауып, бел теуіп,  
Кетпейді балаң жұмыстан.  
Сарсыла көшер арқа жоқ,  
Салқындап қонар өлке жоқ,  
Кең қоныстан ауған соң,  
Айырылғаның ырыстан...

Толғау ғылыми-әдеби теориялық тұрғыдан талданды,

кітапқа енді. Қазақ поэзиясы тарихындағы ақын-жыраулар қатарына Ақпан Әйтбекұлы (1837-1874) есімі де орнықты. (Асанов Ж. Шекті Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым. — Астана: Елорда, 2001, 48-67 беттер)

Сөзіміздің түйіні, кейіннен Сарышолаққа үлгі болған Ақпан жырау шығармаларына Ғарифолла көңіл аударып зерттеген.

Атақты Бұқар жырау:

Айтар болсаң, Алланы айт,  
Таңертең азан шақырған  
Дауысы сұлу молланы айт, —

демейтін бе еді бір толғауында. (Бес ғасыр жырлайды. — Алматы: Жазушы, 1-том, 84-116 бет)

Имандылықтың жадау тартпаған, діннің бұзылмаған баракат дәуірінде мешіт азаншысының үні әдемі болуын дін басылары қатты ескерген. Бұндағы айтпағымыз — атақты Пұсырман ақын да мешітте азаншы қызметін атқарған. Оның әншілік өнерінің қаншалықты дәрежеде болғанын осыдан-ақ пайымдай аламыз. Осындай қаймағы бұзылмаған дәстүрі бар, мықты әнші тұтастары болған Сарышолақтың сұлу дауысты екені күмәнсіз. Пұсырман есімі А. Жұбановтың “Замана бұлбұлдары” атты белгілі еңбегінде әлденеше рет аталады.

Сексенінші жылдары Республикалық эстрада-цирк өнері студиясында Ғарифолла Құрманғалиевтан дәріс алдық. Професионал әншіліктің қыр-сырына баулыған шоң ұстаз әр әннің тарихын баяндайтын. Түсіндіретін. Қайсыбір мәтіндердің заман ыңғайына қарай жаңартылғанын, өзгертілгенін айтатын. “Тілеу-Қабак” Сарышолақтың өні ғой” — дейтін. “Сарышолақты атауға болмайды, сөздерін түгел өзгертіп ем, өлеңде ру, құдай деген сөздер бар еді”, — дейтін. Терең құлақ аса қоймаппыз. Тәптіштеп сұрамаппыз. Кейін Сарышолақтың кім екенін білгенде...бармақ тістедік.

Осы арада пікіріміз түсінікті бола түсу үшін Сарышолақ жөнінде бір-екі-ауыз дерек бере кетейік. Сарышолақ Боранбайұлы 1858 жылы қазіргі Ақтөбе облысында көшпенді отбасында дүниеге келген. Жастайынан мұсылманша сауат ашады. Ағасы Көпжасардың қамқорында болады. Өнер жолына түсуіне ықпал еткен ортасы туралы жоғарыда аз-маз айтып өттік.

Орыс отаршылдарының зәбір-жапасынан көкірегі шеменге толып ер жеткен Сарышолақ озбыр саясатқа қарсылығын жасыра алмады. Мүмкін де емес еді:

Қалмақтан қиын болды да,  
Орыстың салған ойраны.  
Біз секілді сорлыға,  
Батып жүр қылған сайраны... —

дейді ол.

(“Артық туған асыл көп, айтар ойы киелі...” // Ақтөбе.  
17.09.1999 жыл)

Немесе:

Орынборға аттанам,  
Қайнаған кекті улы өшпен.  
Қару сайлап бапттанам,  
Оязға қарсы күреске,—

деп күркіреген ақынның бұл іс-әрекетін Ресей империясы тұрыпты ғой, оның кейінгі жаңа сипаттағы дүлей мұрагері — совет үкіметі кешіре де, ұмыта да алмапты. Есімін қараңғы қапаста ұстады. Тек өндері ғана Ғарифолла сынды тұлғалар арқылы біздерге жетті. Әрине, есімін де білдік. Бірақ, қуғын-сүргінді көрген, жүрегі шайлыққан ұстаз, рухани әкем Ғарифолланың оны сыбырлап айтуға ғана шамасы келіп еді...

Алайда, Совет тарапынан қанша тыю салынса да шайырдың рухқа толы отты сөздерін, ғибрат өлеңдерін туған жұрты жадында сақтап келді. Жыр дүлдүлі әйгілі эпик Нүрпейіс Байғанин өзінің “Ақын” атты поэмасында оның көркем бейнесін жасады. (Байғанин Н. Нарқыз. — Алматы: Жазушы, 1974, 189-208 беттер.) Бұл жайлы : “... Дастанды 1939 жылы бүкілодақтық лениншіл жастар Одағының ХХ жылдық мерекесіне арнап шығарған. Дастанды Нүрпейістің айтуынан Мәмле Жаңабаев жазып алған. Нүрпейістің осы дастаны көркем шығармалар конкурсында үшінші дәрежелі бәйге алған. Поэманың толық мәтіні алғаш рет 1940 жылы “Поэмалар жинағы” атты кітапта жарияланған. Үзіндісі сол жылы “Лениншіл жас” газетінде жарық көрген, кейін ақынның 1950 жылғы жинағына кірді. ... “Ақын” дастаны негізінен көпті көрген көнекөз ақсақалдың баласына айтқан өңгімесі түрінде құрылған. Шығарманың бас кейіпкері — Сарышолақ ақын”, - дейді әдебиетші ғалым Ж. Асанов (Асанов Ж. Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым. Астана: Елорда, 2001, 7-8 беттер). Және ол Сарышолақ мұраларын алғаш рет жинақтап, зерттеді. Жаужүрек ақын турасында “Сарышолақ шайыр” (Ақтөбе -1997 жыл) атты еңселі еңбегін жарыққа шығарды. Иншалла дейміз.

Айта кетейік, Сарышолақтың ақындық қуатының

кемелденуіне, дүниетанымының қалыптасуына арғы атасы — дала философы Мәнке би өнегесінің ықпалы зор болған. Өйткені, жырларына оның есімін құрметпен әркез қосып отырады. Тарата баяндасак ұзын-сонар дүние. Жеке тақырып.

Атақты “Тілеу-Қабак” шығармасы Совет заманында шыққан әндер жинағына “Тілеуқабак” болып таңбаланып еніп жүрді. Қабак атам есімін кіші әріппен түзіп, Тілеу атама тіркеп жіберетін ылғи. Бұл - тарихта “Асау-Барақ” атанған әкелі-балалы батырларды “Асаубарақ” деп, белгілі “Айман-Шолпан” жырындағы апалы-сіңлілі қыздарды “Айманшолпан” деп, сондай-ақ “Мұңлық-Зарлықты” “Мұңлықзарлық” деп қосып жазғанмен бірдей еді сиам егіздеріне ұқсатып. Өрескелдің орын алуы — еңбектің туу тарихын, кімдерге арналғанын білмегендіктен. Ал, академик Ахмет Жұбанов зерттеулерінде ән атауын иеленген аталарының есімдерін “Тілеу-Қабак” деп ортасына сызықша қойып, айырып, әрқайсысын бас әріппен дұрыс таңбалап отырған. (Жұбанов А. Замана бұлбұлдары.— Алматы: Жазушы, 1975, 224-241 беттер).

“Тілеу-Қабак” әні — Сарышолоктікі еді. Өкінішке қарай, соңғы жылдары аталмыш шығарма турасында шындық мұратынан гөрі ауылдастыққа бұра тартқан пиғыл бас көтерді. Басқа аймақтың сайда саны, құмда ізі жоқ “серісіне” телиді. “Тілеу-Қабак” түгендікі. Сол шығарған. Авторы сол, дейді. (Сүлейменов Т. Сегіз сері. — Алматы: Өнер, 1991, 73-74 беттер). Ал оған дәлелі қайсы?.. Тіпті осы өтірікке сенгенде де бәрібір ол еш қисынға жанаспайтын жәйт. Нақтылап түсіндіргенде былай: жазған шығармасында жазушының батыс аймақ қазақтарының аузына арқа жақтың “кигіз” (киіз) немесе жетісу өңірінің “сым” (шалбар) деген диалектілерін салуы не болмаса “шырпы”, “әйдік” (сіріңке, үлкен) сөзін керісінше оларға айтқызуы білімдарлыққа жатпасы, ақиқатпен қабыспасы айдан анық. Демек, әр аймақ қазақтарының әуен-саздарындағы ладтық құрылымдарында да тарихи-географиялық жағдайларға орай диалектілік сыпатта қалыптасқан канондық үлгі бар. Пікірімізді қазақ күйлерінің “төкпе”, “шертпе” деп, ән салу мәнерлерінің “Батыс мектебі”, “Арқа мектебі”, “Жетісу мектебі”, “Сыр бойының мектебі” деп музыка ғылымында жіктелуі толық қуаттайды. Алыс өңір адамының өзге аймаққа келіп жөргегінен құлақ сіңісті болмаған шалғай өлкенің әуезі сипатында аяқ астынан ән шығаруы — көңілге қонымсыз, шындықтан тым алыс. Және “Тілеу-Қабактың” авторы делінетін “серінің” жасанды жалған кейіпкер екенін Ұлттық Ғылым академиясының ғалымдары саралап анықтап берді де. (Қосан С. Ұлтқа ру емес, рух қажет!

// Ана тілі. №7, 14.02.2002; №8, 21.02.2002; №9, 28.02.2002;  
Қосан С. Әдебиет — ардың ісі. // Ана тілі. №11, 14.03.2002;  
№12-13, 22.03.2002; №14, 4.04.2002; №16-17, 18.04.2002 жыл;  
Қосан С. Ғасыр жұмбағы немесе Сегіз сері кім?// Қазақ  
өдебиеті. №36, 8.09.2006; №37, 15.09.2006; №38, 22.09.2006  
жыл)

Енді ол өнге қатысты тұжырымымызды, дәлелдерімізді ортаға салайық.

Ұстазым, әйгілі әнші Ғарифолла Құрманғалиевтан “Тілеу-Қабактың” бірнеше вариантын үйрендім. Олардың мәтіндері төмендегідей өртүрлі:

Айқайлап ән саламын — “Тілеу-Қабак”,  
Керілер өлең айтсам қас пен қабак,  
Көңілдің қуанышын жырға қосып,  
Келді ғой бар дауыспен шырқайтын шақ.

Әніме мен салайын — “Тілеу-Қабак”,  
Керілер өлең айтсам қас пен қабак,  
Көңілдің жатсам-тұрсам тілегі сол,  
Бергей, деп маңдайыма бармақтай бақ.

Немесе:

Аты еді бұл әнімнің — “Тілеу-Қабак”,  
Айтайын асқақтата кернеп тамақ,  
Келтіре кемеліне шырқатайын,  
Кейінгі ұрпақтарға болсын сабақ.

Айқайлап ән саламын — “Тілеу-Қабак”,  
Ән салсам қозғалады қас пен қабак,  
Жақсылар жалы биік айт деген соң,  
Бұл әнді мен салайын аямай-ақ, —

деп шалқиды тағы бірде.

Ғарифолла атамыздың жеке архивінен табылған мынадай шумақтар және бар. Қайсыбірін қағазға араб әріптерімен түсіріпті. (Ол — осы жазуды өмірінің ақырына дейін қолданды).

Сурасаң руымды Тілеу-Қабак,  
Ән салсам бірге ойнайды қас пен қабак,  
Құдайдан жатсам-тұрсам тілейтінім  
Бергей, деп маңдайыма бармақтай бақ.

Жайлаған Табын, Әлім — Тілеу-Қабак,  
Керілер өлең айтсам қас пен қабак.

Жарлылық ер жігітке қайғы ма екен,  
Табылса тақымына ат пен жарак.

Әнімді шыркатайын “Тілеу-Қабак”,  
Керілед өлең айтсам қас пен қабак.  
Шығарып шаршы төрге тыңдай-тұғын,  
Сүйініп, келгенінде жұрт қаумалап.

Жайлаған Тілеу-Қабак Әлім, Табын,  
Арқасы сол елдердің салған әнім.  
Бақ бергей ер жігіттің маңдайына,  
Ризамын бергеніне бір құданың!

Айқайлап ән саламын — “Тілеу-Қабак”,  
Ән салсам қозғалады қас пен қабак.  
Жақсылар үлкен-кіші айт деген соң,  
Бұл өнді мен салайын аямай-ақ.

Жылқымды айдап салдым ен аулаққа,  
Барамын ерте тұрып жылқым жаққа.  
Қарындас, іні-аға айт деген соң,  
Ән салып жіберейін күйкылжыта.

Ғарифолла ағамыз айтатын: “Арқа қатты қызғанда, “Тілеу-Қабактың” бірнеше шумағын төгіп-төгіп кеп былай қайырып тастайтынмын. Өз жанымнан қосқан ем”, — деп.

Дейтұғын “Тілеу-Қабак” осынау өнді,  
Дәріпті жұрт аузында болған мәнді.  
Жасымнан мен де сүйіп айтатынмын,  
Жақсы ән деп сүйсіндірер тыңдағанды.

Жанары жарқ-жүрқ етіп, аруақтанып кетуші еді, жарықтық.  
Осы өнді дауысқа салып, көтере суырганда.

Ғарифолла Құрманғалиевтың орындауындағы “Тілеу-Қабак” әні жазылған күйтабақтар (Казахские песни. ГОСТ 5289-68 Д-27253, “Мелодия” всесоюзная фирма грам-пластинок Ташкентский завод им. М.Т. Ташмухамедова) жөне оған байланысы бар жеке архивінен алынған мәтіндер нұсқасы қолымызда. Сондай-ақ, араб әріптерімен өз қолынан таңбалап түзіп кеткен Бала Ораз шығармалары да бар екен. Көлемді. Қағазға мұнан басқа да көп дүниелерді түсірген.

Айтпасқа тағы болмайды осы тұста. Ғарифолла Құрманғалиевтың халық әндері мен терме-толғауларын ел арасынан тірнектеп өстіп жинаған еңбегін белгілі өнертанушы

ғалымдар, атакты дарын иелері жоғары бағалады, өділін айтты. Солардың бірсыпырасын айғақ қылайық.

Халық әртісі, белгілі әнші, педагог, профессор Бекен Жылысбаев: “Ғарифолла 1947 жылы Ғылым академиясының Батыс Қазақстан, Гурьев (қазіргі Атырау – Б.К.) және Ақтөбе облыстарынан 100 ән жинап тапсырды... Ол — қазақ фольклорының нәзік білгірі”, - депті. (Народная музыка в Казахстане. — Алма-Ата: “Казахстан”, 1967, стр. 129)

Өнертанушы Владимир Мессман: “Ғарифолла — этнограф”, — деген. (Мессман В. Гарифулла-сал. // Вечерняя Алма-Ата. 27.07.1970 г.)

Қазақ әдебиеті тарихында және былай таңбаланған: “Совет өкіметінің алғашқы жылдарында бұрыннан жатталып келе жатқан ауыз әдебиетінің әр алуан үлгілерін... жаңа дәуірде туған өлеңдерді жинап қастыру жұмысы айрықша күн тәртібіне қойылды. Бұған қазақтың ақын-жазушылары: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Сапарғали Бегалин, Есмағамбет Ысмайылов пен бірге Қаныш Сәтбаев, Қалибек Қуанышбаев, Әліби Жангелдин, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Әміре Қашаубаев, Мұқан Асқаров, Қуан Лекеров, Әлкей Марғұлан тәрізді халықтың қалың ортасынан шыққан әр алуан мамандық иелері қатысты”. (Қазақ әдебиеті тарихы. — Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1964, 1-том, 2-кітап, 294-бет).

Әдебиетіміздің шежіресінде Ғарифолла есімінің ұлы тұлғалармен осылай қатар аталуы тегін емес, жайдан-жай емес. Бұларды біліп жүрген дұрыс. Ғарифолла репертуарында мыңға тарта шығарма бар еді. Соның бәрін жадына жасынан сақтай берген. Ол — фольклорымыздың алтын қоры болатын.

Негізгі әңгімемізге көшейік, сонымен шайыр бір өлеңінде:

Салғанда мен әніме — “Тілеу-Қабак”,  
Әлімнің бас-аяғы тынып қалад.  
Жаманнан асыл туған мен бір бекзат,  
Терең көлді шайқаған күміс шабак”, —

дейді.

Әнді менікі дейді, Сарышолақ. (Асыл қазына. (Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясы) — Ақтөбе, 2001, 30-31 беттер). Соған қарағанда, салдың өншілік, композиторлық өнерін биікке көтерген төл туындысы — “Тілеу-Қабак” екені аңғарылады.

Бұл жәйтке Сарышолақтың Бақи сұлумен мына айтысы да көз жеткізеді. Бақи қыз сұлу екен, дейді қолдағы деректер.



Өзі домбырашы, әнші әм ақын болған. Руы — Бұжыр. Бұжырдың Жекейі. Өлеңдерінен, айтыстарынан да байқалады зор ақын екені. Үзінділер берейік.

Сарышолоқ:

...Сұрасаң аты-жөнді біздің жайды,  
Сарышолоқпын баласы Боранбайдың.  
Саралап сөйлегенде өлеңдетіп,  
Іші тар сіздей қыздар көре алмайды.

Баки сұлу:

Жекейде толып жатыр нелер сақи,  
Сұрасаң менің атым — сұлу Баки.  
Жау іздеп жүре-тұғын Тілеу-Қабак,  
Шетінен найза ұстаған кілең ақый.

Сарышолоқ:

Керекте найза аламын жауға қарсы,  
Домбырамен топқа түсем нелер шаршы.  
Әніме салғанымда “Тілеу-Қабак”,  
Тыңдаған Кіші жүздің небір арысы.

Баки сұлу:

Әніңді естіп жүрміз “Тілеу-Қабак”,  
Көтібар өлді дейді Адай сабап.  
Батыр болса ел-жұртың қайда кеткен,  
Қалмаған неге сонда арашалап, —

депті. Яғни, ән сенікі деп мойындап отыр Баки қыз айтыс үстінде. (Асыл қазына (Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясы). — Ақтөбе, 2001, 256-262 беттер)

Жоғарыдағы айтыс шумақтарындағы “Әніме салғанымда “Тілеу-Қабак”, — Тыңдаған Кіші жүздің небір арысы”, немесе, “Әніңді естіп жүрміз “Тілеу-Қабак”, - деген тармақтар “Тілеу-Қабак” әнінің авторы — Сарышолоқ шайыр екенін бұлтартпастан дәлелдеп тұр. Әрі аталмыш шығарманың территориялық кең ауқымда, исі Кіші жүзге, — Байұлы мен Әлім — Шөменге, Жетіру Жағалбайлыға тегіс жайылғанынан дерек береді. Осы арада айтарымыз, Баки сұлудың Сарышолоқпен айтысының толық нұсқасы, өлеңдері қолымызда. Оны батыс аймақтың Сарасы десе де болғандай.

Баки сұлу есімінің осы уақытқа шейін белгісіз болу себебі, ол — советше “үстем тап өкілінің” қызы-тын. Бар жазығы осы. Әрине, бұл — басқа тараптағы үлкен өңгіме. Фарифолла

Құрманғалиев: “Ала келген әндерімнің бірі осы “Тілеу-Қабак” еді”, — дейтін. Қисынды. Сарышолақ патшаның жергілікті ұлықтары тарапынан қудалауға түскенде, қашып барып біраз уақыт Байұлына паналаған. Демек, әнді Байұлына өзі таратқан. Фарифолла да Байұлынан, Алашаның Шотқарасы.

Реті келіп тұр, айта кетелік. Тілеу батырдың бір нәсілі — әнші әрі домбырашы Әли Құрмановтың есімі тарихта қалған. Ол — 1934 жылы Алматыда өткен бүкілқазақстандық өнер слетіне қатысып, екінші жүлдеге ие болған әйдік талант иесі. Әли жайында Ахмет Жұбанов мынадай құнды деректер қалдырған: “Әли 1901 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, 10-ауыл “Шұбарши” деген жерде туды. Әкесі Төлеміс (Құрман үлкен әкесі) ...жәй көптің бірі болып жүре берген. Аздап домбыра тартқан, бірақ оны кәсіп етіп соңына түсе қоймаған... Ал, Әлидің шешесі Аққыз (шын аты Үмсиндық) асқан домбырашы, әнші болған. 1934 жылы Алматыда Әлидің үйіне... бір барып отырғанда Аққыз шешеміз... қолына домбыраны алып, “Көкілдің” бір түрін тартып бергенде, әлі де саусақтары жүкпайтын... Міне, сол Аққыздың әсерімен Әли бала күнінен домбыраға, әнге, жырға үйір болады. Ол маңайда әйгілі Әкімгерей, Қабак Пұсырман, Алтынбай Жаппарберлі, Жақайым Жаңаберген жыршылар, Әбдіразақ, Жанқылыш Төреқан әншілер болды. Осылардың арасында жас Әли де жүріп, ел аралап, өнер қуады. Жасы 17-18-ге келгенде Әли сол арада... белгілі талапкер, өнерпаз болып аты шығады. Осы кездерде, Әлидің өзінің айтуынша, ол белгілі Тәңірберлі Молдабай әншіні көреді. Молдабайдың өз атымен аталып кеткен әнін шебердің өз аузынан есітеді... негізгі ұстазы Әкімгерейге он бес жылдай шәкірт болады. (Әлиде Әкімгерейдің он шақты сазы бар). Әкімгереймен бірге болу, оның өткір сөздерін, өтімді жырларын, шыркатып салған әндерін естіп жүру Әли үшін үлкен школа болады. Осы кездерде Әли өзінің өлең, жыр репертуарын байыта түседі. Мұхит әндері, Қызылдың әндері, Батақтың Сарысының әндері, Қаршығалы жыршының сазы тағы сондай музыка қорын жинайды”, — дейді. (А. Жұбанов. Замана бұлбұлдары. — Алматы: Жазушы, 1975, 409-411 беттер). Айтпағымыз, “Тілеу-Қабак” әні осы нақышы мол, сұлу дауысты Әли ата Құрмановтың репертуарынан да орын алыпты. Ел-жұртқа насихаттапты. Анық жәйт. Бұл шығарманы өте жоғары деңгейде орындағаны күмәнсіз. Өйткені, академик А. Жұбановтың: “Әлидің өткір термесі, әлді дауысы, қолдарын неше саққа жүгіртіп, ойнақшытып, домбыраны қағуы, ән орындағандағы творчестволық еркіндігі, бай мимика Москва тыңдаушыларының (1936 жылы өткен онкүндікте. — Б.К.)

айызын қандырды”, - деген мәліметі ойымызды нақтылайды. ((А. Жұбанов. Замана бұлбұлдары. — Алматы: Жазушы, 1975, 413-бет).

“Тілеу-Қабак” әні баяу созыла басталып, динамикалық дыбысқа ұласады. Әуен сазы көңілдің шалқып толқыған сәтін бейнелейді. Әрине, оны орындаушыға зор диапазонды тыныс қажет. Онсыз әннің шырайы кірмейді. Сарышолақтың бір өлеңінде: “Керуен қырдан асқан бас іркер, — Көш тоқтар, дауысыма бара жатып”, - деген сөзі де (Асыл қазына. 31-бет) оның дауыс көлемінің биік болғандығын, яғни баритон емес, лирикалық тенор екенін куәландырады. Мұның өзі “Тілеу-Қабак” әні болмысымен дөп үйлесетінін айғақтап, пікірімізді бекіте түседі.

Осы жерде және бір нәрсеге тоқтала кетелік. Пішініндегі жалпы ұқсастыққа қарап “Тілеу-Қабакты” ұлы әнші, халық композиторы Мұхитқа да теліп жүр. Еш дәлел жоқ, дәйек жоқ. Бабамызды ардақтаудың, ұлықтаудың жолы бұл емес. Басқа. Өзіне тиесілі шедевр шығармаларымен-ақ, ол — қазақтың мәдени генетикасына зор үлес қосып, есімін өшпестей тарихта таңбалаған тұлға. “Тілеу-Қабакты” музыка теориясының ғылыми-әдістемелеріне сүйеніп Мұхит шығармаларымен салыстыра тексергенде, оның салдың қолтаңбасынан, қалыптасқан стилінен өзгешелігі аңдалып тұрады. Мәтіндегі ойлау формалары да оған келмейді. Дарынды суреткерге тек “Тілеу-Қабак” емес, халық туындылары “Жылыойды”, “Жылқышыны”, “Гүлжансараны” т.б. жөнсіз тану — классикалық әндер табиғатын, ондағы дәстүр мен жанашылдық, сабақтастық, канондық үлгі заңдылықтарын жете білмеуден туған кеміс ойдың нәтижесі.

Тағы бір жағдаяттың басын ашып өтсек дейміз осы тұста.

Сары Батақұлының да “Тілеу-Қабак” атты әні бар. Бұл тұрғыда нақты дәлелді академик Ахмет ата Жұбанов “Замана бұлбұлдары” (А., “Жазушы” баспасы, 1975, 237-бет) деген белгілі еңбегінде жазып қалдырған. Онда Сары туралы айта келіп, былай депті: “Елін сағынып, домбыра алып шырқайды:

Басы еді Ұлы Құмның Қарашолак,  
Аяғы көрінеді Қаратамақ,  
Сабаттан мың жылқы ішкен айдын көлдей,  
Ортада отырушы еді Тілеу-Қабак.  
Қасқажол, Қаратамақ, Қозыбұлақ,  
Алдымда Қожасайы жатыр сұлап.  
Басына Есеншағыл шауып шықсам,  
Көрінер елес-елес Қоянбұлақ... —

деп туған-өскен жерлерін есіне түсіреді, оның бәрі де көзіне оттай басылады. Бұл өлеңдермен айтылған ән халық арасында “Тілеу-Қабак” болып аталып кетеді. Бірақ ол біз білетін, “Дудар-ай” операсына енген “Тілеу-Қабак” емес, (Сарышолақтың “Тілеу-Қабағын” айтады. — Б.К.), аты бір болғанмен музыкасы мүлдем басқа. Ән қонырлап басталып, бір мезгіл желдірмелердің кейіпіне түсіп, өлеңнің соңғы жолдарында үнемі кідіріп, созылып, қайталанып, құбылып барып бітеді”.

Міне, “Тілеу-Қабак” аттас екі ән бар екенін, олардың мәтіндері мен әуен-саздарының бір-бірінен мүлде бөлектігін ғалым осылайша ашып, айырып көрсеткен.

Сарышолақтың композиторлығы тек “Тілеу-Қабак” әнімен ғана шектелмейді. Оның “Ұлы Құм”, “Қарақ-ай” атты т.б. туындылары болған. Бірақ көбі ұмытылған. Мынау “Қарақ-ай” әнінің мәтіні:

1. Ән қайда, бұрынғыдай сала-тұғын,  
Құс қайда, сілтегенді, қарақ-ай, ала-тұғын.  
Есіме өткен күндер түскенінде,  
Жүрегім май құйғандай, қарақ-ай, жана-тұғын.

2. Басы еді Ұлы Құмның Қарашолак,  
Қыстаған малыменен, қарақ-ай, Тілеу-Қабак.  
Жүргенде сауық-сайран сәніменен,  
Бір күнде өткенің-ау, қарақ-ай, дүние шолак...

(Асыл қазына (Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясы).  
— Ақтөбе, 2001, 30-бет)

Куә боп отырмыз, ақын қырмызы қызыл заманын аңсайды, жүрек сыздатқан сағынышын айтады. Тәтті мұң қай пенденің де ішкі сезімімен үндеседі. Тілі көркем.

Этнограф, музыкатанушы А. Затаевичтің “Қазақ халқының 1000 ән-күйі” атты еңбегінде “Қарақ-ай” деген әннің фортопианоға лайықталып түсірілген нотасы енгізілген. Әуен сазы қамырықты сипатта. Мәтін мазмұнымен үйлесімді. Бұны берген Ақтөбе губерниясы, Темір уезінің Орқаш болысына қарасты 4-ауылдың Ибрагимов Төлмұхаммед есімді тұрғыны екен. (Затаевич А.В. 1000 песен и кюев казахского народа. — Алматы: Дайк-Пресс, 2004, стр. 132)

Совет өкіметі шекара сызып бөлшектегенге шейін бұл жерлерді Сарышолақтың арғы аталары — Айт пен Бұжырдан тараған ұрпақтар қатар қонып, еркін жайлаған. Қазірде олар сол өңірде тұрып жатыр. Сондай-ақ, бағзы заманда Алатаудан келіп қазаққа сіңісіп кеткен шайырдың түп нағашылары —

Қырғыз руы да осы маңды әлі күнге дейін мекен етеді. Қорытынды пікірімізді айтсақ, жобалауымызша “Қарақ-ай” әнін А. Затаевичке жаздырушы Ибрагимов Төлмұхаммед — Айт пен Бұжырдың немесе, Қырғыз руының азаматы. Ал, шығарма авторының Сарышолок екені шүбәсіз.

Сөз түйініне көшсек. Фарифолла ата Құрманғалиевтың орындауындағы “Тілеу-Қабакқа” зер сала отырып, Сарышолок салдың әншілік — композиторлық қырын бұнан да терең тануға, ғылыми тұрғыдан бұдан да жан-жақты талдау жасауға болады. Ол — бұл әңгіменің көлеміне сыймайды. Жеке тақырып. Болашақта бұған арнайы кеңінен тоқталамыз.

“Тілеу-Қабак” әні — Сарышолоктікі. Ақиқаты осы. Халық әдебиетін, музыкалық фольклорымызды жинақтаушы, зерттеуші, этнограф Фарифолла Құрманғалиев деректері бойынша нақтылаған шаруамыздың бір парасы бұл.

## **ЖІГІТТІҢ СҮҢҚАРЫ БОЛҒАН**

Жүйелі де толық жазба деректердің жоқтығынан және империялық саясат зардабынан біз еліміздің де, өзіміздің де тікелей ата-бабалырымыздың да тарихын, жеке өмір жолдарын, еліне сіңірген еңбегін, жасаған қызметінің шамасын білмей өстік. Біздің бұрынғы білгеніміз елдегі ой-өрісі кеңірек, елдің қамын, намысын ойлайтын қарттардың, ақын-жыраулардың айтқандарынан есімізде сақталғандарының шамасында болатын.

Соңғы жылдары еліміз тәуелсіздік алып, қоғамдық өмір еркіндік сипатта дами бастаған жағдайда әртүрлі басылымдар, ақпарат жүйелері арқылы көптеген жаңа деректер таратылып, адамдардың таным-түсінігі толыса, хабардарлығы молая түсті.

Соның нәтижесінде Шекті Тілеу атамыздың да есімі жаңғыра бастады. Шектінің шын аты — Жаманақ. Жаманақ — Әлімнің алты баласының біреуі. Жаманақтан Шыңғыс, Бәубек, Өріс туады. Өрістің бір баласы Бөлек, Бөлектен Айт, Бұжыр туған. Ал Айттан Тілеу мен Қабақ туады. Тілеудің балалары Есіргеміс, Алдаберді, Жолдыаяқ, Жақсымбет, Мөңке.

Тілеу атамыз өте ірі, алып тұлғалы, кез-келген ат көтере алмайтын ауыр денелі, адамның сұңқары атанған аса сұлу, келбетті, елдің қамын ойлаған рухы биік, намысты адам болыпты. Бір сапарынан қайтып келе жатып қырғыз Ақкісі ауылына соғып, атын суару үшін құдық басына келсе, Ақкісінің Сұлу деген қызы құдыққа түсіп кеткен тайлақты (біреулер өгіз деп атайды) шығармақшы болып жатыр екен. Тілеу атамыз атының үстіне тұрып қыздың қолындағы арқанның ұшын сұрап алып, білегіне орап тартып, тайлақты құдықтан шығарып алыпты. Атын суарып болып ауылына кетіп бара жатқан Тілеу атамыздың артынан, оның күші мен келбетіне риза болған сұлу қыз, бұрылып қарап деген оймен, бір қаратпа сөзді еститіндей етіп айтса керек. Ат үстіндегі Тілеу атамыз кеудесімен бұрылмай, тек мойнын ғана бұрғанда, оның беті түгелдей тура артына қарап, сақалы екі жауырынының ортасына түсіп көрінген екен. Сонда Сұлу қыз: “Мінгені аттың тұлпары екен, еріткені иттің сырттаны екен, өзі жігіттің

сұңқары екен”, — депті. Кейін қызға көңілі біткен Тілеу Ақкісіге адам жіберіпті. Ақкісі: “Жасортасына келген Тілеудің менің қызымды әйел үстіне бер дегені несі?”, — деп ашуланыпты. Бірақ Тілеуді ұнатып қалған Сұлу қыз жеңгесі, шешесі арқылы әкесіне: “Адам өз тұғырын өзі табар болар, мені Тілеуге берсін, өзі адамның сұңқары екен”, — деп хабар бергізіпті. Сөйтіп атамыз Тілеу Сұлумен бас қосыпты. Сол Сұлу шешемізден жеті жасында билік айтқан, көзінің тірісінде “Мөнке би”, “Мөнке әулие” атанып, алғы алашқа әйгілі болған Мөнке туыпты. Мөнке би туралы жазба деректер жеткілікті.

Ақылымен, қисынды да әділ билігімен, қайрат-жігері, батырлығымен, абырой-беделімен елге танылған Тілеу батыр Күлтөбеде әлденеше рет сөз алған. Әз Тәукенің қазақ елінің ханы болып сайлануына қатысқан. Содан біздің Шекті елінде “Атамыз Қара Тілеу Күлтөбеде сөз алған, Әз Тәукені хан сайлауға, Сұпы Әжіні (кожа тұқымы дейді) пір сайлауға қатысқан” деген сөз қалған.

Қазақ еліне жоңғар шапқыншылығының күшейіп тұрған тұсында Тілеу бабамыз 20 мыңдай қол жинап (бір деректерде нақтырақ 17 мың делінеді), қазақтың елін, жерін жаудан қорғау үшін қанды күреске — Сайрамдағы жоңғарлармен соғысқа аттанады. Осы жолы әулиеліктен тегін емес Сұлу, Тілеу атамызға: “Осы сапарың қауіпті, белінде Мөнкеден де асқан бір бала кетіп барады, қолды жастарға берсеңіз қайтеді?”, — деген екен. Дегенмен бабамыз Тілеу шешімін өзгертпей “туған елді қорғау” дейтін қасиетті соғысқа аттанып кетіпті.

Сайрамдағы ұзақ созылған қан майданда жауына күйрете соққы беріп жүрген батыр да шебер қолбасшы Тілеудің абыройы мен даңқы арта түседі. Соғыстың аты — соғыс. Өмір өлшеулі. Ел үшін жан беріскен қырғын ұрыстардың бірінде Тілеу қазаға ұшырайды.

1940 жылдардың аяғында бір кездесуде Ыбыраш Карагулин деген ағамыз (қазақ, орыс тілдерінде сауатты, Әліби Жангелдиннің мүдделес, қарулас серігі, кейін Алматыдағы Жамбыл атындағы филормонияда директор болған) өзінің Түркістан қаласына барғанын, Әзірет — Сұлтан мавзолейінің шырақшысына жолыққанын, оның сонда жерленген Тілеу бабамызға қойылған құлыптасты көрсеткенін сол кездегі саясат ыңғайына қарай жан-жағына қарап алып, құпия хабар сияқты айтып еді. Ол кезде бізде сол хабарды өрі қарай анықтай түсетіндей мүмкіндік болмағаны қазір өкінішті болып тұр ғой.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен тарихи мағлұматтардың мазмұны осындай.

*18.08.2000 жыл*

## ТОЙДАН ТӘБӘРІК

Қилы-килы қиянды оқиғаларға толы тағдыр сахнасындағы тарихи тұлға Шекті Тілеу мен Жолдыаяқ батыр бабаларымыздың аруағы аспандады. Ер Тілеудің еңсесі биік, өресі жоғары ұрпақтары асыл текті аталарын іздеп, ғасырлар қойнауында ерен ерліктің куәсі болған кигелі Түркістанға барды. Тәу етті. Құрбандық шалды.

Ата-баба аруақтарына рух берді. Рух берді дейтінім, Түркістанға бірге барған қай азаматтың да көңілдері көтеріңкі, абыройлары асқақ, құдіретті бір күшке ие болғандай жүрді. Бәрі де сергек, өздерін жеңіл сезінді. Тарихтың белгісіз болып келген, бүрмеленген парақтарын ашты. Оқыды. Жете танысты. Ұғынды. Сайрам деген соғыстың не екенін білді. Мән-маңызын түсінді. Түсініп қана қоймай, Қожа Ахмет Иассауи атындағы қазақ-түрік университетінің вице-президенті Өскенбай Мәдиев айтқандай, бабалар рухын қалай қадірлеу керек екендігін түсінді. Ал, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары, Түркістанның 1500 жылдық тойын өткізу жөніндегі комиссияның төрағасы, білікті азамат Асқар Алихан мырза: “Парасаттылықтың, біліктіліктің биік деңгейін көрсеттіңіздер, мұндайда рухың арта түседі екен”, — деді.

Рухымыз көтерілсе, аруақтың қолдағаны деп білеміз. Қанды қылыш арпалыстан Өз Тәуке ханымыз қалжырап, халқымыздың берекесі қашып, тағдырымыз шешілер кезеңде, елдің елдігі, ердің ерлігі сыналар тұста он жеті мың қолымен майданға кірген арыстандай айбарлы Тілеу атамыз есімі қазақтың біртуар батырларымен қатар үлкен құрметпен аталса керек енді.

Әруақтың жар болғаны сол, Түркістандағы игі шараларды өткізу барысында бәрі де оңтайымен келіп отырды. Барша қазақтың, күллі түркінің Түркістаны ақтөбелік ағайындарын ақ пейілдерімен құшақ жая қарсы алды. Түркістан қаласының әкімі Өмірзақ Әметұлының, оның орынбасары Асқар Алиханның, Қазақ-түрік университетінің президенті, академик Мұрат Жұрыновтың, тағы басқа көптеген түркістандық азаматтардың риясыз көңілдеріне шек болмады. Бәрі де шын жүректен бізбен бірге қуанды. “Тілеу— бәріміздің атамыз”,



— деп қуантты. Көшенің ашылу рәсімі кезінде атамыз атындағы көшенің тұрғыны Мұхадес Рахимова апай жеті шелпек, жеміс-жидек ұсынғанда, жергілікті ұйымдас-тырушылардың өздері де риза болды. Өйткені бұл көрініс ойламаған жерден болды. Ол кісіге мұндай тапсырма берген де емес-тін. Бір ғана адамның өнегелі ісі өтіп жатқан шараға, баба рухына деген жүздеген адамдардың ыстық ықыласын, тілеулестігін аңдатқан еді...

Тілеу мен Жолдыаяқ батырларымыздың есімдері қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде мәңгіге жазылды. Түркілердің кіндігі — Түркістан қаласында қос батырдың атына көше берілді. Бабамыз да орынан бір аунап түскен шығар...

Тілеуден есімдері алты Алашқа белгілі болған ұрпақ тарады. Соның бірі — батырдың кенже баласы, мыңжылдығын болжаған Мөңке би. Мысалы, отарлық езгідегі болашағын болжап:

...Аттың жүйрігі бітіп, шабаны қалар,  
Көлдің суы кетіп, табаны қалар.  
Жігіттің ақылы бітіп, амалы қалар,  
Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалар,  
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар,  
Жаксының атағы кетіп, азабы қалар.  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар, —

дегенді айтқан Мөңке би. Тілеу мен Мөңкеге байланысты ауқымды зерттеулер таяу жылдардың еншісінде.

Ал әзірге қолымызға тиген осы шағын еңбекті Түркістандағы тойынан тәбәрік деп қабылдайық.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАРИЯ ШАБУЫЛЫНА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

ХҮІІ ғасырдың 80-ші жылдарында жоңғар феодалдарының қазақ жерлеріне жорықтары бұрынғыдан бетер зор көлемде қайтадан қозды. Жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстанды және Сырдария бойындағы сауда қалаларын, сонымен қатар ең маңызды керуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. Халдан (1671-1699) деген жоңғар хунтайшысы 1681-1685 жылдары Оңтүстік Қазақстанға бірнеше рет шабуыл жасады, Сайрам қаласын алып, қиратып кетті. Бай аудандар тып-типыл болды.

*Қазақ ССР тарихы, I-том,  
Қазақ мемлекет баспасы,  
Алматы — 1957, 248 -бет.*

## ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ӨМІРЗАҚ ӘМЕТҰЛЫ МЫРЗАҒА

Қадірменді Өмірзақ Әметұлы!

Қасиетті де киелі Түркістанның мыңдаған жылдарғы тарихы кең байтақ қазақ елінің қай түкпірімен де сабақтасып жатады. Соның бір көрінісі — бүгін болғалы отырған Түркістан қаласының көшесіне Шекті Тілеу, Жолдыаяқ батырлардың есімдерінің берілуіне арналған салтанат. Осындай игілікті шаралардың Түркістан қаласының 1500 жылдығы қарсаңында өтіп жатқаны ерекше сүйінішті.

Шектіден шыққан өзі батыр, өзі би Тілеудің ондаған мың жасағымен Сайрам соғысына қатысып, ел тәуелсіздігі үшін жан майданда күресуі — біртұтас қазақтың бөлінбей, сыртқы жауға қарсы жұмылған елділігінің куәсі.

Бүгінгі еліміздің біртұтастығын сонау ата-бабаларымыздың ақ найзасының ұшымен, білектің күшімен, ақы-і-оймен сақтап қалғандығы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алға қойған мақсаттарымен сабақтасып жатыр.

Тілеу бабаның, оның батыр ұлы Жолдыаяқтың есімі бүгінгі күні ерекше құрметке бөленіп, сол аяулы тұлғаларымыздың аты-жөні Қожа Ахмет Иассауи кесенесі қабырғасына ілтипатпен жазылса — ол өткенімізге құрмет, тарих алдындағы ақиқатты жарыққа шығару.

Бұл аса маңызды оқиға Түркістан мен Ақтөбе арасын ерекше жақындатып отыр. Ұлы адамдардың рухтары кейінгі жарылқап жүретіндігінің бір мысалы осы.

Бабалар есімін құрмет тұтып, ізгілікті іске жетекші болған барлық азаматтарға, Түркістан қаласының басшылығына, мұражай қызметкерлеріне біз ерекше алғысымызды айтамыз.

Бізде ел біреу, батыр ортақ. Ендеше бірлескен қуанышымыз ұзағынан болсын! Еліміздің тәуелсіздігі нығай берсін!

Құрметпен Ақтөбе  
облысының әкімі  
Аслан МУСИН

*тамыз айы 2000 жыл,  
Ақтөбе қаласы*

## КӨШЕ АТАУЫ ӨЗГЕРДІ

Уақыт өзгерістерді қалайды, тың, жаңа бастамалар әкеледі.

Қала әкімшілігі жанындағы ономастика комиссиясы мен “Ақсақалдар алқасының” және көпшіліктің ұсынысы негізінде белгісіз, көмескі көше атауларын жою мақсатында Түркістан қаласының әкімі шешім қабылдады.

Қала әкімінің шешімімен СМП-194 көшесі белгілі тарихшы, этнограф, фольклоршы Әбубәкір Диваев, Нефтебаза көшесі қоғам қайраткері Еркінбек Ақынбекұлы, Коморова көшесі Мәжит Махатов, **Ынтымақ көшесі Шекті Тілеу, Жолдыаяқ батыр көшесі аталса**, Космонавтов көшесі еңбек және соғыс ардагері Тұрыс Нұрпейісовтың есімімен аталмақ.

*“Түркістан” (Түркістан қалалық апталық газеті),  
18 тамыз, 2000 жыл*

# МӨҢКЕ ТІЛЕУҰЛЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР (Ақтөбе, 1998-2002)

---

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының ҮЙҒАРЫМЫ

Астана қаласы 11 сәуір 2001 жыл

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы Қазақстан Республикасындағы жекелеген өкімшілік-аумақтық бірліктерге ат қою және олардың атын өзгерту мақсатында ұсынылған құжаттардың негізінде мынадай үйғарымға келді:

### 1. Мына өкімшілік-аумақтық бірлік атаулары:

**Ақмола облысы бойынша**

Атбасар ауданындағы Южный ауылдық округі — Тілекей ауылдық округі;

Атбасар ауданындағы Ладыженко ауылы — Тілекей ауылы;  
Зеренді ауданындағы Қарабұлақ ауылы — Қарауыл Қанай би ауылы.

**Ақтөбе облысы бойынша**

Мөртөк ауданындағы Березовский ауылдық округі — Хазірет ауылдық округі;

Шалқар ауданындағы Қайыр ауылы — Мөңке би ауылы

**Қызылорда облысы бойынша**

Қармақшы ауданындағы Жосалы ауылы — Төрсбай би ауылы;

### 3. Мына атаулардың орыс тіліндегі транскрипциясы:

**Павлодар облысы бойынша**

Қаңыры ауданындағы село Қаңыр — село Қашыр, қазақ тілінде Қашыр ауылы.

Шарбақты ауданындағы село Шербақты — село Шарбақты, қазақ тілінде Шарбақты ауылы деп өзгертілсін.

Министр,  
Мемонком төрағасы

А.Сәрсенбаев

**Орталық Ғылыми  
кітапхана**

480100, Алматы қаласы  
Шевченко көшесі, үй 28  
Тел. (факс) (3272) 69-25-07  
E-mail adm@celib.aoudem alma-ata, 30

**Центральная Научная  
библиотека**

480100, г.Алматы  
ул. Шевченко, 28  
Тел. (факс) (3272) 69-25-07

О 2 5 X

№ 1-7-141

**Құрметті АСАНОВ Жұбаназар мырза!**

Сіздің Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасына жолдаған Шекті Мөңке би жайлы сұрау хатыңызды алдық. Біздің кітапханада әзірге Шекті Мөңке би жайлы мына деректер белгілі болып отыр.

1. № 1067 бума 5 – п.

2. № 1281 – п, 2 – дөптер.

3. 1924 жылы шыққан “Сәуле” журналының № 1- саны.

Біз сізге сол тарихи құжаттардың алғашқы беттерінің көшірмесін жіберіп отырмыз, басқа да деректер табылса қосымша жіберіледі.

ҚР Орталық ғылыми  
кітапханасының директоры:

Г.К.Абугалиева

## МҮҢКЕ БИ

Шекті ұлы Мүңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен дейді.

Бір судың бойына бір бай ауылы келіп қонады. Су бойында бір топ бала ойнап жүрсе балаларды келіп ауыл иесі ақсақал қуалайды. Байдың астындағы асаулау байтал екен. Балалардың біреуі атын үркітіп қалғанда, байдың бөркі басынан ұшып, байталдың алдына түскен кезде, байтал тулап, бай жығылып жан тапсырады.

Байдың елі балалардан күн алмақ болып жиылады. Үш күн, төрт күн жатады, бітісе алмайды; бес күн, алты күн жатады, бітімге келе алмайды. Сүйтіп дағдарып тұрған уақытта бір тайға мінген жеті жасар бала келеді. Бала қарап тұрады да, бұл жұмыстың билігін маған берсеңіздер, мен бітірейін дейді. Бала бір айтады, екі айтады, оның сөзіне баласынып ешкім құлақ аспайды. Ақырында ақсақалдар дағдарып: “Осы “Қой асығы деменіз, қолына жақса сақадай, жасы кіші деменіз, ақылы жақса атадай” деген қайда? Манағы бала кім баласы екен? Тауып әкеліндерші” - деп іздетіпті. Сұрастырып баланы тауып әкеледі. Баланың аты Мүңке деген, бала келіп айтады: “Билікті маған берсеңіздер, менің айтатын билігім мынау, — дейді. — Ердің құны жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу, әуелі ойнап жүрген бала тентек, екінші, оны қуған бай тентек, үшінші, үріккен байтал тентек, төртінші, бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек” — дейді.

Сонда жүз жылқының үш бөлімі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді. Жүрт бала билігіне ырза болады. Сол бала үш жүзге белгілі Мүңке би атанып, аты аспанға шығады.

**Қараңыз:** “Сауат ашқыш”, оқулық. Қазақстан оқу комиссариаты бастырып шығарған. — Семей, 1926 жыл.

А. Байтұрсынов, Тіл тағылымы, Алматы, “Ана тілі” 1992, 91-бетте “Сауат ашқыштың” титул беті, 100-бетте “Мүңке би” мақаласы.

**Ескерту:** Бұл нұсқа ҚР Білім министрлігі бекіткен 5-сыныпқа арналған “Қазақ елінің қысқаша тарихы” оқулығына да енген. Алматы: “Рауан”, 1996ж., 144-145 беттер. Авторы Тотай Тұрлығұлов Тәжіұлы.

*титул*  
*Жер жүзінің жұмысшылары бірігіңдер!*

**БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ**

**САУАТ АШҚЫШ**

Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби

Сауатсыз үлкендер  
үшін I-ші кітап

Букварь для взрослых  
Ах. Байтұрсунов

Бастырушы Қазақстан Оқу комиссариаты  
Народный Комиссариат Просвещения К. С. С.Р.

1926г.

*титулдың екінші жағы*

Семейдің губерnelік баспасы  
“Губиздаттың” баспақанасы

1926 жыл

Гублит № 285

Типография

Семипалатинского

Губернского

Тираж 7400

Издательства



## ЕЛ ҚОРҒАНЫ

(Бір перделі пьеса)

Бірінші көрініс

(үзінді)

**Ескерту.** Бұл пьеса азамат соғысы кезінде ел ішінде болған оқиғадан алынып жазылды. Оқиға 20-жылдың жазында Елек уезінде болған.

**Жазушы.**

**I ақсақал** (еңкейіп, орта кездегі жуан байға қарап). Бай, жұмысының ретін білдіңіздер ме? Неге шақырған екен?

**I бай** (тыржиып). Біле алмадық. Тағы шығын жинайтын шығар. Қайбір жақсы хабарға жүр дейсіз?..

**I ақсақал** (даусын созып). Е-е... сүйтпей тағы не қылар дейсің... Ей, жасаған алла-ай! Елді құртпаса не қылсын?..

**II ақсақал** (басын изеп). Солай енді, солай! Би (байға қарап). Бү келген кім екен? Қай ел екен?

**I бай.** Өзіміздің Кіші жүз болса керек.

**Би.** Үлкен кісі ме екен?

**I бай.** Жас жігіт болса керек.

**Би.** Бү жастар ел билеп не ондырады?

**I ақсақал** (даусын созып). Не ондырушы еді? Заман ақырдың белгісі де. Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой.

Жас баладан биің болар,  
Жас балшықтан үйің болар.  
Ат жақсысы арбада болар,  
Жігіт жақсысы саудада болар, —

депті ғой өтерінде. (Қасындағыларға). Сол айтқанның бәрі келген жоқ па? (Бай, би, ақсақалдар басын изеп). Рас айтасыз, әулие ғой олар.

*Шығармалары (429-430 - беттер),*

*Алматы, "Жазушы", 1989*

## САРЫ

Сары 1863 жылдар шамасында осы кездегі Ақтөбе облысы Шалкар ауданы, Жетей-Ебестің тұсындағы Талдықұм деген жерде туды. Руы — Кіші жүз ішінде Тілеу, оның ішінде Алтон. Әкесі Батақ өз шаруасы өзіне жеткілікті адам болып, балаларының қандай бағытта болса да, талаптарына қарсы болмай, болғанынша жағдай жасады. Батақтың үлкен әкесі Достан Көтібар, Арыстанмен бірігіп, Кіші жүзден үш мың кісі қол ертіп, Исатайдың көтерілісіне жәрдем берген кісі.

Батақтан бес бала туады... Ең кішісі Сары жасынан ала-бөле көзге түседі. Өзі көркем, денесі әлпетті, алғыр, зейінді, әңгіме айтқан кісіден көзін алмай кейін соның айтқандарының бәрін бұлжытпастан айтып береді. Дауысы аса күшті, біртүрлі зардың үні бардай ән салса безілдетіп жібереді.

...Сарының өскен ортасы басқа қазақтың мал баққан аулындай тек құйрық пен мүйіз санап өткендер емес, өнердің де базары болды. Аталары Мөңке би өз заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған. Кердері Әбубәкір сияқты Мөңкенің жаңа заманның бірқатар көріністеріне “бөленің басы” деп қарауы да болған. Бірақ Мөңкеден басталған тапқыр сөз дәстүрі ол өреде үлкен орын алады.

ЗАМАНА БҮЛБҮЛДАРЫ (224-225 беттер)  
Алматы “Жазушы” баспасы, 1975

“ЕЛЕҢ-АЛАҢ” романынан

...Төртінші күн дегенде тойдың тарағанын паш еткендей шакшак Жәнібек, Бөкенбай, Дербісәлі, атығай Қожаназар керей Құлсары, Құттымбет Қоштай баласы, уақ Ақбота, қанжығалы Төлеміс, қыпшақ Сақа, найман Талбасар, Төле батырлар бастаған Орта жүз тобы бәйгеден озып келген жүйріктеріне қалы кілем жауып, түйе бастаған тоғызды жетелеп Торғай бетке, қаракшыдан аты келген Мөңке, Мойнақ, Мәметек, Айдаралы билер бастаған шектілер тобы Шалқар бетке, палуандары жығып лақылдап күліскен жағалбайлы Серке, тама Тыныбек, Төбел, табын Төлебай, телеу Қараменделер бастаған жетіру тобы Елек бетке, тайтүяк бастаған тоғызды жетелеген Кедей, Жайылған, Бақа, Киікбай бастаған шөмекейлер тобы Ырғыз бетке жылыстап шыға берді.

Бұл жиында ағайындық көрсетіп майлық-сулықта жүрген Алаша Байсау, Машқар, Жәдік, Ысық, Бәйтеректер бастаған байұлы тобы мен Алтай, Жұлдыз, Кенжалы бастаған кете тобы жиынға тіккен үйлерін ертеніне көшіріп, өздері елдеріне ұлық басы сұлтандары Нұралы ханзадамен, ханның күйеулері Дербісәлі, Жәнібек сұлтандармен бірге елшілікті жолға салып барып аттанатын боп қалып қойды. Жиын тарағасын хан орда маңы қаңырап бос қалғандай еді.

... Қызылды-жасылды көштерді қызықтап тұрған сый ұлық таң атар-атпастан өз қосына қарай жорғасын тайпалтып келе жатқан Нұралы сұлтанды бірден таныды.

Қоштасуға ханның сәлемханасына кірді. Әбілқайыр қасына Бопайды, ұлыс-бектері — Жәнібек, Дербісәлі сұлтандарды алып оңаша отыр екен. Нұралы екеуі кіріп келгенде, оң жағын нұсқап орын ұсынды.

*Алматы, 1984  
(165-166 беттер)*

ШЕКТІ МӨҢКЕ БИ СӨЗІ

Сары азамат, сардар бек,  
Сөз сөйлейін сабыр ет.  
Сөйлесем менен шығар кеп,  
Сөйлесең сөзді епте деп;  
Сөз сөйлеймін алдында,  
Асыл затты текті деп;  
Жарамаса кей дауға  
Өкпелеме сөкті деп.  
Сары азамат, сары құл,  
Үлкен-кіші өлеумет,  
Не істеріңді өзің біл,  
Мен бір жүрген қызыл гүл.  
Хақ құптасаң айтайын,  
Мөңке бидің сөзі бұл:  
Қыбыладан шыққан күн.  
Жанып шығар деп еді.  
Жалғаны жоқ бұл сөзім,  
Анық шығар деп еді,  
Балғын-балғын көлдерден:  
Балық шығар деп еді.  
Екі басы қайқайып,  
Қайық шығар деп еді.  
Қазақ, сенің сорыңа  
Ойда — қокан, қырда — орыс  
Жарып шығар деп еді,  
Жұртын сатқан билерің  
Төс-құлағы думанға  
Барып шығар деп еді.  
Ақшасы көп билерің,  
Өз сауабын ала-алмай,  
Қараңғы үйдің ішінде,  
Қалып шығар деп еді.  
Өлерінде Мөңке би  
Халқына не деп кетіпті?  
Қырық, отызға жетпей-ақ,  
Басына өлім жетіпті.

Жазғытұры болғанда,  
Бір бойдаққа маталып,  
Кебін дерсің деп еді,  
Бес қойға алған шұбарды,  
Жерден тапқан немедей,  
Тегін дерсің деп еді.  
Бір уақыттар болғанда  
Қара мойын сарттарды  
Қол қусырып алдында,  
Бегім дерсің деп еді.  
Хандар да өтер деп еді,  
Ғалым да өтер деп еді,  
Тондарының етегін,  
Әлемдесер деп еді.  
Қармақ басым данғазбен,  
Сәлемдесер деп еді.  
Жігіті менен қыздары,  
Тұла бойын үкілеп,  
Иемдесер деп еді.  
Мылтық ойын қойылып,  
Салаң ойын созылып,  
Өуеден ақша қар жауса,  
Балалардың қолында,  
Жалмаң отты ағызбақ,  
Тозақ шығар деп еді,  
Келін айғыр, кемпірі,  
Саяқ шығар деп еді.  
Бұқара деген халқының  
Кисе көйлек шықпаған  
Бояу шығар деп еді.  
Қазық басты халқыңнан  
Хан шығады деп еді.  
Орыстан алған үлгісі,  
Қисық басты аяққа,  
Етік шығар деп еді.  
Ақырзаман адамы,  
Қинауына дүниенін,  
Жетік шығар деп еді;  
Үйрек басты атына  
Ер шығады деп еді,  
Толғауы жоқ, күйі жоқ  
Жыр шығады деп еді  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,  
Белбеу шығар деп еді.  
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,

Көлбеу шығар деп еді.  
Ендігінің адамынан  
Менмен шығар деп еді,  
Етікті тастар, аяққа,  
Кебіс шығар деп еді,  
Ақырзаман адамы,  
Құлағына дүниенің,  
Тегіс шығар деп еді.  
Қоныс болса алдыңнан,  
Орыс шығар деп еді,  
Осы айтқаным бәрі де  
Дұрыс шығар деп еді!  
Тайынша мен танаға  
Жүк артылар деп еді.  
Қарап тұрған жігітке,  
Қыз артылар деп еді.  
Садақа-қайыр байлардан  
Қол тартылар деп еді.  
Дүниенің жүзіне  
Өре менен темірден,  
Жол тартылар деп еді.  
Осы айтқанның бәрі де  
Мөңке би айтқан деп еді.

**Ескерту:** Бұл толғаудың алғашқыда “Мөңке би айтыпты” деп қарасөз түрінен жыр жолымен толғаған ақын Нұржан Наушабаев.

Қазақстан Республикасы ҰҒА кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан. № 1067 бума, №5 папка 20-21-22 беттер. Латын қарпімен жазылған.

*Әзірлеген Бейсенбай БЕРДІҒОЖИН.  
“Ана тілі” газеті, 2.ІХ. 1993 ж.  
Алтынның сынығы*

## МУРАФАТ ҚВЖАТТАРЫНАН

№ 159

1748г. октября 5. — Письмо биев и батыров Малого и Среднего жузов имп. Елизавете с просьбой об утверждении султана Нурали ханом Малого и Среднего казахских жузов.

Всепресветлейшая, державнейшая, великая государыня императрица Елизавета Петровна, самодержица всероссийская, государыня всемилостивейшая и пр., и пр., и пр.

Доносим мы, нижеподписавшиеся, киргис-кайсацких Средней и Меньшей орд бии, батыри и все знатныя и подлыя люди, а о чем наше доношение, тому следуют пункты:

1-е. Вашего и.в. верноподанный Абулхаир-хан от сего света отшел, а наместо ево по наследству выбрали мы в ханы сына ево Нурали-солтана.

2-е. И хотя мы ево, Нурали-солтана, по своему обыкновению, в ханы и выбрали, токмо без особливаго Вашего и.в. высочайшаго указа главным ханом учинить мы ево не в состоянии. Того ради Вашего и.в. всеподаннейше просим, дабы высочайшим Вашего и.в. указом повелено было оному Нурали-солтану наместо отца ево, Абулхаир-хана, быть главным ханом и на то ханство наградить ево Вашего и.в. высочайшею за золотую печатью грамматою.

Всемилоостивейшая государыня, просим Вашего и.в. на сие наше всеподданейшее доношение милостивую резолюцию учинить.

Октября 5 числа 1748г.

К подлинному доношению Средней Орды Чакчак-Чарджи Тимского роду Джаныбек — тархан печать свою приложил.

Той же орды Гирейского роду Науруз-бий тамгу свою приложил такову.

Чакчакского роду Койсары-бий тамгу свою приложил такову. Того ж роду Джалмамет-бий тамгу свою приложил такову.

Того же роду Худай-шукур-батыр тамгу свою приложил такову. Меньшей орды Чюмекейского роду Кидай-бий, Мамет-аталык, Джаилган-бий тамги свои приложили таковы.

Каракисятского роду Ходжанай-бий тамгу свою приложил такову.

Чиклинского роду Бабий-бий тамгу свою приложил такову.

Того ж роду Бактыбай-бий, Мюнка-бий, Айдарали-бий, Исанбай-бий, Муйнак бий, Мамятяк бий тамги свои приложили таковы.

Того ж Чиклинского роду Беимбет-батыр тамгу свою приложил такову.

Дюртругсаго роду Худай-назар-бий, Девлет-бий, Алак-бий, Пулап-бий, Тляумбет-бий тамги свои приложили таковы.

Алача-Баюлынского роду Байсав-бий, Байтиряк-аталык тамги свои приложили таковы.

Китянского роду Алтай-бий, Кагулук-бий, Юлдуз-батыр, Бустубай-бий, Тунача-батыр, Умюрзак-бий, Кинджали-бий, Каратай-бий, Джанбек-бий тамги свои приложили таковы.

Переводил переводчик Яков Гуляев.  
АВПР.Ф.122, 1748 г.д.8.л.л. 15 об.-16 об. Перевод.

## МВРАФАТ ҚҰЖАТТАРЫНАН

### № 161

1748г. не позднее октября. — Записка переводчика Ю.Гуляева о результатах его поездки в Малый жуз с целью выяснения причин убийства хана Абулхайра. (Переводчик Юмагул Гуляев. АВПР.ф.122.1748г. д 8.л.л. 27-39) (үзінді)

27 числа того ж сентября и Джанбек-тархан к ханше прибыл, но при нем в приезде было только одних придержащихся ему, Джанбеку, человек с шестнадцать, в том числе биев три, да батыров три ж, да и то не весьма знатные, а прочие не подлости. Токмо он, Джанбек, прибыв, сказал, елико принадлежать будет у ханши и у детей ее до совету, то якобы и протчие Средней орды бии и батыри все оной отдали от себя на ево, Джанбекову, волю, то есть, что он присоветует, тому-де и они согласны, кроме тех, кои с Барак-салтаном откочевывают.

И того же числа все знатные бии и батыри, согласясь, четырех биев, а имянно: Чюмекейского роду — Джалгана. Чиклинского — Сырлыбая, да Бабия и Мунка, да Шехларского роду Кобек-мурзу послали звать Батыр-салтана, растолковав ханше и салтану Нуралею и Ералею, что Батыр-салтан — человек бедной и непосторонней, “приведем-де ево к ногам вашим с повинностию и возьмем-де ево с собою к Бараку, чрез что-де все алчинские бии и батыри соединятся и неприятелю-де наших скоряе погубить можем”.



**НОҒАЙЛЫДАН ШЫҚҚАН МӨҢКЕ БИДІҢ  
ТАҚПАҚТАП АЙТҚАН СӨЗІ**

Азарсың, жұртым, азарсың  
Азарыңның белгісі:  
...Тайғақ-тайғақ көлдерден  
Балық шығар деп еді.  
Ол балықты аулайтын  
Үш ашаты, шанышқылы  
Қайық шығар деп еді.  
Қылмысы жаққан қылықты  
Алып шығар деп еді.  
Қылмысы жақпас қырсықты  
Екі етегі су болып,  
Бір жаратқан тәңірге  
Налып шығар деп еді.  
Ауылдарын шу қылған,  
Жаулықтарын ту қылған,  
Зайып шығар деп еді.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,  
Белбеу шығар деп еді.  
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,  
Көлбеу шығар деп еді...  
Үй басына тоқышак  
Келі шығар деп еді.  
Келісімен керісіп.  
Келін шығар деп еді,  
Келін айғыр, кемпірі  
Саяқ шығар деп еді.  
Бір ұысқа толмайтын  
Аяқ шығар деп еді.  
Қай жақ болса қонысың  
Сол жақ шығар деп еді,  
Бұзау, тайынша, танаға,  
Жүк артылар деп еді.  
Қарап тұрған жігітке  
Қыз артылар деп еді.

Ағып жатқан дарияда,  
Су тартылар деп еді.  
Екіншінің қатыны  
Байын билер деп еді.  
Тоған басы мұрап боп  
Арық шығар деп еді.  
Сол арықтың ішінде  
Ыңғайы жоқ жаманның  
Пышағы мен шақпағы  
Қалып шығар деп еді.  
Бес қойға алған өгізді  
Тегін дерсін деп еді,  
Егін егіп, тарының  
Сөгін жерсін деп еді.  
Есха деген қамыстан  
Ойы шығар деп еді.  
Сол ойының ішінен  
Қозы жаурын, қой бұтты  
Биі шығар деп еді.  
Заманақыр болғанда  
Ат қояндай болады,  
Адам құмандай болады,  
Кәдеге садағын ілер деп еді.  
Өлеңтіні жағалай  
Тал шығады деп еді.  
Тал шыбықтай бұралып  
Сал шығады деп еді.  
Сокқан бейіт сықылды  
Үй шығады деп еді.  
Қырыққан серке бұғындай  
Би шығады деп еді.

\*\*\*

Бөдененің жатқан жері қыс болар,  
Кәрі өлсе жігіттерге іс болар.  
Кәрі өлсе — ол құдайдан рахымет,  
Жігіт өлген күні — болар хиямет.  
Байғыз деген құс болар,  
Оның ғаріптігінен жатқан жері тас болар.  
Ораздының баласы —  
Он бесінде бас болар.  
Бастығының белгісі,  
Қолабалы қол келсе,  
Келте қару ту келсе,  
Ел шетіне жау келсе,

Қолға алғаны тас болар.  
Қайда мәртпен дос болар.  
Кембағал байғұс баласы  
Жиырма бесте жас болар.  
Жастығының белгісі  
Ертеменен тұра алмас,  
Беті-қолын жуа алмас,  
Тепкілесен оянбас,  
Белін қатты буа алмас,  
Буса белі бос болар,  
Сол жаманның көңліңде  
Есі-дерті ас болар.  
Асыңды іш те, шырағым,  
Жылы жайда жат дейсін,  
Сондай бала бергенше,  
Қолыңдағы тобылғы сапты қамшы ес болар.  
Айға берсем — мынау кебім айып болар,  
Кең шәһардың арығы,  
Қазып қойған шеп болар.  
Мешкейменен ас жесең,  
Қол жуғанша жеп болар.  
Ақырзаман болғанда  
Әр мешітте жақсылар  
Талтайған сопы көп болар.

\*\*\*

Борай. борай қар жауса,  
Боранына келтірер.  
Аз кісіні көп кісі.  
Орамына келтірер.

\*\*\*

Көп не айтады,  
Азға қылған зорлығын айтады.  
Аз не айтады,  
Көптен көрген қорлығын айтады.

*Таңдамалы шығармалар.  
Алматы, "Ғылым", 1992,  
том 2, 55-58 беттер.*

*Ж. ДӘУРЕНБЕКҰЛЫ,  
С. ҚҰТТЫБАЙҰЛЫ*

**“АЛТЫ АТА ӘЛІМ” кітабынан**

Бұрынғы өткен қарттардың айтуынша бізге белгісіз ерте кездерде түскен ұлы Борсықтың орғыл-орғыл бұйрат құмдарын Арал теңізі жағының Құлымбет шыңы тұсынан Шалқар көліне қарай қақ жарып кесіп өтетін “Ноғай жолы” аталатын күре жол бар. Мөңке бидің ата қонысы саналатын осы аймақта қырғыздар мен ноғайлар қазірде ұрпақ өсіріп рулы елге айналып отыр. /Мөңке бидің шешесі Сұлу қырғыз Ақкісінің қызы/. Қолжазба және тасқа басылған шежірелерде шекті Мөңке бидің арғы атасы Ноғайлы Мұса хан деп көрсетілген. Мұсадан Сейдақ, Сейдақтан Қалу /Мәку/, Қалудан Бөлек, Бөлектен Айт, Айттан Тілеу, Тілеуден Мөңке.

*Алматы: “Рауан”,  
1992. — 21-бет.*

“ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ” энциклопедиясынан,

**Мөңке би** /шамамен 1684 ж.т., қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының маңайы/ — Заманында би, әулие атанған, болжал түрінде келетін поэтикалық кестелі сөз қалдырған адам. М.Шекті Тілеуден тарайды. Қазір өзінің ұрпағы да 9-10 атадан асады. Ел ішінде Мөңке би айтыпты деген болжам түрінде сөз орамдары сақталған. Мыс.: “Бай құрып, бақсы азады, кен көбейіп, бишара озады. Түрлі-түрлі халық болады. Күндіз-түні жарық болады, — деген сияқты көріпкелдік жорамалдары қазіргі күнмен тап келеді. Мөңкенің әділ жасаған биліктері, тапқыр сөздері сұрақ-жауап түрінде айтылатын өлең тіркестері елге аңыз болып тараған. Олардың бір парасы М. жақсы сыйласып араласқан әйгілі Сырым батырмен байланысты айтылады. Мөңке хақында Нұржан Наушабаев, Балқы Базар, Нұрпейіс Байғанин және т.б. — сөз қозғап, өлең арнаған.

*А.Ш. Пангереев.*

\*\*\*

**Сырым Датұлы** /1712-1802/ — халқымыздың атақты бии, айтулы батыры. 1783-87ж. Кіші жүз шаруаларының хандық езгіге қарсы көтерілісінің басшысы. Жастайынан ділмар, шешендігімен көзге түскен С. атжалын тартып мінгесін-ақ “бала би” аталады. ХУІІІ-ХУІІІ ғ. өмір сүрген **тама Есет**, **шекті Мөңке**, **беріш Алдар**, **тана Малайсары** билердің шешендік сөздерінен өнеге алған. Сырымның шешендік сөздері ел арасында көп тараған.

*Қ. Сыдықұлы.*

*(“Білік” баспа үйі, Алматы, 1999, 482-483, 612 - беттер).*

**ҚАЗАҚБАЙ МЕН НҮРПЕЙІС**

**Нүрпейіс:**

Ақылмен ойлап сөз табар  
Адамзаттың данасы.  
Өзіңе аян, Қазеке,  
Әлімнің алты баласы:  
Біз — баласы Әлімнің,  
Өзімнің атам Жаманак,  
Жыр жырлаймын саралап,

...Тілеу Қабак мың айдап,  
Қай жауынан сүрінді?  
Оқпен атып шіркейді,  
Мергендігі білінді.  
Алысқанмен алысып  
Әділдікке жүгінді.  
Сөзбен егеп, Қазеке,  
Шығарма сыртқа түгінді.  
Тілеуімнің ішінде  
Әулие еткен Мөңке би  
Дәулет пен баққа аскандар,  
Қайырын судай шашқан бар.  
Халқыма жаққан бар.  
Халықты қорғап баққан бар.  
Түрлентіп салған әнім бар,  
Әнде көркем сөнім бар.  
Өркешті туған нарым бар,  
Ұзынсақал, Қарақұл,  
Батақтан туған Сарым бар...

*Таңдамалы. "Жазушы"  
Алматы, 1991 жыл /29-30 беттер/*

Әкімжан ДҮЙСЕНБАЕВ,  
Жұбаназар АСАНОВ

**“САРЫШОЛАҚ ШАЙЫР”**  
кітабынан

**Сарышолақ:**

Тілеудің ұлы Мөңке еді,  
Алты Алашқа бас болған.  
Қара мойын серке еді,  
Ақылы зерек әулие.  
Қиянға көңіл сілтеді.

*Ақтөбе, 1997, /31- бет/.*

*Жұбаназар АСАНОВ*

**“АСЫЛ ҚАЗЫНА” Ақтөбе өңірі ақындарының**  
антологиясынан

**Сарышолақ Боранбайұлы**  
**/1858-1927/**

Еділден бермен жайлаған,  
Жайықтың бойын бойлаған...  
... Сонау шеті Арал мен  
Атырау, Үстірт, Құбажон  
Орынбор, Сарыат, Оралмен  
Бәрі де тыю қазірде,  
Жандарал салған қарармен.  
Еркін жүрген қазағым,  
Үйінде жатыр күрсініп.  
Патша салды мазағын

Көрген жаның түршігіп;  
Айтқанменен не пайда,  
Тұрған соң уақыт қырсығып.  
Талай айыл бар еді,  
Бәрі біздей сорлаған:  
Жамылғаны кара еді,  
Мезгілсіз нәубат торлаған,  
Қалың әскер қоқандап  
Жоқты тап деп зорлаған.  
Қарудан ығып ерлерім,  
Аксақалдан жас парлаған.  
Шығына қашып балалар,  
Мезгілсіз ана зарлаған ...

... Әулие Мөңке айтқаны,  
Бұлжымай келді алдыма,  
Бағымның неге қайтқаны,  
Тәңірдің көңілі қалды ма?  
Елімді билеп кете ме,  
Кешегі келген қаңғыма?..

*Ақтөбе, 2001 ж. 40-43 -беттер .*



Серғали ТОЛЫБЕКОВ

“ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ” кітабынан

Қазақ халқының дана билері туралы Балқы Базар  
жыраудың айтқаны

Тәңірісі артық жаратқан,  
Аузына халқын қаратқан.  
Қара қылды қақ жарған,  
Алдынан топты таратқан,  
Баласын жақын көрмеген,  
Төресін бұра бермеген.  
Олардың айтқан сөзіне,  
Тұла бойың шымырлап,  
Сай сүйегің тебіренген.  
Көкірегінде білімнің  
Көзі қайнап бұлақтай,  
Қанаға сыймай кернеген.  
Әруағына болайын,  
Ертеңгі атқан орыстың,  
Зенбірегіндей еңіреген.  
Мөңке, Төле, Қазыбек,  
Әйтеке алшын, би Кебек,  
Өтетілеу, Сарытай,  
Тампыш Мұрат, Кетебай.  
Бір пендеге тұрарлық,  
Оларға берген абырой.  
Өлшеулі демі біткен күн,  
Солардан да өткен сұм заман.

Алматы: Қазақстан,  
1992., 101-102 - беттер.

*Балтабай АДАМБАЕВ*

“ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР” кітабынан

### **Мөңкенің сұрағына Сырымның жауабы**

Мөңке би Сырымға үш сұрақ қойыпты:

— Таудан биік не бар?  
Судан терең не бар?  
Оттан өткір не бар?

Оған Сырым былай деп жауап қайтарыпты:

— Таудан биік көңіл бар,  
Теңізден терең ғылым бар.  
Оттан өткір қайғы-зар

*Алматы, “Отан”, 1992, 148-149 -беттер.*

## БҮЛ-БҮЛ ҮЙРЕК, БҮЛ ҮЙРЕК

Шекті Мәңке би шеркеш Түрке би, тана Нүрке билермен  
кеңесіп отырып айтты деген сөздер:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,  
Бір тоғайға қоныңыз.  
Қарындаспен, туғанмен,  
Бір туғандай болыңыз.  
Өзіне кеңес салғанның  
Өрісі кең болмас па?  
Жатқа кеңес салғанның,  
Жазымға басы кетпес пе?  
Жаманнан жесең бір қамшы,  
Ол сүйегіңе жетпес пе?  
Сом-сом жүйрік, сом жүйрік,  
Шұбалаңдап шаба алмас,  
Мойнынан жалы кетіп арыса,  
Жақсылар жаман болады,  
Күнінде жасы жетіп қарыса.  
Жамандар жақсы болады,  
Дәулеті асып байыса.  
Тасты жерден шаба алмас  
Табаны жалпақ тарлан боз.  
Тасты жарған табаның,  
Жастағыдай бола алмас.  
Буырнада кескен азбанға,  
Буыршын басып шөге алмас.  
Бидайықтың орнына,  
Лашын батып қона алмас.  
Ер басынан күс үшса,  
Қорғасыннан күнінде  
Салсаң да салма, оңалмас.  
Қырға боран бораса,  
Ойға тағы борар ма?  
Жақсылар аттан жығылса,  
Жаман туған адамның  
Еш нәрсесі құрар ма?  
Ауырды ма денең деп,

Қайырылып жаман сұрар ма?..  
Қырға боран бораса,  
Нуға боран борар ма?  
Ел шетіне жау келсе,  
Халық үстіне дау келсе,  
Жамандайын жалтандап,  
Ер жігіт қарап тұрар ма?  
Арғымақтың алдына,  
Найза бойы жар келсе,  
Жабыдайын жалтандап,  
Түсер жерін қарар ма?  
Арғымақтың аяғы,  
Айдай таға қағылса,  
Кілегей мұздан таяр ма?  
Жақсы алдына сөз айтсаң,  
Жалығып сөзге тояр ма?  
Күндердің күні болғанда  
Басыңа қиын іс болса,  
Жалғасып өскен жақыннан,  
Жақсылар басын аяр ма?  
Атың тулап жықпасқа,  
Артқы айылдың бегі игі,  
Алыстағы дұшпанның,  
Жағаға қолы жетпеске,  
Артында туысқанның көбі игі.  
Екі талай іс болып,  
Еңсеңе дұшпан табан қойғанда,  
Өзіңменен бірігіп,  
Қыр басына шықпаған,  
Ағайынның күнінде,  
Барынан да жоғы игі.  
Атқа міне шабар деп,  
Бұл қашан жосық табар деп,  
Жігіттікпен салқы өскен,  
Баладан күдер үзбеңіз,  
Ол түзелсе табылмас,  
Атаның ізін жаңылмас... /83-84 -беттер/

*Бұл толғау 1924ж. "Сәуле" журналының №1 санында жарияланған. С.Сейфуллин өзінің "Қазақ әдебиеті" атты еңбегіне енгізген.*

“Тозған қазды топтанған қарға жейді” кітабынан

Мөңке бидің сөздері

✓  
Алыстан қызыл көрінсе,  
Жанат емей немене?  
Көтеріліп ұшқан соң,  
Қанат емей немене?  
Бас қосып бір жүрген соң,  
Санат емей немене?  
Сусағанда берген су,  
Шәрбат емей немене?  
Кісі ақысын жеген соң,  
Арам емей немене?

\*\*\*

Ақырзаман болғанда,  
Ауылда сопы көп болар.  
Баскалар қолын жуғанша,  
“Менің қолым таза” деп,  
Сопы-екең асты жеп болар.

\*\*\*

Дәулет берсе құдайым,  
Тон кисең де түлкі етер.  
Дәулет кетсе қолыннан,  
Түлкі кисең күлкі етер.

\*\*\*

Алған жарың жақсы болса,  
Ат үстінен дүбір ет,  
Алған жарың жаман болса,  
Шиге кіріп сыбыр ет!

Алматы, “Рауан”, 1991ж.(37-бет)

## “Шешендік шиырлары” кітабынан

### МӨҢКЕ БИ

#### Баланың тапқырлығы

Бірде Тілеу сегіз жасар ұлы Мөңкені ертіп жолға шығады. Қалың тұман түсіп, олар бағытынан адасып қалады. Келесі күні жалғыз үй қонған жұрттың үстінен шығыпты. Сол үйдің көшкен сүрлеу ізіне түсіп жүре беріпті. Келе жатып бала Мөңке:

—Мына үйдің он ешкісі бар екен, бір үлкен көк серкесі бар екен, қара шолақ иті бар екен, — депті.

Кішкене жүргесін:

—Ата, мынау үйдің жалғыз түйесі бар екен, оң көзі соқыр екен, — депті.

Біршама уақыттан соң:

—Мынау үйдің әйелі екіқабат екен, ай-күні жақын, — депті.

—Шырағым, осы сен не айтып келе жатырсың? — депті әкесі.

Сонда бала:

—Мына көшкен үйді айтып келе жатырмын, — деп жауап қатады.

Көп ұзамай олар көшкен үйді қуып жетіпті. Келсе баланың айтқанындай, ол үйдің он ешкісі, бір көк серкесі, бір қара шолақ иті, оң көзі соқыр түйесі бар екен.

Тілеу сегіз жасар баласының білгірлігіне таңырқап:

—Балам, мұның бәрін қайдан білдің? — деп сұрағанда, ол былайша жауап қайтарыпты:

—Үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он екен. Қақ ортасында маңайына ешкімді жолатпай көк серке жатыпты. Оның серке екенін ізінен білдім. Жүннің көк екенін орнында қалған қылшығынан білдім.

—Иттің шолақ екенін қайдан білдің?

—Ит құмда шоңқайып отырған екен. Отырған жерінде шолақ құйрығының ізі түсіп қалыпты және қара қылшық жатыр екен.

Әкесі:

- Түйенің оң көзі соқыр екенін қайдан білдің?  
—Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті, сонан білдім, — депті.  
—Әйелінің жүкті екенін қайдан білдің? — дегенде:  
—Ол түзге отырған жерінде екі қолын тіреп орнынан тұрған екен. Екіқабат, күні жақындағанын содан білдім, — деп жауап беріпті Мөңке.

## Құда мың жылдық

Ертеректе Сырым батыр алты серігімен бірге жол жүріп келе жатып, атақты Мөңке бидің ауылына жолығады. Би кенже баласын үйлендіріп, құда шақыру жоралғысын орындау үстінде екен. Мөңке құдайы қонақтардың келгенін естісімен жігіттеріне оларды өзі отырған үйге түсіруге әмір береді.

Астан соң қонақтарына қарап: “бата етіп жібер” дегенде айтқан ақ тілегінің соңынан Сырым:

—Алты шаңырақтың іргесі ажыраспасын! Әумин! Әумин!  
— деп аяқтайды.

Батадан кейін құда:

—Мен мына құдайы қонақтың берген батасын түсінбей отырмын. Бұл кісі: “Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын”, — деді. Қонақтардың өздері — алты адам, алтауы — алты шаңырақтың иесі. Сол алты шаңырақтың іргесінің ажыраспауын айтып отыр ма? Болмаса осы жерде алты ақ шатыр тігулі тұр. Алтауының алты шаңырағы бар. Осылардың іргесінің ажыраспауын айтып отыр ма? — деп сауал қояды.

Сонда Мөңке би Сырымды нұсқап:

—Алты жасында алды дауыл, арты құйын атанған Сырым би бүгінгідей қуанышымыздың үстіне тап келіп отыр. Ал енді бидің батасының сырын айтайын. Құдай қаласа біз ағайын болғалы отырмыз. Екеуміздің балаларымыз қосылып, ата жолын ілгері жалғастырмақшы. Сенің балаң маған келін болып түседі. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі — қайын жұрты, екіншісі — нағашы жұрты, үшіншісі — төркін жұрты. Сол сияқты — менің балам саған күйеу болады. Ол да үш шаңыраққа ие. Олар — өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Демек, екі бала қосылғанда алты шаңырақ шығып тұр. Осы алты шаңырақтың іргесі ажыраспаса — онда біздің ағайындығымыздың мәңгіге кеткені. Осы аталған алты шаңырақ ажыраспаса — сол алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің татулығы. “Құда — мың жылдық” деп

осындай тамырлы жарастықты атаса керек. Сіз бен бізге, келешек шаңырақ иелеріне де қажеттісі осы емес пе? — дейді.

## Түлкім жоғары шық

Бір жігіт Мөнке биді көруге құмар болып, іздеп келеді. Есіктен кірген жігітке Мөнке:

—Түлкім, жоғары шық, - дейді.

Шай келеді. Бір-екі аяқ шай ішкен кезде Мөнке:

—Сыншым, сөйле, - дейді.

Жігіт түсінбей отыра береді. Жігіт кетер кезде:

—Жыршым, енді ұлықсат, үй-ішіңе аман жет, ел-жұртыңа сәлем айт! — дейді.

Жігіт сауал қояды:

—Сіз маған үш сөз айттыңыз. Осы тұспалдарыңызды мен түсінбедім. Нені меңзегеніңізді айта кетсеңіз.

Мөнке сонда былай деп жауап қайтарыпты:

—Түлкі құсап құбылып келдің. Әр мейман кірер кезде сен сияқты толқып келетіндіктен — соны айттым. Қонақ біраз отырған соң үйдің оң жақ, сол жағына қарап сынай бастайды. Сыншым дегенім — сол. Қонақ үйден аттанғанда көрген-білгендерін жыр қылып айта жүреді. Жыршым дегенім — сол.

*Авторлар ұжымы  
Алматы, Қайнар, 1993  
/129-132 беттер/*



*Тұрсынбек КӘКІШЕВ*

**“Билер сөзі” кітабынан**

## **МӨҢКЕ БИ**

**Жиылған көпшілікке Мөңке би жұмбақ айтыпты:**

Кермиық кеңесінен қалды,  
Шалқасқа шабысынан қалды,  
Қотыр теке қой бастады,  
Таукүдірет ел бастады,  
Ханы қайғылы болды,  
Биі бүкір болды,  
Атадан ұл озды,  
Анадан қыз озды,  
Сол уақыттағы қамқа тон көнеріп тозды.

**Ешбірі жұмбағын шеше алмаған соң өзі сөйлеп кетіпті:**

Кермиық кеңестен қалса,  
Ақылынан танған шығар.  
Шалқасқа шабысынан қалса,  
Аузынан шалған шығар.  
Қотыр теке қой бастаса,  
Қожа, молданы құдай ұрған шығар.  
Хан қайғылы болса,  
Халықты жеп, қарны шемен болған шығар.  
Биі бүкір болса,  
Сөзі азып-тозған шығар.  
Атадан ұл озса, еркін шығар.  
Анадан қыз озса, шіркін шығар.  
Сол уақыттағы қамқа тон көнеріп тозса,  
Асылдығы кеткен шығар.

*Алматы. “Қазақ университеті”,  
1992, 160-бет/122-бет/*

**“ШЕШЕНДІК ӨНЕР” кітабынан**

Ұлт, заман атынан сөйлеген би-шешендердің толғаныстарын сазына келтіріп, түрлендіре айту үшін — оның көркемдік қасиеттерін дұрыс түсіну, шапшаң қабылдау қажет. Сөздің мағынасын, ішкі астарын, ішкі рухын сұңғылалықпен сезіне білу абзал. Шынайы екпін қоя білу өнер. Алдымен, билердің өрнекті сөзінің ырғағын ұйқасымен, түйінді тұжырымдарын келісті айту әрі дауыс толқынының кейде бәсең айтылуын қадағалау жөн. Сонан соң әр тармақтың сонынан дауыс толасы болады. Әрі қарай жекелеген түйдектерден кейін ұзағырақ кідіріс болғаны шарт.

**Мөңке бидің құдіретті сөзіне құлақ түрелік:**

Құрамалы, қорғанды үйін болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады.  
Домалақ, домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмес көрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады.  
Халықтың қанын сорған адамдар болады,  
Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады.

Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады,  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады.  
Сарылып көлік тосасың,  
Құны жоқ қағазды судай шашасың.

Алдымен, Мөңке бидің бұл таклақтап айтылған толғамы келер заманның кейіпін кемел көрегендікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Кесек ойлар кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар.

*Алматы, "Ана тілі" 1997  
/124-125 беттер/*

**“СЫРЫМ ДАТУҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШЕНДІК  
СӨЗДЕРІ” кітабынан**

Ертеде Мөңке деген би болады. Соған руы Байбақты Сырым би деген он екі аталы Байұлына жататын адам келеді. Ол Мөңкенің уақытында болған екен. Бірақ Мөңкеден кішілігі бар. Сол Мөңкеге сәлем беруге барады. Сырым би барғасын Мөңке бидің төңірегі жиналып қалады. Сырым би Мөңке бидің үйінде бір жеті жатады.

Бір күні әңгімелесіп отырса, Сырым би Мөңкеге айтады: “Осы жігіттің үш жұрты бар дейді. Сондағы жаны ашитын, көз қырын салатын сол үш жұрттың қайсысы мақұл болады?” — депті. Сол кезде Мөңке би былай дейді:

“Құда үлкен, сосын қонақ үлкен деген, оны өзің шеш” — дейді. Мұны үшке дейін айтады, аяғында өзі шешетін болады. “Мақұл, айтайын” — дейді Сырым би. — Әуелі өз жұрты мақұл, сосын қайны жұрты мақұл. Ал үшінші нағашы жұрты мақұл болады” — депті.

Сонда Мөңкенің шәй құйып отырған он үш жасар қызы “өз жұрты мақұл” дегенде, оңға қарап басын бұрады. Сосын “қайын жұрты мақұл” дегенде, солға қарап басын бұрады, “нағашы жұрты мақұл” дегенде, басын еңкейтеді. Сонда Сырым би: — Қарағым-ай, мен қателестім бе? — деп қапаланып қалады. Сондағы қыздың берген жауабы: “Ата, сөзің жесір кетті, — дейді — жау жақыннан келеді. Жақын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды. Жақын адам күндейді. Ал қайны жұрты сыншыл болады, артық оның жәрдемі де жоқ. Жүдеп-жадап жүргенде, көз қырын салатын жігіттің нағашы жұрты ғой”, — депті /33-бет/.

Халық әдебиетінде Сырымды Кіші жүздің атақты Малайсары, Мөңке, Алдар, Әйтеке, Саржалақ, Есте, Үкі, Ақсуат, Төле билермен ақыл-кеңес алдырады. Олардан: көпшіл бол, халықтан қол үзбе деген баталар алады. Сырымға: “Досың кім, дұшпаның кім?” деген сауалдар қойылса керек. Сонда ол: “Досым — алаштың азаматы, дұшпаным — жаман туған туысқаным!” — десе керек /11-бет/.

*Орал қаласы, 1991 жыл*

## АҚЫРЗАМАН БОЛҒАНДА

Мөңке Тілеуұлы — өз заманының от ауызды, орақ тілді шешені болған адам. Халық арасында кезінде Мөңке би айтыпты деген асыл сөз, терең толғаулар, даулар үстінде айтылған әділ биліктер көп сақталған. Бидің қай уақытта туып, қайтыс болғанын тап басып айту қиын, дегенмен көнекөз карттардың әңгімелеріне құлақ түрсек, әйгілі Сырым Датұлы ат жалын тартып мінген бозбала шағында Жем бойын жайлап отырған, сексеннің үстіне шыққан аузы дуалы ақсақалдан бата алған екен. Демек, Мөңке бидің он сегізінші ғасырда жасаған адам екенін шамалаймыз. Ділмардың ұрпақтары қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар ауданында тұрады, бүгінде оның кіндігінен тараған үрім-бұтақтары рулы елге айналған. Ел арасынан “Мөңке атамыз әулие ғой, сәуегейдің кешегі айтқан түспалдары бүгінгі уақыттың шындығына айналды, болашақты қалай дәл болжаған, жерімізді шарпितын экологиялық апаттарға дейін алдын-ала білген” деген әңгімелерді естіп қаламыз.

Әрине, бидің келешек хақындағы толғауларында пессимистік, торығушылық сарын басым, “ақырзаманның” жақындауы, заманның азуы жайлы байламдары өзінен бұрынғы Асан қайғы, Бұқар жырау, кейінгі Шортанбай, Дулат, Албан Асан, Әбубәкір Кердерінің жыр-толғауларымен тоғысып жатады. Бұл ортақ сарынды тудырған сол кездегі тарихи-әлеуметтік себептер еді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатының күшке мініп, белең алуы өткенді аңсау мен сол кездері кең даланы шайқалтқан өзгерістер тосырқаушылық, торығушылық көңіл-күй туғызған болатын.

Біз бүгінгі Мөңке бидің “Ақырзаман болғанда” атты толғауын Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақталып келген нұсқасын /239-ыншы бума/ ел арасынан өзіміз жазып алған жаңа үлгімен толықтырып беріп отырмыз.

Ақырзаман болғанда:  
Түйе бұлан болар,  
Жылқы құлан болар,  
Өз бауырың суыған болар,

Қатын би болар,  
Сиыр пұл болар,  
Туған балалар қу болар,  
Тамағы сары су болар,  
Итке құйсаң — ит ішпес,  
Адам оған құмар болар.  
Үй ішінде неше жан болса,  
Бас-басына би болар,  
Тұтам ағаш ту бие болар,  
Бір жерде тұрған он шақты үй болса,  
Ат атасы аталып, бөлек-бөлек жүйе болар.  
Ыштат деген заң шығар,  
Екі ауылдың арасы арбамен дүбір болар,  
Екі үйдің арасы екеу-екеу сыбыр болар...  
Заманақыр болғанда:  
Ешкі тұяқ, кесік бас  
Етік шығар деп еді.  
Әкесінен баласы  
Жетік шығар деп еді.  
Қара жерді қақ жарып  
Еділ менен Жайық шығар деп еді.  
Қара судың үстінде  
Екі басы сүйреңдеген  
Қайық шығар деп еді.  
Қайықпенен аулайтын  
Балық шығар деп еді,  
Тәуірсінген жігіттер  
Атым шығар деп еді.  
Жалқы-жұман жігіттер  
Бір орысқа жүрдің деп,  
Налып шығар деп еді.  
Заманақыр болғанда:  
Су тартылар деп еді,  
Қарап тұрған жігітке  
Қыз артылар деп еді.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,  
Белбеу шығар деп еді.  
Салы орамал шыққанда  
Салқам болар заман деп еді,  
Тері орамал шыққанда  
Түрленер заман деп еді.  
Заманының болған шағында  
Мөңке би атаңның айтқаны келер.  
Заманның ақыры жақындағанда:  
Жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалады,

Сөздің маңызы кетіп, самалы қалады,  
Бидайдың ұны кетіп, сабаны қалады,  
Әйелдердің ұяты кетіп, ажары қалады,  
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалады,  
Жігіттің қайраты кетіп, базары қалады,  
Жақсының атағы кетіп, азабы қалады.  
Сол уақыттар болғанда  
Адамның жақсысы кетіп жаманы қалады.  
Сирек-сирек ел болады,  
Тырна қатар би болады,  
Шалқар көлдер жер болады.  
Адамның мейірманшылығы кетіп,  
Көзінің жасы көл болады.  
Шалқар көл мен өзеннің  
Үстінен сым тартылған жол болады,  
Басың аман, бауырын аман болғанда,  
Отырғаның да, көргенің де шер болады.

*"Ана тілі" газеті,  
1991 жыл, 10 қаңтар, №2*

*Шерхан МҰРТАЗА*

### **Абайлаңыздар!**

Мамырдың 26-сы күні Мәжіліс "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңның орындалуы жөнінде Парламенттік тыңдау өткізілген болатын. Төменде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның халық базушысы Шерхан Мұртазаның сол жиында сөйлеген сөзі.

Болашақ туралы Мөңке би баяғыда-ақ айтып кетті:

Құрамалы-жалғамалы үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ  
Ай сайын бас қосқан жиын болады, —

деп.

Тіл туралы соңғы он жылдан бері сан-сапалақ жиын өтті. Қаншама заң шықты, қаншама қаулы шықты. Пайдасы

шамалы. Біздің осы жиынымыз да сондай болмаса екен деп тілеймін. Мен осы жиыннан үміт күтемін.

Тағы да Мөңке би айтты:

Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады,  
Домалақ, домалақ түймедей дәрің болады.  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады.  
Дұдамалдау дінің болады, —

деді.

Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал, баяғы Мөңке бидің айтқанының бәрі келіп тұр.

Ала-шұбар тілден арыла алмадық. Дүдәмалдау дін деген қаптап кетті.

Мұның бәрінің басты себебі: ұлттық рухтың азғандығынан. Рух азса намыс тозады.

*“Егемен Қазақстан”,  
30 мамыр, 2000 жыл*



*Қали СӘРСЕНБАЙ*

**ШАЛ мен ШЕНЕУНІК**  
**қазақтың қарияларынан асқан астролог бар ма?**

Мөңке би — Мөңке Тілеуұлы шамамен 1675-1746 жылдар аралығында өмір сүрсе керек. Бүгінгі белгілі саясаткер Марат Тәжин бұ кісінің тікелей ұрпағы. Осы атамыз былай деп кейінгі көгенкөздеріне сөз тастапты. Манасшылап оқып көрейікші.

Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады,  
Домалақ, домалақ түймедей дәрің болады.  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады.  
Дұдамалдау дінің болады.  
Халықтың қанын сорған адамдар болады.  
Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады.  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады.  
Сарылып көлік тосасың,  
Құны жоқ қағазды судай шашасың.  
Соның бәрін көресің,

Көріп барып өлесің.  
... Бай құрып, бақсы азады,  
Кен көбейіп, бейшара озады,  
Қу моладан үйің болады,  
Қу баладан биің болады.  
Кебір — жерге теңеледі,  
Әйел — ерге теңеледі,  
Сиыр — өгізге теңеледі.  
Көл — теңізге теңеледі.  
Адам ақысыз жұмыс істемейді.  
Дүниені түрлеп кестелейді.  
Ащыны — ащы демейді,  
Сағынып тамақ жемейді.  
Тапқанын олжа дейді,  
Алхам білгенін молда дейді.  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.  
Үйі ішінде неше жан болса,  
Бас басына би болар,  
Тұтам ағаш ту бие болар.  
Бір жерде он шақты үй болса,  
Ата-анасы аталып,  
Бөлек-бөлек жүйе болар...  
... Шайдан басқа асы жоқ,  
Жақыннан басқа қасы жоқ,  
Лағынет қамыты мойнында  
Жұмыстан қолының босы жоқ,  
Әрқашан да олардың көңілінің хошы жоқ.  
Бар шаруа түп-түгел,  
Енді мұның иесі жоқ,  
Бас қосылған жерде  
Әйел жағы ден болар,  
Жаман-жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Жалпылдатып шаштарын,  
Тақымдары жылтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар.  
Орыс, қазақ қосылып,  
Бір-біріне үйір болар,  
Сөйткен заман кез болса  
Түзелуі қиын болар.  
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.

Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар.

Әрине, атамыздың бұл сөзінен жұрт өзінше пікір түйе жатар. Бізді еріксіз ойландыратыны — қария сөзінің бүгінге арнап айтылғандығы.

Тек бүгінін ойлап жатып, бүгінін ойлап оянатын шенеуніктер “атамыз солай деген екен” деп бірауық ойланар ма екен? Шал-шал, ата-баба деп отырғанымыз, осы сөзді айтқанда қазіргі Қалмырзаев, Тұрысбеков, Кәріпжанов, Жандосовтардың жасында болар-ау. Қазіргі шенеуніктер жұртты жазықты қылғаннан басқа бір жібі тұзу сөз айта алмай кететін шығар. Кешегі астролог-аталарымыз, шалдармен шатағы жоқ бүтінгі шенеуніктердің іс-әрекеті, болмысын қалай ғана тап басып кеткен. Біз осыдан 400 жыл бұрын өмір сүрген Нострадамусты жиі ауызға аламыз. Ал, кешегі арақ ішкен, бүлінген, былғанған совет шалы емес, осыдан үш жүз жыл бұрын өмір сүрген Мөңке бабамызбен шаруамыз жоқ.

*“Жас Алаш”,  
9 қараша, 1999 жыл  
Мыңнан бір мезет, №10*

## МӨҢКЕ БИДІҢ НОСТРАДАМУСТАН НЕСІ КЕМ?

... Атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың 1925 жылы Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шыққан “Ел қорғаны” атты бір перделі пьесасы бар. Бұл — Ақтөбе маңындағы азамат соғысы жылдарында болған оқиғаның негізінде жазылған, кешегі Кеңес өкіметінің келуімен бірге туған ел ішіндегі өзгерістерді баяндайтын, ақ пен қызылдың шайқасын, бір ұлттың бай мен кедей боп бөліну шындығын білдіретін драма.

Пьеса басталғанда сахнада екі-үш ақсақал-бай губерниядан келген жас большевиктің сөз сөйлеуін күтіп, әңгімелесіп отырады. “Бұл жастар ел билеп не оңдырады?” — деп түнілген бір ақсақал айтып аузын жиғанша, екіншісі:

- Не оңдырушы еді? Заманақырдың белгісі де.
- Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой.

Жас баладан биің болар,  
Жас балшықтан үйің болар,  
Ат жақсысы арбада болар,  
Жігіт жақсысы саудада болар, —

депті ғой өтерінде. Сол айтқанының бәрі келген жоқ па?... Рас айтасыз, әулие ғой олар, — деп іліп әкетеді.

Қазақ тарихында Мөңке есімді тұлғалар жоқ емес. Бірақ Жүсіпбек пьесасында мысалға алынған Мөңке биді кім деп білеміз. Айтайық. Ол — тарихқа шекті Мөңке би деген атпен енген адам. Сүйегі — алты арыс Әлім, оның Жаманақ /жанама аты — шекті/ аталығынан. Шекті жұртында:

Сұрасаң арғы атамды батыр Бөлек,  
Тірескен аспанменен бір бәйтерек.  
Ерегіс, екіталай іс болғанда,  
Талайлар паналаған көлеңкелеп, —

деген сөз бар. Ғасырлар бойғы шежіренің жеткізуінше, Жаманақтың Шыңғыс, Бәубек, Өріс және Мәку/Қалу/ атты

ұлдары болған. Осы Мәкуден /Қалудан/ Бөлек туған. Арғы тегі түптеп келгенде ноғайлының Мұса ханымен, Орақ, Мамай, Алшағыр, Сидак, Қарасай, Қазилармен қандас сол Бөлек батыр Айт, Бұжыр, Шоң деген перзенттер көрген. Айттан — Қабақ, Тілеу туған. Тілеудің бес ұлы болады. Олар — Есіркеміс, Алдаберді, Жолдыаяқ, Жақсымбет және біз айтып отырған Мөңке.

Мөңкенің әкесі — Тілеу Айтұлын даланың ауызша тарихнамасы да, хатталған қайсыбір құжаттар да қол бастаған жаужүрек батыр, Сайрам соғысының қаһарманы, күнде кеңес құрылған Күлтөбеде сөз алып, өз Тәуке таққа отырғанда хан көтеруге қатысқан, сүйегі бүгінде Түркістан түбінде жатқан, заманының заңғары болған қазақтың қаһарман ұлдарының бірі деп жеткізеді. Тілеу Сайрам соғысында опат болғанда, кенжесі — Мөңке тоғыз жасар бала екен деседі. Осыған сүйеніп әрі кейбір мұрағат құжаттарын тірек етіп қазір Мөңкенің дүниеге келген кезі — шамамен 1675 жыл деп айтылып қалып жүр. Ал қазіргі күндері алды 910 атаға жеткен ұрпақтары Мөңкенің 81 жыл ғұмыр кешкенін бабадан балаға жеткізіп келеді. Олай болса, Мөңке бидің дүниеден көшкен мезгілі — 1756 жыл деп жобалауға негіз бар.

Мөңке Тілеуұлының өзі өмір сүрген заманда ел билігіне араласқан қайраткер екенін жалпы жұртшылық жазушы Әбіш Кекілбаевтың “Елең-алаң” атты тарихи романынан білсе керек. Әбілқайыр хан ордасына Тевкелевтен соң төрт жылдан кейін қайта елші келіп, соның құрметіне бас қосқан жиында “елу бидің сары ала тобынын” ішінде шектінің Мөңке, Мойнақ, Мәметек, Айдаралы билерінің де есімдері аталатыны бар. Бұл — сол Мөңке. Шектінің бұрынғы, бүгінгі шежіресінде бұдан басқа Мөңке кездеспейді. Қазір оның есімі Тілеудің Мөңкесі деп аталатын бір рулы елдің басында тұр.

1748 жылы 5 қазанда Орта жүз бен Кіші жүз билері мен батырларының Нұралы сұлтанды Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарына хан етіп тағайындау туралы Елізавета ханымға хат жазғаны мәлім. “Сіздің мәртебелі құзырыңызға шын берілген Әбілқайыр хан бұл өмірден өтті, оның орнына біз мұрагерлік жолымен оның өз ұлы Нұралы сұлтанды сайладық. Біз ата салты бойынша Нұралы сұлтанды хан сайлағанымызбен, Сіздің ұлы мәртебелі патшалық жарлығыңызсыз хан тағына отырғыза алмаймыз. Сондықтан Сіздің императорлық ұлы мәртебеңізден Нұралы сұлтанды әкесі Әбілқайыр ханның орнына бас хан етіп тағайындау туралы жарлық шығаруыңызды және өзіңіздің императорлық алтын мөріңіз басылған грамотамен марапаттауыңызды адал берілгендікпен сұраймыз”, - деп басталатын осы хатқа шақшақ Жәнібек тархан.

керей Наурыз би, шакшак Қойсары, Жәлменбет билер, Құдайшүкір батыр, шөмекей Қыдай би, шекті Бапы би, Бактыбай би, Мойнақ би, Мәметек би және басқалармен бірге өз таңбасын басқандардың бірі — бұл кезде, біздің шамалауымызша, пайғамбар жасына жеткен осы Мөңке би болатын.

Мөңкенің ел басқару ісіне араласқанын білдіретін және бір деректі Әбілқайыр ханды өлтіру себептерін анықтау мақсатымен Кіші жүзге барған сапарынан қорытындылары туралы қалдырған тілмаш Я.Гуляевтың жазбасынан табамыз. Ол былай дейді: "... Қыркүйектің 27-сі күні ханшаға /яғни Бопайға — С.Б./ Жәнібек тархан келді... Сонда ол, Жәнібек, мұндағы билік ханша мен оның балаларының қолында болса, Орта жүздің билері мен батырлары бар билікті оған, Жәнібек тарханның қолына бергенін хабарлады. Яғни ол қандай ұйғарым айтса, басқалары соны мақұлдайды екен... Сол күні барлық әйгілі билер мен батырлар кенесе келіп, Батыр сұлтанды шақырып келуге төрт биді, атап айтқанда шөмекей руынан — Жанғана биді, шектіден Сырлыбайды және Бапы мен Мөңкені, шайқылар әулетінен Кебек мырзаны жұмсауға ұйғарым жасайды..."

Мөңкенің әлі де зерттеліп, зерделенуге тиісті мұндай қоғамдық өмірге тікелей қатысу қимылдарынан өзге, оның бабалық батасынан, ойшыл білгірлігінен, төрелік тоқтамынан, әділ жауабынан, өткір тілінен, азаматтық арнауынан, шешендік шеберлігінен, болжампаздығынан түзілген біршама мұра бар. Ел арасынан жинастыру арқылы қолға түскен, бірақ негізінен ауыз әдебиетінің ауқымында жатқан дүниелерден дуалы ауыз шешеннің сөз қадірін өз қадірі деп білген парасаты сезіледі, замана ауанын аңғарған дананың алғырлығы байқалады, кешегі мен бүгінді байыптаған әділ төрешінің көсемдігі танылады, сәуегей қарттың келешекті көздеген көрегендігі көрінеді.

Ел есінде жүрген ескі тәмсілдерге сүйенсек, Мөңке бидің аталы сөздері атақты Сырым батырмен сұхбаттасу сәтінде жиірек туғаны байқалады. Көбіне Сырымның Мөңкеден бата алуы, сәлем бере келуі, түсін жорытуы тұрғысында айтылады. Мұндай ауызекі әңгімелер екі бидің біреуін асқақтатып, екіншісін төменшіктетуді көздемейді, керісінше бұларда үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін қазақ табиғатына сәйкес, Мөңке мен Сырым бірінің сөзін бірі толықтырып, бірінің айтқанын бірі жандандырып, таратып түсіндіріп, ұғындырып жатады.

— Ертеректе Сырым батыр бес-алты серігімен жол жүріп келе жатып, Мөңке бидің ауылының үстінен түсіпті. Мұнда той қызып жатыр екен: кенже баласы аяқтанып, жаңа құдалар

да осында болып шығады. Жекжаттарымен қатар келіп қалған құдайы қонақтарды Мөңке өзі отырған үйге түсіреді. Астан соңғы бата беру сәтінде Сырым сөзін: “Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын”, — деп бітіреді. Бұған Мөңкенің құдасы түсініксіздей қалып, “алты шаңырақтың іргесі ажырамасынның сырын сұрайды”. Сонда Мөңке оған: “Құдай қалап, екеуміз жекжат болып отырмыз. Сенің қызың маған келін болып түсті. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі — келген жұрты, екіншісі — нағашы жұрты, үшіншісі — өз төркіні. Сол сияқты менің ұлым саған күйеу бала болады. Ол да үш шаңыраққа ие болады: өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Екі бала қосылып алты шаңырақ шығарып тұрған жоқ па? Осы алты шаңырақ аман болса, ешқашан іргесі ажырамаса, алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің аузы бір, ынтымағы берік болмай ма?” — деген екен.

Бұрынғы өткен тұлғалар әрекеті, олардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан аталы сөздері оқиғасы жағынан болсын, айтылу деңгейі тұрғысынан болсын, әдетте, бір-біріне ұқсас келіп жатады. Құйма құлақ естігенін ертеңге қарай жалғайтын қарапайым халық үшін бұл сөздің ең әуелі бірінші болып кімнің айтқанынынан гөрі оның тәрбиелік, тағылымдық, өнегелі әсері күшті.

Мәселен, Мөңкенің Сырымға түсін жорытуы туралы біз білетін және бір әңгіме бар. Бұл көпке белгілі Абылайханның түсіне ұқсас әңгіме болса да, баяндау барысы мен түйінделу дәрежесі тұрғысынан Мөңке би мен оның айналасындағы адамдардың білім-білігін біршама аша алатын ғақлия. Мөңке би түс көріп, сол түсін Сырым батырға жорытпақ болады.

— Бір жолы бәйгеге 40 ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. 30 ат қостым — біреуі де бәйгеден келмеді. 5 ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана қарақшыға аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түлкі шықты. Түлкіні жарғанда қоян шықты. Осыны жорып берші, — дейді Мөңке би.

Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарды. Бірақ, ол би үш рет шақыру жібергеннен кейін әрең келеді. Қыз түстің жайын білген соң Сырымға:

— Түсті жездеңе жорытпа, жиеніңе жорытпа, әйелге жорытпа деген сөз бар еді... Сонда да айтайын, — дейді. — Түс — адал түс, қияли түс, шайтан түс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ оның шешуі мынадай: “40 ат дегеніңіз — мұсылманның 40 парызы орындалмай қалатын заман болады екен; 30 аттың бәйгеден



Есенғали Жүгінісов «Энергия» дүкеніне орнатылған ескерткіш тақтаны ашуда





Мөңке бидің Ақтөбе қаласындағы ескерткіші. (Мүсінші Қ. Егізбай)



03.11.2003ж. Алаштың ардақты азаматы Мұхтар Құл-Мұхаммед Мөңкенің Ақтөбе қаласындағы ескерткішінің ашылу салтанатында. Ортада тұрғандар: мүсінші Қ. Егізбай, жазушы Т. Әбдіков, саясаткер М. Тәжин



Мөңке би ауылының белгісі. Белгіні орнатқан Есенғали Жүгінісов



Мұхамбетқазы Тәжин атындағы жаңа мектепке габродан жасалып қойылған белгі.  
Қойған Есенғали Мәштиұлы



Белгілі қоғам қайраткері,  
ғалым  
Мұхамбетқазы Тәжин



Еңбек Қызыл Ту орденді  
теміржолшы Мәшти Жүгінісұлы



Ленин орденді теміржолшы  
Мұхит Жаржанұлы



19.08.2000 жыл Түркістан қаласы. Тілеу ұрпақтары аталарының атына берілген көшенің ашылу салтанатында



Түркістандағы Шекті Тілеу, Жолдыаяқ батырлар атындағы көше

ШЕКТІ  
ТІЛЕУ,  
ЖОЛДАЯК

АХМЕТ АСАУИ  
КЕСЕЛЕСІНЕ ЖЕРЛЕНГЕН  
САЙРАМ СОҒЫСЫН  
(1881-1884) БАТҒАРЛАРЫ  
АТЫНДАҒЫ КАШЕ



Қабақ-Тілеу ұрпағы Жұбаназар Асанов 28.01.2004 жылы өзі орнатқан гранит белгінің қасында



Ақын Ертай Ашықбаев республикалық айтыстың өту барысын қортындылап тұр



Ұйымдастыру алқасының төрағасы, Меңке би ұрпағы Есенғали Жүгінісов бас жүлдеге тігілген «Жигули» автокөлігінің құжаты мен кілтін Қайнар Алақөзовке тасырып тұрған сәті



Мұқанбетқазы Тәжиннің жұбайы Роза апай мен немересі Мұрат Мұхамбетқазиев той үстінде



Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі С. Өлімбетов жазған «Тілеу батыр» картинасын қала әкіміне тапсыру салтанаты



Айтыста бәйге алғандар: (сол жақтан) Қайнар Алақөзов, Күмісай Сәрсенбаева, Бекарыс Нұрманов, Айбек Қалиев



Әнші Өмірқұл Айниязов  
Мәңкенің толғауын орындауда



Ақтөбе филармониясының  
әншісі Бекжанов Мирастың  
орындауында Сарышолақтың  
«Тілеу-Қабақ» әні





Бәйгеден аты келген Жаңабай Қобландиннің бас жүлде «Жигули» алған сәті



03.11.2003 ж. Солдан оңға қарай: Мөңке әулиенің портретін тұңғыш жасаған С. Өлімбетов, мүсінін жасаған Егізбай Құрақбай. Оң жақ шеттегі Мөңкенің елге танымал ұрпағы Алдияр ахунның туған немересі Жоламан Алдияров



Мөңке бидің тікелей ұрпағы, белгілі актер Ертай Кемал (ортада) «Мөңке би – дала данышпаны» қойылымында дайындық үстінде



Ақтөбе қаласындағы ұйымдастыру алқасы жұмыс үстінде



18.08.2000 ж. Түркістан қаласы. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде академик Мұрат Жұрыновтың басшылығымен өткен «Шекті Тілеу батыр Айтұлы – Сайрам соғысының қаһарманы» атты халықаралық кенференциядан көрініс



Мөңкеге қатысты іс-шараға жиналғандардың бір бөлігі




Қазақстан Республикасына грек-рим күресінен еңбек сіңірген жаттықтырушы, СССР спорт шебері Қайыржан Жанпейісов



Бокстан СССР спорт шебері Нұрлан Маштиев



Ауыл адамдары той үстінде



Ат бәйгесі



Өуеден құттықтау қағаздарын шашқан ұшақ

келмей қалатыны — 30 күн ораза ұстамайтын заман туады екен. 5 аттың төртеуі келмей, біреуі келгені — бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны — кісінікін тартып алып, ұрлап жейтін зорлықшыл заманның туатыны шығар; түлкі шыққаны — алдаушы мен арбаушы көбейетін, түлкідей бұлаңдаған заманның күтіп тұрғаны шығар; қоян шыққаны — ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар.” Осыны айтып болғаннан кейін Мөңке бидің қызы:

— Маған түс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билейтін заман келеді. Ол заманда әйелден ұят кетеді, еркектен намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры осында еді, — депті.

Мөңке биді тани түсуге жетелейтін тағы бір жәйт, атақты Мырзагүл Шыманұлының айтқан сөзінен бастау алған ой дер едік. Ол кісі кезінде: “Алдағы жүз жылдығын болжаған Мөңке өткен бізден”, — деген екен. Иә, Мөңкенің қайраткерлік билігінен де, тауып айтар шешендігінен де дәл осы алдағыны болжай білген сәуегейлік болмысы кім-кімді болса таңқалдырғаны сөзсіз. Биден қалған асыл сөздер Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей сияқты белгілі ақын-жыраулар шығармашылығының жыраулық үрдістерінен гөрі Асан қайғының кейбір философиялық-нақылдық толғамдарына, Бұқар жырау дәстүріндегі толғаулар, ғибратты ғақлияға жақын келеді. Бір кезде елдің ертеңін ойлаған Асан қайғы:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып жаман болар.  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Бабалардың дәурені тәмам болар, —

деп таусылса, Бұқар жырау:

Ай, заман-ай, заман-ай,  
Түсті мынау тұман-ай,  
Істің бәрі күмән-ай.  
Баспақ-тана жиылып,  
Фәни болған заман-ай,  
Арғымағын жоғалтып,  
Тай жүгірген заман-ай, —

деп толғанса, Мөңке толғамдары да белгілі бір дәрежеде солармен үндес. Ол осы айтылғандарды қисынды жалғастырып, Асан қайғы мен Бұқар жырау бейнелеген заманға

тереңдей түседі, заманның зары не болмақ дегенді болжауға тырысады. Сөйтіп мұндай мезгіл туғанда:

Көлдің суы бітіп, табаны қалар,  
Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар.  
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,  
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар.  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар.  
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
Сөйтіп, ақылы жоқ, санасыздың заманы болар, —

деп толғанады.

Жалпы, “Кер заманның”, келер заманның кейпі, болашақтың бейнесі — Мөңке би толғамдарының негізгі, үзілмес арқауы.

Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады,  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады... —

деп жалғасатын толғауының алғашқы сөзі де біз білерде: “Кер заманның кезінде...” деп басталатын. Мөңке би мұрасына ілкі ретте маңыз беріп, зерттеу аясына айналдырған белгілі ғалым, профессор Серік Негимов нақ осы толғамды “Келер заманның кейпін кемел көрегендікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Кесек ойлы кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар”, — деп бағалайды.

Не нәрсені болсын алдын ала, төгілген жорға жырмен болжау — адамның білімділігіне, өмірлік тағылым-тәжірибесіне, ең бастысы құдай берген талант-қабілетіне бай-

лашысты. Болжаудың да болжауы бар, алдын ала жасалған замани жорамал кейін нақты нәрселермен, заттармен, құбылыстармен сайма-сай түсіп жатса ғана айнымай келді деп айтуға болады.

Мөңке биден қалған сөздердің өлендік құрылысы, өлшемі мен ырғағы үйлесімді, мазмұн жағынан қоғамдық-саяси лириканың сипаттары байқалатын, сюжетсіз поэма элементтерін бойына сіңірген толғаулар. Профессор Серік Негимов айтқандай, оны “суреткерлік сипатына, эмоциялық-экспрессивтік қуатына” қарай бағалаумен бірге, бұлардың импровизациялық экспромттық, идеялық-мағыналық жағына да көбірек көз жіберген жөн.

Айталық, сөз кәдірін білетін сарабдал жазушы Жүсіпбек Аймауытов шығармасында алдын болжаған көреген кейпінде көрінетін “жарықтық Мөңке бидің” бір шумағы сол драманың да барлық мақсат-мұратын уысында ұстап тұрғандай сезілмей ме... Мөңке бидің сөздерін қазіргідей уайымы күшейіп тұрған отпелі заманға шендестіріп көрейікші:

- Мың сан ауызда жүрген “младотюркің” мен “новоказахың” — “жас баладан биің боларға” жауап болмаса нетті?!

- Торт қабырғасы түрегеліп шыға келетін қазіргі заманның жас балшықтан илеп салынған үйлері — ағаш керегелі, киіз дөдегелі алтықанат ақ боз үйдің көзден бұл-бұл ұшқанын айтпай ма?!

- Ат түгіл қамшысының қайда қалғанын білмейтін казактың ең жақсы көлігі — жаппай жаны темір жеңіл тұлпар болып жатқанда, бұдан 250 жылдай бұрын өмір сүрген Мөңке бабаның көліктің көкесі арбада болады деп айтып кеткеніне қалай таңқалмассың?!

- Ал бизнес пен коммерция көркейетін нарық заманында, өрине, қолынан іс келетін жігіттің жақсысы ғана, сұлтаны ғана саудада жүретініне шек болмаса керек.

- Тағы да Мөңке бидің “Кер заманның кезінде...” деп басталатын сөздеріне құлақ салайық.

Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады.  
Дұдамалдау дінің болады.  
Әйелің базаршы болады.  
Еркегің қазаншы болады.  
Жылқы жұлдыз болады.  
Қой күндыз болады.  
Кебір — жерге теңеледі.



Әйел — ерге теңеледі,  
Көл — теңізге теңеледі.  
Сиыр — өгізге теңеледі.  
Ақырзаман адамы —  
Сағынып тамақ жемейді,  
Ащыны — ашы демейді,  
Тапқанын олжа дейді,  
“Алһам” білгенін молда дейді.  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.  
Сарылып келіп тосады,  
Құны жоқ қағазды судай шашады...—

деп толғанған би сөзін, әрине, әркім өзінше қабылдауға хақылы; бірақ оны бүгінгі күннің тірлігінен тыс түр деп айта алмасымыз айғақ. Астарына абайлап үңілсеңіз, жаны бар жырлар екендігі күмән тудырмайды. Мөңке бидің:

Ақыр заман халқының  
Шайдан басқа асы жоқ,  
Жақыннан басқа қасы жоқ.  
Лағынет қамыты мойнында,  
Жұмыстан қолының босы жоқ.  
Әрқашан да олардың  
Көңілінің хошы жоқ.  
Бар шаруасы түп-түтел,  
Енді мұның несі жоқ...

деген сөздері, болмаса:

Заман ақыр боларда —  
Жер тақыр болар,  
Халқы пақыр болар.  
Балалар жетім болар,  
Әйелдер жесір болар,  
“Ә” десе “мә” дейтін кесір болар.  
Бас қосылған жерлерде,  
Әйел жағы ден болар,  
Жаман-жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Жалпылдатып шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар,

Сөйткен заман кез болса,  
Түзелуі қиын болар, —

деп толғанғаны, қалай айтсақ та, ойлантпай қоймайды.

Әдебиет тарихындағы “зар заман” кезеңінің көрнекті өкілі болып саналатын адам Шортанбай Қанайұлы екенін қазір біз жақсы білеміз. Оның шығармаларында бір кезде Бұқар жырлап, Мөңке болжап кеткен кезеңнің суреті нақты айқындала түседі. Шортанбайдың:

Әр нәрсенің болжалы,  
Бірте-бірте тарайды.  
Адыра қалған Сарыарқа,  
Болмайын деп баянды.  
Еділді алды, елді алды,  
Есілді алды, жерді алды.  
Енді алмаған не қалды... —

деген толғанысы Мөңке сияқты, басқа да өзінен бұрынғылар айтып кеткен ақиқаттың алдыдан шыққаны емес пе?

Сондай-ақ бір кездегі болжамнан туған осы өмір шындығы беріш Мұрат Мөңкеұлының, кердері ӘбуБәкірдің, басқа да ақын-жыраулардың кейбір жырларынан табуға болады. Жазу-сызу үрдіске енбеген тұстағы мұндай идеялық-стильдік ұқсастық ауыз әдебиетінің тарихи-ауыспалы сипатынан шығатыны мәлім.

Мөңке биі есімі жеке-дара оқшауланып баяндалмаса да, қазақ тарихына қатысты әдебиеттерде, шежірешілер жылнамасында, ақын-жыраулар шығармаларында, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде атап көрсетіліп жүр. Мысалы, академик Ахмет Жұбанов “Замана бұлбұлдары” кітабында Сары Батақұлы туралы очеркінде “Сарының өскен ортасы басқа қазақтың мал баққан ауылындай тек күйрық пен мүйіз санап өткендер емес, өнердің де базары болды. Аталары Мөңке би өз заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған” деп атап өтеді. Атақты Балқы Базар жырау:

Тәңірі артық жаратқан,  
Аузына халқын қаратқан,  
Қара қылды қақ жарған,  
Алдынан топты таратқан —  
Мөңке, Төле, Қазыбек,  
Әйтеке алшын, би Кебек... —

деп толғанса, Сарышолақ шайыр Боранбайұлы:

Тілеудің ұлы Мөңке еді,  
Алты Алашқа би болған,  
Қара мойын серке еді,  
Ақылы зерек әулие,  
Қиынға көңіл сілтеді, —

деп жар салады, ал оны Нұрпейіс Байғанин:

Тілеуімнің ішінде  
Әулие өткен Мөңке би ...—

деп жалғастырады.

Ағартушылық бағыттағы кітаби ақын саналатын Нұржан Наушабаевтың “Шекті Мөңке бидің сөзі” деп аталатын қолжазбасы да бидің мұрасын насихаттауға қызмет етеді. Мұнда шығыстық нәзира үрдісі байқалғанымен, Нұржан Наушабаев “Мөңке бидің сөзі бұл” деп былай толғанады:

Құбыладан шыққан күн,  
Жанып шығар деп еді.  
Жалғаны жоқ бұл сөзім  
Анық шығар деп еді.  
Балғын-балғын көлдерден,  
Балық шығар деп еді.  
Екі басы қайқайып,  
Қайық шығар деп еді.  
Қазақ, сенің сорыңа  
Қырда — коқан, ойда — орыс,  
Жарып шығар деп еді...

Толғаудың баяндау мәнерін, сөз болатын нәрселердің Мөңке бидің айтып кеткендеріне қолда бар дүниелермен салыстыра отырып ескеретін болсақ, мұны Мөңке бидің төл туындысының нәзиралық тәсілмен қайта жырлануы деп қабылдауға болады.

Мөңке би сөздерінің және бір жұрнағын көрнекті ақын, этнограф-ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинастырған ескі әдебиет үлгілерінен кездестіре аламыз. Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің сөздері деп айдарланған бұл нұсқаның көп сөздері Нұржан Наушабаев толғауына ұқсас келеді. Бірақ, онда жаңа сөздердің қосылғаны, Нұржан ақын айтқан кейбір егіз жолдар төрт жол болып толыққаны, өлеңнің буын санында да ішінара өзгерістер бар екендігі байқалады. Толғаудың:

Азарсын, жұртым, азарсын,  
Азарыңның белгісі —

дел басталуын кейінгі айтушылардың қосқаны, құлақтан құлаққа жеткенше өзгеріп, өңделіп баруы деп қараған жөн. Мәшһүр Жүсіп нұсқасында Мөңке би өзіне тән сөз саптауымен көрінген. Соның бірсыпырасы мынадай:

Қылмысы жаққан қылықты,  
Алып шығар деп еді.  
Қылмысы жақпас қырсықты  
Екі етігі су болып,  
Бір жаратқан тәңірге  
Налып шығар деп еді.  
Ауылдарын шу қылған,  
Жаулықтарын ту қылған,  
Зайып шығар деп еді.  
Келіні — айғыр, кемпірі —  
Саяқ шығар деп еді.  
Бір уысқа толмайтын  
Аяқ шығар деп еді.  
Бұзау, тайынша, танаға,  
Жүк арғылар деп еді.  
Ағып жатқан дарияда,  
Су тартылар деп еді.

Мәшһүр Жүсіптің Мөңке бидің сөздерін бұлайша хатқа түсіруін оның өмірбаяндық деректерімен де байланыстыра қараған дұрыс. Өткен ғасырдың бас кезінде өзі туып-өскен мекенде жергілікті билік тарапынан қудалауға түскен ақынның жырақтап, Еділ мен Жайық арасындағы қазақ ауылдарын паналағаны белгілі. Ал бұл өлкеге шекті Мөңке бидің сөзі ежелден мәлім болғандықтан, Мәшһүрдің мұны сол кезде ел аузынан жазып алуы мүмкін екендігі күмән тудырмаса керек.

Ел ішінде елес боп жүрген мұндай сөздер аз емес. Бұлар — жады мықты жандардың жаттауымен ғана бүгінге жетіп отырған Мөңке би сөздерінің бір парасы. Өйткені Мөңке бидің сөз мұрасы ішінара болмаса, бұрын-соңды тікелей қолға алынып, дәйекті жиналып, құнтталып хатталмаған. Сол себепті әр жерде айтылған, естілген күйінде қалып қойған. Жазылып алынып, кейбір тектес жинақтарда жарияланып жүргендері де ғылыми тұрғыда сарапталып болған жоқ, сондықтан кейде авторлар тарапынан дәлсіздік, ішінара қайталау байқалып жатады. Бұл сөздерді жетім қалдырмай, одан әрі нақтылап,

мәтіндік тұрғыда саралай түсу — ілгері күндердің үміті болмақ.

Бүгінгі қоғамымызда Мөңке биді танып білуге деген күштарлық оянғанын ойға сала кеткіміз келеді. Белгілі журналист Қали Сөрсенбайдың “Шал мен шенуінік” атты жарияланымы (“Жас Алаш”, 9.11.99) осы бағыттағы оң қадам болды. Алғаш рет “қасиет қонған кара шалдың” “тап бүгінге арнап айтылған” сөздері жарияланып, автор кара магия иесі Нострадамусты ауызға жиі алғанша, табиғатынан таза тұлға Мөңке бабамызға неге жүгінбейміз деген әдемі ой тастады.

Парламент Мәжілісінің депутаты, Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның “Абайлаңыздар!” (“Егемен Қазақстан”, 30.05.2000) атты мақаласын Мөңке бидің:

Құрамалы-жалғамалы үйің болады,  
Аумалы-төкпелі биің болады,  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Күн де бас қосқан жиын болады, —

деген сөздерінен бастауы, өз ойын: “Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал баяғы Мөңке бидің айтқанының бәрі келіп тұр”, — деп аяқтауы би мұрасына деген жалпы жұртшылықтың өзгеше ықыласын тудырды.

Сайып келгенде, Мөңке баба соңына қалдырған сөздерінде келер күндерге “кер заман”, “ақырзаман” деп ең таққанымен, мұның бәрінің арты қайыр болып, түбі жақсылыққа ұштасатынын да болжаған тәрізді. Оның:

Күндердің күнінде айтарлықтай заман туады,  
Сол заман жоқшылықтың бәрін қуады.  
Түрлі-түрлі халық болады,  
Күндіз-түні жарық болады, —

деген ойларын өз басымыз бүгінгі қазақ баласының тарихи отанында кешігіп жатқан тәуелсіз күндеріне жоримыз. Ал Мөңке бидің ата жұртындағы Ақтөбе, Шалқар қалаларында көше атының берілуі, ескерткішін орнату жайындағы мәселе — сол “күндіз-түні жарық боладының” бастамасы шығар.

*“Егемен Қазақстан” 29.11.2000*

## СҰҢҚАРДАН СҰҢҚАР ТУАДЫ

Бұл дүниеде қоғамдық, мемлекеттік құрылымдардың қандайы да мәңгілік оға бермеген. Сонда да ұйыған ұлт ретінде емес, жинақталған халық болып қалыптасуымыздың патшалы Ресейге отар болуымызға дейінгі кезеңдері тұрмысымыздың барлық салаларында айқын із қалдырған замандар екені даусыз. Қазақтың қазақылық әдет-ғұрпы, салт-санасы әбден қалыптасып, менталитетке айналғаны да сол отаршылдыққа дейінгі уақыт. Ұлт өзін өзі таныған, өзіне өзі сенген жерде танымал тұлғалар мен сенімді перзенттер пайда болады. Батыр қара Тілеу белбаласы Жолдыаяқ екеуі он сегіз мың қолды бастап, Сайрам соғысына кіргенде қазақтың елі мен жері үшін қабырғалары қайысқасын кірді. Қолда бар құжаттар дәлелдегендей Тілеу найза ұстаса асқан батыр, сөз алса шешен де қосем кісі екен — әз-Тәукені хан сайларда билік айту үшін шынында да “адамның сұңқары” деген атақ алу керек шығар. Ендеше, сұңқардан сұңқар тууы заңды. Бірақ “сарқыт қалдырмай жем жемейтін сұңқарлар” текті ортада, тегін емес жерлерде жүреді. Тағы айтамын, Тілеу батыр мен оның баласы Мәңке қазақтың елдік рухы биіктеген тұста соған лайық болып қалықтаған сұңқарлар еді. Ол кезде екеуінің де ат үстінен түспей жүріп алысқаны — жер ыңғайы, тіршілік иініне қарай бірде дос, бірде қас, әрі көшпенді түбіміз Алтайдан барып қосылатын қалмақтар ғана еді.

Мен бұл жерде бөлектенудің әңгімесін айтпайын деп отырғаным жоқ. Ресей қашаннан қуатты, үлкен мәдениеттің елі. Ол адамзат дамуының бүкіл барысында жан-жағына өркендеу мен өрістеудің көп үлгісін берген жұрт. Бірақ сол жұртты асқақтататын да, аздыратын да, көп жағдайда, оның Иван Грозный, Петр бірінші, Александр мен Николайлар, Сталин секілді билеушілері. Ресейдің осылар секілді қатал да билік иелері шамамен, он бірінші ғасырдан бастап өзінің сыртқы саясатында өзге елдер мен жерлерді “берсе қолынан, бермесе жолынан” иелікке алудың негізін салды. Бұл — зорлықпен өзгені де бүлдіретін, өзі де бүлінбей тынбайтын

кесапаты ауыр саясат еді. Сол отаршылдық қазақ даласына Мөңке би өмір сүрген тұста жетіп болмаған-ды, бірақ оның жетпей қоймайтынын сезінген данышпан оның арғы жағының азу екенін дәл айтты.

Зерделі ұрпақтарының зерттеуі, ізденуімен екі жарым ғасырдан кейін арамызға барша кемеңгерлігімен қайта оралған Мөңке бидің көргендігі мен ғұламалығына бұл күнде алты алаш жұрты түгел танданулы. Алайда оны тану тек таңқалумен ғана аяқталса, онда ол сол баяғы етіміз үйренген, кейін ұмытылатын көп аңыздарының бірі болады да қалады. Мөңке би болса бізге аңыз үшін емес, бүгінгі де, ертеңгі де ұрпақтарына керек өнеге, бүгін де, ертең де елінің мұраттарына қызмет ететін даналықтың үлгісі болуы тиіс. Әйтпесе ең кемі, екі ғасыр алдағысын мөлдіретіп айтып берген адам бір кезде шекті аталған шағын ауылдың маңынан шыға алмай қалуы әбден мүмкін. Онда ол ұлы перзенттің аруағына обал.

Біз өзіміздегіні өзіміз бар екен-ау деп көрмеген, ұлы екен-ау деп мойындамаған, пір екен деп қадыр тұтпаған, ірі екен деп танымаған жұртпыз. Біз қазір еске түскен батырларымыз бен билерімізді көбейтіп жүрген жоқпыз, біз оларды бөлшектеп, ұсақтатып, ауыл-ауылға, ру-руға қуып тығып жатырмыз. Екі ғасырын ойлаған Мөңке би әйтпесе қай елдің ұлыларынан кем түседі?! Олар неше замандар бойы Леонардо да Винчи мен Нострадамусын, Гиппократы мен Гетесін, Копернигі мен Ломоносовын... мақтаныш етіп, ұрпақтарын сол ғажайып есімдерге сәйкесті етіп тәрбиелеумен келеді. Ал біз Жер дейтін жарықтыққа жаңылыс келіп, жақсысыз ғұмыр кешуге жазылған жұрт секілдіміз. Жақсыларымыз да, жайсаңдарымыз да бола тұра солай істейміз. Фарабилері, Мұхаммед Хайдары, Өтейбойдағы, Мөңкесі бар жұрт адамзат көтерілген биіктен лайықты орнын іздеуге әбден қақылы.

Мөңке — ерекше зерттеуді қажет ететін тұлға. Онда тарих жоқ, бірақ ғылым бар, есеп жоқ, бірақ терең сезіну бар. Бүгінгі футурологиямен байланысты глобалистика дейтін зерттеулер дүние жүзінде тек өткен ғасырдың екінші жартысынан кейін ғана пайда бола бастады. Футурология жер бетінде тіршілік атаулының, әсіресе адаммен байланысты тіршіліктің көп ұзамай бір жола жойылып кету қаупін барған сайын көз жеткізе дәлелдеуде. Отын-энергетика мен азық-түліктегі, экология мен демографиядағы дағдарыстар, дүние жүзіндегі ұлы ойшыл-ғалымдарының есептеулеріне қарағанда, әлемді жыл сайын емес, күн сайын құлақ естіп, көз көрмеген катастрофаға жақындатып келеді. Осының үстіне әлемге екі мың жыл бойы тұрақтаған балық дәуірі Суқүйғышпен алмасқалы тұр. Бұл — адамдардың өзгеше құндылықтар мен

басқаша менталитетке, өмір салтына ауысатын тағы да екі мың жылы деген сөз. Әйгілі ғалымдар Герман Кан, Аурклио Печчеи, Элвин Тоффлер, олардан сәл бұрынырақ Освальд Шпенглер әлгі айтылған факторларды негізге алып, ақыр заманның алыс еместігін айқындап берді. Қазір дүние олардың растығын амалсыз мойындап отыр. Отын-энергетиканың да, азық-түліктің де, экология мен демографияның да, егер жағдай осылай бола берсе, бүліншілікке апаратыны рас, алайда негізгі қауіп — Мөңке би айтқан жаппай азған, тозған адамдардан. Жоғарыдағы есімдері аталған ғалымдардың да ортақ пікірі осы. Бірақ ол ғалымдар мұны ХХ ғасырдың екінші жартысында айтты. Мөңке би оны олардан екі ғасыр бұрын шегелеп айтып кеткен.

Адамдар бір-біріне деген өшпенділігінде хайуанға айналған бүгінгі жағдайда ертеңгі жалпыға бірдей тіршілік туралы ойлайды екен деудің өзі артық. Мөңке би: “Құрамалы, қорғанды үйің болады, айнымалы төкпелі биің болады” деді ме, деді. Коррупция бар ма, бар. Көп пе? Иә, өте көп. Біз күні кешегі социализмнен “халыққа бір тиын пайдасы жоқ, ай сайын бас қосқан жиыннан” шықтық. “Ішкеніміз сары су, берсе ит ішпейтінінің” де бір өтірігі жоқ. “Алашұбар тілін болады, дүдомалдау дінің болады” — мұны кімге айтылған деудің өзі орынсыз.

Мөңкені ойға алу, қадырлеу—бәріміз де Мөңке болайық деу емес, әйгілі би секілді екі ғасырды алға салып болжау екінің бірінің қолынан келмейді, мәселе — мынау күрделі шақта тым болмаса күні ертеңімізді ойлап есеюде, адамзатқа азған адамдар әкеле жатқан ақырзаманға үрейлі “үлесімізді” қоспауда. Адам баласы кола балтаны қолға ұстағаннан арман қылған техникалық прогресс, ақыр соңына ми мен қимыл істерін алмастырып, адамның өзін шетке лақтырды. Бірақ прогресс нені алмастырса да сезімді алмастыруы мүмкін емес. Жаратқанның адамға деген өлшеусіз сыйы осы еді. Енді осыны сол техника “жетістіктері” түбегейлі талқандап өте ме деген де қорқыныш бар, өйткені сезімнің ең жақын жүретін жері туыстық, бұл жөнінен де Мөңкенің 250 жыл бұрынғы сөздері расқа шығып тұрғандығы шошындырады: “Ішіне шынтақ айналмайтын Ежірей деген ұлын болады. Ақыл айтсаң ауырып қалатын Бежірей деген қызың болады. Алдынды кес-кестеп өтетін Кскірей деген келінің болады”, Болды.

Дүниеде неміз бар, әуелі өз елімізді келістіріп алайық. Елімізде неміз бар, алдымен отбасымызды жөнлеп алайық. Отбасымызды... жоқ, біз алдымен осы өзіміз дұрыс па екенбіз? Мөңке би осыларды еске түсіреді. Тіршілікке қауіп — адамнан.

Ертең бүкіл түркі жұртының қасиетті орны — Түркістанда.



онын 1500 жылдығы аясында, Сайрам шайқасының батырлары “адамның сұңқары” атанған Тілеу мен оның баласы Жолдыаяқты салтанатты жағдайда еске түсірудің екі күндік шаралары өтеді. Әкелі-балалы батырлар енді Қожа Ахмет Йассауидің кесенесінде жерленгендіктен шейіт болғандардың тізіміне қосылып, Түркістан қаласынан көше атауын алды. Ал Тілеудің кенже баласы, алты алашын көрегендігімен тандандырған, сол алты алашқа ортақ ұлы перзент — Мөңке биге, көп ұзамай, Ақтөбе қаласында ескерткіш орнатылады. Орыны — Астана еді. Елге лайық ірілік бізге қашан келер екен?..

*“Ақтөбе” Газеті, 17 тамыз 2000 жыл.*

## “ҚҰДАЙ АУЗЫҢЫЗҒА САЛСА...”

атты бәйгені Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Үштаған аулының тұрғындары Ахмет, Эльенора, Әмір әулеті жеңіп алды. Жеңімпаздардың жауап мәтіні төмендегідей:

“Жаратушы өз пенделеріне бүгінгі заман көрінісін алдына ескерту мақсатында 1675-1746 ж. өмір сүрген Мөңке биге мына толғауларды айтқызған деп ойлаймыз:

...Құрамалы қорғанды үйің болады,  
Айнымалы-төкпелі биің болады.  
Халқыңа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын қосылған жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын,  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтса ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады.  
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмес көрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады.  
Халықтың қанын сорған адамдар болады,  
Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады,—

деп, үш жүз жыл бұрын-ақ біздің заманымызды көрегендікпен жырлағанына таңданамыз және таңдана отырып “осындай көріпкелдік толғауы бар ұрпақ біле тұра неге адасты?” деген сұраққа жауап іздейміз.

*“Жас Алаш”, “Мыңнан бір мезет”,  
25.07.2000 ж.*

## ЗАВЕТЫ БИЯ МОНКЕ

### Предания старины глубокой

Великий мыслитель, степной философ Асанкайгы жил в XV столетии и стоял у истоков становления Казахского ханства. Монке Тлеуулы /1675-1756/ достойно продолжил эту философскую традицию. Многие заветы, назидания, предсказания ясновидца, мудреца, поэта, знаменитого бия Монке насыщены прозорливостью, служат обществу и поныне.

Порождает, что сбылись многие предположения бия Монке. Сын Тлеу-героя битвы с жунгарами на Сайраме, полководца, влиятельного политика, участвовавшего в выборах хана пречистого Тауке, человека, имевшего огромный авторитет и в наших краях, и по всей казахской степи, Монке тоже был знаменитым бием, человеком, внесшим немалый вклад в общественную жизнь своего времени.

Два года назад молодые ученые Абат Пангереев и Жуманазар Асанов выпустили книгу "Заветы бия Монке". Думаем, любопытный, неравнодушный и дотошный читатель найдет в этой книжечке немало полезного и важного для себя. Мы же лишь хотим здесь совершить пересказ ряда поддающихся переводу и имеющих воспитательный смысл преданий и историй, связанных с именем знаменитого бия.

Имя Монке было известно всей Казахии как имя человека остроумного, способного дать мгновенный изящный ответ на любой вопрос. Видимо, не случайно акын Балкы ставит его имя первым в ряду самых знаменитых биев Казахии:

Монке, Толе, Казыбек,  
Айтеке-алшын, би Кебек...

Вот некоторые из историй, связанных с именем Монке.

\*\*\*

Как-то Тлеу выехал в дорогу вместе со своим восмилетним сыном Монке. Пал густой туман, и они сбились с пути.

Лишь на следующий день они выбрались к следу одинокого жилья в пустынной степи. И поехали дальше по следу кочевья этой семьи. Вглядываясь в следы, мальчик Монке сказал:

— У них есть десять коз, один крупный серый козел и черный куцехвостый пес.

Проехали еще немного.

— Отец, у них есть единственный верблюд, он слеп на правый глаз,— сказал мальчик.

Еще через некоторое время мальчик заметил:

— Женщина этого дома на сносях.

— Голубчик о чем ты все говоришь? — спросил отец.

— Об этом откочевавшем доме, — ответил мальчик.

Вскоре они догнали кочевье. Оказалось, как и говорил мальчик, у этой семьи было десять коз, один серый козел, куцехвостый черный пес и слепой верблюд.

Тлеу поразился прозорливости своего восьмилетнего сына и спросил:

— Как ты узнал все это, сынок?

— Там, где было прежнее стойбище, я заметил десять мест, где лежали козы,— ответил мальчик. — В самом центре, не подпуская к себе никого, возлежал серый козел. Что он козел, я понял по вмятинам на песке. Что он серый, понял по шерстинкам, оставшимся на земле.

— А как ты узнал, что верблюд слеп на правый глаз?— спросил отец.

— Он щипал по дороге траву лишь с левой стороны, а справа не трогал.

— А как ты узнал что женщина на сносях?

— В дороге она справляла нужду, а вставая, оперлась о песок обеими руками, — ответил Монке.

\*\*\*

Некий жигит очень мечтал повидать бия Монке и приехал к нему. Едва он вошел, Монке сказал:

— Лис ты, мой проходи садись.

Подали чай. После нескольких пиал Монке сказал:

— Говори, мой критик.

Жигит промолчал, не понимая. Потом засобирался.

— Что ж, счастливо доехать, мой певец, передавай привет родным и близким, — сказал Монке.

Тогда жигит спросил:

— Вы мне сказали три непонятных слова. Что вы имели в виду?

— Ты пришел, волнуясь и виляя, как лис. Каждый гость

## ЗАВЕТЫ БИЯ МОНКЕ

### Предания старины глубокой

Великий мыслитель, степной философ Асанкайгы жил в XV столетии и стоял у истоков становления Казахского ханства. Монке Тлеуулы /1675-1756/ достойно продолжил эту философскую традицию. Многие заветы, назидания, предсказания ясновидца, мудреца, поэта, знаменитого бия Монке насыщены прозорливостью, служат обществу и поныне.

Порождает, что сбылись многие предположения бия Монке. Сын Тлеу-героя битвы с джунгарами на Сайраме, полководца, влиятельного политика, участвовавшего в выборах хана пречистого Тауке, человека, имевшего огромный авторитет и в наших краях, и по всей казахской степи, Монке тоже был знаменитым бием, человеком, внесшим немалый вклад в общественную жизнь своего времени.

Два года назад молодые ученые Абат Пангереев и Жуманазар Асанов выпустили книгу "Заветы бия Монке". Думаем, любопытный, равнодушный дотошный читатель найдет в этой книжечке немало полезного и важного для себя. Мы же лишь хотим здесь совершить пересказ ряда поддающихся переводу и имеющих воспитательный смысл преданий и историй, связанных с именем знаменитого бия.

Имя Монке было известно всей Казахии как имя человека остроумного, способного дать мгновенный изящный ответ на любой вопрос. Видимо, не случайно акын Балкы ставит его имя первым в ряду самых знаменитых биев Казахии:

Монке, Толе, Казыбек,  
Айтеке-алшын, би Кебек...

Вот некоторые из историй, связанных с именем Монке.



Как-то Тлеу выехал в дорогу вместе со своим восьмилетним сыном Монке. Пал густой туман, и они сблизись с пути.

Лишь на следующий день они выбрались к следу одинокого жилья в пустынной степи. И поехали дальше по следу кочевья этой семьи. Вглядываясь в следы, мальчик Монке сказал:

— У них есть десять коз, один крупный серый козел и черный куцехвостый пес.

Проехали еще немного.

— Отец, у них есть единственный верблюд, он слеп на правый глаз, — сказал мальчик.

Еще через некоторое время мальчик заметил:

— Женщина этого дома на сносях.

— Голубчик о чем ты все говоришь? — спросил отец.

— Об этом откочевавшем доме, — ответил мальчик.

Вскоре они догнали кочевье. Оказалось, как и говорил мальчик, у этой семьи было десять коз, один серый козел, куцехвостый черный пес и слепой верблюд.

Тлеу поразился прозорливости своего восьмилетнего сына и спросил:

— Как ты узнал все это, сынок?

— Там, где было прежнее стойбище, я заметил десять мест, где лежали козы, — ответил мальчик. — В самом центре, не подпуская к себе никого, возлежал серый козел. Что он козел, я понял по вмятинам на песке. Что он серый, понял по шерстинкам, оставшимся на земле.

— А как ты узнал, что верблюд слеп на правый глаз? — спросил отец.

— Он щипал по дороге траву лишь с левой стороны, а справа не трогал.

— А как ты узнал что женщина на сносях?

— В дороге она справляла нужду, а вставая, оперлась о песок обеими руками, — ответил Монке.

\*\*\*

Некий жигит очень мечтал повидать бия Монке и приехал к нему. Едва он вошел, Монке сказал:

— Лис ты, мой проходи садись.

Подали чай. После нескольких пиал Монке сказал:

— Говори, мой критик.

Жигит промолчал, не понимая. Потом засобирился.

— Что ж, счастливо доехать, мой певец, передавай привет родным и близким, — сказал Монке.

Тогда жигит спросил:

— Вы мне сказали три непонятных слова. Что вы имели в виду?

— Ты пришел, волнуясь и виляя, как лис. Каждый гость

входить в чужой дом, волнуясь. Я имел в виду это. Каждый гость, чуть посидев, начинает разглядывать и оценивать обстановку дома. Потому я назвал тебя критиком. Уехав, гость на распев рассказывает другим о том, что видел и слышал. Потому я назвал тебя певцом.

\*\*\*

Как-то знаменитый батыр и бий Сырым Датов с шестью своими спутниками заехал в аул бия Монке. Тот в это время женил младшего сына и принимал своих новых сватов. Едва заслышав о приезде проезжих гостей, Монке распорядился принять их в своей юрте. После угощения попросил у них по обычаю бата-благословение.

Сырым свои пожелания завершил словами:

— Да царит согласие меж шестью домами. Аминь!

После бата сват бия Монке сказал:

— Я не понял пожелания гостя. Он сказал: “Да царит согласие меж шестью домами”. Спутников у гостя шестеро. Они главы шести домов. Говорит ли гость о согласии меж этими шести домами? Или же, здесь поставлено шесть белых шатров, в них живут шесть семей, говорит гость о них?

Тогда Монке ответил, глядя на Сырыма:

— С шести лет Сырым знаменит в народе. Еще тогда говорили: впереди него буря, позади него вихрь. И вот он приехал случайно в час нашей радости. А теперь скажу о смысле бата бия Сырыма. Мы с вами породнились. Наши дети соединили судьбы. Твоя дочь стала моей снохой. У нее теперь три родственных дома. Первый — родня по мужу, второй — родня по матери, третий — родня по крови. И мой сын стал твоим зятем. И он теперь обрел три дома. Свою родню, родню жены и родню матери. Так, соединив судьбы, дети наши породнили шесть домов. Если меж ними будет царить согласие, родство наше углубится в века. Если будет царить согласие меж этими шестью домами, то будут дружны и шесть родов, составляющих эти дома. Потому и говорят: “Сват — на тысячу лет”.

\*\*\*

Однажды, когда Сырым еще раз заехал к Монке, старец попросил его растолковать свой сон.

— Во сне я пустил на байгу 40 коней и ни один из них не пришел первым. Пустил 30 коней, не пришел ни один. Пустил 5 коней, не пришли первыми 4. Пришел один, пришел и пал, успели зарезать. Когда зарезали и распороли брюхо,

оттуда вышел лев. Распороли брюхо льву — оттуда вышел волк. Распороли брюхо волку — вышла лиса. Из брюха лисы вышел заяц. Разгадай мне этот сон.

Тогда Сырым ответил:

“Есть ваши слова: “Почетен гость, затем почетен сват”. Пусть этот сон растолкует ваша выданная замуж дочь Шынар”.

Пришлось исполнить желание гостя. Трижды посылали человека в аул Шынар. Лишь в третий раз она насилу явилась. Узнав суть сна, она сказала Сырым:

— Разве вы не знаете, батыр-ага, что казахи говорят, не проси растолковать сон ни зятя, ни племянника, не женщину, проси большого муллу или ученого?

Сырым не нашелся с ответом. Дочь Монке не стала томить гостя.

— Сны делятся на три вида, — сказала она. — Чистый, правильный сон называется “рахми”. Это благой сон. Второй — сон грез. Он снится оттого, что думаешь о чем-то. Третий сон — шайтаний. О нем сказать не могу. А толкование сна отца моего такое: 40 коней означает, что наступят времена, когда останутся неисполняемыми 40 обязанностей мусульманами. 30 коней, не пришедших с байги, означает, что наступят времена, когда останутся несоблюденными 30 дней пост-ораза. Если из 5 коней пришел один и не пришли четыре, означает, что грядут времена, когда из пяти повседневных намазов будет читаться не каждый. Лев во сне — это ваши времена. То, что затем явился волк, означает, что грядут времена, когда один будет отнимать у другого, один будет воровать у другого. Лиса в вашем сне к тому, что наступят времена хитростей и плутней, времена лжи и обмана. Заяц во сне к тому, что грядут времена, когда потомки ваши будут жить в тревоге, будут бояться, пугаться собственной тени.

Потом она обратилась к Сырым:

— А то, что вы так настойчиво заставили растолковать сон меня, было ошибкой. Наступят когда-то времена, что станут править женщины. В те дни женщины утратят стыд, мужчины утратят честь. Потому я и задержалась.

\*\*\*

Благодарные потомки помнят многие заветы прозорливого бия Монке. Его деяния и наследие исследуются и дарят новые грани.

*“Актюбинский вестник”, 23 мая 2000 г.*



Жұбаназар АСАНОВ

“АСЫЛ ҚАЗЫНА” Ақтөбе өңірі ақындарының  
антологиясынан

Мөңке Тілеуұлы  
(1675-1756)

Заманақыр боларда,  
Жер тақыр болар,  
Халқы пақыр болар.  
Балалары жетім болар,  
Әйелдері жесір болар,  
“Ә” десе “мә” дейтін кесір болар...

Кигенін сірісінен басады,  
Аяғын қымтаудан қашады.  
Атасының асы емес, келін түсірген той емес,  
Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады,  
Мұның өзі жасы ұлғайған адамға қиын болады...  
... Ақылың болса сөз тыңда,  
Ұлылар не деп толғайды.  
Жалп-жалп еткен жапалақ,  
Шоқысыз жерге қонбайды.  
“Азамат” деген жігіттің,  
Дәулеті тайса басынан  
Аруағы болмайды.  
Дәулет берсе құдайым,  
Киген тонынды түлкі етер...  
Дәулет кетсе қолыңнан,  
Түлкі кисен, күлкі етер... (10-12 беттер)

*Ақтөбе, 2001, 273-бет*

*Бауыржан ОМАРҰЛЫ*

**“ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫ” монографиясынан**

“Қырғыз зар заман әдебиетінің көш бастаушысы Қалығұл Байұлының “Ақырзаман” толғауы Мөңке бидің өлеңдерімен өте мазмұндас шығарма. Жердің тақыр болуы, ағайынның тасбауырлығы, әйелдің ерге теңелуі хақындағы тұжырымдар екеуіне де ортақ.

*Алматы, Білік, 2000, 99-бет.*

**Қырғыз ақыны Арыстанбек БҰЙЛАШҰЛЫ  
(1824-1878)**

Қаңтарбай мен Бұйлаштың айтысынан:

Мөңке бий айтқан кеп эле,  
Арыстанбек кимден кем эле,  
Санат сөзүм сан эле  
Санжыра сөзүм қап эле.

*Алматы, Білік, 2000, 166-бет.*

## ҚАЙ МӨҢКЕ БИ?

Мөңке бидің толғаулары, шешендік сөздері бұрын да жазылып жүрді. Соңғы кезде мерзімді баспасөз беттерінде жиі көріне бастады. “Жұлдыз”, “Ақиқат” журналдарында, “Жас Алаш”, “Алтын Орда”, “Егемен Қазақстан” газеттерінде көлемді мақалалар жарияланды. Шерхан Мұртаза депутаттар алдында Мөңке бидің сөздерін мысалға келтірді.

Бірақ, осы Мөңке би қай Мөңке би? Ғалымдар Мөңке биге қатысты әртүрлі пікірлер айтады. Ноғайлы Мөңке, Хорезмдегі Ақыр Мөңке, Шөмекей Мөңке, Жетіру Мөңке дегендер болған деседі. Бәрін би, бәрін болжау айтқан дана қылады. Бірақ, сол би, әулие Мөңкелердің бәрі — бір адам. Ол — Шекті Мөңке би.

“Жұлдыз” журналының 2000 жылғы е4-санында Жұманазар Асановтың, “Егемен Қазақстан” газетінің 2000 жылғы 29 қарашадағы санында филология ғылымының кандидаты Серікқали Бәйменшенің Шекті Мөңке би туралы мақалалары жарық көрді.

Әрине, тарихта Мөңке аттас адамдар болмаған деп отырғанымыз жоқ. Болған. Олардың ішінде есімі тарихта қалғандарының бірі — 1251-1259 жылдары хан болған Мөңке. 1300 жылдары Орманбет хан тұсында өмір сүрген Мөңке би мен біз айтып отырған Шекті Мөңке би де өмір сүрген.

Онда да алғашқы Мөңке би туралы деректер жоқтың қасы. М.Ж.Көпеев Ноғайлы Мөңке Орманбет ханның тұсында өмір сүрген дегенді ат-үсті атап өтеді. Басқа дерегі жоқ. Ол айтты деген сөздерді білімдар Н.Наушабаев Шекті Мөңке биге телиді. Толғауға зейін салсаңыз, оның Орманбет ханның емес, Шекті Мөңке бидің тұсында айтылуы мүмкін екенін бірден пайымдайсыз.

Осы орайда қазақ әдебиеті тарихынан мынаны мысалға келтіре кетсек, Мұхтар Әуезовтің “Әдебиет тарихы” /1927 жылы жазылған/ атты еңбегінде Асан Қайғы Абылай хан тұсында өмір сүрсе керек делінеді.

М.Әуезов мынадай дерек келтіреді. “Сол Асанның өз

аузынан шыққан сөзге қарасақ, Асан Абылайдың тұстасы болмаса да, сол Абылай алдында аз-ақ бұрын өмір сүрген адамға ұқсайды. Ойткені, Асанның қатты қиналып айтқан сөзі заман жайы туралы, қиналған заман, қазақтың орысқа бағынуға жақындап қалған мезгілі”. /“Әдебиет тарихы” Алматы. Ана тілі. 1991 ж. 199-бет/.

Бірақ, кейін Асанның Абылай ханның тұсында емес, Әз Жәнібектің тұсында өмір сүргені ғылымда дәлелденді. Ғұлама адамның жанылыс басуының өзі үлкен сабақ. М.Әуезов адамына қарап сөзін алмай, сөзіне қарап адамын алып отыр.

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып, жаман болар.  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Бабалардың дәурені тамам болар.  
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұл, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер”, —

дегенді М.Әуезов Асан Қайғыға телиді. 1782 жылы өлген Бұқар айтты десе сенуге болар, бірақ, 1330-1450 жылдар шамасында өмір сүрген Асанға таңуға келмейді. Асан Қайғыны жете зерттеген Х.Сүйіншалиев, М.Мағауиндер бұл сегіз жолды Асандікі демейді. Демейін деп отырған жоқ, қисынға келмейді, жобаға соқпайды. Сондықтан да, зерттеу еңбектеріне енгізбеген. Егер бұл жолдарды шынымен де Асан Қайғы айтқан болса, оның М.Әуезов жазғандай, расында да Абылай тұсында немесе соның аз-ақ алдында өмір сүргені!

М.Әуезов Әз Жәнібек ханның уақыты туралы және былай дейді: “... ол кезде қазақ елінің алдында орысқа қарау деген мәселе туған да емес. Ешбір ханның басына ондайлық суық ой келген емес” /199-бет/.

Қысқасынан қайырғанда, Әз Жәнібек тұсындағы Асанның бұлай деуі де қисынға келмейді.

Хош. Мөңке биге оралайық. Кіші жүздің шөмекейі мен жетіруы арасында Мөңке деген би жоқ. Шежіре бойынша таратып беруге болады. Бұл екі рудан /жетіру жеті рудан құралады/ тараған бүгінгі ұрпақтар, рулары бөлек болса да, Шекті Мөңке биді атамыз деп санайды. Әрине, ұлы адам — көпке ортақ. Мөңке бидің бір әйелі төртқараның /Әйтеке бидің руы/, бір әйелі шөмекейдің қызы. Шөмекейдің балалары Мөңкені атамыз деп айтуы обден заңды. Би, әулие адамды жездеміз дегеннен гөрі, бабамыз деген жарасымды. Шөмекейлер негізінен Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында

тұрақтаған. Ырғыз Торғаймен шектес. Мөнке би туралы шөмекейлердің аузынан естігендерін арқалықтардың Шөмекей Мөнке айтқан екен деуі әбден мүмкін.

Әлпінде Ноғайлы Мөнке, Ақыр Мөнке, Шекті Мөнке — бір адам дедік. Дәлел қайсы дейсіз ғой.

Бұхара, Қонырат, Хорезм төңірегіндегі қазақтардың Шекті Мөнкені Ақыр Мөнке атауының себебі бар. Шекті Мөнке билі аталмыш елдердегі жұрттар да жетік білген. Өйткені, қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Бозой ауылына Өзбекстан шекарасы тиіп тұр. Бұхара — Орал газ құбырында еңбек ететін ауылдастар Бұхарадан талай Тілеудің /Мөнкенің әкесі/, талай Қабақтың /әкесі бір, шешесі бір Тілеудің туған ағасы/ бүгінгі ұрпақтарын кездестіргенін айтып келді. Өткен жылы Көтібар батырдың тойына Қарақалпақстаннан зиялы қауымнан құралған делегация келді. Сол азаматтардан “Сіздің жақта Ақыр Мөнке деген болған ба?” деп сұрағанымызда, Ақыр Мөнке деп жүргеніміз — Шекті Мөнке ғой деген жауап алдық.

Еңдеше неліктен Ақыр Мөнке аталды? Себебі, Мөнке туралы сөз болса, алдымен оның болжаулары еске түседі. Осыған байланысты Ақыр Мөнке атанған. Оның үстіне Өзбекстан аумағында Шектіні айтпай, өздеріне ұнаған “Ақыр” сөзін қосуы әбден мүмкін. Асанға “Қайғы” сөзінің қосылып айтылғаны секілді бұл да. Осы жерде Тілеудің ағасы Қабақтың, Шектінің шінде аға баласы атанған Жақайымның Өзбекстанда Шыршық өзенінің бойындағы жерінде деген жерде жатқанын да айта кету керек.

Кейбір ғалымдар “М.Ж.Көпеев ел жұртқа Ноғайлыдан шыққан Мөнке би деп танытқан...” деп бастайды әңгімесін. Шектіге Ноғайлының қандай қатысы бар деп ойларсыз. Қатысы бар. Шекті Мөнке би Ноғайлының қанынан жаралған.

Мөнкенің ұрпағын, мейлі ол бала болса да, “Сен Мөнке әуліенің ұрпағысың. Арғы аталарың — Мұса хан, Ер Едіге, сондықтан, жоғары шық”, — деп құрметтеуші еді ауылдың қариялары.

Сондай-ақ, ауылдастар әруаққа ауыр тиер деп Мөнке атауларына қатты сөз айтпайтын. Әлі де солай. Әңгіме қызықрамай, түсінікті болуы үшін Ж.Дәуренбекұлы мен С.Құттыбайұлы 1992 жылы Алматы қаласындағы “Рауан” журналының 10-санында шығарған “Алты ата Әлім” атты мақаласында былай деген жөн болар.

Ж.Дәуренбекұлы мен С.Құттыбайұлы Шектінің шын аты — Б.К./үлкен ұлы Мөнке би/ екенін білгеннен кейін, Шектінің қанырып жүріп, өлім халінде талықсып, жерге қалың қызыл жиптің үстінен шығады. Аузына су тамызып, осын жығып аулына алып келеді. Шынғыс бала тауып

алғанын хабарлап, оны сүтке шомылдырып, асықты жілік ұстатып, өзіне бала қылып жеке үй тігіпті. Балаң жігіт өзінің аты-жөнін, шыққан тегін айтпапты да араларында Мәуі атала бастапты. Оған Зеріп атты ақылды қыз алып береді, бірақ көп ұзамай жігіт дертке ұшырап қатты науқастанады. Жігіт өзін ауру мендей бастаған соң, өлерін біліп Шыңғысқа бар шындығын айтады. Өзінің атының Қалу екенін жасырмайды. Әкесінің аты Сирақ екен. Сирақтың әкесі атақты ноғайлының Мұса ханы екен. Оның бәйбішесінен Сирақтан басқа Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Тоқалдан Мұса ханның жеті баласы болады, үлкені — Ысмайыл екен. Мұса хан өліп, Орақ хан болып тұрғанда Ысмайыл бастаған жақтастар Орақты айламен өлтіртеді. Ысмайыл хан болу үшін енді Орақтың ұлдары Қарасай, Қазидан құтылудың жолын ойлайды. Сөйтіп жүргенде алыс жұртта ілім іздеп оқудан қайтып келе жатқан Орақтың үшінші ұлы Айдынділмаш елге жақындағанда жас Қалуды ертіп, Ысмайыл алдынан шығады. Жол үстінде Айдынділмаштың садағын алдап түсіріп, оны Қалуға беріп, өлтіртеді. Енді Қалуды өлтіру үшін Қырымнан жаугершіліктен қайтқан Қарасай, Қазига хабар жібереді. Қалу өзінің алдауға түскенін біліп және кінәсін түсініп басының ауған жағына кете барады. Ол кезде Ноғайлы елімен Кіші жүздің елі қатар қоңсылас жұрттар ғой. Міне, осы Қалуды Шыңғыс тауып алған.

Өз басынан кешкенді айтып берген Қалу өлім алдында жатып, әйелінің жүкті екенін, одан ұл туса атын Бөлек деп қоюды аманат етеді. Сөйтіп, Қалу Зеріпке үйленгеннен кейін, алты айдан соң, қайтыс болады. Зеріп босанғаннан кейін баланың атын Бөлек қояды, өзіне тең көріп, Жаманактың бір ұрпағы деп қабылдайды. Мұндағы Мұса хан, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазиларға қатысты халықта “Мұса хан”, “Орақ-Мамай”, “Қарасай-Қази” атты жырлар бар.

Сол Бөлектен Айт және Бұжыр деген екі бала туады. Айттан Тілеу мен Қабақ, Бұжырдан Назар мен Шүрен тарайды. Айтұлы Тілеу Күлтөбеде сөз алған, Әз Тәукені хан сайлауға қатысқан батыр, әрі кайраткер. Ол ел басына күн туғанда баласы Жолдыаяқты, інісі Қабақұл немересі Қалдыбайды ертіп, 17 мың қолды бастап, қазақ елінің астанасы Түркістанға барып, Тәуке ханның алдынан өтіп, 1681 жылы Сайрам соғысына кірген. 1684 жылы сол соғыста мерт болған. Киелі Түркістанда мавзолейде жерленген. Есімдері қасиетті кесененің қабырғасында жазулы тұр.

Түркістан қаласында Тілеу — Жолдыаяқ батырлар және Қалдыбай батыр атында екі бірдей көше бар.

Тілеу мен Қабақтан Қалдыбай хан, Әзберген хан, Сары

Шонай, Қаражігіт, Мырзагүл билер мен Сарышолақ шайыр, Батақтың Сарысы, Таразы, Әлима сынды ақындар, аты ұранға айналған Бактыбай, “Айман-Шолпан” жырындағы Көтібар мен Есет, Қарагүл, Ерназар, Бекет батырлар шыққан. Ал, атақты Сәңкібай батыр, Құдайберген, Ахмет, Ғазиза Жұбановтар — Назардың ұрпақтары.

Мұса ханның Едігенің ұрпағы екені тарихтан белгілі. М.Тынышпаевтың 1925 жылы Ташкент қаласында шыққан “Қырғыз — қазақ халқының тарихына материалдар” атты еңбегінде тайға таңба басқандай етіп көрсетілген. Ендеше, сүйегі ноғайлы Шекті Мөңке би неге Ноғайлы Мөңке би деп аталмасқа? Елдегі қатар-күрбылар кейде Мөкудің ұрпақтарымен “Нағыз қазақ — біздер, сендер — ноғайсындар” деп қалжыңдасалы.

Демек, әлгіндегі Мөңкелердің бәрін бір адам деуге негіз бар. Сондай-ақ, мынадай дәлелдерге назар аударайық. Алты арысымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың 1925 жылы Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шыққан “Ел қорғаны” атты пьесасында мынадай жолдар бар:

... Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой.  
Жас баладан биің болар,  
Жас балшықтан үйің болар.  
Ат жақсысы арбада болар,  
Жігіт жақсысы саудада болар, —

депті ғой өтерінде. /Ж.Аймауытов. Шығармалары. Алматы. Жазушы. 1989. 430 бет/. Пьесадағы оқиға Ақтөбе өңірінде, Кіші жүздің арасында өтеді. Сондықтан, мұндағы Мөңке бидің Шекті Мөңке би екеніне еш күмән жоқ. Енді ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсыновты қарайық.

1926 жылы жарық көрген “Сауат ашқыш” атты еңбегінде Шекті Мөңке би деп атап көрсетіп, бір билігін мысалға келтіреді. Толық нұсқасы былай:

“Шекті ұлы Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі кұны дауды бітірген екен дейді.

Бір судың бойына бір бай ауылы келіп қонады. Су бойында бір топ бала ойнап жүрсе, балаларды келіп, ауыл иесі ақсақал қуалайды. Байдың астындағы асаулау байтал екен. Балалардың біреуі атын үркітіп қалғанда, байдың бөркі басынан ұшып, байталдың алдына түскен кезде, байтал тулап, бай жығылып, жан тапсырады.

Байдың елі балалардан күн алмақ болып жиылады. Үш күн, төрт күн жатады. Бітімге келе алмайды. Сөйтіп, дағдарып тұрған уақытта бір тайға мінген жеті жасар бала келеді. Бала

қарап тұрады да, бұл жұмыстың билігін маған берсеңіздер, мен бітірейін дейді. Бала бір айтады, екі айтады, оның сөзіне баласынып ешкім құлақ аспайды. Ақырында ақсақалдар дағдарып: “Осы қой асығы деменіз, қолыңа жақса сақадай, жасы кіші деменіз, ақылы жақса атадай” деген қайда? Манағы бала кімнің баласы екен? Тауып әкеліндерші”, — деп іздетіпті. Сұрастырып, баланы тауып әкеледі. Баланың аты Мөңке деген, бала келіп айтады:

“Билікті маған берсеңіздер, менің айтатын билігім мынау дейді: “Ердің құны жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу, әуелі ойнап жүрген бала тентек, екінші, оны қуған бай тентек, үшінші, үріккен байтал тентек, төртінші, бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек”, — дейді.

Сонда жүз жылқының үш бөлімі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді. Жұрт бала билігіне ырза болады. Сол бала үш жүзге белгілі Мөңке би атанып, аты аспанға шығады”.

Дәл осы нұсқа “Қазақ елінің қысқаша тарихы” атты бесінші сыныпқа арналған мектеп оқулығына да енгізілген /Алматы. Рауан. 1996. 144-145 беттер/. Бірақ, мұнда рудан қашса керек, Шекті сөзін алып тастапты.

1993 жылы “Қайнар” баспасынан жарық көрген “Шешендік шиырлары” атты жинақта да Мөңкенің Тілеудің ұлы екені жазылады. “Бірде Тілеу сегіз жасар ұлы Мөңкені ертіп жолға шығады.

Қалың тұман түсіп, олар бағытынан адасып қалады...” деп басталатын осы кітаптағы әңгіме Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханасында сақталған. Тек мұнда “Ерте уақытта Кіші жүздің ішінде Мөңке дейтін білімді адам өтіпті. Оның әкесі Тілеу деген қарт кісі 8 жастағы Мөңкені ашамай ерге мінгізіп, атының басын жетелеп, көшкен елін қапталдай жүріп келе жатса, қалың тұман түсіп, келе жатқан бағытынан және көштен адасып қалыпты...” деп басталады. /№1281-папка, 2-дәптер/. Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының директоры Г.Әбуғалиеваның 1999 жылғы 25 қарашада жолдаған Шекті Мөңке биге қатысты хаты және архивтік құжаттардың көшірмелері қолымызда бар.

Сондай-ақ, Нұржан Наушабаевтың “Шекті Мөңке бидің сөзі” деген “Сары азамат, сардар бек...” деп басталатын толғауы да осы кітапханадағы №1067-бума, 5-папкада “Кіші жүздің ішіндегі Шекті Мөңке бидің сөзі” деген атпен латын алфавитімен жазылып сақтаулы.

Филология ғылымының докторы Шәмшәдин Керімов “Ана тілі” газетінің 1991 жылғы 10 қаңтардағы санында



тұрақтаған. Ырғыз Торғаймен шектес. Мөңке би туралы шөмкейлердің аузынан естігендерін арқалықтардың Шөмекей Мөңке айтқан екен деуі әбден мүмкін.

Әлгінде Ноғайлы Мөңке, Ақыр Мөңке, Шекті Мөңке — үшеуі бір адам дедік. Дәлел қайсы дейсіз ғой.

Бұхара, Қоңырат, Хорезм төңірегіндегі қазақтардың Шекті Мөңкені Ақыр Мөңке атауының себебі бар. Шекті Мөңке биді аталмыш елдердегі жұрттар да жетік білген. Өйткені, қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Бозой ауылына Өзбекстан шекарасы тиіп тұр. Бұхара — Орал газ құбырында еңбек ететін ауылдастар Бұхарадан талай Тілеудің /Мөңкенің әкесі/, талай Қабақтың /әкесі бір, шешесі бір Тілеудің туған ағасы/ бүгінгі ұрпақтарын кездестіргенін айтып келді. Өткен жылы Көтібар батырдың тойына Қарақалпақстаннан зиялы қауымнан құралған делегация келді. Сол азаматтардан “Сіздің жақта Ақыр Мөңке деген болған ба?” деп сұрағанымызда, Ақыр Мөңке деп жүргеніміз — Шекті Мөңке ғой деген жауап алдық.

Ендеше неліктен Ақыр Мөңке аталды? Себебі, Мөңке туралы сөз болса, алдымен оның болжаулары еске түседі. Осыған байланысты Ақыр Мөңке атанған. Оның үстіне Өзбекстан аумағында Шектіні айтпай, өздеріне ұнаған “Ақыр” сөзін қосуы әбден мүмкін. Асанға “Қайғы” сөзінің қосылып айтылғаны секілді бұл да. Осы жерде Тілеудің ағасы Қабақтың, Шектінің ішінде аға баласы атанған Жақайымның сүйектері Өзбекстанда Шыршық өзенінің бойындағы Аққайнар деген жерде жатқанын да айта кету керек.

Кейбір ғалымдар “М.Ж.Көпеев ел жұртқа Ноғайлыдан шыққан Мөңке би деп танытқан...” деп бастайды әңгімесін. Шектіге Ноғайлының қандай қатысы бар деп ойларсыз. Қатысы бар. Шекті Мөңке би Ноғайлының қанынан жаралған.

Мөңкенің ұрпақтарын, мейлі ол бала болса да, “Сен Мөңке әулиенің ұрпағысың. Арғы аталарың — Мұса хан, Ер Едіге, сондықтан, жоғары шық”, — деп құрметтеуші еді ауылдың қариялары.

Сондай-ақ, ауылдастар әруаққа ауыр тиер деп Мөңке ұрпақтарына қатты сөз айтпайтын. Әлі де солай. Әңгіме божырамай, түсінікті болуы үшін Ж.Дәуренбекұлы мен С.Құттыбайұлы 1992 жылы Алматы қаласындағы “Рауан” баспасынан кітап етіп шығарған “Алты ата Әлім” атты шежіреден үзінді келтірген жөн болар.

“Жаманақтың /Шектінің шын аты — Б.К./ үлкен ұлы Шыңғыс жылқы қайырып жүріп, өлім халінде ғалықсып жатқан балаң жігіттің үстінен шығады. Аузына су тамызып, есін жиғызып аулына алып келеді. Шыңғыс бала тауып

алғанын хабарлап, оны сүтке шомылдырып, асықты жілік ұстатып, өзіне бала қылып жеке үй тігіпті. Балаң жігіт өзінің аты-жөнін, шыққан тегін айтпапты да араларында Мәуі атала бастапты. Оған Зеріп атты ақылды қыз алып береді, бірақ көп ұзамай жігіт дертке ұшырап қатты науқастанады. Жігіт өзін ауру меңдей бастаған соң, өлерін біліп Шыңғысқа бар шындығын айтады. Өзінің атының Қалу екенін жасырмайды. Әкесінің аты Сирақ екен. Сирақтың әкесі атақты ноғайлының Мұса ханы екен. Оның бәйбішесінен Сирақтан басқа Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Тоқалдан Мұса ханның жеті баласы болады, үлкені — Ысмайыл екен. Мұса хан өліп, Орақ хан болып тұрғанда Ысмайыл бастаған жақтастар Орақты айламен өлтіртеді. Ысмайыл хан болу үшін енді Орақтың ұлдары Қарасай, Қазидан құтылудың жолын ойлайды. Сөйтіп жүргенде алыс жұртта ілім іздеп оқудан қайтып келе жатқан Орақтың үшінші ұлы Айдынділмаш елге жақындағанда жас Қалуды ертіп, Ысмайыл алдынан шығады. Жол үстінде Айдынділмаштың садағын алдап түсіріп, оны Қалуға беріп, өлтіртеді. Енді Қалуды өлтіру үшін Қырымнан жаугершіліктен қайтқан Қарасай, Қазига хабар жібереді. Қалу өзінің алдауға түскенін біліп және кінәсін түсініп басының ауған жағына кете барады. Ол кезде Ноғайлы елімен Кіші жүздің елі қатар қоңсылас жұрттар ғой. Міне, осы Қалуды Шыңғыс тауып алған.

Өз басынан кешкенді айтып берген Қалу өлім алдында жатып, әйелінің жүкті екенін, одан ұл туса атын Бөлек деп қоюды аманат етеді. Сөйтіп, Қалу Зеріпке үйленгеннен кейін, алты айдан соң, қайтыс болады. Зеріп босанғаннан кейін баланың атын Бөлек қояды, өзіне тең көріп, Жаманактың бір ұрпағы деп қабылдайды. Мұндағы Мұса хан, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазиларға қатысты халықта “Мұса хан”, “Орақ-Мамай”, “Қарасай-Қази” атты жырлар бар.

Сол Бөлектен Айт және Бұжыр деген екі бала туады. Айттан Тілеу мен Қабақ, Бұжырдан Назар мен Шүрен тарайды. Айтұлы Тілеу Күлтөбеде сөз алған, Әз Тәукені хан сайлауға қатысқан батыр, әрі қайраткер. Ол ел басына күн туғанда баласы Жолдыаяқты, інісі Қабақұл немересі Қалдыбайды ертіп, 17 мың қолды бастап, қазақ елінің астанасы Түркістанға барып, Тәуке ханның алдынан өтіп, 1681 жылы Сайрам соғысына кірген. 1684 жылы сол соғыста мерт болған. Киелі Түркістанда мавзолейде жерленген. Есімдері қасиетті кесененің қабырғасында жазулы тұр.

Түркістан қаласында Тілеу — Жолдыаяқ батырлар және Қалдыбай батыр атында екі бірдей көше бар.

Тілеу мен Қабақтан Қалдыбай хан, Әзберген хан, Сары

ҚазССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасындағы №232 папқадан алған Шекті Мөңке бидің мынадай толғауын жариялады:

Ақырзаман болғанда,  
Түйе бұлан болар,  
Жылан құлан болар,  
Өз бауырың суыған болар.  
Қатын би болар,  
Сиыр пұл болар,  
Туған балалар қу болар,  
Тамағы сары су болар,  
Итке-қүйсаң — ит ішпес,  
Адам оған құмар болар,  
Үй ішінде неше жан болса,  
Бас-басына би болар,  
Бір жерде туған он шақты үй болса,  
Ат атасы аталып,  
Бөлек-бөлек жүйе болар,  
Ыштат деген заң шығар,  
Екі ауылдың арасы  
Екеу-екеу сыбыр болар.

Қазақтың шешендік өнерін жете зерттеп, бір ізге салған Балтабай Адамбаев құрастырған “Шешендік сөздер” атты жинақта /Алматы. “Отау”. 1992 жыл./ “Шекті Мөңке би Шеркеш Түрке би, Тана Нүрке билермен кенесіп отырып айтты деген сөздер” деп Мөңке бидің бірнеше толғаулары мен өлеңдерін келтіреді.

Шекті Мөңке бидің “Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек...” толғауы “Сәуле” журналының 1924 жылғы №1 санында жарияланған.

Шекті Мөңке би туысқан қырғыз еліне да танымал болған. Мөңке бидің шығармашылығы қырғыздардың да зар заман ақындарына ыңпал еткен. “Қырғыз зар заман әдебиетінің көшбастаушысы Қалығұл Байұлының “Ақырзаман толғауы” Мөңке бидің өлеңдерімен өте мазмұндас шығарма. Жердің тақыр болуы, ағайынның тас бауырлығы, әйелдің ерге теңелуі хақындағы тұжырымдар екеуіне де ортақ. Мөңке бидің айтқандары әр жерде, әр нұсқада жарияланып жүрсе, Қалығұлдың “Ақырзаманы” ел ақындарының антологиялық жинағына енген тұтас дүние” /Бауыржан Омарұлы. “Зар заман поэзиясы”. Алматы. Білім. 2000.99-бет/.

Танымал болатын себебі бар. Өйткені, Мөңкенің шешесі Сұлу— қырғыздың қызы. Бір себептермен еліне белгілі Ақкісі

дейтін басшысы бар қырғыз ауылы Алатаудан Кіші жүздің арасына көшіп келеді. Қалың Шектінің ортасынан орын тебеді. Ақылды, дана Тілеу құдығын береді. Бір күні Тілеу жол жүріп келе жатып, атын суарып алу үшін Аккісінің ауылына соғады. Келсе, бір құнан атан / кейбіреулер өгіз дейді/ құдыққа түсіп кетіп, соны Аккісінің Сұлу деген қызы шығарып алмақ болып жатады. Ат үстінде тұрған Тілеу арқанның бір ұшын ұстап, тартып шығарыпты. Атын суарып болып өз жөнімен жүре береді.

Жасы біразға келген Тілеудің қайратына сүйсінген Сұлу “Ойпырмай, ерткені иттің сырттаны екен, мінгені аттың тұлпары екен, өзі жігіттің сұңқары екен” депті. Осыны сезгендей, қырдың үстіне шығып бара жатқан Тілеу бұрылып қарағанда, екі иығы қозғалмай, сақалы қос жауырынының ортасын жауып тұрыпты, яғни, басы 180 градусқа бұрылыпты. Кейінірек Аккісіге құла жібереді. Бірақ, Аккісі “Бізді кірме деп басынғаны ма, әлде Тілеу құдығын бұлдан отыр ма” деп ашуланыпты. Бірақ, қыз жеңгелері арқылы “Әкем рұқсатын берсін, Тілеу жігіттің сұңқары екен” депті. Сол Сұлудан Мөңке туған.

Ал, қырғыз ақындарының Шекті Мөңке биді жетік білуі құда-жекжаттық, нағашы-жиендік аралас-құраластықтан екеніне дау жоқ. Бұл күнде қазақтың бір руы секілді қазаққа сіңіп кеткен елдегі қырғыздар, яғни, Аккісінің ұрпақтары мөңкелермен нағашы-жиенді сыйласады. 1996 жылы Шалқар ауданында осы қырғыздардан шыққан жоңғар соғысының батыры ер жүрек Қайдауылға кесене тұрғызылып, ас берілді.

Ноғайлы Мөңке би, Ақыр Мөңке би деген адамдар болды дейін десең, олардың тегі кімдер, тұстастары кімдер? Бұған жауап табу қиын. Ал, Мөңке бидің өмір сүрген уақыты, оның замандастары туралы тарихи құжаттар жетіп артылады. Шекті Мөңке бидің Нұралыны хан сайлауға қатысқаны тарихи құжатта бар. 1748 жылдың 5 қазанында Кіші және Орта жүз қазақтарына хан етіп тағайындау туралы император Елизавета ханымға жазған хатында “Шекті руының Бапы биі өз таңбасын басты. Осы рудың Бақтыбай биі, Мөңке биі... өз таңбаларын басты” деп жазылған /АВПР/Ресей ішкі саясатының архиві/. Ф. 122, д.8 лл. 15 об-16/. Осы архивтегі Гуляевтың 1748 жылы жазған күнделігінен Шекті Мөңке биге қатысты басқа да деректерді кездестіруге болады. Әбіш Кекілбаев өзінің “Елең-алаң” атты тарихи романында Әбілқайыр ханның ордасына орыс елшісі келіп, соның құрметіне бас қосқан жиынға қатысқан елу билің бірі Мөңке екенін жазады. Академик Ахмет Жұбанов “Сары” еңбегінде

Сарының аталары да тегін болмаған дей келіп, шекті Мөңке бидің шығармашылығына тоқталып өткен.

Сырым батыр бата алған адамдардың бірі — 80 жастағы Шекті Мөңке би екен деген дерек Орталық ғылыми кітапханада сақтаулы /№137 папка, 6- дәптер/ түр.

Шекті Мөңке бидің заманы, тұстастары белгілі. Оның 1675-1756 жылдары өмір сүргеніне күмән жоқ. Дала философы, әрі қоғам қайраткері екеніне дәлел жеткілікті. Ноғайлы Мөңке билердің бәрі бір ғана Мөңке екені анық. Алдағы уақытты ана Мөңке, мына Мөңке деп кейбір ғалымдар шатаспағаны жөн. Ғылым атүстілікті көтермейді, дәлдікті сүйеді.

*“Алтын Орда” газеті,  
5 қазан 2001 жыл.*

## Айтұлы Тілеу

/1630, қазіргі Ақтөбе обл. — 1684, Сайрам қ./ белгілі би, әрі батыр қолбасшы. Мыңдаған санды ел Тілеу есімімен аталады. Алаш жұртына әйгілі Мөңке бидің әкесі Күлтөбеде өз Тәукені хан сайлауға, Сұпы Әжіні пір сайлауға қатысып, ұсыныс жасап, сөйлеген. Тілеудің Есіркеміс, Алдаберді, Жолдыаяқ, Жақсымбет, Мөңке / кенжесі/ деген балалары болған.

1681-1684 жылдары қазақ тағдыры талқыға түскен Сайрам соғысына 17 мың қол жинап, қасына баласы Жолдыаяқ, інісі Қалдыбай батырларды ертіп, бастап барып қатысқан сардар және сол соғыстың даңқты қаһарманы. 1684 ж. Сайрам қаласын қорғаудағы шешуші ұрыста өзі де, Жолдыаяқ батыр да опат болған. Екеуінің де сүйегі Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленген. Есімдері кесенедегі ескерткіш тақтада жазулы. Түркістан қаласында Тілеу-Жолдыаяқ батырлар атындағы көше бар. Тілеу Ноғайлы елінің билеушісі Мұсаның ұрпағы. Әлімнің баласы Жаманақтың (лақап аты — Шектінің) Шыңғыс. Баубек, Өріс деген балалары болған. Сол заманда Ноғай ордасының ұлы биі Мұсаның екінші ұлы — Сейдақтың “Қарасай-Қазі” жырында аты аталатын — Қалу деген баласы жас кезінде бір реттермен елінен кетіп, шектілерге келіп, Өріске бала болып, сіңіп кетеді. Өсіп, ержеткен Қалуды Шектілер Зеріп деген қызға үйлендіреді. Сол Қалудан Бөлек туады. Бөлектен Айт пен Бұжыр туады. Айттан Тілеу, Қабақ туады. Алаш жұртына белгілі “Тілеу-Қабақ” өні солардың атымен аталған. Қалдыбай батыр сол Қабақтың баласы. Алтын Орда ыдырап, бірнеше хандықтарға бөлінгенде Мұса мен інісі Жаңбыршы Ноғай ордасын билеген. Тарихи деректерде Мұса Алтын Орданың тұтқасын 15 жыл ұстаған Ер Едігенің шөбересі деп көрсетіледі. Қазақтың даңқты ақыны Шалкиіз Мұсаның туған жиені. Мұсадан Сейдақ, Орақ, Мамай, Алшағыр, Жүсіп, Алшы-Смайыл туған. Жаңбыршыдан Телағыс пен Күрке туған. Бұлардың бәрі де орыс жыл-намаларында аттары аталған ірі қоғам қайраткерлері. “Орманбет

хан өлгенде, Он сан ноғай бұлгенде” дейтін әмбеге аян сөз тіркесіндегі Орманбет хан мен Россияға аты жайылған князь Урусовтар әулеті және Тарғын батыр Алшы-Смайылдан тарайды. “Едіге”, “Нұррадин”, “Мұсахан”, “Орақ-Мамай”, “Қарасай-Қази”, “Жаңбыршы”, “Телағыс”, “Ер Тарғын” жырлары бұл күнде қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының асыл қазынасына айналған мақтанышы. Қазір Қазақстанда Тілеудің ондаған мың ұрпақтары тұрады. Мөңке би, Қаражігіт молда Бектауұлы, Мырзағұл би Шманұлы, Достан би Төңірбергенұлы, Сарышолақ шайыр, Сары Батақұлы, Таразы ақын, жазушы Тахауи Ахтанов, саясаткер Марат Тәжин, т.б. белгілі адамдар Тілеудің тікелей ұрпақтары.

Әдеб: А.З. Валиди. *История тюрко-татар. 1915, Е. Мағауин “Едіге” — Алматы. Айқап, 1993, 75 бет, М. Мағауин. Ғасырлар бедері. — Алматы: Жазушы, 1991, Ж. Алдияров. Сайрам соғысының сардары. Алматы: Зерде, 2000, Вельяминов-Зернов. Исследование 1-2 ч. Стр. 227-331, Н.М. Карамзин. История. Т. II, 1929, Левшин. Описание киргиз-кайсацких Орд. Ч. 2. стр. 27, Есенжанова Д. Қазақтың қаһармандық жыры. “Қарасай-Қази”/ Канд, диссерт. авторефераты/, Ж. Асанов. Жұлдыз журналы, №4, 2000, 98-107 беттер. С. Бәйменшин., “Егемен Қазақстан”// “Мөңке бидің Настрадамустан несі кем?”. 2000, 29 қараша. Қ. Елеусізұлы. Адамның сұңқары. Алматы: Жазушы, 2001. 7-139 беттер.*

2001, 220 -бет.

## ДАЛАНЫҢ ДАРХАН ДАНАСЫ

Ақтөбенің орталық бөлігіндегі Әбілқайыр хан даңғылы мен 101-атқыштар бригадасы атындағы көшенің қиылысындағы гүлзарда дулығалы дала кемеңгері, асқан ойшыл әрі сәуегей Мөңке би Тілеуұлының ескерткіші салтанатты жағдайда ашылды. Қара қылды қақ жарған, мың жылдығын болжаған Мөңке бидің тастан кашалған бейнесінің ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед тебірене сөз сөйледі. “Дала кемеңгерінің араға ғасырлар салып, туған өлкеге тас тұғыр күйінде оралуының өзі ұрпаққа деген ұлағаттың жарқын көрінісі”, деді ол өз сөзінде. Ескерткішті сомдаған — кезінде Қарасай батырдың тас мүсінін жасап, жұртшылық тарапынан жоғары баға алған белгілі мүсінші Құрақбай Егізбай. Бір айта кететін жайт — ескерткіштің биіктігі 5 метр, тас тұлғаның өзі 1,5 метр ақшыл тастан жасалған. Халқының болашағын болжаған сәуегейдің тас мүсіні оның образын қай қырынан да ашып тұрғандай әсерге бөлейді. Қазақ кемеңгерінің нар тұлғасы неғұрлым еңселі бейнеленген. Ескерткіштің ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысының бірінші орынбасары Марат Тәжин, Ақтөбе облысының әкімі Ермек Имантаев, жазушы, Франц Кафка атындағы алтын медальдың иегері Төлен Әбдіқұлы қатысты.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы “Шекті Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен” деп бағалаған, 1675-1756 жылдар аралығында өмір сүрген, Әбілқайыр мен Нұралы хандардың қасында болған саясаткер, қоғам қайраткері Мөңке би Тілеуұлына арнап Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде ғылыми-танымдық конференция өткізілді. “Мөңке Тілеуұлы — дана ойшыл, өйгілі жырау, кемеңгер би” атты тақырыпты өзек еткен конференция жұмысын университет ректоры, профессор Кенжеғали Кенжебаев кіріспе сөзбен ашты. Негізгі баяндамашы ретінде сөз алған Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, заң ғылымының докторы Мұхтар Құл-Мұхаммед ғасырлар көмескілеген ғажайып тұлға Мөңке



бидің ғылыми айналымға батыл енгізілуі керектігі жөнінде тағылымды ойларын ортаға салды.

“Мен осы сапарымда Мөңке биді ұлықтау рәсіміне қатыса отырып, жаңа қызметімде әулиеден арнайы бата алуға келгендей көңіл-күйді сезініп отырмын, — деді М. Құл-Мұхаммед. — Бізді әулие бабамыздың рухы қолдап, қорғап жүрсе болғаны. Мұның өзі егемен тарихтан тағылым жасау үшін керек. Алдымен Мөңке би ретінде қайсысын танитынымызды бағамдап алған жөн”. Оның ойынша, тарихтан белгілі өзге Мөңкелерге таңылып жүрген асыл мұра шын иесіне қайтарылуы керек. Шынында да басқаларын айтпағанның өзінде рухани-эстетикалық, әлеуметтік қуаты мол Мөңке биден қалған бір үзік мұраны келтірсек те жеткілікті:

... Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады,  
Ақыл айтса ауырып қалатын  
Бежірей деген қызың болады...  
Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалау дінің болады...

Мөңке би Тілеуұлы өмір сүрген дәуірдің сан қилы сипатына тоқтала келе, М. Құл-Мұхаммед бұдан былай “жырау еді” деген жайдақ сөзден гөрі оның бірнеше қырын теренірек қарастыру керек деген ой-пікірін білдірді. Біріншіден, Мөңке би мемлекет қайраткері ретінде қарастыратын кез келген сынайлы. Бұған оның Нұралы сұлтанды билікке әкелуі жөніндегі Елизавета патшайымға жазған хатқа қол қойғандарының қатарынан табылғандығы айқын дәлел бола алады. Екіншіден, Мөңкенің жыраулығы аталмыш дәстүрді үзбей жеткізіп, табыстап кеткен алтынның сынығы ретінде қарастыруға лайық. Үшіншіден, Мөңке өз заманының ұлы философы. Төртіншіден, Мөңкенің сирек сөз болатын қасиеттерінің бірі — сәуегейлігі. Нострадамустан несі кем? Бесіншіден, Мөңке бидің өсиеттері халық педагогикасының қайнар көзі тұрғысынан зерттеуге сұранып тұр. Әсіресе, мұның өзі қазіргідей бөтен тәрбиемен былғанып жатқан тұста айрықша маңызға ие. Мөңке бабамыздың өсиеттері ұлттық педагогикаға енгізіліп жатса, қанеки! Қалай болғанда да асыл қазынаны бүгінгі күннің кәдесіне жаратуға тиіспіз. Осылайша,

негізгі баянадамашы ақтөбеліктерді Мөңке биді ұлықтауға бағытталған перзенттік парыздың орындалуымен, орындалуының басталуымен құттықтады.

Тарих ғылымының кандидаты, профессор Закрадин Байдосов Мөңке биді тарихи тұлға, кемеңгер ойшыл тұрғысынан қарастырса, филология ғылымының кандидаты Жұбаназар Асанов Әулиенің өмірі мен шығармашылығы туралы тартымды баяндады. Расында да Мөңке бидің тебіреніспен айтылатын толғамдарының басты ерекшелігі келер заманның кейпін көрегендікпен сипаттауында болса керек. Оның қандай да болсын кесек ойлары неғұрлым кестелі болып келеді, ұйқасты тілмен өрнектелуі де назар аудартады. Философиялық толғауларындағы дүниетанымының кеңдігі, логикасының тереңдігі алдағы уақытта ғалымдар тарапынан жан-жақты талдауға лайық. Араға ғасырлар салып сәуегейдің айтқаны шындыққа айналып жатқандығы да ғұламаның көріпкелдігінің нақты көрінісі ретінде қабылдануға тиіс. Әулие болжамдарының өміршендігі ұрпақ жадында сақталып, бүгінгі күнге дейін жетуіне негіз болғандай.

Соңғы кезде ұлттық үрдістерге ден қоя бастаған Ақтөбе өңірінде өткен тағы бір игі шара ретінде бағалануға лайық Мөңке би Тілеуұлына арналған тағзымдық рәсімнің соңы ас беруге ұласты. Танымдық тұлғадан үлкен әсерге бөлеген шаралардың нақты нәтижесі — ұрпақ зердесіне қайта оралған тас тұғырдағы баба бейнесі.

*“Егемен Қазақстан”*

**Мөңке би Тілеуұлының есімі ауылға берілуіне,  
би атында ауылдық округтің ашылуына және  
Мөңке би ұрпағы Мұқамбетқазы Тәжин  
атындағы орта мектептің жаңа ғимаратының  
салынуына байланысты 2006 жылдың 23  
қыркүйегінде өткен іс-шараларға қатысты  
жинақталған зерттеу еңбектері мен естеліктер  
топтамасы**

---

## **БАҒДАРЛАМА**

**22 қыркүйек, 2006 жыл**

**Қонақтардың Мөңке би ауылына келуі.**

**15-00** Онер және өлке тарихымен танысу. Аудандық музей.

**16-00** Республикалық ақындар айтысы (іріктеу кезеңі).  
Аудандық мәдениет үйі.

**23 қыркүйек, 2006 жыл**

**09-00** “Мөңке би ауылы” белгісінің ашылуы.

**09-30** М. Тәжин атындағы орта мектептің жаңа  
ғимаратының ашылуы.

**10-00** Мөңке би Тілеуұлына арналған ғылыми кон-  
ференция.

**11-30** Киіз үйлер қалашығына бару, қонақасы.

а) “Мөңке би — дала данышпаны” театрландырылған  
қойылым.

б) Ғ. Жұбанова атындағы облыстық филормонияның  
“Арайлы Ақтөбе” казак ұлт аспаптар оркестрінің, Алматы,  
Ақтөбе оперпаздарының концерті.

в) Спорттың ұлттық түрлері бойынша жарыстар.

г) Ақындар айтысы (актық кезең).

д) Маранаттау.

**17-00** Қонақтарды шығарып салу

## МӨҢКЕ БИДІҢ МӨҢГІЛІГІ

Енді екі ғасырдан соң қандай жұрт болғанымызды айта алар ешкім жоқ. Қарапайым мысал. Кеше өткен ХХ ғасырдың екінші жартысында әлемнің мандайына шаң тимейтін ғалымдары ХХІ ғасырдың басында Жер бетіндегі адамдар саны 10-12 миллиардқа жететінін айтып, зар қаққан еді. Қайда... Биыл 6,5 миллиардқа жаңа нек артып отырмыз. Бұл халықтың да 2,5 миллиардқа жуығы Қытай мен Үндістан есебінен құралып тұр. Аяқ басар жер қалмайтынын жобалап еді. Жер әзірге жеткілікті.

Ал бұдан екі ғасыр бұрын Мөңке би “Түрлі-түрлі халық болалы, күндіз-түні жарық болады” деп еді, болды. “Дүние жүзіне өре мен темірден жол тартылады, адам ақысыз жұмыс істемейді, дүниені түрлеп кестелейді” деп еді, солай болды да қойды. “Алашұбар тіл” де, келді, “дүдәмалау дін” де келді...

Осының бәрін білген Мөңке бабамыз білімі ерте озған Мысыр шаһарында немесе Рим мен Париж қаласында емес, байтақ Шалқар қаласында дүниеге келген еді.

Әбілқайыр, Нұралы хандардың оң тізесін басқан би, Асан Қайғы үрдісін жалғастырушы көреген, дана ойшыл, философ, ірі қоғам қайраткері, болжампаз, жырау Мөңке би осындай болғанда, оның әкесі кім еді? Әкесі Тілеу мың сан рулы ел есімін алған, Күлтөбеле Әз Тәукені хан сайлауға, Сұпы Әжіні пір сайлауға қатысып, сөз алған белгілі би, батыр, Сайрам соғысының қаһарманы, қолбасшы Тілеу Айтулы еді.

Біз 1675 жылы дүниеге келген деген дерекке қол қойған Мөңке бабамыздың ұрпақтары бұл күнде 9-10 атаға жетіп отыр. Әркі тіршілігімізге кешірім жасалар, бергіде, еліміз тәуелсіздік алғалы Мөңке би есімін ардақтауға ерекше ден қойылды. Филология ғылымының кандидаты, доцент Жұбаназар Асан мен халықаралық “Қазақ тілі” қоғамы облыстық ұйымының төрағасы Кемейдулла Төлеубайұлы әрідегі Ахмет Байтұрсынұв, Жүсіпбек Аймауытов, Нұржан Наушабаев, Мәшіһүр Жүсіп Копеев, Сарышолақ шайыр т.б. Мөңке би туралы сөздерін жинақтап, оларға бүгінгі Әбіш

Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Тұрсынбек Кәкішев, Балтабай Адамбаев, Серғали Толыбеков, Серік Негимов т.б. лебіздерін қосып, “Шекті Мөңке би Тілеуұлы” атты мағыналы жинақ шығарды. Астанадағы “Елорда” баспасынан Жұбаназар Асанның “Шекті Мөңке би Тілеуұлы (1675-1756)” атты кітабы шықты. Ақтөбе қаласында мүсінші Құрақбай Егізбай әрлеген баба ескерткіші бой көтерді, көше атауы берілді. Шалқар ауданының Қайыр ауылы Мөңке би ауылы атанды.

Осы соңғы оқиға, Мөңке биге ауыл атауы берілуі құжатқа түскенімен, сол ауылда бұл қуанышты ел-жұрт болып тойлаудың сәті түспей жүрген еді. Өткен аптаның жұма, сенбі күндері Шалқар өңірі жарасымды мереке өткізді.

Ұлы бабаға ас беру рәсімінің бүкіл жоспары Ақтөбедегі қоғамдық ұйымдастыру комитетінің төрағасы, “Динар-электромаш” ЖШС-нің аймақтық директоры Есенғали Жүгінісов бастаған азаматтардың қолынан өтіп, Шалқар ауданы әкімшілігінен қолдау тапқан еді.

## АУЫЛДЫҢ АТАУЫ

Рас, әуелде “Бершүгір” кеңшарының ортылығы болған, қазіргі Мөңке би ауылы бұрын да жүдеген жұрттың орны емес еді. Бұл шауашылықты Ережеп Мұханғалиев, Елемес Жумин тәрізді азаматтар басқарған шақта жасалған көптеген игі шаруалар кезегі өліара кезеңде үзіліп кеткен жоқ. Газ, жарық, су, телефон желісі мәселелері жөнінде қазір де бұлар көп жұрттың кеуде қатарында. Ал Мөңке би есімі берілген ауыл тіпті шырайлана түсті.

Сенбі күні “Мөңке би ауылы” белгісі — стелла орнатылған тұсқа қарай ағылған жұрт алаңқайға әрең сыйды. Салтанатты рәсімді — “Мөңке би ауылы” белгісін ашуды аудан әкімі Рахат Сыдықов қолға алып, 2000 жылы Қайыр ауылының тұрғындары ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген дана, ойшыл, ұлы ақын, әйгілі би Мөңке би бабамыздың есімін кейінгі ұрпаққа мәңгі есінде қалдыру ниетімен Қайыр селосы атауын Мөңке бабамыздың есімімен атауды сұрап бастама аудан әкімі жанындағы ономастикалық комиссияда қаралып, талқыланып, ауыл тұрғындарының талабы дұрыс деп табылып және тиісті жоғары орындарға ұсыныс жасалғанын, соған орай облыс әкімдігі мен облыстық маслихат біріккен шешім қабылдап қуаттағанын айтты. Сонымен бірге аудан әкімі 2001 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкімет жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия аудан тарапынан жасаған ұсынысты мақұлдағанын, Қайыр ауылы атауын

Мөңке би ауылы деп өзгертуге ұйғарым жасағанын, бұл ұйғарымды сол кездегі Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, марқұм Алтынбек Сәрсенбаев бекітіп, қол қойғанын, сол уақыттан бері бұл ауыл бабамыздың атымен аталып келе жатқанын айтып, Мөңке би ауылында соңғы 5-6 жылдың ішінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық тынысын кеңейтетін көптеген шаралар жасалғаны туралы әңгімеледі.

Бұдан соң баба тойын ұйымдастырудың басында болған азаматтар — зейнеткер Дәулетжан Елеусізов, “Динар-электромаш” ЖШС-нің аймақтық директоры Есенғали Жүгінісов, аудандық маслихаттың депутаты, кезінде осы шаруашылықты басқарған Елемес Жумин сөз алып, баба сөзі мен бүгінгі ұрпақтың арасында жалғастық жөнінде келелі әңгіме қозғады. Белгінің жамылғысын облыс әкімінің орынбасары Оңдасын Оразалин мен зейнеткер Дәулетжан Елеусізов ашты.

Бұдан былай қонақтарды “Мөңке би ауылы” деген атау-белгі қарсы алып, байырғы тұрғындардың жүрегін осы белгі жылытатын болды.

## БЕРЕКЕ ОРДАСЫ

Бүгінгі ауылдың берекесі — мектеп. Қазіргі жұрттың тоқшылығы мен жоқшылығы мектебімен бағаланатын тәуір дәстүр пайда болды. Мөңке би ауылы бұдан былай әсем мектебімен әдеміленеді.

“Мөңке би ауылы” белгісімен көзайым болған көпшілік мектепке бағыт алды. Көп ұзамай Мұқанбетқазы Тәжин атындағы орта мектептің жаңа ғимаратының ашылу салтанаты басталды. Бұл рәсімді де аудан әкімі Рахат Сыдықов ашып, Мөңке бабамыздың ұрпағы, белгілі қоғам қайраткері, бойына ақылы мен таланты қат-қабат дарыған Мұқанбетқазы Тәжин туралы сөз бастады. Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болған М. Тәжин 1933 жылы Шалқар ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Алматы қалалық, Ақтөбе облыстық және Қазақстан комсомолы орталық комитеттерінде жауапты қызметтер атқарған. 1961-1972 жылдары Ақтөбе, Гурьев облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, ал 1972 жылдан Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы болған. “Білім” қоғамы Республикалық ұйымының басшысы, Алматы жоғары партия мектебінде, Қазақ дене шынықтыру институтында сабақ берген. Ондаған кітаптардың, 100-ден аса ғылыми-тарихи,

публицистикалық мақалалардың авторы, екі рет “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған. Сонымен бірге аудан әкімі Мұқанбетқазы Тәжиннің кешегі қоғам алмасқан қиын кезеңде өзінің азаматтық батылдығына, парасаты мен ерекшелігіне, туған елінен қол үзбегеніне тоқталды.

— Шалқарлықтар өздерінің жерлесі, Мөңке тегінен жаралған азаматын мәңгі есте қалдыру үшін 1993 жылы ол алғаш әліппені ашқан Қайыр орта мектебіне Мұқанбетқазы Тәжин есімін беруге ұсыныс жасап, ол тиісті орындар тарапынан мақұлданды. 2004 жылы М. Тәжин атындағы орта мектептің жаңа ғимаратын салу үшін республикалық бюджеттен 169 миллион теңге қаражат бөлініп, өткен жылы оның 100 миллион теңгесі игерілді, биылғы жылы 69 миллион теңгесі игерілуде. — деді аудан әкімі.

Бұдан соң сөз алған облыс әкімінің орынбасары Оңдасын Оразалин Мөңке би бабамыздың ойшылдығына, даналығына, көріпкелдігіне тоқталып, оның ұрпағы ұлы бабасын мақтан етіп, рухын әркез аскактату керектігін айтты. Сонымен қатар ол облысымызда халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеру үшін атқарылып жатқан шараларға нақты цифрлармен дәйек келтірді. Соның бірі — М. Тәжин атындағы мектептің жаңа ғимаратының салынуы екенін айтып, ауылдықтарға облыс әкімі Елеусін Сағындықовтың құттықтау хатын оқып берді. Мектепке облыс әкімінің арнайы сыйлығы — бірнеше компьютерлер табыс етті. Бұдан кейін ғылым докторы, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі Кежек Ысқақ сөз сөйлеп, М. Тәжин туралы естеліктер айтып, оның қандай қызметте жүрсе де өз ісін адал атқарғанын, іскерлігін, қайырымдылығын атап өтті. Арал ауданының әкімі Н. Мұсабаев, Мұғалжар ауданының әкімі С. Шаңғұтовтар құттықтау сөз сөйлеп, мектепке сыйсыпаттар табыс етті. Мектеп қабырғасына Мұқанбетқазы Тәжинге қойылған ескерткіш тақтаны ашу құрметіне аудан әкімі Р. Сыдықов пен М. Тәжиннің немересі Мұрат Мұқанбетқазиев ие болды. Бұдан соң марқұм М. Тәжиннің зайыбы Роза Тәжина сөз алып осы үлкен шараны ұйымдастырып жатқан облыс, аудан басшыларына, ел азаматтарына ризашылдық сезімін білдірді.

## ЗЕРДЕЛЕУ СӘТТЕРІ

Жаңа мектеп ғимаратының үлкен акт залында Мөңке би Тілеуұлына арналған ғылыми конференция өтті. Алғашқы баяндаманы филология ғылымдарының докторы, профессор

Серікқали Бәйменше “Мөңке бидің биік болмысы” деген тақырыпта жасап, Жүсіпбек Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Ахмет Жұбановтың, Балқы Базардың, Сарышалақ Боранбайұлының, Нұржан Наушабаевтың шығармаларындағы Мөңке би туралы айтқан сөздерін саралады, дана бабамыздың көрегендігіне, ойшылдығына көз жүгіртті.

“Не нәрсені болсын алдын ала, төгілген жорға жырмен болжау — адамның білімділігіне, өмірлік тәлім-тәжірибесіне, ең бастысы, құдай берген талант — қабілетіне байланысты. Болжаудың да болжауы бар, алдын ала жасалған замани жорамал кейін нақты нәрселермен, заттармен, құбылыстармен сайма-сай түсіп жатса ғана айнымай келді деп айтуға болады.

Мөңке биден қалған сөздің өлеңдік құрылысы, өлшем мен ыргағы үйлесімді, мазмұн жағынан қоғамдық-саяси лириканың сипаттары байқалатын, сюжетсіз поэма элементтерін бойына сіңірген толғаулар. Профессор Серік Негимов айтқандай, оны “суреткерлік сипатына, эмоциялық-экспрессивтік қуатына” қарай бағалаумен бірге, бұлардың импровизациялық экспромттық, идеялық-мағыналық жағына да көбірек көз жіберген жөн”, — деді баяндамашы.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының кафедра меңгерушісі, профессор Төлеубай Төлепбергени Мөңке әулиенің ұрпағы профессор Мұқанбетқазы Тәжиннің өмірі мен қызметі жөнінде баяндама жасады. Ол М. Тәжиннің өмірбаяны мен қатар аяулы азамат туралы жылы пікірлер айтқан белгілі адамдардың естеліктерінен үзінділер келтірді және ол кісінің өте турашыл, жұмыста талапшыл, іскер, адамгершілігі жоғары адам болғанына тоқталды.

“Егемен Қазақстан” газетінің меншікті тілшісі, журналист Бердібай Кемал “Тарихта Мөңке би атты тұлғалар және Шекті Мөңке би” деген тақырыпта баяндама жасап, тарихта Ноғайлы Мөңке, Хорезмдегі Ақыр Мөңке, Шөмекей Мөңке, Жетіру Мөңке дегендер болғанын, бірақ, сол би, әулие Мөңкелердің бәрі — бір адам, ол — Шекті Мөңке би екендігі туралы дәлелдер келтіріп, тұжырым жасады.

Баяндамалар өткен ғасырлар оқиғалары мен қазіргі заман үрдістерін байыптаумен, Мөңке би мен оның бүгінгі ұрпақтарының арасындағы байланыстарды жаңаша әдіптеумен мағыналы болды.

## ТАРИХТЫ БАРЛАУ

Баба тойына келгендерді ауылдың солтүстік бетіне тігілген ақшаңқан киіз үйлер күтіп тұрған еді. Меймандар мен ауыл



тұрғындарын тап осы алаңқайда “Мөңке би — дала данышпаны” атты театрландырылған қойылым қарсы алды.

Дала сахнасы халықты ХҮІІ ғасырға жетеледі. Дүниеге нәресте інгәләп енген шақ. Нөпір халық. Адамның сұңқары, алаштың ардақтысы батыр Тілеу, би Тілеу. Жатыры асыл ана Сұлу. Сәбиге есім беру рәсімі. “Көлдің суы кетіп, табаны қала қоймаған, жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қала қоймаған” заманда қызылшақа нәресте Мөңкенің шілдеханасы осылай-ақ өткен шығар. Қырғыз Аккісі бидің аяулы қызы — Сұлу ана сол шақта баланың бесігін ғана емес, қазақ келешегін болжайтын дананың бесігін тербетіп отырғанын сезгендей-ақ екен. Ал дана Мөңкеге би мен тектілікті жалғаған Сырым бидің, Сырым батырдың жолығысуы ше? Ұлы бабаның дүниемен қоштасардағы толғауы қазір әр көңілге мықтап орныққан жоқ па: “Құрамалы, қорғанды үйің болады, айнымалы, төкпелі биің болады, ертеңіне сенбейтін күнің болады, бетіңнен алып түсетін інің болады, домалақ-домалақ түймедей дәрің болады, жастарға билігі жүрмес көрің болады”...

Жоқ, олай емес екен. Сценарийін Батыс Қазақстан облыстық драма театрының режиссері Асхат Маемиров жазған, Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрының актеры Елтай Кемал сахналаған қойылым бұл жолы өшудің емес, өсудің, ұсақталудың емес, іріленудің көріністерін ұсынды.

Ақтерлер бала Мөңке (Нұрсұлтан Айтқалиев), мен дана Мөңкені (Әсет Оразалин), ардақты Тілеу батыр (Дәурен Нарманов) мен асыл Сұлу ананы (Айнагүл Өлмесекова), әйгілі Сырым биді (Шынтас Омаров) өз тектеріне лайық биік дәрежеге көтерді.

Талдықорған облыстық филормониясының әншісі Өмірқұл Айниязов орындаған “Мөңке бидің толғауы”, Ғ. Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филормониясының “Арайлы Ақтөбе” халық аспаптар оркестрі Мөңкеге арналған халық күйі — “Кенесті” орындауы қойылымның қадірін артыра түсті.

Бұл күні “Арайлы Ақтөбе” оркестрі Мөңке би ауылын ән мен күйге толтырды.

## СӨЗ ДОДАСЫ

Екі күнге созылған республикалық ақындар айтысы Мөңке би ауылында тиянақталды. Сегіз жүп — Дархан Оразымбетов, Бекарыс Нұриманов, Қайрат Құлекешов (Қызылорда облысы),

Күмісай Сәрсенбаева (Тараз қаласы), Айбек Қалиев (Астана қаласы), Аян Сейітов, Інжу Дәрменова, Қайнар Алақөзов (Шалқар қаласы) ерлік пен елдікті асқақтатты, өзін мен қалжыңды қиюластырды.

Астаналық Айбек Бекарыспен айтысында:

Мөңке би өз ұлтына құлақ түріп,  
Әрқашан табылыпты биік ардан.  
Шіркін-ай, Мөңке сынды би болар ма,  
Халыққа ұсынатын сыйын алдан.  
Алайда ол арманым орындалмас,  
Ол арман — орындалмас қиын арман, —

деп толғанса, Қайнар Күмісаймен айтысын:

Жырлаймын жүрегімнен наз ақтара,  
Армысың, аспан мен көк, азат дала.  
Езуімді жимайтын заман келді,  
Мұнайып ақылыңды азаптама.  
Ассалаумағалейкум, Мөңке ауылы,  
Құлашын кеңге жайған ғажап дала, —

деп бастады.

Той Мөңкеге арналғандықтан да, халық ұлы баба ұлағатына қатысты ой орамдарына ерекше ықылас аударып отырды. Бірінші жүлдені осы тойдың алдында ғана Талдықорғанда өткен республикалық сайыстан екінші орын алып келген жас талант, №1 Шалқар орта мектебінің 10-сынып оқушысы Қайнар Алақөзов жеңіп алып, той ұйымдастырушылары тіккен бас бәйгені — “Жигули-2107” автомашинасының кілтін ұстады. Екінші орын алған тараздық Күмісай Сәрсенбаева мен үшінші орынға шыққан астаналық Айбек Қалиев пен қызылордалық Бекарыс Нұримановқа ақшалай сыйлықтар берілді.

## ДУБІР

Ат дүбірінсіз той жасала ма, ас беріле ме? Мөңке би ауылының іргесіндегі кең жазықтық бұл күні шаңмен сағымданды.

Жұрт делебесін қоздырған 25 шақырымдық аламан бәйгеге тұяқ тарпып 20 ат шықты. Бір кезде осында кеңшар директоры болған, қазір “Казавтожол” РМК директоры, облыстық маслихаттың депутаты Жаңабай Қобыландин қосқан жүйрікке шабандоз Азамат “Жирен қасқамен” мәре сызығын бірінші болып қиып өтіп, бас бәйге — “Жигули-2107” машинасын

жеңіп алды. Екінші орынды Мөңке ауылының тұрғыны Кенжес Нүрпейісовтің “Мөлдір” атты жүйрігін мінген шабандоз Қалдыбек иеленсе, үшінші болып шабандоз Ерқанат, тағы да Жаңабай Қобыландин қосқан “Нарқызбен” жетіп келді.

Күн қызбай тұрып спорттық сайыстар басталып кеткен болатын.

Гір көтеруден Қандыағаш қаласынан келген Айбек Нақбаев екі 24 келі бір тасын екі қолмен 100 рет көтеріп, жұрттың жағасын ұстатты. Олай дейтініміз, екінші орын алған шалқарлық Нүркен Түлкібаев әлгі гирді 25 рет көтерді.

Білек күшін сынасуда бірінші орынды Біршоғыр стансасынан келген Фабит Нұрадинов иеленсе, екінші орынға Ақылбек Бектаев шықты.

Қазақша күресте 70 келіге дейін салмақта алғаш екі орынды ретімен шалқарлықтар Жасұлан Жұмағұлов пен Тимур Беспәев бөліссе, 70 келіден жоғары салмақта бірінші, екінші орындар шалқарлық Рахымжан Бақытжанов пен Мөңке ауылының тұрғыны Дархан Өмірбаевқа тиесілі болды.

Жеңімпаздарды Мөңке тойын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, баба ұрпағы Есенғали Жүгінісов бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Р. С. Баба тойы барысында ауыл үстінен, жағалай тігілген ақшаңқан киіз үй төбесінен әлсін-әлсін ұшақ даусы естілді, темірқанат күс ауылға Мөңке би есімі берілуіне және Мұқанбетқазы Тәжин атындағы мектептің ашылуына орай құттықтаулар жазылған қызыл, көк парақшалар мен алуан түсті шарларды төгіп-төгіп өтті. Ал аспан... осы күндерге дейін қабағын түйген аспан сәулесін шашты.

Рас, Мөңке би толғаған болжамды дүниеге табан тіредік, ұрпағымыз ұсақталды, рухымыз әлсіреді. Бірақ ұлы бабамыз ұлтымыз мәңгі жоғалатынын айтпаған екен. Бәлкім, көреген дананың зердесін өзінен кейін келетін отаршылдықтың жойдасыз сұм саясаты тұмшалаған шығар. Енді, мына, тәуелсіздік томағасын сыпырып, жүрісін түзеген заманда Мөңке би айтқан толғамдарға қарап түзелуіміз қажет екен. Себебі, ұлт әуелі өзінің перзенттерін, сосын өзін-өзі танымаған тұста жойылады. Біз сол тұсқа жақын қалып едік, бірақ шекарадан қайттық. Кеше Айтұлы Тілеуді таныдық, інісі Жолдыаяқ екеуі жерленген Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жазылған есімдерін оқыдық, Түркістан қаласындағы Тілеу-Жолдыаяқ батырлар атындағы көшеге ізіміз түсті. Бүгін Мөңке би ауылымен қайта қауыштық. Ертең... Осы сапарларымыз қайта шудаланған түтінімізді түзу ұшыра бергей де!

## **КАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БОЛЖАМПАЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ МОҢКЕ БИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Сәуегейлік, болжампаздық—жер бетінде адам жаратылғалы бірге жасап келе жатырған, астары терен, күрмеуі қиын мәселелердің бірі. Соның қазіргі күллі адамзатқа танымал айқын бір айғағы Нострадамустың болжаулары. Нострадамус дүниежүзілік соғыстарды, оның нәтижелерін, әйгілі тарихи тұлғалардың алдағы атқарар істерін, тіпті 2004 жылғы 11 қыркүйекте Америкада өткен, жер бетіне үрей әкелген жұмбағы көп оқиғаға шейін болжаған. Нақтылы таңбаламаған, болжаған, тура анық сөзбен емес, астарлы сөзбен бейнелеген. [1]

Әңгімені Нострадамустан бастау себебіміз—СССР шегіндегі адамдардан басқа жұрттың сәуегейлікті, болжампаздықты әлдеқашан мойындағанын, оны жүйелеп, тексеріп өз керегіне жаратып отырғанын көрсету ғана. Яғни, сәуегейлікті дүние жүзі халықтарының мойындайтынын еске тағы бір рет салып өту.

Біздің бұл жерде айтқалы тұрғанымыз, әлемнің әргі-бергі тарихындағы сәуегейлер ғұмыры емес, қазақ әдебиетіне байланысты болжампаздық мәселесі, оның Мөңкеге қатысы.

Қазақ әдебиетінің әрідегі бастауларының бірі —“Шу батыр” дастаны. “Шу батыр” дастаны — қазіргі түркі тектес халықтардың арғы тегі саналатын, көне тарихқа біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі дәуірлерден мәлім сақ және гүн тайпаларының шежіресін аңызға айналған тарихи деректер бойынша жыр еткен ерлік эпосы. Ежелгі түркі аңыз әдебиетін зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша “Шу батыр” дастаны қадым заманда, сақтар дәуірінде-ақ өмірге келген жыр”. [2.25]. — деп жазады ф.ғ.д., профессор Немат Келімбетов. Танымал профессор бұл жерде белгілі түрік ғалымы Нихад Сами Банарлының “Түрік әдебиетінің тарихы” атты зерттеуіне сүйенеді [Стамбул, 1987], қытай жазбаларын көлденең тартады.

Дастан мазмұнына қарағанда аса даңқты ел билеуші Шу батыр өзінің қызылшы-жасылшы гүлге бөленген қаншама түрлі

жеміс-жидек өскен бауының ішіне үлкен хауыз жасатыпты. Онда құстың неше атасы қысы-жазы мекендепті. Сол құстардың қимыл-қозғалысын, табиғатын зерттеген, одан ой түйген ақылы кеніш Шу батыр, олардың іс-әрекетіне қарай отырып болжаулар жасаған. Бір күні ондағы құстардың берекеті кашқанын көріп әйгілі жиһангез Александр Македонскийдің қалың қолмен осылай қарай келе жатқанын болжайды. Дастанның бұл тұсында:

Көлде жүзген қаз-үйрек  
Пана таппай шуласты.  
Бөкен, арқар, киіктер,  
Жалтақ-жалтақ қарайды.  
Жолбарыс пен арыстан  
Сүнгіді қалың камысты,  
Шайқасқа шықты Шу батыр,  
Бермеу үшін намысты [2.25],—

делінеді.

Бұл әрідегі әдеби бастауымызда тұрған нұсқа. Одан сәл түсіп, қазақ ертегілеріне назар салсақ, еске бірден “Күн астындағы Күнікей қыз”, “Аяз би”, “Бақытты басқа тепкен адам” сияқты бала жастан оқыған, санаға сіңген дүниелер түседі. Әуелгі ертегіде кемпірдің жалғыз баласына кездесетін ақсақал болжау айтса, “Аяз биде” Жаман қасиетті тастың бағасын, хан тұлпарының өткен тарихын тәжірибеге сүйене отырып айтып береді. Ал “Бақытты басқа тепкен адамда” Қызыр баба шықпай қала беретін егіннің жайын қисынды дәлелдермен түсіндіреді [3.217].

Батырлық жырларымызда:

Түнде батыр түс көрді,  
Түсінде қиын іс көрді. —

деген сияқты түс көріп болжау жиі ұшырасады.

Қазақ тарихында нақты болған тарихи тұлғаларға келсек, Қорқыт бабамыз, Асанқайғы, Бұқар жыраудың болжаулары көзіқаракты адамдардың баршасына мәлім. ХҮ ғасырда ғұмыр кешкен Асанқайғы Жәнібекке:

Өзіңнен басқа хан жоқтай  
Елеуреп неге сөйлейсің?  
Он сан ноғай бүлініп,  
Артыңды алар орыс кеп,  
Оны неге білмейсің? — [4.7]

деп өзінен кейін екі ғасыр шамасында болар істі болжайды.

Қилы-килы заман болмай ма,  
Суда жүзген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма!? —

деп астарлы сөз кестесін тастайды.

1668 жылы туып, 1871 жылы дүниеден озған атақты Бұхар жырау Мөңке бидің замандасы еді. Қазақтың отарлық езгіге түсерін атақты жырау былайша сәуегейлікпен болжайды:

Күн батыста бір дұшпан,  
Ақырда шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Бастығының аты боп,  
Күн шығысқа карайды,  
Шашын алмай, тарайды,  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ,  
Затсыз, тексіз жөн кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір.  
...Қағазға жазар малынды,  
Есепке салар барынды.  
Елінді алар қолыңнан,  
Әскер қылар ұлыңнан,  
Тексізді төрге шығарып,  
Басыңа ол күн туғанда,  
Теңдік тимес құлыңнан [4.102].

Осы айтылғандардан шығар қорытынды, Мөңке би де “жерден жік шықпаған” өткен ата-бабалары салған күре жолдың бір саласын жалғастырған, алтын арқауын үзбеген.

Ойымызды нақтылай түсу үшін тағы бір мысалды көлденең тартайық. Қазақ эпсаналарының бірінде мал іздеп жүрген біреу жолаушыға жолығып “түйе көрген жоқтысың?” дейді. Жолаушы “түйенің аяғы ақсақ па?” дейді, иесі “иә” дейді, “құйрығы шолақ па?” дейді, иесі “иә” дейді, “оң көзі соқыр ма?” дейді, иесі “иә” дейді. “Айтып тұрғаның менің түйем, қайдан көрдің?” десе, жолаушы “көрген жоқпын” дейді. Үлкен дау туалды, ақыры екеуі қазының алдына баралы. “Көрмесен қалай біліп тұрсың” деген қазыға “ол түйенің ізін ғана көрдім, содан ақсақтығын білдім, сол жағындағы шөпті шалып женті, содан оң көзі соқыр екендігін сездім, тұрған жерінде құмалақтапты, құмалағы әдеттегіден алысқа түсіпті, содан шолақтығын білдім” депті. Бұл эпсананың

сюжетінде тұманды күні адасып, қошкен үйдің ізімен жүріп келе жатқанда бала Мөңкенің әкесі Тілеуге айтатын болжамдарымен ұқсастық бар[6]. Мөңке әкесіне қошкен үйдің түйесінің бір көзі соқыр, иті шолақ екенін айтып береді. Бірақ мұнда біз салыстырып отырған әпсанадағыдай емес, Мөңке бала болжамдары тереңге кетеді, қошкен үйдің қанша малы барын, итінің түсін, оның көк серкесін, айы-күні жетіп отырған жүкті әйелі барын біледі. Бұл жерде баланың аса зеректігі айқын көрінеді. Қарғатай бала өмірде көрген, білген өз тәжірибесіне сүйенеді. Айтып отырған болжауларының негізсіз еместігін дәлелдейді. Жалпы, Мөңке болжауларының барлығының дерлік сүйенер негіздері бар. Мөңке заманында Әбілқайыр, Нұралы хандардың оң тізесін басқан би болғанын тарихи құжаттар айқындап отыр. Демек, Мөңке — ірі саясаткер. Саясаткер Мөңке іргелес отырған Ресейдің даму тарихын, жүргізіп отырған аяр саясатын, ондағы өндірістік күштің деңгейін, өндірістік қатынастар сыпатын зерттеген адам. Ол өмір сүрген тұста Қырым, Қазан, Ноғайлы хандықтары орыс отаршылдарының табанына түскен-ді. Ендігі кезек казактікі еді. Осыны анық пайымдаған Мөңке халқының келешек тағдырын ойлағанда жаны күйеді, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылады.

...Өре менен темірден жол тартылар,  
Қоныс болса алдыңнан орыс шығар...  
...Орыс, казак қосылып, бір-біріне үйір болар,  
Сөйткен заман кез болса түзелуі қиын болар,—

депті ойшыл.

Отарлық езгіге түскен соң казак халқының қоғамдық болмысы, қоғамдық санасы да өзгермек:

Көлдің суы кетіп, табаны қалар,  
Жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалар.  
Жігіттің ақылы кетіп, амалы қалар,  
Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалар.  
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар,  
Адамның жақсысы кетіп, азабы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар. [5]

Мөңкенің көзқарасынша, бұл дүниеде себепсіз ештеңе жоқ. Өз билігін өзгеде болған соң, әрине, жігіттің ақылдан гөрі айла-шарғыға, қулық-сұмдыққа жүгінбек, оның сөзінде маңыздан гөрі жалтырақ әшекей-үшкей көп болмақ, әулиенің аруағы қайтып, жақсының жан азабы ұлғаймақ. Отарлап

отырған өзге мемлекет еліңді халық қамын ойлайтын адал перзентің арқылы емес, арамза, алаяқ, “ақылы жоқ санасыздар” арқылы билемек, солардың заманы тұмақ. Мөңке Әулиенің бұл айтқандары кейін қазақ басына айнымай келді. Көзімен көрген, басынан өткерген, ұлттық намысы зор атақты Сарышолақ (1858-1929) ақын:

Әулие Мөңке айтқаны,  
Бұлжымай келді алдыма.  
Бағымның неге қайтқаны,  
Тәңірдің көңілі қалды ма?  
Елімді билеп кете ме,  
Кешегі келген қаңғыма? [7.42]—

деп күйінеді.

Совет тұсында, отарлық езгіде қалыптасқан әлеуметтік бейнемізді :

Бай құрып, бақсы азады,  
Кен көбейіп, бейшара озады.  
Қу моладан үйің болады,  
Қу баладан биің болады.  
Кебір жерге теңеледі,  
Әйел ерге теңеледі.  
...Адам ақысыз жұмыс істемейді,  
Дүниені түрлеп кестелейді.  
Ащыны ащы демейді,  
Сағынып тамақ жемейді.  
Тапқанын олжа дейді,  
Алһам білгенін молла дейді.  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса көрші көршіге кірмейді, —

деп Мөңке Әулие бұдан екі жарым-үш ғасыр бұрын дәлме-дәл көрегендікпен айтып кетті. Біздің санамыздың осы қалыптан әлі күнге шыға алмай жатқанын мойындамасқа тағы лажымыз жоқ.

Өз халқының эпикалық, эстетикалық, ұлттық салт-санасынан өгейденіп өзгенің шылауында кетер күнді Мөңке қазақ үшін ақыр заманның орнауы деп біледі. Ойшыл атамыз боданға түскен елі ұлттық дүниетанымынан, халықтық дәстүр мен ата-баба салтынан бірте-бірте алшақтайтынын, алшақтаған соң жас ұрпақтың еліктегіш көңілі келеңсіз қылықтарға ұрынарын тап басады:



Заманақыр боларда,  
Жер тақыр болар,  
Халқы пақыр болар,  
Балалары жетім болар,  
Әйелдері жесір болар,  
“Ә” десе, “мә” дейтін кесір болар.  
Бас қосылған жерде,  
Әйел жағы ден болар,  
Жаман-жақсы айтса да,  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Желпідетіп шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар.  
Кигенін сіресінен басады,  
Ұятын қымтаудан қашады.  
Атасының асы емес, келін түсірген той емес,  
Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болады.  
...Ақырзаман боларда су тартылар,  
Қарап тұрған жігітке қыз артылар.

Бажайлай қарасаңыз бәрі рас, жетім балалар үйі де, жесір әйел де қазақта жетіп артылады. Бұрынғы аз болғандай казинолар қаптап, “бозбала мен қыз бас қосқан жиын” көбейді. Ар жағын қазбалап айтуға адамның беті шыдамайды, “жасы ұлғайған адамға шын қиын боп” түр. 2000 жылы 30 мамыр күні ҚР Парламенті Мәжілісінде, депутат, Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза: “Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал баяғы Мөңке бидің айтқаны келіп түр” деген еді. [8] Осы тұжырымға қол қоймасқа амал қалмады. Сәуегей: “Ала шұбар тілің болады, Дүдәмалдау дінің болады” депті [9.124]. Қазір тіліміздің алашұбар, дініміздің дүдәмал екенін әрбір зиялы азамат білсе керек.

Қорыта келгенде, Мөңке би болжаулары ұлтымызды жамандықтан қашуға тәрбиелейтін, адамға ой салып, жақсылыққа бастайтын өшпес бағдар шамдардың бірі демекпіз. Сондықтан Мөңке бидің шығармаларын терең игерудің, оқып-білудің жолдары жедел қарастырылуы қажет деп есептейміз.

### *Дәйек көздері:*

1. *Мұхтар Құл-Мұхаммед. Мөңке би. "Егемен Қазақстан". 18-23 қарашадағы сандары, 2003 жыл.*
2. *Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. — Алматы: Ана тілі, 1998*
3. *Қазақ ертегілері. 3-том. — Алматы: Жазушы, 1988*
4. *Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия — Алматы: Ана тілі, 1993*
5. *Асанов Ж. Шекті Мөңке би Тілеуұлы. — Астана: Елорда, 2001*
6. *АВПР. Ф.122, 1748г. Д.8 л.л. 15 об-16 об.*
7. *Асыл қазына. Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясы. — Ақтөбе, 2001*
8. *Ш. Мұртаза. Абайлаңыздар! "Егемен Қазақстан". 30.05.2000*
9. *Негимов С. Шешендік өнер. — Алматы: Ана тілі; 1997*

МӨҢКЕ ТӨЛЕГЕН

Соғыстан кейінгі жылдардың бірі еді. Май айы болатын. Жаздың самал желді, салқын кешінде сүмбідей сұлу торы ат жеккен қара тарантастан бір әйел мен ер адам үйдің алдына тоқтай қалып, түсіп жатты. Есіктің алдына шығып қарасам жалпақ елге мәлім кәдімгі сері ағамыз Мөңке Төлеген мен оның әйелі Зұбайна екен.

Бұларды бұрын да көріп жүретінмін, біздің үйде талай рет болған. Бірақ балалық па, үлкен кісі болған соң ұяламын ба, бетіне онша зер салып қарамаймын. Шай үстінде көзім түсіп кетті: Төкең қара емендей қақырайған батыр тұлғалы, қыр мұрынды. Басында ноғай тақия, үстінде қара бешпент, оның сыртынан тайлақтың жүнінен тоқылған шекпен киіпті. Аяғында жұқа қара етік. Ал, Зұбайна сол кездерде алпысқа таянып қалғанына қарамастан, “сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді” дегендей, сымбатты көрінді. Бетінде әжім аз, дөңгелек жүзді аппақ әйел. Жасында қас сұлудың өзі болғаны байқалып тұр. Киім киісі де сәнді, басында ақ жаулық, үстінде ақ көйлектің сыртынан қысқа жеңді қара барқыт бешпент киген. Аяғында кебіс мәсі. Кебісі көнелеу болғанмен, сірісіне күміс шалған әдемі екен. (Төкеңнің өзі тіккен болуы керек).

Олардың түрі-түсі, киім киісі мені таң қалдырды. Соғыстың басталғанына көп болған жоқ, жұрттың тұрмысы да түзеле қоймаған мезгіл. Соған қарамастан бұлар кітаптағы сал-серілерді еске түсіреді. Иә, бұлар да серілердің өзі еді. Олар туралы менің шешем жыр қылып айтып отыратын. Басқалардан да олар туралы қызық әңгімелер естігенмін...

Төкең шайдан кейін Батақтың Сарысы туралы әңгімеледі. Арасында оның өлеңдерін де айтып қояды.

— Жазып ал, қарағым, жазып ал. Ертең біздер кеткен соң, бұл әңгімені ұмытып қаласындар. Жас болса біразға келді, ағаң қанша жүрер дейсің, — дейтін. Шынында оларды көріп, біраз әңгімені жете сұрап, жазып алмағаным қазір өкініп те жүрмін.

Олар әңгімені айтып отыр. Мен тыңдап отырмын.

... — Мен Батақтың Сарысын көріп, әнін тыңдаған адаммын, — деп бастады ол сөзін.

— Ағайын болғанмен, ауылымыз бөлек еді. Жазғы жайлауда отырған кез. Кешкі мезгіл, алыстан ән естіледі. Әкем үйде болатын. Ол кісі бірден: “Мынау Сарының дауысы еді ғой, біздің ауылға келе жатқан шығар. балалар сыртқа шығып байқандаршы” деді. Елендеп отырған біздер ести сала киіз үйдің есігінен зып етіп, далаға жүгіре шықтық. Манайда ешкім көрінбейді. Шіркіннің дауысы қозыкөш жерден естілетін. Дауыс шыққан жаққа қарасам өте алыстан бір жалғыз қара көрінеді. Жақындай келе атты адам екені байқалды. “Біздің ауылға соққай” деп тілеп тұрмын. Бір кезде атты кісі әнін қоя салып, біздің ауылға қарай бұрылды. Жүрегім орнына түсіп, “алақай, біздікіне келе жатыр” деп үйге жүгіріп кірдім. “Ал, дайындалыңдар” деп әкем орнына тұрып, үй ішіне әмір беріп жатты. Біраз уақыт өткен соң, айтқандай-ақ Сары атының басын біздікіне тіреді. Әкем қалбалақтап сыртқа шықты. Соя қоятын мал бола ма, ағайыннан тоқтыны қарызға әкелді де, алып ұрды.

Менің онға келіп қалған кезім, әңгімені қалт жібермей тыңдап отырмын. Жармоладан (Ырғыздан) оны ұстауға солдат шығып, бұл сапар содан қашып жүр екен ғой.

Иә, Сарының мұндай істі болу себебі бар еді. Ол Қабактың Қарабасы, атақты бай Сидактың Қосан деген қызына ғашық болады. Қыз Төртқараның атақты байы Маңбай дегеннің баласына айттырулы екен. Мықты жермен құда болған Сидак қызын Сарыға бергісі келмейді. Олар Сарыға жала жауып ұстатпақ болады. Ақыры біздің ауылға келіп кеткен соң, көп кешікпей Сарыны ұстап кетті дегенді естідік.

Сары Жармоланың абақтысында бір жыл жатты. Екі ел жақ болып, арты үлкен дауға айналды. Оны Сібірге жер аударатын болды. Ағайын деген қызық қой, “өкпеге қыса да, өлімге қимайды” дегендей, енді ел Сарыны Сібірге жөнелтейін деп жатқанда босатуды ойластырды. Қосан да қайратты, айтқанынан қайтпастай тентек қыз еді. Осы сапар әкесіне болмай, ол да барса керек. Бір әнінде Сары осы туралы айтқан ғой.

Ұлықтар көнбепті. Ақыры Сары 25 жасында Сібірге жер аударылып, содан елге оралмады. Есіл ер би-болыстардың, байлардың құрбандығы болып кетті ғой, артында аңыраған әні қалды, — деп ауыр күрсінді.

Мен әңгіменің аяқталғанын білген соң:

— Аға, Сары мен Қосан мақсаттарына жете алмай арманда

кеткен екен. Ал, сіздер мақсаттарыңа жеткен нағыз бақытты жандар болдыңдар ғой, — дедім.

— Иә, карағым, біздер бақытты адамдар екеніміз рас. Бірақ біздер де аз әуреге түскеніміз жоқ. Совет өкіметі орнаған соң ғой даудан құтылғанымыз, — деді ол сәл ойланып.

...Төлеген бір ат, бір сиырдан басқа мал бітпеген кедей болған. Шалқардың құмында туғанмен, өмірінің көбі осы жақта өтеді. Ол ән салып, салдық құрып жүріп, Омар дегеннің қызы Зұбайнамен танысады. Бірақ қалың малына төлеуге онда малы жоқ. Әрі Зұбайнаға Атантай дейтін назардың белді ақсақалы құда түсіп қойыпты. Атантайдың Зұбайнаны алып бермекші баласы Нәрегей мұрны пұшық жігіт екен. (Ол кісіні осы жолдардың авторы мен де көрген едім). Өзі сұлу, әрі домбырашы Зұбайна оны менсінбейді. Бірақ оң жақта отырғанда бата бұзып кете алмайды. Бұл жайсыз хабарды естіген Атантай құдасымен тез келісіп, Нәрегейге Зұбайнаны алып береді. Бірақ Зұбайна оған көнбей, бір күні Төлегенмен қашып кетеді. Төлеген Шалқар асып, Аяққұмдағы ағайындарына аттанады. Қиыншылық пен қайғыға мойымайтын, өмірге күліп келіп, күліп кететін жандар болады ғой. Тап солардың өзі Төлеген мен Зұбайна дер едім. Зұбайнасын қасына алып, Темірге келіп, Кеңкияққа бара жатқанын талай көрдік. Төкең әрқашанда көңілді, әнін салып, әңгімесін айтып отыратын-ды. Оны бүкіл ел сыйлайтын-ды, бәрі де барын беріп, күтіп алып жатқаны. Жасымнан мен білетін оның өнері — етікшілік. Сұлулықты, көркемдікті сүйетін ол етікті әдемі тігетін. Жұрт Төкеңді “Мөңке Төлеген” дейтін және де Мөңке Төлеген десе кім екенін біле қоятын. Өзі де “Төлеген атты кісі көп, бірақ мен жай Төлеген емеспін. Мөңке Төлегенмін. Тілеудің кенже баласы Мөңке биден тарағанмын. Аталарымызға тартып, мен де аз-көпті атаққа ие болып жүрмін ғой” деп күлдіретін. Оларды көргенде менің есіме Сәбит Мұқановтың “Балуан Шолағы” түсетін-ді. Сол кітапты оқығанда, өмірі бірімен-бірі ұқсас па, қалай, Төлеген Балуан Шолаққа. Зұбайна Ғалияға өте ұқсайтын-ды. Төкең сауатсыз болғанмен, саясаттан хабары бар, жаңалыққа жаны құмар жан болатын. Ол халқымыздың көркемөнеріне де үлес қосқан адам. Батақтың Сарысы туралы академик Ахмет Жұбановқа көптеген мәліметтер мен өлеңдерін берген. Бұл жөнінде Ахмет Жұбановтың “Замана бұлбұлдары” деген кітабында толық айтылған. Ахаң сол кітапта Сары туралы деректі осы Төлегеннен алғанына біраз тоқталған. Міне, Ахмет Жұбанов айтқандай, сал-серінің соңы — Мөңке Төлеген осындай адам еді.

*Совет тұсындағы облыстық “Коммунизм жолы” газеті*

## ТЕКТИДЕН ӨРБИГЕН ТАРЛАН

Біз сөз еткен отырған Мұхамбетқазы Тәжин көне қариялардың, ата-жесілерінің, мектепте сабақ берген мұғалімдерінің айтуынша бала күннен аса батыл, қара қылды қақ жарып сөйлейтін шешен, алған бетінен қайтпайтын қайсар әрі ақылды болыпты. Бұл қасиеттердің оған өмір бойы жолдас болғандығын Мұхаңмен қызметтес, дәмдес, жолдас болған адамдардың бәрі де біледі, әрі мойындайды десек ешкім қарсы бола қоймас. Әрине, адамның қалыптасуына өскен орта, мектеп, жоғарғы оқу орны, ұжым және ондағы әлеуметтік-психологиялық ахуал әсер етеді ғой. Бірақ, бұл істегі ата-баба дәстүрін, генетикалық жәйтті есепке алмауға болмас. Осы ретте Мұхамбетқазы Тәжиннің қазақтың белгілі билерінің бірі, сәуегей, шекті Мөңке бидің тікелей ұрпағы екендігін айта кеткен жөн сияқты. М.Тәжин 1933 жылғы 28 тамызда Ақтөбе облысы Шалқар ауданында теміржол жұмысшысының отбасында туған. Әкесі Қауыс ел ішінде өте беделді, шешен, әңгімешіл, парасаты жоғары кісі болған, сол үшін кеңестер тарапынан қудаланған, кейін майданға аттанып, Ұлы Отан соғысынан оралмаған, шешесі Бибатша үй шаруасымен айналысқан. Орта мектептен кейін Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тарих факультетіне түсіп, оны 1954 жылы үздік дипломмен бітірген. Оқып жүрген кезінде институт комсомол комитетінің хатшысы, Фрунзе аудандық, Алматы қалалық комсомол комитеттерінің мүшесі, Пушкин атындағы арнаулы стипендияның иегері болған. Мәртебелі мінберлерден талай рет жалынды әрі ойлы пікірлер айтқаны үшін “Жастар трибуны” деген атаққа ие болған. “Комсомол комитетінің хатшысы болғандықтан Мұхаң институттың жоғарғы деңгейдегі әртүрлі жиналыстарына қатысып, онда тек қана студенттерге байланысты мәселелерді көтеріп қоймай, кейбір оқытушы-профессорлардың лекция оқуын, семинар өткізуін де сынға алатын кездері болды. Соның салдары болса керек, қоғамдық пәндерден беретін кейбір оқытушылар институт

коридорында онымен кездесіп қалса, бірінші өздері Тәжинге сәлем бергендерінің мен өзім куәсі болдым”, — дейді ҚазПИ-де қатар оқыған жолдастарының бірі, Атырау пед-институтының бұрынғы ректоры, профессор Г.Дайыров.

— Мұха, студенттік өмір аяқталып келеді, әулие Мөңке атанын ұрпағысыз ғой, ертең осы отырғандар кім болады, кәне, тыңдайықшы дейтінбіз. Сонда ол кісіге қарағанда жүрегінді суырып алатындай өткір де қара көздерімен әрқайсысымызға бағдарлай қарап:

— Сен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы боласың, сен ғалым боласың, сен қаламгер боласың т.т. деп жіліктеп тастайтын. Сол айтқандарының бәрі келді, — деп еске алады замандасы, дербес зейнеткер, Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер Т.Төреханов.

М.Тәжин институт бітірген соң, сонда оқытушы болып қалдырылды. Көп ұзамай Алматы қаласы Фрунзе аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды, одан Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетіне ауыстырылды, кейін Ақтөбе облыстық комсомол комитетінде екінші хатшы болды.

М.Тәжин ұзақ жылдар жауапты партиялық қызметте болды. Ол Ақтөбе облыстық партия комитетінде лектор, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, Батыс Қазақстан өлкелік киноландыру басқармасының бастығы, Гурьев облыстық партия комитетінің насихат және үгіт, партиялық ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі, ал 1972 жылдан обкомның идеология жөніндегі хатшысы болып істеді. Осы кезеңде оның саяси-қоғамдық ұйымдастыру қабілеттері ерекше көрінді. Атырау өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосты, партиялық-саяси жұмыстарды ғылыми негізге сүйене отырып, жүзеге асыруға еңбектенді. Ол Гурьев облыстық партия ұйымдарының тарихын, іс-тәжірибесін жан-жақты зерттеп, кандидаттық диссертация қорғалды. Партия ұйымдарының зор ұйымдастыру және саяси жұмыс тәжірибелері, Атырау өлкесі еңбекшілерінің қажырлы еңбектері жөнінде “Алғы сапта” (Алматы, 1972), “Насихатшы және жарыс” (Алматы, 1975), “Ауыл мәдениетінің ұйытқысы” (Алматы, 1977); “Лениндік принциптер мен нормалар негізінде” (Алматы, 1990), тағы басқа ондаған кітаптар, 300-ден аса ғылыми, тарихи публицистикалық мақалалар жазды. Қысқасы, Кеңес заманында тарих ғылымының “партия құрылысы” дейтін салада болды. Тәжин сол саласының белгілі маманы болатын.

Облыс еңбекшілерін игі істерге жұмылдыру, идеология кадрларын іріктеу, гөрбнелеу барысындағы жұмыстардың басы

— қасында болды. Өлкенің халыққа білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерде М.Тәжиннің үлесі баршылық. Сол үшін 2 рет “Кұрмет белгісі” орденімен, “Ғңбектегі ерлігі үшін” медалімен марапатталды.

“Мен 1968-1977 жылдары Маңғыстау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген кездерімде М.Тәжинмен жиі-жиі пікір алысып, ақылдасып, үлкен түсіністікпен жұмыс жасадық. Мен Мұхамбетқазыны білімді, жұмыс тәжірибесі мол, іскерлік қабілеті жоғары, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін қызметкер деп білемін”, — дейді елге белгілі ардагер ақсақал Оңайбай Көшеков.

“М.Тәжин өте білімді, екі тілге бірдей сауатты шешен, жұмыста талапшыл, үлкен бедел иесі болды. Оте турашыл, іскер, шындықты кімге де болса бетке аитатын, өзінен лауазымы төмен қызметкерге камқор көзбен қарайтын. көмектесуге, жақсылық жасауға дайын тұратын еді. Мен — Мұхаңның жақсылығын көрген адамдардың бірімін”, — дейді “Атырау” газетінің бұрынғы бас редакторы, дербес зейнеткер, белгілі журналист Т.Жауыров.

М.Тәжиннің жұмыс істеу әдістерінің ерекшеліктерін, адамгершілік қасиеттерін, жолдастық, достық қадір-қасиеттерін сол кездегі облыстық деңгейдегі басшылар О.И.Желтиков, Ә.Кенжебаев, М.Сағынбаев, Х.Қатжігітов, аудандық партия комитеттерінің хатшысы О.Еркін, Б.Ізтелеуов, С.Сүйінов, Қ.Темірташев, М.Ғабдісәлімова, С.Орынғалиева, М.П.Завершинская, тағы басқалар іттипатпен еске алып отырады.

Мұхаң жас кадрларды іріктеу, тәрбиелеу, орналастыру мәселесінде “Бұлақ көрсен, көзін аш” деген халықтық қағиданы басшылыққа алатын-ды. Оған мысалды көптеп келтіруге болады.

Менің өзім кезінде Мұхаңның шәкірті әрі сыйлас інісі болғам, сол кісіден қоғамдық-саяси жұмыстың қыр-сырын үйренгендердің бірімін әрі соны мақтан тұтамын. Сондағы байқағаным — қызмет барысында М.Тәжинде ағайыншылдық болмайтын, жіберген қателерің үшін өзгелерден ерекше әрі қатаң жауапқа тартылатының. Кейін зерделесем, мұның өзі үлкен сын, тәрбие, сындарлы сабақ екен.

Ағамыз жұмыста аса талапшыл болғанмен, тұрмыста қарапайым, ақжарқын, отырған жері сауық-сайран болатын-ды. Домбыра тартып, ән салатын, өте қисынды, тағылымдық мөні бар әңгімелер айтып отыратын. Жалпы өмірге қарапайым,



практикалық көзқараспен қарайтын, абстрактілі ойлауды сүймейтін.

М.Тәжин 1977 жылдан өмірінің соңына дейін республика астанасы Алматыда Қазақстан “Білім” қоғамы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, Алматы жоғары партия мектебінің доценті, Партия тарихы институтының ғылыми қызметкері, Қазақ дене тәрбиесі институтының кафедра меңгерушісі болып істеді. Бұл кезеңде ол бірыңғай ғылымға қарай бетбұрыс жасады. Кітаптар, ғылыми мақалалар, оқу - әдістемелік құралдар жазып, баспадан шығарды. Бірнеше Бүкілодақтық, аймақтық, республикалық ғылыми- теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Еліміздің белгілі ғалымдары Б.Төлепбаев, М.Қозыбаев, Ә.Қанапин, Ж.Әбділдин, Ә.Нысынбаев, М.Әженов, В.Григорьев, Б.Сүлейменов, А.Ержанов, Ә.Ахметов, тағы басқалармен тығыз творчестволық байланыста болды. Оның ғылым саласында бергенінен берері көп еді...

Бірақ, сұм ажал арамыздан ерте, 1991 жылы 9 қазанда алып кетті. Сол жылы 12 қазанда бір топ жолдастары қол қойған қазанамада “Бүгінде, бұрынғы құндылықтар мен мұраттар жан күйзелісі жағдайында қайта қаралып жатқанда, М.Тәжин өзінің азаматтық батылдығымен және сыншыл парасатымен ерекшеленгенін айтуға тиіспіз”, — деген тұжырым өте орынды айтылған.

## **ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СУАТЫ**

Зар заман поэзиясынан есімі орын алар тұлғаның бірі — Мөңке би Тілеуұлы. Совет дәуірінде оның мұрасын, болмысын танып-білуге жол жабық болды. Себебі — түсінікті. Шығармаларындағы ойлау формалары — орыс империясының туған жұртына әкелер зиянды зардаптарын баяндайтын. Сондықтан нәсілшіл совет идеологиясы мүддесіне кереғар еді. Үйлеспейтін. Мөңке би есімінің, туындыларының жарыққа жарқырап шықпай көлеңкеде қалуының басты негізі осы болатын. Бірақ халық оның ғибрат сөздерін, шешендік ой-толғамдарын жадында сақтады. Қоғамдық қызметін үлгі етті. Ұмытпады.

Мәдениеттану ғылымында: “Зарзаман” идеясы — қазақ мәдениетінің өзінің болашағы туралы қам жеуінің уақыттық таңбалық белгісі ... батырлық ғасырлардың ұзаққа созылуы мүмкін емес еді: оның белгісі тұрақты межеге жете алмауы, бір ата жаудың (мысалы, жоңғардың) орнына, одан да қатерлі күштердің төніп келуі (Қытай мен Ресей) дәстүрлі уақыттың мәңгі еместігі жөнінде ой желістерін туғызды. Жерұйық пен Жиделі Байсынды Ақырзаман алмастырды”, — деп тұжырымдалған пікір Мөңкенің қоғамдық санасының болмысына да тікелей қатысты дер едік. (Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану: Жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. — Алматы: Раритет, 2004, 261-бет). Мұны : “Заманақыр боларда, Жер тақыр болар, Халқы пақыр болар...” немесе, “Ақырзаман халқының, Шайдан басқа асы жоқ, Жакынынан басқа қасы жоқ...” сондай-ақ, “Ақырзаман болғанда, Түйе бұлан болар, Жылқы құлан болар, Өз бауырың суыған болар...” — деген Мөңкенің өз сөздері жоғарыдағы тұжырымдарды растап бекітеді.

Мөңке бидің (1675-1756) мұраларын саралай қарасақ, оның дүниетанымының кеңдігін, логикалық ойлау жүйесінің

тереңдігін пайымдаймыз. Бұны талдай отырып көрсетейік.

Құрамалы қорғанды үйің болады,  
Айнымалы төкпелі биің болады...

Немесе:

Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады...  
Әйелдері жесір болар,  
“Ә” десе, “мә” дейтін кесір болар...  
Орай салып бастарын  
Желпідетіп шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар.  
Орыс, қазақ қосылып  
Бір-біріне үйір болар.  
Сөйткен заман кез келсе,  
Түзелуі қиын болар... —

дейді Мөңке би (Жәдігер. Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы. — Ақтөбе, 2006, 9-14-беттер).

Мөңке бабамыздың пайымдары — бүгінгі қоғам шындығы. Күнделікті өмірден көріп жүрміз. Мөңкетанушы ғалым Жұбаназар Асанов: “... ойшылдың болашақты болжауда тарихи аналогия ғана емес, экстраполяция әдісін де шебер қолданғанын көреміз”, — депті. (Асанов Ж. Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым. — Астана; Елорда, 2001, 37-бет). Шындығында да оның алдағы кезде орын алар құбылыстарды дәл болжауы өз елінен бұрын отарланған қандас жұрттардың саяси әлеуметтік жағдайларын негіз қылуынан. Бұнан Мөңкенің түркі халықтарының тарихына жетіктігін аңдаймыз. Толғауларындағы ой қорытындының алғы шарттары — Токтамыс пен Ақсақ Темірдің кінәсінен құлаған Алтын Орда империясы, одан бөлініп шыққан дербес хандықтар — Қазан, Астрахан, Қырым т.б. шежіресі еді, нақтылап айтқанда.

Ж. Асанов: “Мөңке би заманында би болған адам, қоғамдық, саяси істерге белсене араласқан, Әбіш Кекілбаев тарихи романында атап көрсеткендей Әбілқайыр ханға орыс елшілігі келгенде ішінде болған, саясаткер еді. Оның есімі орыс-қазақ қатынастарына байланысты құжаттарда таңбаланған, “Орта жүз және Кіші жүз билері мен батырларының Нұралы сұлтанды Кіші жүз және Орта жүз қазақтарына хан етіп тағайындау туралы император Елизавета ханымға хатына” қол қойған отыз екі адамның бірі Шекті

руының Мөңке биі”, — дейді. (Асанов Ж. Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым. — Астана: Елорда, 2001, 18-бет). Осы деректерді тарата ашып, Мөңке толғамдарындағы ой қорытынды негіздерін зерделейік.

Мөңке елуге аяқ басқан шағында жоңғарлар тарапынан жасалған қанды қырғын — “Ақтабан шұбырынды” оқиғасын көрді. Мұнда жұртымыздың жарымы харап болған еді. 1723 жылғы осы шапқыншылықтан кейін үш жүздің қазақтары бас қосып жауға тойтарыс беруді ойластырды. Бұны белгілі ғалым, Әбілқайыртанушы Ирина Ерофеева бұй деп куәландырады: “Шамамен 1726 жылдың соңы, 1727 жылдың басында Шымкенттің батыс жағындағы Ордабасы мекенінде үш жүздің құрылтайы болды. Бұл жиынның көсемі Әбілқайыр хан болғанына дау жоқ. Ол бұл кезде есімі мен ерлігін, кемеңгерлігін күллі қазақ даласы мойындаған тұлға еді. Әбілқайыр күллі қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып сайланды”. (И.Ерофеева. Әбілқайыр хан — қолбасшы, билеуші һәм саясаткер. // Алтын Орда. 8.12.2002 жыл). Ғалым Мұхтар Мағауин де: “... алғашқы үлкен майдан 1728 жыл шамасында Арқада, Сарысудың батыс тарабындағы Бұланты өзенінің бойында өтеді. Келесі үлкен ұрыс 1730 жылдың көктемінде, Балқаштың оңтүстік тұмсығына тақау Итішпес деген көлдің маңында болды. Бұл екі шайқаста да қазақ әскері толық жеңіске жетеді. Кейін Бұлантыда ұрыс болған жер Қалмаққырылған деп аталады. Итішпесте ұрыс болған жер Аңырақай аталады... Бұланты шайқасында бас қолбасы — Әбілқайыр еді”, — деп және айғақтайды. (М.Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. — Алматы: Қазақстан, 1995, 97-98-беттер).

Осы шайқастардың жоңғарларды тас-талқан қып, қазақтың басына төнген бұлтты ыдыратып, тыныс алуына мүмкіндік туғызғаны анық-ты. Бұл екі жойқын соғыста елін жеңіске жеткізген сайыпқыран қолбасы, баһадүр Әбілқайыр хан еді. Дүние жүзі тарихшылары осылай дейді.

Қазақтың сұлтандары мен батырлары, шонжарлары қысылтаяң сәтте қолбасылыққа оның соғыс өнеріне қаншалықты жетіктігін, әскери стратегия мен тактиканы меңгерген тәжірибесін жан-жақты сараптап барып сайлағаны күмәнсіз.

Әбілқайыр хан ұлы жеңістерден соң күтпеген шешім жасайды. Ресей империясына бодан болу мәселесін көтереді. Айта кетелік, өкінішке қарай, бұны осы күні руға, жүзге бөлінген кейбіреулер істің тарихи себептерін бұрмалап қарсыласын мұқату, тұқырту мақсатында жеке бастан туған дұрдараздыққа шебер пайдаланып келеді. Бұл жөнінде бірқатар

пікірімізді басылымдарға жариялаған ек (Б. Кәртен, Ж. Асанұлы. Тарихқа топырақ шашпайық. // Ана тілі, № 28, 15.07.1999 жыл).

Әбілқайыр ханның мүддесі — қазақ ұлысын аман сақтап қалу қамы, халық есін жиғанша уақыт ұту-ды. Пікірімізді осы саланы арнайы зерттеген Англиядағы Суонси университеті колледжінің оқытушысы А. Боджердің “Кіші жүз ханы Әбілқайыр және оның 1731 ж. қазандағы Ресейге бодан болу туралы анты” атты еңбегінде былай деген тұжырымы толық қуаттайды: “1730 жылы Әбілқайырдың жетекшілігімен қазақтардың біріккен әскери қолы Аңырақай түбінде жоңғар қалмақтарын ойсырата жеңді. Бірақ, осы оқиғадан кейін не болғаны белгісіз. 1730 жылғы шілде айында Әбілқайыр орыс шекараларына жақын көшіп барып, Ресей бодандығын қабылдау жөнінде байыбына бармаған отінішпен Санкт-Петербургке елші жібереді... Әбілқайыр есептерінің жөнге келетіндігі ол кезде қазақтар үшін басты қауіп енді жоңғарлар емес, Ресей бодандары — башқұрттар, Еділ бойы қалмақтары, Жайық және Сібір қазақтары еді. Кіші жүз солардың қыспағында қалды”. (Есмағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. — Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994, 82-83 беттер).

Бұл деректерді нақтылай түсу үшін сөзіміздің негізі бол отырған оқиға турасындағы тарихи құжаттардың бірінен, “1731 жылдың 3 қазаны — 1733 жылдың 14 қаңтары. Қазақтардың бодандығы туралы Кіші жүзде болған тілмаш М. Тевкелевтің журналынан” айғақ-үзінді берелік: “Ресей империясына қырғыз-қайсақтардан төніп тұрған ешқандай қауіп-қатер жоқ, ал сендерге, қырғыз-қайсақтарға, Ресей империясының бодандарынан: бірінші қалмақтардан, екінші — башқұрттардан, үшінші — Сібір қалаларынан, төртінші — Жайық қазақтарынан төніп тұрған қатер үлкен, қырғыз-қайсақтар олардан ылғи жеңілумен, талан-таражға түсемен келеді”, — депті патша өкіметінің тыңшы-елшісі, дипломаты Магомат — Аман Тевкелев 1731 жылы қазанның 10-ында өзімен жүздескен қазақтарға келген мақсат-мүддесін баяндап тұрып. (Ұрпаққа ұран — Бақтыбай. (Тарихи деректер мен очерктер). — Астана: Әлем, 1998, 63-бет).

Осы жағдаяттар Әбілқайыр ханға саяси мұқтаждық туғызды. Оның Ресей империясына бодан болу мәселесін көтеруінде терең мән бар еді. Ол арғы тарихты жақсы білгендіктен осындай шешімге келді. Айғақтайық. М. Мағауин Алтын Орда империясынан кейін бой түзеген Қазан хандығының құлау шежіресін былай баяндайды: “Ақыры, бүкіл орыс патшалығы түп көтеріледі, Иван Төртінші патша

1552 жылы 19 август күні ауыр қолмен Қазан қаласының түбіне келіп жетеді. Орыс жасағы бір жүз елу мың өсіп, Жүз елу зенбірегі болды, мындаған мылтығы болды. Ал қаланың камалында небәрі отыз мың өскер бар еді. Жау адам саны жөнінен бес есе артық, ал қару-жарақ жөнінен жиырма-отыз есе басым болды. Құлдық өмірден ақ өлімді артық санаған қасиетті Қазан халқы ақырына дейін күресуге бел байлады... Аяусыз соғыс қырық күнге созылды... Орыс әскерлері Қазанды біржолата иеленді. Иван Төртінші патшаның өзі кішкене балалар мен әйелдерді ғана қалдырындар, қалған жұртты тегіс қырындар деген қатал жарлық береді. Қамалда қалған ес билетін еркек заты жас жеткіннен қаусаған шалға дейін тегіс өлтіріледі... Қаланы қорғаушылардың мәйіттерін тау-тау қылып үйіп, отқа өртейді, одан қалғанын жүздеген сал буып, басы кесілген, паршаланған қалыпта осы салға байлап, Еділдің екі жағасын жайлаған қалың Ноғайлы үрейленуі үшін төмен ағызады. ... Рим папасы орыс патшасына арнайы хат жазып, мұншалық жауыз, қаныпезер іс адамшылыққа жатпайтынын, христиан дінімен де сыйыспайтынын мәлімдейді". (М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. — Алматы: Қазақстан, 1995, 139-141-беттер).

От қаруы бар, артықшылыққа ие Ресей жаулаушылары түркі жұртына әркез осылайша аса мейірімсіздікпен, кенеусіз өшпенділікпен қараған. Әбілқайыр ханның бодандықты амалсыз қабылдауына да осындай жағдаяттар басты себеп болды. Әйтпесе осы кепті өз жұрты да киерін анық білді. Пікірімізді бұнан бір ғасыр соң, 1847-1858 жылдары Есет Көтібарұлы бастаған ұлт азаттық көтерілісті басуда орыс армиясының қазақтарға істеген зұлымдықтары да нақтылай түседі. (Ж. Асанов. Әзберген Мұңайтпасұлы. — Ақтөбе, 2005, 17-бет).

Мөңкенің сары уайымға толы толғауларына бодандықты қабылдап, орыс елімен қарым-қатынас орныққаннан кейін өз көзімен көрген жағдаяттар негіз болды. Мысалы:

Түйе — бұлан болар,  
Жылқы — құлан болар,  
Өз бауырың суыған болар.  
Қатын би болар,  
Сиыр пұл болар,  
Туған бала қу болар,  
Тамағы сары су болар,  
Итке күйсаң — ит ішпес  
Адам оған құмар болар...

дейді тағы бір сөзінде. (Жәдігер. Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы. — Ақтөбе, 2006, 10-бет). Ұлттық сананың азаюына жат жұрттық теріс мәдениеттің ықпал етер жақтарын осылай тізбелейді. Куәлік қып отырған шумақтар — бүгінгі қазақ өмірінің келеңсіз жақтарының бір шындығы. Ішімдіксіз той өтпейді қазір. Тіпті қаралы жиынға да “дәстүр” ретінде ене бастады.

Таным — білімнен тұрады. Философия ғылымы: “Білім адамның басында әуел бастан болмайды, ол — оны өз өмірінің барысында, практикалық іс-әрекеттің нәтижесінде игереді”, — дейді. (Ә. Тұрғынбаев. Философия. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы: Білім, 2001, 185-бет). Демек, Мөңкенің толғам-пікірлері — сол өзі ғұмыр кешкен дәуірдің құбылыстарын танымның жалпы логикалық әдістері арқылы түйіндеуден туған ой қортындысы.

Ойшылдың дүниеге көзқарасының тереңдігі, оның бала жастан алған тәлім-тәрбиесіне тікелей қатысты-тұғын. Дәлелдейік. Мөңкетанушы ғалым Ж. Асанов өз зерттеуінде Қазақстан Респубикасының Орталық ғылыми кітапханасынан алған мына бір әңгімені келтіреді: “Бірде әкесі Тілеу 8 жасар Мөңкені ашамай ерге мінгізіп, тайының басын жетелеп, жолға шығады. Олар қалың тұман түсіп, бағыттарынан адасып қалады. Келесі күні жалғыз үй қонған жұрттың үстінен шығыпты. Сол үйдің көшкен сүрлеу ізіне түсіп, жүре беріпті. Келе жатып бала Мөңке:

— Мына үйдің он ешкісі бар екен, бір үлкен көк серкесі бар екен, қара шолақ иті бар екен, — депті.

Кішкене жүргесін:

— Ата, мынау үйдің жалғыз түйесі бар екен, оң көзі соқыр екен, — депті.

Біршама уақыттан соң:

— Мынау үйдің әйелі екі қабат екен, айы-күні жақын, — депті.

— Шырағым, сен осы не айтып келе жатырсың? — депті әкесі.

Сонда бала: “Мына көшкен үйді айтып келе жатырмын” деп жауап қатады.

Көп ұзамай көшкен үйді қуып жетіпті. Үйге келсе баланың айтқанындай, он ешкісі, бір көк серкесі, бір қара шолақ иті, оң көзі соқыр түйесі бар екен. Әйелі екі қабат, күні жетіп отыр екен.

Тілеу 8 жасар баласының білгірлігіне таңырқап:

— Балам, мұның бәрін қайдан білдің? — деп сұрағанда, былайша жауап айтыпты:

— Үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он екен. Қық ортасында маңайында ешкімді жолатпай қық серке жатыпты. Оның серке екенін ізінен білдім. Жүнінің қық екенін орнында қалған қылшығынан білдім, — депті.

— Иттің шылақ екенін қайдан білдің? — депті әкесі.

— Ит құмда шыңқайып отырған екен. Отырған жеріне шылақ құйрығының ізі түсіп қалыпты және орнында қара қылшық жатыр.

Әкесі:

— Түйенің оң көзі соқыр екенін қайдан білдің? — депті.

— Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті, содан білдім, — депті.

— Әйелінің жүкті екенін қайдан білдің? — дегенде:

— Ол түзге отырған жерінде екі қолын тіреп тұрған екен. Екіқабат, күні жақын екені содан білдім, — деп жауап беріпті Мөңке". (Асанов Ж. Мөңке би Тілеуұлы. Ғылыми басылым. — Астана: Елорда, 2001, 16-17- беттер)

Бұдан Мөңке бойындағы байқағыштық қасиетті көреміз. Ол — заттың, құбылыстың егжей-тегжейін аңғартатын адам қабілеті. "Байқағыштық — адамның өмір сүрген ортасына, алған тәлім-тәрбиесіне, мамандығына, айналысқан кәсібіне де байланысты", — дейді ғылыми анықтамада. (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. — Алматы: "Мектеп" баспасы, ЖАҚ, 2002, 46-бет). Бұл -этникалық тәрбие барысында адам дамушы этнос субъектісі ретінде өз халқының салты мен дәстүрінде көзделген этникалық нормаларды, этникалық рольдерді, этникалық құндылықтарды меңгеріп шығатындығына бұлтартпас нақты дәлел.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов зар заман ақындарына арнайы тоқталған. (Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. — Алматы: Ана тілі, 1991, 192-222 -беттер). Сонда ол: "Мұрат зар заман ішіндегі ірі ақындардың бірі. Бұның сөз үлгісі баяғының толғауы сияктанып, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келеді", — дейді. (Әуезов М. Әдебиет тарихы. 215-бет) Мұрат ақын:

Үстай ма деп білгенін,  
Шая ма деп жүрегін,  
Кейінгі туған баланың  
Шашын, мұртын қойдырып,  
Ащы суға тойдырып,  
Бұза ма деп реңін,



Адыра қалғыр заманның  
Жаратпаймын сүреңін —

депті. (М. Әуезов. Әдебиет тарихы. 217-бет)

Мұрат толғауы Мөңке толғамдарымен үндес. Заманның ренін топшылауда сабақтастық бар. Ақынның осы пікірлеріне М. Әуезов мынадай анықтама береді: “Бұл сөзде жақындап келе жатқан заманның ақынды күпті қылған жұмбағы бар. Ол жұмбақ патша өкіметінің қазақ елін орыс қылмақ саясаты. Мұрат сол ниеттің шетін сезген”. (Әуезов М. Әдебиет тарихы. 217-бет).

Патшалық Ресей отарлау саясатында күш қолданып қана қойған жоқ, құйтырқы айла-шарғысын да шебер пайдаланды, аяр саясат жүргізді. Ел ішінен болыс, старшын, тілмаш дегендерді шығарып, оларды қол жаулығы қылды. Бұндай лауазымға өз жұртын сатқан екіжүзді жарамсақтарды алды. Осы көріністерді зар қылып төккен Сарышолақ ақын (1858-1929) да бүй деп толғайды:

Жайлауым күнде тарылды,  
Ат үстінен ойкастап,  
Күле тындайды зарыңды,  
Өзіңе басшы сайлады,  
Аранда жүрген залымды.  
Содан туған көрдемше,  
Сақалдан алды шалынды,  
Аяққа басты арыңды.

(Мөңке би Тілеуұлы. 81-бет).

немесе,

Қалмақтан қиын болды да,  
Орыстың салған ойраны,  
Біз секілді сорлыға,  
Батып жүр қылған сайраны.  
Бір үрей билеп қырыңды,  
Жайлауда сөн жоқ бұрынғы  
Болыстықты шен көріп,  
Бүлінді ерлер, бүлінді, —

дейді енді бір сөзінде. (Мөңке би Тілеуұлы. 68-бет).

Содан соң:

... Әулие Мөңке айтқаны,  
Бұлжымай келді алдыма,

Бағымның неге қайтқаны,  
Төңірдің көңілі қалды ма?  
Елімді билеп кете ме,  
Кешегі келген қаңғыма?... —

деп ойын түйіндейді. ( Асыл қазына (Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясы). — Ақтөбе, 2001, 43-бет).

Откен дәуір ақындарының лебізінен замана келбетін пайымдаймыз. Мөңке болжамдарының ақиқатқа айналғанына құсалы шерлер куәлік береді. Бүгінгі ұлттық болмысымызға сай емес — кісі тонау, адам өлтіру, маскүнемдік, нашакорлық, өз тілін, тарихын менсінбеу, жезөкшелік сияқты құбылыстар да соның айқын айғағы.

Мөңке — Асан Қайғыны ұстаз тұтқан, оның сөздеріне тереңнен мән беріп назар аударған. Бұдан да бірер мысалдар ұсынайық. Көшпенділердің ұлы философы Асан Қайғы:

Аңдып жүрген көп дұспан  
Елге жау боп келеді:  
Құладың қуды өлтірсе —  
Өз басыңа келеді! —

десе, толғауының енді бір тұсында:

Қилы-килы заман болмай ма,  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма?!—

дейді. Тағы да:

Ата жұрты бұқара  
Өз қолында болмаса,  
Қанша жақсы болса да  
Қайратты туған ер ғаріп, —

деп өтеді. (Бес ғасыр жырлайды. — Алматы: Жазушы, 1-том, 1984, 26-27 беттер).

Болашақты болжаудағы дәстүрлі философиялық ұлттық мектептің алғашқы өкілі, зар заман ақындарының көшбасшысы — Асан Қайғы деп білеміз. Мөңкенің ой-толғамдары түптің түбінде түркі жұртының іргесінің сөгілеріне жорамал жасаған оның осы пайымдарына өте ұқсас. Ойымызды Ж. Асановтың мына пікірі де қуаттайды, ол: "... ойшыл Мөңкенің поэзияда үлгі алған адамдары — Қазтуған,

Қодантайшы, Шалкиіз, Асанқайғы, Жиёмбет, Марғасқа және біз білмейтін ақын-жыраулар екені даусыз”, — дейді. (Мөңке би Тілеуұлы. 43-бет).

Өз кезегінде Мөңкені де ұстаз тұтқан ақын-шайырлар көп болған. Олар — Махамбет, Ақпан, Мұрат, Нұржан, Сарышолоқ т.б. Бұлардың сөз саптаулары, ойлау формалары осыны дәлелдейді. Бұлардан сабақтастықты көреміз.

Орыс отаршылдарының қоғамдық санамызды өзгертіп, ділімізді бұзатындығы жайындағы ақиқатты өзге тұстастарына қарағанда нақтылап айқын болжап кеткен — Мөңке еді. Ал, ойшыл айтқан шындық совет империясы үшін қажетсіз болатын.

Мөңке — зар заман поэзиясының суаты-тын. Мұны жан-жақты зерделеу келешектің шаруасы. Ыждаһатты түрде. Мөңке шығармашылығы — күрделі тақырып һәм қызықты.

Жайнагул ТӨЛЕМІСОВА

## ТІЛЕУ ҰРПАҒЫ МЫРЗАҒҰЛ ШМАНҰЛЫНЫҢ САРЫШОЛАҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ

*Әулие Мөңке айтқаны,  
Бұлжымай келді алдыма...*

*Сарышолақ*

Қай заманда да жасаушылар өз тұсындағы адамдардан гөрі мұраттары асыл, имандылығы биік, ақылды, көпке өнеге болар, жаны пәк, ажар-көркі көз суарардай әрліні өткен замандардан іздеген. Бәлкім, сол мұрат тұтқан тұлғаларды өз еліндегі замандастары арасынан тапқандар да болуы ықтимал. Қалай болғанда да суреткердің қиялында оның биік талғамына сай келетін идеал тұлғасы болады. Кейбірі сол идеалдың мінезін замандастарынан көруге талпынып көреді. Сарышолақ сондай ақындардың бірі.

Сарышолақ Боранбайұлы шығармаларының жанрлық құрамы сан қилы. Соның ішінде азаматтық тақырыптағы өлеңдері көп. Отарлық езгі тұсында өмір кешкен оның азаттықты аңсауы, “найза алатын күнді күтуі”, “келімсектің кері қайтса елі бар” деуі заңды да. Өйткені, жер тарылды, қазақтың бас көтергендері қыршынынан қиылып жатты, ынжық баласы әскерге алынды.

Кірме деп қалай айтайын,  
Елінен ауған мұжық орысты.  
Құдамыздай ежелгі,  
Шұрайлы мекен бөлісті.  
Қада қағып аршындап,  
Болыспен сырттай келісті.  
Ойыл менен Қиылды  
Өңшең бұзық жиылды. [1.48]

Төре не айтса аузын буып соны қылатын, өзіндік мені  
жоқ ел ішіндегі байсымақтарды ақын өле-өлгенше жек көріп

өтті. “Жабы бастар үйірді” деп ашы мысқылмен түйреп өткені де содан. Ел намысы десе буырқанып, бас көтеруге дайын тұратын өр мінезділерге сүйсініп кетті.

Жанбай бықсып жүргенше  
Қарауылдап обаны,  
Бостандық үшін қан кешіп  
Жастаналық моланы.

Мырзағұл — Сарышолақтың идеалы болмағанымен сонымен теңесетін образ. Өйткені, бас көтеріп басшы, қол жинап күресші болып жүрген азаматтың арман-мұраты ақынмен бірдей еді. Қолбасшыны Сарышолақтың қатты сыйлағаны да содан. Олар тілегі бір мұңдас, ел қуатты болмай, қуаныш тұрақты болмас — деген ортақ идеялары бар жандар.

Ұлы Абайдың ең алдымен көкसेгені, көрсем дегені ойлы азамат. Ойында көзі, бойында қайраты бар азамат.

Көп айтса болды,  
Жұрт айтса көнді,—

деп көптің ұйғарғанына қисая салмайды. Ондай парасатты кісінің не жайында да өз түйгені, ой толғамы болады. Сол сенімі, сол түйгені оның адаспас нысанасы — темір қазығы. Сарышолақ армандаған идеал тұлға да Абай армандаған образдан алшақ кетпейді. Бірақ ол тек терең ойлы, ақылды ашуға жеңдіретін тұлға ғана емес, бойында қуаты бар бас көтеретін адам. Міне, осы қалыпқа Мырзағұлдың бейнесі саятын еді. Ақынның Мырзағұлдың соңына ергені де, образын ашуға тырысканы да содан.

Жалпы, Мырзағұлға арнаған өлеңдерінде Сарышолақ ақынның үлкен алғыс сезімі үстінде аса ыстық ықыласпен толғап отырғандығы байқалады. Оның арнауы соған куә:

Атамыз Қаратілеу бидің соңы,  
Софы әзі Қосым қожа пірдің соңы  
Кәпірге қылыш сермеп айбат шеккен  
Мырзағұл Шыманұлы ердің соңы. [2.53]

Мырзағұл — би болған адам. Айналасындағы бірлі жарымды ауылды ақылымен ұйытып, қамқорлығына алып отырды. Жұрт оның төрелігіне тоқтаған. Би деп айдар таққаны содан. Қазақ совет энциклопедиясында “Мырзағұл Шманов 1903 жылы Біршоғыр, Шалқар станциясында басталған шаруалар көтерілісін басқарды. Патша үкіметінің отарлық саясатына ашықтан-ашық қарсы шықты” делінген. Демек

ол шаруалар көтерілісін басқарғандардың бірі. Мырзагүл бидің өзі, тегі туралы сан-саққа жүгірткен пікірлер бар. Бірақ Мырзагүлдың ата-тегі әсте дәулетті болған жандар емес.

Отыр мырза орнында  
Ашыққанды тоқ қылып,  
Аз дәулетті көп қылып. [2.22]

Демек ол алдында айдаған малды, дәулетті кейін жиған адам.

Мырзагүл сөздің аяғы,  
Өткелсіз судың таяғы,  
Кіші жүздің ішінен  
Ұлы орынға сөз айтып,  
Халыққа салды пайданы. [2.46]

Кеңестік дәуірде Сарышолақты сарай ақыны, “Мырзагүлдың шайыры” деп айыптағандар да болды. Оларға айтар жауабымыз да дайын. Сарышолақ көтерген өзекті тақырыптар оның сарай ақыны дәрежесінен әлдеқайда алыс кеткенін аңғартып тұр. Сөз саптауы, шешендігі мен данышпандығы өз заманындағы суырып салма ақындардан кем түспеген ақынды аузы дуалы Әбубәкірдің өзі мойындаған. Сарышолақ ақын Мырзагүлмен жақын таныс болды. Әрі үзеңгілес досы болды. Исатайдың Махамбеттің өжеттегіне сүйсінгені тәрізді Сарышолақ Мырзагүлмен санасты. Өйткені, Мырзагүл айтқан сөзі үтқыр, ерекше тұлға болды. Артынан елді еріте білді. Оның тұлғасын Сарышолақтың жырға арқау етпеуі қателік болар еді.

Мен бидің жайын айтайын,  
Бұл кісі ақылын алмайды.  
Өз ақылы дардай-ды,  
Тау өртеніп, тас жанса да,  
Шабысынан танбайды,  
Сөз шығады сөйлесе,  
Құбыладан тұрған дауылдай. [2.17]

Демек, Мырзагүл сөзі мірдің оғындай өткір, кім көрінгенге бас шұлғымайтын, өз сөзін орынды жерінде батыл айтатын қайтпас қайсар ержүрек адам. Ақынның “Өмірің өтті ғафылда”, “Шындыққа қарай салғаным”, “Мырзагүлға айтқаны” өлеңдерінде Мырзагүлдың қоғамдағы рөлі мен жеке басының қасиеттері ашылған. Ал, Сарышолақтың Мырзагүлға шығарған жоқтауының көркемдік қуаты бөлек туынды.

Қазақ елінде өлген адамды жоқтап өлең айту әріден келе жатқан салт. Онда адамның азалы жан толғанысы, күйік-құсасы бейнеленген. Біреудің жанашыр жақыны немесе халық қадірлейтін адамы қаза болса, соларды жоқтап өлең шығару салтқа айналған. Қазақтағы жоқтау өлең өлген адамның өзіне ғана арналып шыққан тың сөз болады. Адам бар жерде қаза бар. Қабырғанды қайыстырып, шер-мұңға бөктірген өлім біреуге мезгілмен келсе, енді біреуге мезгілсіз соғып, көктен түскен жасындай ойда жоқта ортасынан суырып алып кетіп жатады. Осындайда көздің жасын төгіп, жүректің жалынымен аһ ұрып жоқтау айту— өлі жанға сөзбен өрілген ескерткіш.

Мырзағұл өлді дегенде,  
Ноғай менен қазақтың  
Қосылып кетті арасы.  
Дін мұсылман сыйлайтын,  
Мұсылманның панасы.  
Халқың тегіс жоқтады-ау,  
Данышпан туған данасы.  
Халқына тегіс білінді  
Ағекемнің жарасы.  
Мырзағұл өлді дегенде  
Күн тартылып аспанда  
Қап- қараңғы бұлт басты. [2.55]

Мырзағұлдың ойламаған жерден болған қазасы Сарышолақтың жан-дүниесін шайқалтып кетті. Абақтыдан бүгін- ертең елге оралғалы отырған абзал азамат жендеттердің берген уынан қаза болды. Сарышолақ көп үміт күткен, тілегін артқан Мырзағұлдың соңғы демі бітті. Сарышолақтың азалы жыр жазуы іштегі шерін тарқатуы болатын. Өйткені, одан үміт күткен, араша түседі деп күтіп отырғандар көп еді. Оның өлімі бүгін бір жамағат үшін қайғы әкелді. Сөйтіп, тағы бір асып туған азамат бақилық болды.

Ұяда қалды бау тартпай,  
Ақ сұңқардың тірнегі.  
Аққуым ұшып шер тартты,  
Айдын шалқар көлдегі.  
Көріп көңіл ашарға,  
Сөйлеп ашу басарға,  
Сүйегің елге келмеді.

Одан әрі:

Басы бүлді қарағай,  
Мәуесі жерге төгілді.  
Таласа біткен бәйтерек  
Ортасынан бүгілді. [2.59]

Шын мәніндегі трагедия. Мұндай тосын метафораларды тауып, қиюластыру кез-келген ақынның қолынан келе бермейді. Ақын жоқтауды айта отырып тыңдаушыны делсал күйге түсіреді. Өлімнің салмағын түсінеміз. Онымен бірге қабырғамыз қайысып, еріксіз егілеміз. Бұл Сарышолақтың сөз саптаудағы шеберлігі.

Өз “идеалы” өмірден озса да Сарышолақ көпке дейін Мырзагүлді аузынан тастамайды. Өзін оның ісін жалғастырушы ізбасар көреді. Патшалы Ресейге қарсы күш біріктіруге шақырудан шаршаған жоқ. Азаттық рухқа толы жырлар көмейінен төгіле берді.

#### *Дәйек көздері:*

1. *Жәдігер. Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы. — Ақтөбе, 2006*
2. *Дүйсенбаев Ә. Сарышолақ шайыр. — Ақтөбе, 1997*



Жаңғабыл ҚАБАҚБАЕВ

## САЙРАМ СОҒЫСЫ

Өткен жылы облыс орталығында Мөңке биге қатысты ескерткіш ашылу салтанатында баяндама жасаған Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Құл-Мұхаммед ұлы бабамыздың мұрасын зерттеуге Жұбаназар Асанов көп еңбек сіңіргенін атап көрсетті. Ғалым жерлесіміз сонымен бірге Сарышолақ шайырдың өмір жолы мен шығармашылығын ғылыми тұрғыда зерттеп, бір жүйеге салды, “Асыл қазына” атты Ақтөбе өңірі ақындарының тұңғыш антологиясын шығарды.

Ж. Асанов соңғы кезде Мөңке әкесі Тілеу Айтұлының өмірбаянын, ол қатысқан Сайрам соғысының тарихын зерттеп жүр. Біз ғалымды осы төңірегінде әңгімеге шақырдық.

— Сіз соңғы кезде Тәуекел Баһадүр, Еңсегей бойлы Ер Есім, Әз-Тәуке хандар тұсындағы астанамыз, қазір екінші Мекке атанған Түркістан қаласына жиі сапар шегіп жүрсіз. Жақында тағы барып қайттыңыз. Құпия болмаса, мақсатыңызды білсек...

— Бұл жерде әңгімені 2004 жыл — Ресейдің Қазақстандағы жылы екендігінен бастағанды жөн көріп отырмын. Екі жарым ғасырдан астам уақыт отарлық езгіге, құлдық бұғауға түскен соң қазақтың ұлттық санасы да өзгерді, өзінің бар болмысын, тарихын “Ұлы Октябрьмен” байланыстырды. Орыс халқы өзінің одан әрі дамуына бөгесін жасаған қызыл империяны құлатып, бірінші кезекте сөз бостандығын алды. Соның нәтижесінде, өзгеше ойлаудың арқасында ірі реформаларды жүзеге асырып, шайқалған іргесін бекітті. Енді бір он жылда озық деп жүрген Батыс Европа елдерімен теңесеріне еш күмән жоқ.

Біздің қазақ басылдымдары соңғы жылдары: “Ойбай, Ресейде шовинизм, расизм...ұлтшылдық белең алған” деп байбалам салуда. Қате пікір. Өзінде ұлттық сана болмаған соң өзгенікін құбыжық көру деген осы болады.

Қазақы пәлсапа әлі сол “Ұлы Октябрьдің” айналасынан

ұзап кете алмай тұр. Ғылым, білім беру саласы да осы төңіректе. Мектептерде әлі күнге идеясы Кеңес үкіметін, кеңестік құрылысты дәріптеуге негізделген дүниелер оқытылады. Биылғы жыл — Ресейдің Қазақстандағы жылы. Үміт үлкен. Өзіне етене жақын орыс халқынан қазақтар көп нәрсені үйренеді, алдымен ұлттық сана өседі, ұлттық сана күшейсе, ұлттық мемлекетіміздің де іргесі беки түседі, бекісе батыс-шығыстан оқтын-оқтын соғып тұратын дауылға төтеп берер күші артады деген ойдамыз. Біздің Түркістанға барғыштаудағы мақсат та — осы жолдағы істің титімдей бөлшегі. “Октябрьден” әріде қазақ деген халық болғаны, оның төрт ғасыр бойы дербес мемлекет құрғаны, айбынды астана байтағы болғаны, ол кездегі асқақ рухты, ұлттық сананы қазіргімен салыстыруға келмейтіні естен шығып кете береді. Оны айтасыз, осы Ақтөбедегі көзі ашық азаматтардың қайсыбірі: “қазақ ешқашан ел болған емес... то есть ұлттық мемлекет құра алмаған, тек оның кейбір элементтері ұшырасқан” деп ежірейіп шыға келеді. Мұндайда Ә. Кекілбаев көркем жарыққа алып шыққан мөңгүртті қазақтың маңдайына қондырып берген Шығыс Айтматовтың ісі кейде дұрыс сияқты болып елестейді.

— Түркістан сапарына оралайық. Сіз соңғы уақытта Мөңке би мұраларына, оның әкесі Тілеу Айтұлы қатысқан Сайрам соғысының тарихына көбірек үңіліп жүрсіз. Түркістанға, онан әрі Сайрамға баруыңыз осы жағдайға байланысты емес пе?

— Үкімет қаулысымен Мөңке би ескерткішінің Ақтөбе қаласында орнатылуы, оның ашылу салтанатына Президент Әкімшілігінен үш бірдей жауапты қызметкердің келуі, ғұлама білімпаз Мұхтар Құл-Мұхаммедтің “Мөңке би” атты көлемді һәм мағыналы еңбек жариялауы, ұлы баба өмірі мен шығармашылығына мемлекеттік деңгейде назар аударылғанын көрсетеді. Сондықтан оның әкесі Тілеу, ол қатысқан Сайрам соғысы тарихын білу, газеттің оқырмандарын қызықтырады деп ойлаймын. Бірақ Сайрам соғысының тарихын тану бұл деңгейден гөрі жоғарырақ жатыр.

— Сайрам соғысы деген қандай соғыс? Ол туралы дерек қайда бар? Тарата түсіндірсеңіз.

— Сайрам соғысы туралы мәліметтерді берідегі тарих оқулықтарынан табу қиын. Төменнен түсіп жоғарыға өрлей іздегенде 1957 жылы басылған “Қазақ ССР тарихының” бірінші томынан ғана үшырастырдық. Онда былай делінген: “XVIII ғасырдың 80-жылдарында Жоңғар феодалдарының қазақ жерлеріне жорықтары бұрынғыдан бетер зор көлемде қайтадан қозды. Жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстанды және Сырдария бойындағы сауда қалаларын, сонымен қатар

ең маңызды керуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. Халдан (1671-1699) деген жоңғар қонтайшысы 1681-1685 жылдары Оңтүстік Қазақстанға бірнеше рет жорық жасады. Сайрам қаласын алып, қиратып кетті. Бай аудандар тып-типыл болды” (248-бет). Көріп отырсыз, қазақтың үш-төрт жылға созылған, жан беріп, жан алысқан Сайрам соғысы үш-төрт сөйлеммен шектелген.

— Сонда ол соғыс туралы бар мәлімет осы ма?

— Алдындағы, 1943 және 1949 жылдары басылған “Қазақ ССР тарихында” бұған қарағанда көбірек мәлімет берілсе керек. Марксистік көзқарас, кеңестік идеология тұрғысында жазылса да, ол кітаптар “зиянды” деп табылып, отқа өртелген. Қазір ұштығы жоқ. Сол кітаптарды сақтаған, онымен ғана шектелмей аржақ-бержағын терең зерттеп байыптаған Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Халықаралық Түрік дүниесіне қызмет сыйлығының сахибы Мұхтар Мағауин өзінің халық арасына кең тараған “Қазақ тарихының әліппесі” атты озық еңбегінде былай дейді: “Қалмақтардың 1681 жылғы әуелгі жорығының өзі-ақ Ойрат ұлысының айрықша қуатқа жеткенін, Қазақ ордасының үлкен қатер алдында тұрғанын әйгілейді. Бұл жорықта Ғалдан-Бошықты ханның өзі бастаған қалмақтар жолындағының бәрін жапырып, бүкіл Жетісуды көктей өтіп, Шудан Таласқа асып, Арысқа жетеді, қазақтың қалың ортасындағы Сайрам қамалын қоршайды. Әрине бұған дейін әлденеше рет ұрыс болды, соның бәрінде де қазақтың аруағы қашты. Тас күрсауға түссе де қамалы берік Сайрам құламайды. Ғалдан-Бошықты қысқа қарай қайта шегініп, жазда Іленің жағасында тосады; күш жинап, шешуші соғысқа әзірленеді. Келесі ит жылы тағы да тынымсыз, тепе-тең күрес үстінде өтеді. 1683, доңыз жылғы соғыстар да Сайрам түбінде болады. Ақыры, 1684 жылы жазда Ғалданның інісі, Батұр қонтайшының немересі Сыбан-Рабдан Сайрамды басып алады”.

Біз бұл мәліметтерге қарай отырып, жойқын күшпен баса көктей кірген қалмақтарды бабаларымыздың халқы көп, қамалы берік, рухы биік, әрі астана байтаққа жақын Сайрам қаласында күтіп алғанын көреміз. Әрине бұның арғы жағында Әз-Тәуке ханның үш жүзге сауын айтуы, төрт тарапқа жаушы шаптыруы — өз-өзінен түсінікті нәрсе. Сайрамды алғанымен төрт жыл бойғы тынымсыз ұрыстан Дүрбін Ойраттың да күш-қуаты кеміп, қажыған еді. Қайта қалпына түсіп, тың серпіліс табу үшін шегінулеріне тура келеді. Қазақ ордасының астанасы Түркістанды басып алу жоспары кейінге шегерілді. Ол соғыста 17 мың қол бастап, айрықша көзге түскендердің

бірегейі, бұл күнде тәуелсіздіктің арқасында халқымен қайта қауышқан Шекті Мөңке бидің әкесі Тілеу Айтұлы еді.

— Қазір мынадай да тенденция қалыптасқан, біреу мақтаса, дәріптесе, оның әкесі немесе пәленбайыншы атасы “мықты екен” дейтін...

— Бұл жерде ондай дәлелсіз сөз жоқ. Қазақ біткен “Тілеу-Қабак” дейтін классикалық өнді білсе керек. Сондағы Тілеу. Оның бергі жағында Кіші жүзде “Тілеу” дейтін ру бар, оның атын иеленген ондаған мың адам бар. Мысалы, Қазақстанның Халық жазушысы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тахауи Ахтанов “руым Тілеу” дейтін. Қазақстанның Ұлттық ғылым Академиясының президенті академик Мұрат Жұрынов Сайрам соғысы, оның қаһарманы Тілеу Айтұлы туралы: “ұлт тағдыры шешілер кезде тарихта бір шешуші кезеңдер болады. Міне осы бір ерекше кезеңде Тілеу батырдың алатын орны ерекше дер едім... қазақтың ең бірінші батыры кім дегенде, осы кісінің атын атау керек дер едім. Ойткені қалмақтардың қолында Сайрам кетсе, Түркістан кетсе, қазақ елі не болар еді? Кім білген”, — деген еді. (Түркістан. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. 18.08.2000 ж. Тілеу Айтұлына байланысты өткен конференцияда сөйлеген сөзден. Бейнемагнитофон жазбасы). Президент бірсудің ықпалымен емес, риясыз көңілінен айтқан болатын бұл сөзін. Тілеудің асыл сүйегі қасиетті Қ.А. Ясауи кесенесіне жерленген. Есімі қазақ халқының ел билеген хандары, билері мен батырлары, игі жақсылары дейтін сонда жерленгендер тізімінде тұр. Шекті “Тілеу батыр Айтұлы (1630-1680)” деп таңбаланған. Тілеу де, оның ер жүрек баласы Жолдыаяқ та 1684 жылғы шешуші айкаста мерт болған. Тілеудің тікелей ұрпағы, Шалқар ауданы әкімінің бұрынғы бірінші орынбасары Қанатбай Елеусізұлының ұйымдастыруымен 2000 жылы Түркістанда бабаға ас беріледі. Сонысы үшін аз зәбір шеккен жоқ, өз тумалары ішінде әлі соңынан қалмай, қаралап жүргендер бар. Қазақ айтқан емес пе: “Табалдырықтан биік тау жоқ, жаман ағайыннан мықты жау жоқ” деп.

Түркістан қаласында Тілеу-Жолдыаяқ атындағы көше бар. Биыл Сайрам соғысының аяқталғанына тура 320 жыл толып отыр. Осыған орай Жасаған иенің алқауымен көшесіне асфальт төселіп, әдемі орта мектеп салынды. Күндіз-түні көңілден кетпеген соң арнайы барып, туған елі үшін жан кешкен аталарға бағыштап құран оқып, көшесіне граниттен белгі тас қойдық.

— Сайрам соғысына Ақтөбе өңірінен тағы кімдер қатысқан?

— Шежірешілер “17 мың адам қатысқан” деседі. Солардың

абданы Қалдыбай хан Қангелдіұлы екен. Рухани астанамыздың әдемі көшелердің бірі “Қалдыбай хан Қангелдіұлы көшесі” деп аталады. Қалдыбай — Тілеудің немере інісі. Атадан асыл туған Қалдыбайдың ақылы кеніш, жолы түзік болған. Бар ғұмырын туған халқының мерейін көтеруге арнаған. Осы жолда, яғни елін жаудан азат ету мұратында талай рет от кешіп, қан жалдаған батыр адам дейді. Кіші жүздегі өткен бір дауда Мырзағұл би Шманұлы (ҚСӨ, 12-том, 320-бет) айтқан екен:

Хан болған Әзберген, Қалдыбайым бар,  
Ұранға шыққан Бақтыбайым бар,  
Үш жүз жылды болжаған Мөңке әулием бар,  
Қызырды үш көрген Сәңкібайым бар  
Төрт құбылам тең емес пе? —

деп.

Сонда ол заманның сөзге тоқтайтын зиялылары: “дұрыс, жол сенікі екен!” — десіпті. “Қарадан хан болған Қалдыбайым бар, Аузы иманға, қойны Құранға толы Қазақайым бар” деген сөзді ілгерідегі Сары Шонай би айтқан деседі.

— Қалдыбай қай жерде хан болған? Бұдан басқа қандай дерек бар? Оны біз осы уақытқа шейін неге білмегенбіз?

— Білмесеңіз— заманыңыз кінәлі. Отарлық езгі кезінде өткен тарихынды, арғы арыстан туған аталарынды айту тұрмақ, өлген өз әкеңнің жаназасын шығарту, басын дұрыстап қарайту, жөндеп ескеркіш қоюға қорқатынсың. Себебі, талайлар осынысы үшін қызметтен шығарылып, қуғын-сүргінге түсті. Не көрмедік — өз әкесінің моласын өзі трактормен құлатқан адамды көрдік. Осы Ақтөбеде тұрады, әлі тірі. Сондай қысымның салдарынан атаусыз қалған арыстанымыздың бірі — Қалдыбай хан Қангелдіұлы.

Қалдыбай хан болғандығы туралы 1992 жылы Алматыда басылып шыққан “Алты ата Әлім” атты кітапта аталып өтіледі. (“Алты ата Әлім” — Алматы: “Рауан”, 1992 жыл, 22-23 беттер). Біз бұдан отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздік алған бойда-ақ, Қалдыбай есімі кітапқа түскенін, тасқа басылғанын аңдаймыз. Тарих көшіне үнілсек, ерекше жаратылған қадау-қадау ерен тұлғалар көзге шалынады. Мысалы, қазақта әулие көп, қазіргі санына тіпті адам жаңылысады, бір-ақ жүздеген жылды алдын-ала болжаған Мөңке — біреу. Сондай-ақ көзі тірісінде бүкіл Шектінің ұранына айналған Бақтыбай — маңдайы жарқыраған біртуардың өзі. Қалдыбай да осы санаттағы ірі тұлға. Талайы озық, туысы бөлек. Есімі мәңгі. Себебі, жүз жерден тыйым салынса да, оны ел-жұрты

ұмытпаған. Айғақ келтірейік. Қазанғаптың күйлерін ғана емес, өмір жолын жіті білетін шежіреші Бақыт Басығариев: “Қалдыбай Қоқанда алты жыл хан болып, елге оралғанында, Құлтаба бастаған 150 үй Шанышқылы ере келіпті. Қабаққа бір жола сіңіп кеткен Қазанғаптың арғы тегі солардан еді” — дейді (магнитофон жазбасынан).

Ақтөбе қаласында тұратын Шотов Амантай ақсақал: “Қалдыбайдың өзбек әйелінен туған баласынан тараған ұрпақтары Қоғанда тұрады, баяғыда Ташкентте институтта бірге оқыдық. Олар өздерін казаклыз, руымыз Бөлек дейді. Бөлек — Қалдыбайдың төртінші атасы”, - дейді.

Арғы атасы — Ноғайлының ұлы биі Мұсахан. “Мұсахан” деген эпостық жыр бар. Оның арғы жағы — Ер Едіге. Яғни, Қалдыбай, “ атасы топқа енбеген, анасы жібек кимеген” әлдебіреу, көлденеңнен қосылған біреу емес, асылдың сынығы.

Қалдыбайдың айрықша тұлға болғандығы турасындағы тағы бір нақты айғақ — 1994 жылы Алматыдағы “Ер-Дәулет” баспасынан жарық көрген “Кіші жүз рулары. Шежіресі мен тарихы” деген ғылыми-танымдық кітапта таңбаланған. Онда былай жазылған: “Қабақтан атақты адамдар баршылық. Солардың ішінде қарадан хан болған (қазіргі Өзбекстан — Бұхар, Хиуа жерінде) Қалдыбай, Әзбергендер”, — делінген.

— Сайрам соғысының басты ерекшелігінің маңызын екі ауыз сөзбен қорытындыласаңыз...

— Аталарымыздың ауызбірлігінің аркасында түп көтеріле аттанып, нәтижесінде ел мен жерін, мемлекеттігін сақтап қалды. Ұлттық сан томен болғанда арада 40 жыл өткен соң кележақ “ақтабан шұбырынды” сол 1680 жылдардың өзінде орнайтын еді. Академик М. Жұрынов айтқандай, ел болудан қалып, Иран мен парсыларға сіңіп кетер ме едік, кім білген? Бұған қоса айтарымыз Сайрам соғысының тарихын кейінгі балаға оқытудың тәрбиелік маңызы да айрықша.

— Сайрам соғысы, оның қаһарманына, Тілеу Айтұлына байланысты алдағы іс-шараларды жалғыз адамның жүргізуі мүмкін емес қой. Тым ауқымды. Мысалы, 320 жылдықты атап өту керек.

— Солай. Осыны ойлап 2002 жылы Тілеу Айтұлы атындағы қорды ашқанбыз. Бірақ жұмыс істемей тұр. Тілеудің ұрпақтары бұрын аудан, кеңшар басқарып, ел билеген жасы үлкен қасқа-жайсаңдары, қазіргі “жаңа қазақтары” сырттай ғана қарап отыр. Ұят екенімен шаруасы жоқ. Озі атын иеленіп отырған туған атасын ардақ тұтпағандар ұлт мүддесіне басын ауырта ма? Міне, сізге ұлттық санаға байланысты проблема керек болса!

*“Ақтөбе” газеті, 19.02.2004*

## ШЕКТИ МӨҢКЕ БИДІҢ БОЛЖАУЫ

Халық әдебиетінде Шекті Мөңке би, Шеркеш Түрке би және Тана Нүрке бидің өзара кеңесінде айтылған ұзақ толғау бар. Толғау тақырыбы ақырзаман төңірегінде өрбіген. Бұл толғаудың нұсқасы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы. Бұл толғау 1924 жылы шыққан “Сәуле” журналының №1 санында және С. Сейфуллиннің “Қазақ әдебиеті” атты еңбегінде жарияланған. Сондай-ақ Балтабай Адамбаевтың құрастыруымен 1992 жылы Алматы қаласындағы “Отау” баспасынан шыққан “Шешендік сөздер” атты кітапқа енген.

Аталмыш билеріміз өзара бірнеше рет кездескен.

Шеркеш Түрке би өз заманында алысты аңғарып, жақынды саралаған, небір әйгілі дуалы ауыздың ортасында дес бермеген шешендігімен, ел-жұртты соңынан ерте білген көсемдігімен аты қалған үлкен тұлға. “Асылдан асыл туады” деген, Түрке бидің ұрпақтары заңды жалғасын тауып, әрқайсысы өз заманында беделді болып, ел аузында келеді.

Асылдан асылдың туатынын айтқан біз емес, сол Мөңкелер, Түркелер, мен Нүркелер, олардың арғы-бергі жағындағы бабаларымыз.

Мөңке бидің әкесі Тілеу Айтұлы Күлтөбеде сөз алған, Әз Тәукені хан сайлауға қатысқан, батыр әрі қайраткер. Ол ел басына күн туғанда баласы Жолдыаяқты, інісі Қабақұл Қалдыбайды ертіп, 17 мың қол бастап қазақ елінің астанасы Түркістанға барып, Тәуке ханның алдынан өтіп, 1681 жылы Сайрам соғысына кірген. 1684 жылы сол соғыста мерт болған. Киелі Түркістанда мавзолейде жерленген. Есімдері қасиетті кесененің қабырғасында жазулы. Түркістан қаласында Тілеу — Жолдыаяқ батырлар және Қалдыбай батыр атында екі көше бар.

Сол Тілеудің асыл туған баласы Мөңке бала кезінен билікке араласып, кейін алты алашқа аты мәлім би болған. Көріпкелдігімен әулие атанған.

Ал бабаларымыз сол кездің өзінде заманның лебін аңғарып, елінің, халқының, ұрпағының болашағын ойлап, келер қауіпке алаңдаған.

Шеркеш Түрке би әйгілі Шекті Мөңке биді іздеп барып, былай депті: “Заманымда Түркемін. Түрке қашанғы Түрке болмақ. Асарымды асадым, жасарымды жасадым. Аталарымыздың асыл қасиеттерін бойыма сіңіруге бақтым. Атаның даңқы балаға мұра болмас. Бала жақсы болмаса, әкенің орны толмас. Мөңке би, болжап бер, атақ-даңқым ұрпағыммен жалғаса ма, жоқ па?”. Мөңке би: “Алаңдауың орынды, Түрке би. Бұл мәселе мені де ойландырып жүр еді. Ертең сәске ауа келерсің, жауабыңды аларсың”, — депті.

Түрке би ертеңіне Мөңке бидің ауылына келеді. Мөңке би бір төбенің үстінде көк шалғында қалғыған адамдай ой үстінде отыр екен. Мөңке оқыс басын көтерді. Абыржулы көрінеді. Түрке би секем алып қалады. Сұлу жүзі түнерген Мөңке би: “Ай, Түрке, бір басыңа жетер байлық та бар, даңқ та бар. Оны бір Алла, сосын ел біледі. Сол билік пен даңқ сегізінші ұрпағына дейін жетеді. Оны ешкім ала алмас. Ал сегізіншіден асып, тоғызыншыға жеткенде торғайдай үнің, тоқтыдай пұлың болмас. Арғы жағын айта алмаймын. Бұлдыр бірдеңе елестеді. Әттең, ерте келдің. Түсім үзіліп кетті. Одан әрі не боларын айта алмаймын”, — депті.

Түрке биден елге белгілі, өздерінің дәуірлеріне билік еткен, атақ-даңққа бөленген ұрпақтар тараған. Түркенің сегізінші ұрпағы Мақаш Бекмұхамбетов (Мақаш әкім) Орынборда Неплюев кадет корпусын бітірген. Каспий жағалауы бойында округте ұзақ жыл әкім болған.



*Молдағали МАТҚАН  
Әбдіқадыр БӨРІБЕКҰЛЫ*

## **ҚОС ТОЙЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, УА АҒАЙЫН!**

Тарихта би Бабамның аты қалған,  
Бойына қасиетті берген Ұлы Аллам.  
Шекті шыққан сол би Мөңке еді,  
Көріпкел атанды елде болжап алдан.  
Дәл айтқан алда өмір не боларын,  
Бәрі рас, болған емес бірі жалған.  
Заманның зарын айтты, бәрін айтты,  
Баба үшін жарқын өмір болған арман.  
Мәңгі боп туған жері топырағында,  
Киелі сөзі қалған, өнеге ізі қалған.  
Бабаның өтті өмірі әділдікпен,  
Қашанда турашылдық жолын салған.  
Өшірмей келеді атын құрметтеп,  
Тараған сан ұрпағы асыл жаннан.  
Ал бүгін, мәңгі есімі сақталсын деп,  
Ел-жұрты Мөңке бидің атын алған.  
Әкімият мандайшасы жарқырайды,  
Аты аталып Мөңкедей асылдардан.  
Айналым Әруағыңнан Бабамыздың,  
Сыр шерткен сонау алғы ғасырлардан!

Не деген көріпкелдік, дарындылық,  
Тура айтқан алғы өмірдің бәрін біліп.  
Елінің болашағын ойлап Бабам,  
Зар-мұңын шертті шіркін мың қайғырып.  
Білген-ақ жаратылыс, құбылысты,  
Әлемде одан асқан бар ма ұлық?!

Өсті ұрпақ Мөңкедей дарындардан,  
Кеудесі отқа толы, лаулап жанған.  
Солардың бірі Мұқан кеше өткен,  
Ел үшін деген Ер ед - жаным құрбан!

Кешегі Одақ кезі сан қызметте,  
Ақылмен көпті шындап бағындырған.  
Еліне қадірі асқан Мұқамбетқазым,  
Бұл күнде жүзі елес боп сағындырған.  
Мектепке берді атын ел ардақтап,  
Көрсетті құрмет-сый Елім-Ордам.  
Айтамын құтты болсын қос тойын деп,  
Уа , Елім, салтанатпен сәнін құрған!

*Алматы, 21 қыркүйек 2006 жыл.*

*Айладыр УТАЛИЕВ  
Жұбаназар АСАНОВ*

# **МӨҢКЕ БИ**

**(Екі бөлімді тарихи трагедия)**

**АҚТОБЕ — 2006**

## АЛҒЫ СӨЗ

Даланың дарқан ойшылы Мөңке Тілеуұлы он жетінші ғасырдың екінші жартысында Ақтөбе өңірінде, қазіргі Шалқар ауданында дүниеге келген. Әкесі Тілеу — өз заманының озық ойлы перзенттерінің бірі болған. 1681-1684 жылдары астанамыз Түркістанды қалмақ шапқыншылығынан қорғау жолында өткен, тарихта “Сайрам соғысы” деген атпен қалған, елдігімізді сақтаған жанкешті майданның қаһарманы. Белгілі қолбасы. Сондықтан соғыста өлген Тілеудің сүйегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленіп, оның есімі мавзолейдегі тізімде алтын әріптермен таңбаланған. Түркістанда бір көше Тілеу есімімен аталады. Мөңкенің өмірдегі, өнердегі мектебі — өз әкесі және сол тұстағы ойшылдардан алған тәлім-тәрбиесі. Мөңке — Қорқыт, Асанқайғы дәстүрін жалғастырған болжампаз сәуегей, Әбілқайыр, Нұралы хандардың оң тізесін басқан би, ірі қоғам қайраткері, даңқты жырау, даланың дана философы болды. Тәуелсіздікке дейін Ахмет Байтұрсынов [1.100], Жүсіпбек Аймауытов [2.430], Ахмет Жұбанов [3.225] сияқты біртуар азаматтарымыз ретін тауып өз шығармаларында Мөңкенің атын атап кеткенімен отарлық жүйеге байланысты тереңдеп бара алмады. Зерттеу нысанасы ете алмады. Азаттыққа қол жеткен бойда-ақ оның билік сөздері, шешендік толғаулары Алматыдан шыққан әртүрлі кітаптарда жариялана бастады [4]. Одан соң республикалық басылымдарда Ш.Керім, С.Бәйменшин, Ж.Асанов сияқты ғалымдар мен белгілі журналистер Қ.Сәрсенбай, Б.Кемалұлы ойшылды әр қырыннан көрсетті [5].

2003 жылы Ақтөбе қаласында Мөңкеге еңселі ескерткіш қойылды. Оның пердесін белгілі қоғам қайраткері, ірі саясаттанушы Марат Тәжин ашып, заманымыздың озық ойлы азаматы, халқымыздың сүйікті перзенттерінің бірі Мұхтар Күл-Мұхаммед терең мазмұнды баяндама жасады. Кейін Мөңкеге қатысты көлемді зерттеу еңбек жазды [6].

Мөңкенің есімі “Қазақстан” атты ұлттық энциклопедияның алтыншы томына, “Қазақ әдебиеті” (Алматы, Білік, 1999) энциклопедиясына енді. 2001 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті Ж.Асановтың “Шекті Мөңке би Тілеуұлы” атты кітабы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша Астанадағы “Елорда” баспасынан шықты.

Әйтседе, ойшылдың терең мағыналы мұраларын жинау,

оны талдап, зерттеп бүгінгі ұрпақ кәдесіне жарату ісі ғылыми тұрғыдан жан-жақты байыпталып, жоспарлы түрде жүзеге аспай отыр. Сондықтан Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында жаңадан қайта құрылған аймақтық филологиялық зерттеу орталығының алдына айрықша тапсырмалар берілді.

Бұрын республикалық және ТМД елдері баспасөзінде көркем шығармалары жарық көрген Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценттері А.Уталиев пен Ж.Асановқа 2005 жылы ұлы бабамыз туралы пьеса жазуға тапсырыс берілген еді. Олардың жазған “Мөңке би” деп аталатын екі бөлімді тарихи трагедиясы 2006 жылы Алаш жұртының әдеби, әлеуметтік журналы “Жұлдыздың” №7 санында жарияланды. Биылғы оқу жылында институт жанындағы өнер студиясы студенттері пьесаны сахнаға алып шықпақ.

Шалқар ауданындағы “Қайыр” аулына Мөңке би есімі берілуіне, Мөңке би атындағы округтің ашылуына және ондағы Мұханбетқазы Тәжин атындағы мектептің жаңа ғимаратының іске қосылуына байланысты қыркүйек айының аяғында Мөңке би ауылында үлкен жиын өтпек. Сол шараға, орай біздің педагогикалық институт жүзеге асырған жұмыстардың бір парасы ретінде “Мөңке би” атты екі бөлімді тарихи трагедияны өз алдына кітап түрінде шығарғанды жөн санады.

*Ғалымжан Жұмабайұлы НҰРЫШЕВ,  
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық  
институтының ректоры, академик*

#### *Дәйек көздері:*

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы, 1992.
2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. — Алматы, 1975
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. — Алматы, 1989.
4. Кәкішев Т. Билер сөзі. — Алматы, 1992. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. — Алматы, 1992.
5. Ш.Керім. Ақыр заман болғанда // Ана тілі, 10.01.1991. Бөйменшин С.  
Мөңке бидің Нострадамустан несі кем? // Егемен Қазақстан, 29.10.2000ж.  
Б.Кемал. Қай Мөңке би? // Алтын Орда, 5.10.2001.
6. М.Құл-Мұхаммед. Мөңке би // Егемен Қазақстан, 19-21 қараша, 2003.

## Қатысушылар:

Моңке би. Әбілқайыр хан. Тілеу батыр. Сырым батыр. Сұлу. Қалдыбай. Алшағыр. Қарақалпақ жігіті және оның келіншегі. Көбей. Барақ сұлтан. Сарбаз жігіт. Бопай ханым. Нөкер. 1-жендет. 2-жендет. Нұрқожа. Көпшілік.

---

## I бөлім

Алыстан дүрсілдеп шауып келе жатқан аттылар. Тұяқ дыбыстары бірте-бірте күшейе түседі. Жақындайды. Кісінеген, шапқан аттар. Тұяқ сестерімен қосыла шыққан көп дауыстар даланы кернейді.

**Дауыстар:** — Аруақ! Аруақ! Аруақ!

**Жалғыз дауыс** (саңқылдап): — Алты ата Әлім! Төрт ата Шөмен!

(тасырлап шапқан аттар).

**Дауыстар:** — Аруақ! Аруақ! Аруақ!

**Жалғыз дауыс:** — Жеті ата — Жеті ру!

(шапқан аттар).

**Дауыстар:** — Аруақ! Аруақ! Аруақ!

**Жалғыз дауыс:** — Он екі ата Байұлы...

(Айғай — шу, Алаш! Алаш! Алаш! — деген ұрандар бүкіл даланы жаңғырықтырып барады. Осы шуды толаска түсіріп, бөсеңдетіп, тыныштандырып, енді аспанда жалғыз дауыс саңқылдайды. Бұл Тілеу батыр).

**Тілеу:** — Уа қазағым! Қандастарым! Бауырларым! Біз өлімсақтан арман-тілегі бір, ниеті бір, бір тұтас халықпыз! Жылсақ та, қуансақ та, қайғырсақ та, -уансақ та, құласақ та, тұрсақ та желбіреген бір тудың, Алаштың киелі, қасиетті туының астындамыз! Ұранымыз Алаш!

**Дауыстар:** — Алаш! Алаш! Алаш!

**Тілеу:** — “У ішсең руыңмен” дейтін халықпыз! Ата-бабаны, ата-ана, туған жерді, қадірлеп өскен ұрпақпыз! Кеудемізді дұшпандарға бастырмаған, адал сүт емген ұлдармыз! Іргесі ешқашан ажырамаған тұтас елміз!

Сайыпқыран ұлы хан Тәукеден шабарман жетті! Мына сайын далаға ежелгі дұшпан қалмақтар құмырсқадай қаптап келеді, жолындағысын жалмап жұтып, табанына салып таптап келеді. Қан ішер қалмақ қырғыз бауырларымызды құл қылыпты, Жетісудағы туыскандарымыздың ордаларын қиратып, жайлауларын өртепті.

Ауылдарды құл қылыпты! Сайрам қоршауда! Қасиетті Түркістан қауіп астында! Не өлім!! Не өмір! Екінің бірі — тап бүгін біздің алдымызда!

**Дауыстар:** — Аттан! Аттан Алаш! Аттан, казак! Баста Тілеу! Бердік саған тізгінді!

Таска сал! Отқа айда! Ел үшін, жер үшін бәріне әзірміз!

**Тілеу:** — Бәрекелді бауырлар! Құп алдым! Алла ашқай жолымызды! Ақжол!

**Дауыстар:** — Тілеу! Тілеу! Тілеу!

(Дауыстар жаңғырығып, алыстарға жетіп, дала мен аспанның түкпірлеріне естіліп жатыр. Сахна ашылғанда осы оқиғаларды көріп, көк жиекке көз тастап төбе басында 10-11 жастардағы бала тұр. Ол қозғалмайды. Назары алыста. Ақырындап қобыз сарыны естіледі. Сарын бірте-бірте күшейеді. Сарнайды, күрсінеді, ыңырсиды, жылайды).

**Бала:** — Тағы да соғыс! Тағы да қан! Тағы да ажал! Халық үшін бұл не деген қасірет! Көзімді ашқалы көріп келе жатқаным жылау!

Қазақты құдай жылау үшін жаратқан ба! (Үстінде сауыт — сайманы Тілеу келеді).

**Тілеу:** — Мөңке?!

**Мөңке:** — А... Әке...

**Тілеу:** — Жалғыз өзің неғып тұрсың?

**Мөңке:** — Тыңдап тұрмын, көріп тұрмын...

**Тілеу:** — Нені?

**Мөңке:** — Даланы, аспанды, желді, елді...

(Тілеу баласына таңырқап қарайды).

**Тілеу:** — Біз жорыққа аттанып барамыз...

**Мөңке:** — Білем, әке.

**Тілеу:** — Ата жауымыз қалмақ мол күшпен от шашып, өртеп, тігерге тұяқ қалдырмай, елді қырып-жойып, жойқын шабуылға шықты. Тәуке ханнан “Алаштың ат жалын тартқан баласы тегіс жиналсын!” — деген жарлық келген.

**Мөңке:** — Хабарым бар, әке.

**Тілеу:** — Былтыр Тәуке хан сайланғанда Күлтөбеде сөз алдым. Бүкіл Алаш жұртына ант бердім.

**Мөңке:** — Антыңызды тыңдадым, әке.

**Тілеу:** — Ант — адамның ары, Ар — намыс — бұл халық!

Тәуке хан — халықтікі. Ханның айтқанын орындау — бәрімізге міндет! Борыш!

**Мөңке:** — Тәуке хан болды. Жарғылық пәрмен болар, шығыстағы қара шүршіт қас болар, батыстағы сары орыс бұғалық салар, жұрт жарылар, жер тарылар.

**Тілеу:** — Сен осы сөзді былтыр хан сайлаудан шығып, Түркістаннан елге қайтып келе жатқанда айтқан едің...

**Мөңке:** — Ия, айтқанмын, әке, себебі байқағанмын — қазақ ешкімге жау емес, бірақ қазаққа жау көп. Айнала анталаған жау.

**Тілеу:** — Міне сол көп жаудың біріне аттанып барам.

**Мөңке:** — Сіз өлмеске бара жатырсыз, әке. (Тілеу баласына барлай-бажайлай қарайды).

**Тілеу:** — Балам, мына сөзіңе түсінбедім.

**Мөңке:** — Әке, менің байқауымша, адам екі түрлі.

**Тілеу:** — Қандай?

**Мөңке:** — Өлетін адам, өлмейтін адам. Тіпті тірі жүрген өліктер бар.

**Тілеу:** — Астапыралла?

**Мөңке:** — Таңданбаңыз, әке. Дәл солай.

**Тілеу:** — Ал мен қандай адаммын? Соны айтшы.

**Мөңке:** — Сіз өлмейтін адамсыз, әке.

**Тілеу:** — Жұмыр басты пенде шайтан емес, ажалсыз адам жоқ, балам.

**Мөңке:** — Сіздің артыңызда өлмейтін атыңыз, даңқыңыз қалады. Ертеңгі ұрпағыңыздың кез келгенінен “сен кімсің?” деп сұраса, “Мен Тілеумін” деп жауап беретін болады. Өлместік белгі деген осы емес пе?

**Тілеу:** — Бұларды саған кім айттырып тұр?

**Мөңке:** — Өзім де білмеймін, әке. Білетінім — ақты ақ деп, қараны қара деп түстеп ажырата аламын. Атқан таңды түсінемін, батқан күнді түсінемін. Жақсыдан жаманды ажырата аламын.

**Тілеу:** — Басқа еш нәрсенің керегі жоқ қой, құлыным! (Баласын құшақтайды).

**Мөңке:** — Өте керек нәрсе бар емес пе, әке?

**Тілеу:** — Ол не екен?

**Мөңке:** — Ақыл!

**Тілеу:** — Ақыл халықта. Ақылың аздық етіп абдырасаң халықтан сұра. Бұрыңғылар осылай деген.

**Мөңке:** — Ал сол халықтың ішінде ақымақ көп болса, көп ақымақтың бірі ел билесе — арты не болмақ?

**Тілеу:** — Астапыралла!..

**Мөңке:** — Ілгеріде, өзіңіздің де хабарыңыз бар, ішінде



болып, бастан аяқ қатынастыңыз, жеті күнге созылған бір дау болды. Олген адамға күн дауланды. Өзен жағасында ойнап жүрген балаларды асау байталға мінген бір еріккен бай қуалайды. Ойындарын бұзады. Балалардың бірі секіріп қашқанда асау байтал үркеді. Үріккен байталдың үстіндегі байдың бөркі ұшып түседі. Домалаған бөріктен байтал онан сайын үркіп байды жығады. Бай жан тапсырады. “Бала өлтірді” деп оның ағайындары күн даулайды. Үлкен дау болған жоқ па?

**Тілеу:** — Билер керілдесіп келісе алмай жеті күн жатты.

**Мәңке:** — Сол дауды мен шештім ғой!

**Тілеу:** — Ия, сенің шешіміңе ел қайран қалды.

**Мәңке:** — Бұл өзінен өзі қисыны келіп тұрған, қиындықсыз шешілетін дау болатын. Мысалы, сонша жылқысы тұрып асау байталға мініп ойын баласын қуалаған бай тентек емес пе?

**Тілеу:** — Тентек!

**Мәңке:** — Байдың басынан ұшып түскен бөрік тентек емес пе?

(Тілеу күледі).

**Тілеу:** — Ия.....Ия... бөрік тентек!

**Мәңке:** — Бөріктен үріккен байтал тентек емес пе?

**Тілеу:** — Байтал да тентек!

**Мәңке:** — Байталды үркіткен бала тентек. Осы төртеуіне, адамның құны жүз жылқы деп төрт тентекке тең бөлдім.

**Тілеу:** — Билігіне жұрт разы болды.

**Мәңке:** — Міне, әке! Өлгідегі ақымақтар дегенім — қарапайым нәрсеге жеті күн керілдесіп, дауласқандар. Оларға керегі ет, қымыз, әңгіме! Ет жеп, қымыз ішу үшін көп ақылдың керектігі бар ма? Жылқы да, сиыр да, түйе де, есек те оттап, су ішіп, күйсей бермей ме?

**Тілеу:** — Бұл елде малдан айырмашылығы шамалылар баршылық. Ет көп, қымыз көп, көпірме көбік сөз көп. Өтірік көп. Өсек көп. Ақыл аз. Ой осал. Асан ата айтқандай:

Күйрығы жоқ, жалы жоқ.

Құлан қайтіп күн көрер!

Аяғы жоқ, қолы жоқ.

Жылан қайтіп күн көрер!

**Мәңке:** — Ақылы жоқ, ойы жоқ,  
Адам қайтіп күн көрер!

**Тілеу:** — Астапыралла! Үстінен дәл түстің, балам!

**Мөңке:** — Дұшпан осы осалдығымызды пайдаланады, әке! Біздерді түйе қылып, ат қылып, өгіз қылып байлап, матап мініп алып жүрмес пе екен басқалар?!

(пауза).

**Тілеу:** — Құдайға шүкір! Мен сені жас та болсаң соңыма дұрыс ертіп жүр екенмін.

**Мөңке:** — Бәрі құдайлық іс, әке!

**Тілеу:** — Былтыр осы сен айтқан құдай айдап, тұманды күні адасып бір көшкен үйдің орнына кездестік. Сол көшкен үйдің сүрлеу ізіне түсіп келе жатқанда сен “мына үйдің он ешкісі бар екен, бір үлкен серкесі бар екен, қара шолақ иті бар екен дедің”.

**Мөңке:** — Ия, есімде.

**Тілеу:** — Кішкене жүргеннен кейін, “әке мынау үйдің жалғыз түйісі бар екен, оң көзі соқыр екен” деп біраз ойланып тұрдың. Тағы біршама уақыттан кейін “әйелі екіқабат екен, айы-күні жақын екен” дедің. Мен сонда тұрып: “Осы сен не айтып келе жатырсың?” деп сұрауға мәжбүр болдым.

**Мөңке:** — (күліп) “Мына үй туралы айтып, сізді таныстырып келе жатырмын” дедім.

**Тілеу:** — Көп ұзамай көшкен үйді қуып жеттік. Тап сен айтқандай болып шықты. Балам, мұның бәрін қалай білдің?

**Мөңке:** — Көзіммен көріп, оймен пайымдағаным ғой.

**Тілеу:** — Түсіндірші.

**Мөңке:** — Ол былай әке, үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он екен. Қақ ортасында маңайына ешнәрсені жолатпай көк серке жатыпты. Оның серке екенін ізінен білдім. Жүнінің көк екенін орнында қалған қылшығынан білдім.

**Тілеу:** — Иттің шолақ екенін қайдан білдің?

**Мөңке:** — Ит құмда шоңқайып отырған екен. Отырған жеріне шолақ күйрығының ізі түсіп қалыпты. Орнында қара қылшық жатыр. Түйе жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті. Оң көзі соқыр екенін содан білдім.

**Тілеу:** — Ал әйелдің жүкті екенін қайдан білдің?

**Мөңке:** — Әйел түзге отырған жерінде екі қолын тіреп тұрыпты. Екі қабат, күні жақындағанын содан білдім.

(сырттан дауыс)

**Дауыс:** — Тілеу аға! Тілеу батыр!

**Тілеу:** — Бері... бері қайрыл!

(Жас жігіт келеді, үстінде сауыт, қару-жарак).

**Жігіт:** — Ассалаумаалейкум...

**Тілеу:** — Уағалейкумассалам...

(Бәрі қол алысады).

**Жігіт:** — (Мөңкеге) Мөңкемісің?!

**Мөңке:** — Ия...

**Жігіт:** — Тіпә, тіпә! Көз тимесін! Тіл — көзден аман болғайсың! Бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың!

**Тілеу:** — Қай баласың?

**Жігіт:** — Тілеу аға, танымадыңыз ба?!

**Тілеу:** — Көзіме ыстық көрініп тұрсың.

**Мөңке:** — Әке, былтырғы жалғыз үйдің несі ғой! “Кімді айтсаң сол келеді” деген осы.

**Тілеу:** — Астапыралла! Не дейді?

**Жігіт:** — Ия, Тілеу аға!

**Тілеу:** — Алда айналайын-ай! Ғапу ет! Танымағаным!

**Жігіт:** — Оқасы жоқ, батыр аға!

**Тілеу:** — Мал-жандарың аман ба?!

**Жігіт:** — Аман, батыр аға!

**Тілеу:** — Келін аман- есен қол аяғын бауырына алды ма?!

**Жігіт:** — Ия, босанды!

**Тілеу:** — Кімді болдыңдар?!

**Жігіт:** — Жылқышы десеңіз жылқышы! Сарбаз десеңіз сарбаз! Ең тамашасы біреу емес, екеу!

**Тілеу:** — Не дейсің?! Егіз бе?!

**Жігіт:** — Егіз!

**Мөңке:** — Аттары кім?

**Жігіт:** — Асан-Үсен!

**Тілеу:** — Ағайынды екі ұрпақ! Асан, Үсен!

**Жігіт:** — Айтқаныңыз келгей, батыр аға! Сіздер былтыр құтты қонақ болдыңыздар! Қазақ құтты қонақ келсе қонған үйінің қойы егіз туады демейтінбе еді?! Қойым түгіл менің әйелім де егіз ұл туды!

(күлкі) Ха! Ха! Ха!

**Тілеу:** — Оң болсын! Ұлдарың екі рулы ел болсын!

**Жігіт:** — Әумин! Мөңке, осы сен тегін емессің! Не әулиесің, не сәуегейсің!

**Тілеу:** — Бұны не себепті айтып тұрсың?

**Жігіт:** — Былтыр біздің үйден аттанып бара жатып осы

**Мөңке:** “Аға, жеңешем егіз ұл табады!” — деп еді! Айтқаны айдай келді! Әулие ғой!

**Мөңке:** — Ол менің ниетім, ықласым еді, аға!

**Тілеу:** — Ықылас-ниет, лебіңді құдай қолдан, періште әумин деген ғой!

**Жігіт:** — Құдай да кім көрінгеннің лебізін қолдап-қуаттай бермейтінін шығар?! (күлкі).

**Тілеу:** — Ал шаруаңды айт!

**Жігіт:** — Шаруам біреу!

**Тілеу:** — Тындап тұрмын!

**Жігіт:** — Қасымда соғысқа сақадай сай он жігітім бар. Қол астыңызға аласыз! Бәріміз түгелдей найзагерміз, қылышқа да ептіміз. Аттың құлағында ойнаймыз!

**Тілеу:** — Ажалға қарсы бара жатқандарыңды андайсындар ма?!

**Жігіт:** — Әлбетте! Жан сақтап бұғып үйде отырсам менің Асан, Үсенімді, әйелімді, ата-анамды жаудан кім қорғайды?! Басқа жақтан біреу келіп елге қорған бола ма?!

**Тілеу:** — Қане, енді қалған жұртқа да сенің көкірегіңді, сенің жүрегіңді берсе?! Мына киелі далама бейсауат бір адам қадам баспас еді! Қол сұқпас еді!

**Жігіт:** — Қарамағыңызға аласыз ба?

**Тілеу:** — Алдым! Он басы боласың!

**Жігіт:** — Құп алдым бұйрығыңызды!

**Тілеу:** — Ал бара бер сарбаздарыңа!

**Мөңке:** — Сізге оң сапар тілеймін

**Жігіт:** — Қош бауырым! Әулием!

(Мөңкені құшақтайды)

Кебін кигеннен без, кебенек кигеннен безбе!

Бізді ұымтпаңдар! Ораламыз жеңіспен!

(кетеді)

**Тілеу:** — Балам, сен маған мынаны айт.

**Мөңке:** — Сұраныз, әке.

**Тілеу:** — Осы сапар мен үшін қалай аяқталады?

**Мөңке:** — Құдай біледі, әке.

**Тілеу:** — Сен өз сезіміңді, түйгеніңді білдір.

**Мөңке:** — Жоқ, әке. Мені қинама.

**Тілеу:** — Мен аман елге қауышамын ба?!

**Мөңке:** — Бұл құдайлық іс, әке...

**Тілеу:** — Сен бір нәрсені біліп, сезіп тұрсың. Білгенің ішінде жатыр. Айтқың келмейді.

**Мөңке:** — Айта алмаймын!

**Тілеу:** — Неге?

**Мөңке:** — Әке, сіздің аруағыңыз басым! Аруағы басым адамға болжал жүрмес болар!

**Тілеу:** — Солай екен-ау.

(Қалдыбай келеді).

**Қалдыбай:** — Батыр аға, сарбаздарға не бұйрық бар?

**Тілеу:** — Тегіс дем алсын.

**Қалдыбай:** — Жүріс қашан?

**Тілеу:** — Таң ата жолға шығамыз! Керек заттарын, құрал-саймандарын, қару-жарақтарын түгелдесін! Барар жер ұзақ. Жүріс суыт болады.

**Қалдыбай:** — Жарайды! (кетеді).

**Тілеу:** — Ер мұраты не?

**Мөңке:** — Ер мұраты — “елім” деп жаудан өлу!

**Тілеу:** — Ер қасиеті не?

**Мөңке:** — Ер қасиеті — “елім” деп жаудан өлу!

**Тілеу:** — Тәуекел баһадүр хан да, Енсегей бойлы Ер Есім де, Салқам Жәңгір де ат үстінде көз жұмды.

**Мөңке:** — Салқам Жәңгір жекпе-жекте жеңілді дегендері не сөз?

**Тілеу:** — Бұл өтірік! Жекпе-жекке хан шықпайды! Батырлар шығады. Қалмақтармен болған сол қымқуат қырғын соғысқа мен қатнастым. Салқам Жәңгір хан, жарықтық, соғыстың қайнаған ортасында жүріп мәрттікпен өлді! Сауытын садақ бұзды, кесін найза тесті, дулығасын қылыш шапты. Ол қансырап жарадар болса да аттан түспей жаумен жағаласып өлді! Ақырғы деміне дейін қылышын қолынан түсірмеді! Ер деп — Салқам Жәңгірді айт! Сол соғыста, қиян-кескі, қымқиғаш, астан-кестен арпалыста қазақтар жеңді! Егер қалмақтың батырынан Салқам Жәңгір жекпе-жекте өлсе біз қалай жеңіске жеттік?! Бұл қазақты кемсіту үшін дұшпандардың құрастырып жүрген лас өсектері ғой!

**Мөңке:** — Мен бұл әңгімені қазақтардан естідім!

**Тілеу:** — Өз ішінде қазақтың дұшпандары жеткілікті, балам?

**Мөңке:** — Бұл жағын ойламаппын.

**Тілеу:** — Ойланарсың, толғанарсың, көрерсің. Көре-көре көсем боларсың деген.

**Мөңке:** — Анам келе жатыр, әке... мен сарбаздардың қостарын аралайын...

**Тілеу:** — Бара ғой, балам.

**Мөңке:** — Мен сізбен қоштаспаймын, қоштасқым келмейді! (кетеді).

**Тілеу:** — Уа, құдай! Осы баламның өмірін ұзақ қылғайсың! Осы балама аласапыран заман бермегейсің! Тіл-көзден өзің сақтағайсың! Тура жолға бастағайсың! Аруақтар желеп жебеп жүргей!

(Сұлу келеді).

**Сұлу:** — Батыр!

**Тілеу:** — Ә... Сұлу, аманшылық па?

**Сұлу:** — Бәрі өз орнында...

**Тілеу:** — Исі Кіші жүздің сарбаздары, батырлары, нояндары айтарлықтай ауызбіршілікте тас түйін болып түйіліп, шашырамай жинақы келгендей сыңай танытады.

**Сұлу:** — Қазақты Алла ала ауыздықтан сақтағай...

**Тілеу:** — Ия ...сол кеселден аман болсақ... алмайтын жауымыз жоқ!

**Сұлу:** — Қолдың қарасы мол тәрізді.

**Тілеу:** — Он жеті мың! Там-тұмдап әлі қосылып жатыр.

**Сұлу:** — Батыр...

**Тілеу:** — Іркілме, айт.

**Сұлу:** — Осы сапарға інілеріңіздің бірін жұмсасаңыз қайтер еді?

**Тілеу:** — Неге? Не себеп?

**Сұлу:** — Жасыңыз жер ортада ... Бүкіл өміріңіз аттың үстінде өтіп баралы. Тынымсыз күн кешіп келесіз.

**Тілеу:** — Тәуке мені арнайы шақырып отыр.

**Сұлу:** — Мөңкеден де ақылды ... тағы бір балалы болар едік ...

**Тілеу:** — Әй Сұлу! Ондай пікірден дереу құтыл! Құдайдан қорықпайсың ба?! Қанағат қайда?! Күпірлік етпе! Мөңкеден артып туар бала жоқ! Мөңкедей үл берген құдайға тәубе етіп, құрбандық шалуды ұмытпа! Адам танысам, менің Мөңкем халықтың ұлы болатындығына иманым кәміл!

**Сұлу:** — Асылық етсем Жасаған Иенің өзі кешіргей! Жаздым - жаңылдым! Фапу етіңіз мені!

**Тілеу:** — “Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар!”, “Андамай сөйлеген ауырмай өлер!” Сенің аузыңнан мұндай сөз шығады деген ой түсіме де кірген емес!

**Сұлу:** — Кешіріңіз мені, батыр!

**Тілеу:** — Не себепті өзіңді пәске тастайсың?! Құдайды қалай ұмыттың?!

**Сұлу:** — Бәрі қорқыныштан! Қалмақ деген жауыздың атын естісем төбе күйкам шымырлап, төбе шашым тік тұрады! Сондағы сұмдық көрініс көз алдымда. Қандай ғажайып, әсем, әдемі салтанатты күндер еді. Көлдің жағасы, мұнарлаған таулар, ақ басты шыңдар... күн нұрына шағылысқан шың бойындағы қарлар... баурайдағы сыңғырлап, күліп аққан бұлақтар... Күн батар алдында көл жағасы қандай тамаша... Суда жүзген қаз-үйректер, сыланып, сыңкылдаған аққулар... Өрімдей жас қыздар қызыл-жасыл киініп гүл теретінбіз... қосылып ән салатынбыз...

(Ән)

Көк үйрүм көлдің жәгінде, жәгінде,  
Кечқұрым чығам сейілге.  
Аққулар сүзген айдын көл, ал мөл-мөл,  
Ансайын жағат көңүлге...

Жаймашуак жайдары, өдөмі тіршілікті тосынан калмактар басып кіріп бұзды. Жауыз калмактар кыргыздарды кан жоса кылып кырып салды.

Кыргыздар кимас Алатауын тастап кашты. Канша жүргеніміз есімде жок, биз осында жетіп кұладык. Шектілер шеттетпеді. Кұшағын ашып кеңпейілмен күтіп алды. Көшетін, конатын жер берді.

**Тілеу:** — Биз екеуміз құдықтың басында ұшырастык. Жол жүріп бара жатып жолдастарыммен ат суаруға бұрылып ек...

**Сұлу:** — Ия... сол күні ауылдың бір жылқысы құдыкка түсіп кетіп, соны шығарып алмақшы болып, арканды енді тарта бергенімде, сиз келіп менің қолымнан арканды алдыңыз да, жеп-жеңіл ғана суырып сыртқа шығардыңыз.

**Тілеу:** — Мен атыма мініп ұзай бергенімде сен “Дөйт!” деп белгі бердің. Мен жалт қарадым.

**Сұлу:** — Көзіңізге көзім түскенде жүрегім “зырк” етті.

**Тілеу:** — Сол сәт менің де ішім ойран-асыр болды. Ауылға келген соң іркілмедім. Сені айттырып адам жібердім.

**Сұлу:** — Әкем Ақкісі кыргыздың белгілі биі еді ғой. Мінезі де тік болатын. “Жер ортаға келіп қалған кісіге қыз бермеймін, кірме деп басынбасын” деп құдалардың бетін қайтарғандығын жеңгелерім маған жеткізді. Сонда мен: “Тілеу адамның сұңқары екен! Мен ырзамын. Мені Тілеуге берсін”, — деп әкеме сәлем жолдадым.

**Тілеу:** — Бізді қосқан құдай!

**Сұлу:** — Ия ... құдай қосты, жаман болғаным жок.

**Тілеу:** — Дұрыс әйелден дүниеге дұрыс ұрпақ келеді.

**Сұлу:** — Мен Манаспын!

**Тілеу:** — Мен Едігенің ұрпағымын!

**Сұлу:** — Білем, білем...

**Тілеу:** — Манас пен Едіге!

**Сұлу:** — Мөңкенің тамырынан Манас пен Едігенің киелі қаны ағалы!

**Тілеу:** — Еншалла, Мөңкем елімнің туын ұстар!

**Сұлу:** — Айтқаның келгей дуалы, ауызды биім! (Толғау айтқан адамның даусы).

**Тілеу:** — Мынау Мөңке ғой!

**Мөңке:** — (сырттан)

Әй...й-й,  
Ораздының баласы  
Он бесінде бас болар.  
Бастығының белгісі:  
Қарасы мол қол келсе,

Келте қару ту келсе,  
Ел шетіне жау келсе,  
Қолға алғаны тас болар,  
Қайда мәртпен дос болар.  
Кембағал байқұс баласы  
Жиырма бесте жас болар!

**Дауыстар:** — Уа, бәрежелді! Мың жаса, Мөңке! Бар бол!  
**Мөңке:**

Жастығының белгісі:  
Ертеменен тұра алмас,  
Беті, қолын жуа алмас,  
Тепкілессең оянбас,  
Белін қатты буа алмас,  
Буса белі бос болар,  
Сол жаманның көңілінде  
Есі-дерті ас болар.  
Асынды іш те шырағым,  
Жылы жайда жат дейсің  
Сондай бала бергенше  
Қолындағы тобылғы сапты қамшы ес болар.

**Дауыстар:** — Уа, сау бол!

Мынау өзі болайын деп тұрған бала ғой!

(Дабыра, айғай-шу. Қалдыбай келеді)

**Қалдыбай:** — Аға?!

**Тілеу:** — Айта бер, Қалдыбайжан.

**Қалдыбай:** — Сарбаздар сапқа тұрсын ба?

**Тілеу:** — Жина! Көзден өткерейік!

**Қалдыбай:** — “Бір тәулік болса да ертерек барайық!”

деп көпшілік шыдамай тыпыршып тұр!

**Тілеу:** — Жөн! Жөн сөз! (Қалдыбай кетеді)

**Сұлу:** — Қоштасар сәт тақалған сияқты! Бар өмірім сізді күтумен келеді. Шығарып саламын, күтемін... Тек күту! Күту!

**Тілеу:** — Қайтейін, Сұлу?! Бізге құдай осындай дүрбелең, дүрлікпе өмір берді ғой! Шыдап бақ!

**Сұлу:** — Шыдап бақтым!

**Тілеу:** — Манағы әніңді қайталашы!...

(Ән)

**Сұлу:**

Көк үйрүм көлдің жәгінде...  
Кечқұрым чығам сейілге.  
Аққулар сүзген айдын көл — ал мөл, мөл  
Ансайын жағат көңүлге...



**Тілеу:** — Менің сені ұмытуға хақым жоқ.

**Сұлу:** — Тек қана сіз менің көңілімдесіз, батырым!  
“Ансайын жағат көңүлге”...

(сахна сыртында дауыстар)

**Қалдыбай:** — Алты Әлім! Төрт ата Шөмен!

**Дауыстар:** — Бар! Бар! Сапта!

**Қалдыбай:** — Жеті ата Жеті ру!

**Дауыстар:** — Өз орнында!

**Қалдыбай:** — Он екі ата Байұлы!

**Дауыстар:** — Бармыз! Түгелміз!

(Жүгіріп Мөңке келеді).

**Мөңке:** — Әке!

**Тілеу:** — Ия, балам?!

**Мөңке:** — Мен кімін?!

**Тілеу:** — Сен ер Едігенің ұрпағысың!

**Мөңке:** — Түсіндіріңіз, әке! Өз аузыңыздан естиін!

**Сұлу:** — Батыр, өзіңіз бүкпе-қалтарысын, тарихын айтып кеткеніңіз мақұл!

**Мөңке:** — Шекті — Жаманақ деп аталады. Білеміз!

**Тілеу:** — Білсең былай! (тез-тез сөйлеп кетеді) Жадында тұт!

**Мөңке:** — Әр сөзіңіз жадымда болар, әке!

**Тілеу:** — Жаманақтың үлкен ұлы Шыңғыс па?!

**Мөңке:** — Шыңғыс!

**Тілеу:** — Сол Шыңғыс жылқы қайырып жүріп, талықсып талып жатқан балаң жігіттің үстінен шығады. Аулына алып келеді. Өз балам деп жұртқа жариялайды. “Мәку” деп ат береді. Үйлендіреді. Бірақ жігіт дертке шалдығады. Өлерінің алдында Шыңғысқа шындығын айтады. Өз аты Қалу, әкесінің аты Сейдақ екен. Сейдақтың әкесі ноғайлының билеушісі Мұса. Сол Мұсаның бір әйелінен жеті баласы болыпты. Жетеудің кішісі Смайыл айламен Орақты өлтіреді. Өзі хан болғысы келеді. Сол үшін Орақтың балалары Қарасай мен Қазидың көзін құртудың жолын іздейді. Орақтың үлкен баласы Айдынділмаш оқудан қайтып келе жатқанда оның садағын Қалуға ұрлап береді. Қарусыз қалған Айдынділмашты өлтіреді. Бұдан соң Қалуды жоюдың амалын қарастыра бастайды. Қалу алданғанын біліп, елін тастап қашады. Қазақ пен Ноғайлы қатар көшіп-қонып жүрген туысқан халық. Міне сөйтіп жолда талып жатқан Қалуды Шыңғыс тауып, елге әкеліп қатарға қосқан. Өліп бара жатып: “Әйелім жүкті еді, ұл туса атын Бөлек қойыңдар” деп тапсырған екен. Біз солардан тарағанбыз!...

**Мөңке:** — Ұқтым, әке!

**Дауыстар:** — (сырттан) Тілеу батыр! Баста Тілеу! Жол баста! Баста Түркістанға! Сайрамға!

**Тілеу:** — Ал хош, балам! Хош... Сұлу!

(Күшақтасып, тез-тез қоштасады)

**Мөңке:** — Хош, әке!

**Сұлу:** — Хош, батыр!

(Тілеу кетеді. Дүрсілдеп шапқан аттар)

**Мөңке:** — (айғайлап) Ырза бол, әке! Ырза бол!!!

**Сұлу:** — Балам! Не деп тұрсың! Ырзаласқаның қалай?!

**Мөңке:** — Апа! Әкемді енді көрмейсің!

**Сұлу:** — Қой, балам! Айтпа ондай сөзді!

**Мөңке:** — Рас, апа! Атаңа нағлет жауыз жау! Қанішер қалмақ мені әкемнен айырды! Асқар тауым, әкем! Киелі шаңырағым, әкем! Сайын далам, әкем! Кең аспаным, әкем!

**Сұлу:** — (баласын күшақтап) Олай таусылма, балам!

**Мөңке:** — Солай, апа! Солай! Бұл тар заман, бұл зар заман! Айналам дүшпан анталаған! Тындашы апа! Дала жылап жатыр, аспан құлап жатыр! Дауыл ұлып жатыр, дүние құрып жатыр! Топырақ бұрқырайды, сәби шырқырайды!

Тындашы, апа, тындашы!

**Сұлу:** — Құлыным!!!

**Мөңке:** — Апа!!!

(Ана баласын бауырына басып тұр. Күн күркірейді, найзағай жарқылдайды. “Аттан, қазақ! Аттан!” деген дауыстар жаңғырығып даланы кернеп кетеді. Жылаған бала даусы, жылаған әйел даусы. У да шу. Дүние астан — кестен, тасырлап шапқан аттар. Боздаған түйелер. Аласапыран. Ана баласын бауырына басып қозғалмай тұр. Қараңғылықты найзағайдың жарқылы тілгілейді. Күрс-күрс аспан жарылады. Осы айқай-шулардың арасынан ән естіледі. Бүкіл ел қосылып айтқан қайғылы ән. Айнала тас түнек қараңғы. Тек ән):

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Ағайыннан айрылған жаман екен  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

(Қайғылы ән ақырындап алыстай береді де, естілмей кетеді). Сахнаға біртіндеп жарық беріледі. Жарық молынан түскенде төбенің басында тұрған, жас ортадан асқан, бурыл сақалды Мөңкені көреміз. Ол салмақты бір ауыр ойдың үстінде тұрған қалыпта. Қозғалмайды. Даладағы тас мүсіндей).

**Мөңке:** — Өткендерімнің бәрі де күні бүгінге дейін көз алдымда сайрап тұр. Әруағыңнан айналайын әкем Тілеу

бимен тап осы төбенің басында қоштасып қалып едім. Әкем де... онымен бірге кеткен бауырым, ағатайым Жолдаяк та үш жылға созылған сол бір қайғылы Сайрам соғысында шейіт өлді. Оларға абыройлы ақ ажал бұйырды. Бұл қырғыннан әкемнің інісі Қалдыбай көкем аман шыққан екен, бірақ ағам мен інімнің қасында боламын деп Түркістанда қалды. Қаншада-қанша есепке сыймас талай боздақтар “Қазағым!” деп тәтті тірлікпен қош айтысты. Бірақ кейінгілердің ел болу ойында жоқ! Таққа таласады, шапанға таласады, етке таласады, сорпа-суға таласады. Ырылдасады, қырылдасады, жаға жыртысады. Ұят та жоқ, ұялатын бет те жоқ! Сонымен бітеді. Аруақ қайда қалды?! Ата-баба қайда?! Сән қайда?! Жыр қайда? Сыр қайда?! Тіл қайда?! Діл қайда?!

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып, жаман болар,  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Бабалардың дәурені тамам болар.  
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер,  
Ұлы-қызың әлдіге бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?

Басында билігі жоқ, ерінің еркі тұсаулы бодан ел бұдан болып кетпей ме? Адамы бұдан елде не қасиет қалады? Уа, ұрпағым-ай?! Жоқ болуға қарадық-ау!

(Алшағыр келеді. Оның жасы елулерде)

**Алшағыр:** — Би аға!

**Мөңке:** — Айта бер...

**Алшағыр:** — Әбілқайыр ханның адамдары келді.

**Мөңке:** — Ажарлары қалай?

**Алшағыр:** — Жүрістері суыт.

**Мөңке:** — Қонақ үйге түсірдіңдер ме?

**Алшағыр:** — Ия.

**Мөңке:** — Сөзге келді ме? Нендей әңгімелері бар екен?

**Алшағыр:** — Сізді сұрады.

**Мөңке:** — Басшысын осында алып кел. Қалғандарына ас-су бере беріңдер!

**Алшағыр:** — Жарайды, би аға! (кетеді)

**Мөңке:** — Заман ақырға тақалғанда:

Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы-төкпелі биің болады,  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ

Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішіне шынтақ айналмайтын  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңды кес-кестеп өтетін  
Кекірей деген келінің болады.  
Ішкенің сары су болады,  
Берсең итің ішпейді  
Бірақ адам соған құмар болады.  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады,  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Ертеңің сенбейтін күнің болады.  
Дүдәмалдау дінің болады,  
Алашұбар тілің болады.  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады,  
Ит пен мысықтай ырылдасқан  
Еркек пен қатының болады...

(Алшағыр келеді).

**Алшағыр:** — Би аға!

**Мөңке:** — Не болды!

**Алшағыр:** — Өзі келсін деп шалқаяды!

**Мөңке:** — Ежірей мен бежірей ме?

**Алшағыр:** — Кекірей де келді!

(күлкі)

**Мөңке:** — Сөзі бар ма айтар?

**Алшағыр:** — Ордада жиын бар, биді алып кетемін, әкел!—  
деп шіреніп отыр.

**Мөңке:** — Сол ежірейді аяқ-қолын байлап алдыма алып  
кел.

**Алшағыр:** — Оншақты қаруланған нөкері бар.

**Мөңке:** — Қарсыласса байлап тастандар бәрін!

**Алшағыр:** — Бұйрығыңыз бұлжымастан орындалады, би  
аға! (Алшағыр кетеді)

**Мөңке:** — Ашып ауымды жапқанша айтқанымның дәл  
келуін қарашы! Ақыр заман деген осы шығар?! Ел қадірін,  
көріні құрметтемейтін тентектерге тап болдық! Бұл тентектер  
атаққа семіреді. Мансапқа ісіп-кебеді. Әлсіздерге зорін төгеді.  
Ел қадірі естен шыққан! Елін қадірлемеген адам ел басқара  
ала ма?

(Алшағыр қолы байлаулы жасы отыздардағы нөкерді алып  
келеді)

**Алшағыр:** — Міне, алып келдім, би аға!

**Мөңке:** — Қолын шеш.

(қолын шешеді)

Аузы неге тығындаулы?

**Алшағыр:** — Айғайлап, бақырып-шақырып, былапыт боғауыздарды боратты.

Даусынан мал үрікті, бала-шаға қорықты. Аузын тығындауға тура келді.

(Тығынды алады)

**Мөңке:** — Ал мырза жөніңді айт. Қайдан жүрсің? Кімсің? Ныспың кім?

**Алшағыр:** — Мана Көбей сұлтанмын деген.

**Көбей:** — Сұлтанмын! Ордаданмын. Бопай ханымның інілерімін.

**Мөңке:** — Ханның балдызы болдың ғой.

**Көбей:** — Солай?

**Мөңке:** — Неге сәлемдеспейсің?

**Көбей:** — Мен хан тұқымымын!

**Мөңке:** — Бүгінгі хан ертең кетеді. Ал халық қалады. Халық мәңгілік!

**Көбей:** — Сіз осы айтқандарыңызға жауап бересіз!

**Мөңке:** — Мен жауапты күнде беремін. Күнде.

**Көбей:** — Кімге?

**Мөңке:** — Құдайға!

**Көбей:** — Құдай басқа, хан басқа!

**Мөңке:** — Сен не шатып тұрсың?!

**Көбей:** — Солай!

**Мөңке:** — “Құдайдан қорықпағаннан қорық” деген....

**Көбей:** — Жаңа жөнге түстіңіз! Мен қорқытамын! Адам қорыққанын ғана сыйлайды!

**Мөңке:**

Көлдің суы кетіп, табаны қалар,  
Жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалар,  
Жігіттің ақылы кетіп, амалы қалар,  
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,  
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар,  
Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалар,  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар.  
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.

**Алшағыр:** — Көбей сұлтан! Бұл сөз саған айтылған.

**Көбей:** — Мен сөзге түсінбеймін, істің адамымын!  
Тапсырылған жұмысты орындаушымын!

**Мөңке:** — Не жұмыспен келіп едің бұнда?

**Көбей:** — Хан сізді жиынға шақырады.

**Мөңке:** — Халыққа пайдасыз жиын, кеңеске мен бара алмаймын. Құлқым жоқ.

**Көбей:** — Хан шақыртуына бармайтын, ханға бағынбайтын сіз кімсіз сонша?!

**Мөңке:** — Мөңкемін!

**Көбей:** — Кімге сеніп, кімге арқа сүйеп асқақтайсыз?!

**Мөңке:** — Құдайға... халыққа.

**Көбей:** — Ханға ше?!

**Мөңке:** — Айттым ғой, хан үлкен емес құдайдан! Халықтан!

**Көбей:** — Сіз халық деп қазақты айтасыз ба?!

**Мөңке:** — Ия.

**Көбей:** — Бүкіл қазақ сіздікі ме?!

**Мөңке:** — Қарға тамырлы қазақтың бәрі менікі!

**Көбей:** — Сіз шекті руының ғана биісіз!

**Мөңке:** — Жоқ! Қателесесің, сұлтан! Мені дүйім жұрт, бүкіл қазақ елі тыңдайды! Руым шекті, халқым қазақ!

**Алшағыр:** — Иргелі халықты бөлшектеме, сұлтан!

**Көбей:** — Шектілер шектен шыққан екенсіңдер! Кең далада көсіліп, дандайсыған екенсіңдер! Тәубеге келтірмесе болмас!

Қарақалпақтардың кебін кигізбесем! Тоқтай тұр, бәлем!

**Мөңке:** — Әй...сен... не айтып тұрсың?

**Көбей:** — Айтқаным сол!

**Мөңке:** — Қарақалпақтарды шаптыңдар ма?!

**Көбей:** — Тоз-тоз қылдық!

**Мөңке:** — Қашан?!

**Көбей:** — Осыдан бір жеті бұрын!

**Мөңке:** — Кімнің бұйрығы?!

**Көбей:** — Хан бұйрығы!

**Мөңке:** — Құдай тас төбелеріңнен үрсын!

**Көбей:** — Құдай емес, біз ұрдық! Айызымыз қанды!

**Алшағыр:** — Шаш ал десе бас аласыңдар ғой сендер!

**Көбей:** — Ханнан бұйрық болған соң бұқараға не тұрыс! “Шап!” деді — шаптық!

**Алшағыр:** — Би аға! Анау қараңдаған екеу бері бұрылды! Сүйенісіп, зорға ілесіп келеді! Шамасы бірі еркек, бірі әйел! (айқайлап) Бері қарай бұрылыңдар! Бері! Бері!... Арып-талып алыстан келе жатқандар ма деймін! Жаяу-жалпы неғып жүрген жандар?!

(Қол ұстасып, бірін-бірі жетектеп жас жігіт пен келіншек келеді)

**Жігіт:** — Ассалаумаалейкум!

**Келіншек:** — Сәлем...

**Мөңке:** — Уағалейкумассалам, бақытты болыңдар.

**Алшағыр:** — Келіндер...

**Мөңке:** — Шырақтарым, кімсіңдер?

**Жігіт:** — Босқындармыз... босып... ел асып, бел асып келеміз...

**Мөңке:** — Ел қайда? Жер қайда?

**Жігіт:** — Алыста қалды бәрі... бәрінен айрылды... Ел шабылды... Өртелді... Тып — типыл!

**Мөңке:** — Қай ел?

**Жігіт:** — Қарақалпақ ...

(пауза)

**Мөңке:** — Шапқан кім?

**Жігіт:** — Әбілқайыр ханның нөкерлері...

**Мөңке:** — Не дейді?!

**Жігіт:** — Нөкерлер тігерге тұяқ қалдырмай бар малымызды айдап кетті.

Халық босты. Біз қазақ ағайындарға бет түзедік, басқалар Хиуаға, Қоканға қарай шұбыруда. Әке-шешем қартайып отыр еді... жолда өлді. Бесікте баламыз бар еді... Ол да... (Келіншек жылайды)

**Мөңке:** — Сабыр ет... шырағым...

**Алшағыр:** — “Болған іске болаттай берік бол” деген...

**Мөңке:** — Неге талауға түстіңдер? Себебі бар ма?

**Жігіт:** — Себебін білмедік... Таң алдында топылды. Ызы-кықы шу. Ненің не екенін айыра алмадық. Қарсыласқандар соққыға жығылды.

**Мөңке:** — (Көбейді көрсетіп) Мына адамды танысындар ма ?

(Келіншек Көбейді көргенде шошып кейін шегінеді)

**Келіншек:** — (Бақырып) Уа, жауыз!!!

(Жігіт Көбейдің қасына жақындап тігіліп қарап тұрады).

**Жігіт:** — Мені соққыға жыққан... Қамшы астына алған, тепкілеген осы. Сұмырай! Осының нөкерлері!

**Көбей:** — Сонда неге қарсыласасың?!

**Жігіт:** — Қарап тұрып малымды қалай алдырама?! Менің де адам атым, еркек атым бар емес пе?! Сен үй - мүлкімді өртегенде мен үндемей тұра беруім керек пе еді?!

**Көбей:** — Үндемегенде үйдей бәледен құтылар ең! Өзіңнен көр! Күш көрсеттің!

**Жігіт:** — Құдай бар екен ғой! Бұл жауызбен, сірә, кездеспеспін деп ойлап едім! Сәті түсті (Көбейді жағасынан шап беріп ұстайды) Сен өлтірдің ата-анамды! Сен өлтірдің баламды!

**Келіншек:** — Жауыз! Қанішер! Үйелменің мен үйін ортенгей! Тұқымқұрт болғайсың! Ылайым қомусіз қалғайсың!

**Жігіт:** — (Қонышынан суырып пышағын алады) Қаныңды ішемін, қасқыр!

**Алшағыр:** — Араша батыр, араша!

(Жігіттің қолын ұстайды)

**Жігіт:** — Аға, мені жіберің! Кегімді аламын! Босып кеткен туыскандар ырза болсын! Жіберің мені, жіберің!

**Мөңке:** — Сабырлы бол, балам! Сабыр ойла!

**Жігіт:** — Ауылды талауға салған осы! Қасында нөкерлері болатын!

**Мөңке:** — Кобей, сен құныкер екенсің?

**Кобей:** — Мен бұйрықты орындадым. Мені құныкер қыла алмайсыз!

Ханның алдында тексерілсін! Ақ-қарасы анықталсын!

**Мөңке:**

Қырға боран бораса,  
Нуға боран борар ма?  
Ел шетіне жау келсе,  
Халық үстіне дау келсе,  
Жамандайын жалтандап  
Ер жігіт қарап тұрар ма?  
Арғымақтың алдына  
Найза бойы жар келсе,  
Жабыдайын жалтандап  
Түсер жерін қарар ма?  
Арғымақтың аяғы  
Айдай таға тағылса  
Кілегей мұздан таяр ма?  
Жақсы алдына сөз айтсаң  
Жабығып сөзден тояр ма?  
Күндердің күні болғанда  
Басына қлын іс түссе,  
Жалғасып өскен жақыннан  
Жақсылар басын аяр ма?

**Жігіт:** — Сіз біздерді жақыным дедіңіз бе?

**Мөңке:** — Ия... бауырласпыз. Қазақ, Қарақалпақ — ағашіні бір туған. Тегіміз бір. Тіліміз бір.

**Жігіт:** — Алла разы болсын! Жүрегім орнына түсті! Өз еліме келіпшің!

**Келіншек:** — Мен өмірден түңіле бастап едім...  
(жылайды)

**Жігіт:** — (Келіншегіне) Қой жылама... алдымызда жақсы күндер күтіп тұрған тәрізді!...



**Мөңке:** — Қарақалпақтың қай руынансыңдар?

**Жігіт:** — Мен кенегеспін.

**Келіншек:** — Мен маңғытпын.

**Мөңке:** — Ботендіктерің жоқ, Алаштың бар баласы ежелден бір ту астында жиналатын!

**Жігіт:** — Жамандықтан аулақ жүрерміз!

**Келіншек:** — Еншалла, елге сөз келтірмеспіз!

**Алшағыр:** — Қайда бара жатыр едіңдер?

**Жігіт:** — Мөңке бидің аулына!

**Келіншек:** — Би ағаны паналауға келеміз!

**Алшағыр:** — Мөңке би міне алдыңызда тұр!

(Жігіт пен келіншек Мөңке бидің алдына тізерлеп жығылады).

**Жігіт:** — Би аға!

**Келіншек:** — Би аға!

**Жігіт:** — Сізді қарақалпақтар пір тұғады!

**Келіншек:** — Айтқан сөздеріңіз бізге ақыл — насихат!

**Мөңке:** — Алшағыр!

**Алшағыр:** — Ия?! Би аға!

**Мөңке:** — Мына қарақалпақтан келген балдарыма отау тіккіз! Бүгін дем алсын! Ертең менімен хан ордасына барады! Таланған малдарын, өртенген үйін, әкесінің, анасының, баласының құнын хан алдында даулаймын!

**Алшағыр:** — Құп болады, би аға!

**Көбей:** — Мен не қыламын?

**Мөңке:** — Боссың! Ханға барып Мөңке би келе жатыр деп хабарла!

## II бөлім

Әбілқайыр ханның ордасы. Әбілқайыр хан, Мөңке би, Көбей. Қарақалпақ жігіті. Хан тақта отыр. Мөңке би ханның оң жағында, одан төменірек қарақалпақ жігіті жайғасқан. Көбей босағада басын төмен салып тұр.

**Мөңке:** — Міне... әңгіме осылай, хан ием! Өте терең ойландыратын жәйт!

(пауза)

**Әбілқайыр хан:** — Қанықтым... бәрі айқын.

**Мөңке:** — Хан адасса, қарашасымен қас болады деген!

**Әбілқайыр хан:** — Адасып жүргеніміз бүгін емес!

**Мөңке:** — Адамдық қасиет — адасса да жол табуда!

**Әбілқайыр хан:** — Сол жолды табамыз деп басымызды тауға да, тасқа да ұрып, от пен су кешіп жүрміз ғой, аға би!

**Мөңке:** — Еңбегіңіз елге аян. Әр қадамыңызды құдай қадағалап көріп отыр. Сізден әрқашанда жақсылық күтеміз. Бірақ нөкерлеріңіздің мына қылуасына түсінбедім?! Қарақалпақтар сізге бағынышты, қарамағыңыздағы өз бұқараңыз емес пе? Өз бұқараңызды өзіңіз шапқаныңызды қалай түсінеміз?

**Әбілқайыр хан:** — Бұлар дөрекі мінез көрсетті!

**Мөңке:** — Қандай?

**Әбілқайыр хан:** — Салық төлеуден бас тартты!

**Мөңке:** — Салық жинаушылар халыққа азап берген шығар? Өздерінің құлқындарын ойлап үстеме салық салған да болуы! Ондайлар көп кездеседі. Тап мына Көбей “Мен хан тұқымы сұлтанмын” деп бізді қырып кете жаздады!

**Әбілқайыр хан:** — Бұған бүгін жаза кесіледі.

**Көбей:** — (қозғалақтап) Хан ием...

**Әбілқайыр хан:** — Қозғалма! Шығарма үніңді! Біреу тойып кекіреді, біреу тоңып секіреді! “Етке тойған есердің емі табылмас, қымызға тойғанның қызығы басылмас!” “Әй дейтін өже, қой дейтін қожа жоқ!, — деп ойладың ба?! Сұлтан болсаң елді қырып-жойып сұлтан боласың ба?! Кімде-кім халқына қиянат етсе, менен жақсылық күтпейді! Аямаймын! Естуімше, Ресейдің ұлы патшасы Петра — халқының мүддесін сатқаны үшін өз баласына өз қолымен өлім жазасын кескен! Бірінші кезекте маған халық... халық қымбат! Ал қарақалпақтардың басқа да айыбы, тіпті қылмысы бар.

**Мөңке:** — Қандай айып? Қандай қылмыс?

**Әбілқайыр хан:** — Орыс патшалығына “Тікелей бағынамыз, салықты да тікелей өздеріңізге төлейміз, қазақ ханы бізге билік жүргізбесін! Қазақ ханын танымаймыз!” деп жасырын елші жөнелткен. Елшілері ұсталды.

**Мәңке:** — Ұсталды ма?

**Әбілқайыр хан:** — Ия, аға би!

**Мәңке:** — Қазір тұтқында ма олар?!

**Әбілқайыр хан:** — Босаттым. Еліне қайтардым.

**Мәңке:** — Дұрыс. Туысқандық іс етіпсіз, хан ием!

**Әбілқайыр хан:** — Бірақ ашу шақырғаным рас еді.

**Мәңке:** — Ненің ашуы, хан ием?

**Әбілқайыр хан:** — Қарақалпақтар өмірінше қазақтармен бірге келе жатыр. Қыз алысып, қыз беріскен құдандалы жекжаттар. Тонның ішкі бауындай араласып кеткен етене жақындар. Не түрінде, не тілінде айырма жоқ. Жоңғар басқыншылығынан өздері қырылса да, қазақтар қарақалпақтарға қорған болды. Бұқара өмірі қарақалпақтарды тұқым күрт қыламын деп қаһарға мініп жорық жасағанда, сол уақыттағы Самарқанның билеушісі өлім, төртқара Жалаңтөс Баһадүр барып аман алып қалды. Бұлар жақсылықты неге білмейді?! Қазақтардан ешқашан жамандық көрген емес! Сөйте тұра неге секіреді?! Көтеріліп алып бара жатқан не көкірек?!

**Мәңке:** — Өз алдына ел болғысы, хандық құрғысы келеді ғой!

**Әбілқайыр хан:** — Азғантай қалпақ өз алдына қалай ел болады? Қалай хандық құрады бұлар?! Қара ормандай мына қазақтың елдігі екі талай, хандығы қыл үстінде?!

**Мәңке:** — Сіз бағынышты емессіз бе басқаға?

(пауза)

**Әбілқайыр хан:** — Ия... бағыныштымын...

**Мәңке:** — Олардың бағынышты ханға бағынғысы келмегені, хан ием!

**Әбілқайыр хан:** — Мүмкін!.. Әбден мүмкін!

**Мәңке:** — Дәл солай, хан ием!

**Әбілқайыр хан:** — “Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тарталының” кебі десеңші, аға би!

**Мәңке:** — “Іштен шыққан жау жаман” дейді қазақ атан, хан ием!

**Әбілқайыр хан:** — Бірақ бұның бөрі уақытша!

**Мәңке:** — Уақытша дегеніңізді қалай түсінеміз, хан ием?

**Әбілқайыр хан:** — Қазақ әлі өз алдына үлкен ел болады!

(пауза)

**Мәңке:** — Сеніміңіз бар ма?!

**Әбілқайыр хан:** — Бар! Бар, аға би!

**Мөңке:** — Сонда кімге сенесіз, хан ием?!

**Әбілқайыр хан:** — Халқыма! Қазаққа!..

**Мөңке:** — Ұзаққа созылады-ау...

**Әбілқайыр хан:** — Шыдау керек! Аға би, шыдау керек! Маған орыстарға сатылды деп айып тағады. Шыдап келем. Мені арам дейді. Шыдап келем. Еліме тыныштық орнатам деп баламды ақ патшаға кепілдікке бердім! Біреулер мені “тас бауыр, жауыз!” деді. Шыдап келем. Мені түсінетін бір қазақ баласы жоқ! Шыдап келем.

**Мөңке:** — Шыдағаныңыз абзал, хан ием!

**Әбілқайыр хан:** — Неге, аға би?!

**Мөңке:** — Себебі сіз хансыз!

**Әбілқайыр хан:** — Мен бір сорлы ханмын.

**Мөңке:** — Сорлылық, бишаралық әлі алдымызда, хан ием!

(пауза)

**Әбілқайыр хан:** — Мына сорлының үкімін айтыңыз, аға би!

**Мөңке:** — Үкімін сіз айтасыз, хан ием! Мен билігін айтам!

**Әбілқайыр хан:** — Айтыңыз. Орындалады.

(пауза)

**Мөңке:** — Тұяққа тұяқ. Құлаққа құлақ. Басқа бас. Ортенген екі үйдің орнына екі үй.

**Кенегес жігіт:** — Әйелімді, өзімді таяққа жықты!

**Әбілқайыр хан:** — Ей, малғұн! Неге сабадың?!

**Көбей:** — Қарсыласты! Жағамды жыртты! Сізге де тіл тигізді!

**Әбілқайыр хан:** — Не бопты тіл тигізсе!

**Көбей:** — Сосын... ұрғанымыз рас...

**Әбілқайыр хан:** — Жаны күйген төңірісін қарғайды! Мен құдайдан үлкен емеспін ғой! Сендерге тек қана салыққа тиісті мал айдап келіндер деген тапсырма берілген жоқ па еді?!

**Көбей:** — Ия...

**Әбілқайыр хан:** — Есерсок! Кіл жарымес!

**Көбей:** — Кешіріңіз, хан ием!..

**Кенегес жігіт:** — Әкем... шешем... балам... бәрі өлді!..

**Көбей:** — Оларды мен емес, біздер емес өлтірген! Жолда өлген! Олардың ажалына біздер жазықты емеспіз. Жолда өлген!

**Мөңке:** — Үйлерін ортеп, ауылын қиратып далаға қуған кім?! Сендер! Демек өлтірген сендер!

**Көбей:** — (Жүгіріп барып ханның алдына өзін тастайды) Хан ием, мен емес өлтірген! Мен емес!

**Әбілқайыр хан:** — Ат құйрығына байлатамын! Сүйретемін!

**Көбей:** — (Мөңкенің аяғына жығылады) Би аға, араша түсін! Құлағы кесік құлыңыз болайын!

**Мөңке:** — Құл болмай, ұл болғаныңды қалар едім! Бірақ ұл болу қолыңнан келмейді ғой!

**Әбілқайыр:** — (сыртқа дауыстап) Жасауыл! (ішке жасауыл кіреді)

**Жасауыл:** — Ләббай, хан ием!

**Әбілқайыр:** — (Көбейді көрсетіп) Мына малғұнды апарып қараңғы үйге қамандар! Аяқ-қолын байлаң! Ертең ел алдында жазаға тартылады! Мал-мүлкін тәркіге салуға даярландар! Мына қарақалпақтың малдарын санап беріңдер! Екі нарға екі үй артып жөнелтіңдер!

**Көбей:** — Хан ием! Қанымыз бір еді ғой!

**Әбілқайыр хан:** — Өшір үнінді! Сендерді келе қылам деп, өзім келемеж болдым! Кет! Жоғал! (Жасауыл Көбейді алып кетеді)

**Мөңке:** — (Кенегес жігітке) Бар. Санақтың ішінде бол. Шектілердің бір шетінде отырарсың.

**Кенегес жігіті:** — Жақсылығыңызды өмір бойы ұмытпаймын! Ес білгелі жел айдаған қаңбақтай домалаумен келеміз! Қонарымызды сай біліп, ұшарымызды жел біліп... Өзбекке бардық — өзбек сабады! Сартқа бардық — сарт сабады! Қазаққа бардық — қазақ сабады! Таяқтан көзіміз бір ашылар емес!

**Мөңке:** — Орысқа бармап па едіңдер?!

**Кенегес жігіті:** — Ақ патшаға барамыз деп қопандағандар болған кезінде!

**Мөңке:** — Маңдайларыңнан сипамас! Одан қазақ та пайда табар түрі жоқ!

**Кенегес жігіті:** — Тағдырымыз лайым сіздермен бір болғай!

**Мөңке:** — Балам... ханға тағзым ет! Рахметіңді, алғысыңды айт! Өзің ішінде болып көзіңмен көрдің ғой! Барлығын әділ шешіп отырған осы хан!

**Кенегес жігіті:** — (Ханның алдына барып тізерлеп), Мәртебеңіз биіктей бергей, хан ием! Құдай сізге ұзақ ғұмыр бергей!

**Әбілқайыр хан:** — Бар... бауырым... жетімдік көрмессің! Жалғыз қалмассың! Қазақ жерінде өніп-өс! Өркен тап!

**Кенегес жігіті:** — Қазақтың ар-намысы менің ар-намысым! Қазақтың мерейі — қарақалпақтың мерейі! Мен сіздің сарбазыңызбын! Қазақ жерінің пұшпағына жан пидә!  
(кетеді)

**Әбілқайыр хан:** — Уа, аға би!

**Мөңке:** — Тындап отырмын, хан ием.

**Әбілқайыр хан:** — Осы біз қайда бара жатырмыз?

**Мөңке:** — Біздің кім?

**Әбілқайыр хан:** — Мына құмырсқадай халық... мына алмағайып заман...

**Мөңке:** — Қайда бара жатқаныңызды білмейсіз бе?

**Әбілқайыр хан:** — Шын сөзім, аға би, білмеймін.

**Мөңке:** — Ендеше елді қалай басқарып жүрсіз, хан ием?!

**Әбілқайыр хан:** — Ел өз бетімен ығысып ағып бара жатқан сел сияқты.

**Мөңке:** — Жағдай қиын, хан ием!

**Әбілқайыр хан:** — Таудан төмен қарай еңсемнен біреу түйіп жібергендей емпендеп ентелеп келем, бірде омақаса құлаймын, бірде тәлтіректеп тұрамын! Әйтеуір жанталас! Қараңғылық, қарбалас! Алдымда бір тұңғиық тұр... тұншықтырғысы келеді! Батырғысы келеді! Жүтқысы келеді!

**Мөңке:** — Мынау өңіңіз бе, түсіңіз бе, хан ием?

**Әбілқайыр хан:** — Бұл күндері өңім де, түсім де тұтасып, араласып кеткен, аға би...

**Мөңке:** — Ұйқыңыз қалай?

**Әбілқайыр хан:** — Ат үсті ұйықтап, жорықта жүргендей күйдемін...

**Мөңке:** — “Ханда қырық кісінің ақылы болады” дейтін еді баяғылар...

**Әбілқайыр хан:** — Аяқ босатар ғана ақыл қалыпты... Ақыл саркылғандай, аға би!

**Мөңке:** — Сіздің ақылыңыз саркылса ел не болады? Ел тағдыры сіздің мойныңызда ғой, хан ием. Құдайдың алдында да, адамның алдында да елге сіз жауап бересіз!

**Әбілқайыр:** — Әттең! Әттең!.. Күш-қуатымның мол уақытында, ақылымның толы кезінде аяғым тұсауда, қолым бұғауда болды ғой!

**Мөңке:** — Қалай, қалай?! Не дедіңіз, хан ием?!

**Әбілқайыр хан:** — Бүкіл өмір бойы маған ең болмаса бір сәтке еркіндік берілді ме?! Өз еркім өзімде сірә болып көрді ме екен?! Тек “Бұланты” мен “Аңырақайда” ғана бар қабілетімді көрсете алдым!

**Мөңке:** — “Бұланты” мен “Аңырақай” жеңістері қазақты құрып кетуден сақтады ғой, хан ием! Сол үшін сізге құдай да разы, аруақтар да разы!

**Әбілқайыр:** — Бәрібір бар өмірім өксікпен өтіп келеді!

**Мөңке:** — Өкінішсіз өмір жоқ!

**Әбілқайыр:** — Менің өкінішім — халқым!.. Халқымды бір түпкі, түбегейлі межеге жеткізе алмадым! Алтын Орда жоқ! Ақ Орда жоқ! Көк Орда жоқ! Быт-шыт! Бытырап жүрміз!

Жанымды салып сонша ұмтылдым, біріктіре алмадым бастарын!

**Мөңке:** — Себебі сізде күш болмады, заман өзгерді, низам түрленді, хан нем!

(пауза)

**Әбілқайыр:** — Қалай?

**Мөңке:** — Күш билікке топтасады. Сізге билік берілмеді!

**Әбілқайыр:** — Рас, аға би!

**Мөңке:** — Әз Тәукенің тұсында үлкен қателікке жол ашылды.

**Әбілқайыр:** — Қандай?

**Мөңке:** — Ұлыстардың тағдыры ру билерінің меншігі болып кетті. Билер өздерін ханнан кем санамайтын дәрежеге жетті. Қазақ ханын сайлау да солардың қолында қалды. Рулар жіктелді. Әркім өзі шыққан төбесін биікке саналы. Күлтөбеде күнде кеңес басталды. Ортақ мұрат, биік мақсат, ел мүддесі көпірме көбік сөз болып, бәтуа жоғалды. Үрпақ болашағы бұлыңғыр сағымға айналды. Заң азды, заман тозды!

**Әбілқайыр:** — Неге?

**Мөңке:** — Тәуке хан өлді. Орнына Қайып хан отырды. Сіз сайлануыңыз керек еді. Бірақ билер сізді сайламады. Арғы атаныз Шынғыс хан болғанымен Сіз кіші тармақтан тарайды екенсіз. Жасы жетіп қартайған Қайып ханның хандық дәурені көпке созылмады. О дүниеге аттанды. Хан тағына Болат отырды. Ынжық Болаттың ел басқара алмайтындығын барша билер білді. Танып-біліп отырып соны сайлады. Халық “таққа Әбілқайыр отырады” деп ойлаған еді. Бірақ сіз тағы шеттетілдіңіз.

**Әбілқайыр:** — Осындай шешуші кезеңдерде мені ысырып тастайды?

**Мөңке:** — Кіші тармақ — сылтау ғана. Басты мәселе Болат хан билердің билеп-төстеуіне өте қолайлы еді. Өз білігі шамалы хан ру билерінің еркіндігіне қол қатпады. Бір уақыттары бірлігі бүтін ел ыдырады. Тірлікке түйсік жоғалып, парықсыздық басталды. Парықсыздық, ойсыздық “ақтабан шұбырындыға, алқа көл сұламаға” алып келді. Шұбырлық! Сұдалық!

**Әбілқайыр:** — (ыңылдап)

Қаратаудың басынан көш келеді...

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...

Елім-ай, елім-ай...

Бұл қасірет, бұл қайғы көз алдымда!

Боздаған елдің үні құлағымда!

**Мөңке:** — Сіз қазақтың туын көтердіңіз!

**Әбілқайыр:** — Халқымның қырылғанын көргенше өлгенім жақсы!

**Мөңке:** — Міне, бұл — сіздің биіктігіңіз! Осы биіктік халыққа тірлік әкелді. Халық қан күйілі жауды жеңді! “Бұлантыда”, “Аңырақайда!” Сіз қол бастадыңыз! Даңқыңыз Қытай, Орыс, Түрік, Парсы, Бұқар, Қоқан, Хиуа елдеріне кетті! Қазақ елі “іргеміз бекіді” деп кеудесін көтерді. Елдік игі сенім оянып, үміт жанды. Бірақ, аты бар да заты жоқ Болат хан өліп еді, үміт сөніп, сенім жоғалды. Бұлғақ тағдыр қазақты қайта тапты. Таққа талас басталды. Іркіс-тартыс. Кешегі даңқы жер жарған, қазаққа абырой әперген, ұлы жеңіс әкелген Әбілқайыр тақтан тағы шеттетілді! Сізді ұмытты, хан ием! Сізбен санаспады! Сіз өкпеледіңіз, ашуға булықтыңыз!

**Әбілқайыр:** — Рас, аға би... Өкпем осы күнге дейін қара қазандай!

**Мөңке:** — Өкпеңіз орынды, сіз таққа отыруыңыз керек еді! Барша жұрттың ойы — осы.

**Әбілқайыр:** — Ал таққа неге отырмадым?

**Мөңке:** — Сұлтандар, билер сізден қорықты!

**Әбілқайыр:** — Қорыққаны несі?!

**Мөңке:** — Сіз өзім білемі күшті адамсыз!

(пауза)

**Әбілқайыр:** — Ақылсыз емес шығармын?!

**Мөңке:** — Ақылыңыз кеніш, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Сонда не? Қазаққа ақылсыз хан керек пе?!

**Мөңке:** — Ақылды, өркөкірек хан би-сұлтандарды биліктерінен айырады ғой! Одан да бұлар үшін бас-басына би болғаны абзал!

**Әбілқайыр:** — Шыңғыс хан, Әмір Темір бәрі де өркөкірек болған! Қатаң тәртіп ұстанған! Әркім ойына не келсе соны істесе, ел ел бола ма?! Бытырамай ма?!

**Мөңке:** — Бытырады! Алты Алаштың аралары алшақтап алыстады! Қырғыз бауырың тауда қалды, жауда қалды! Құрама сартқа қосылды! Қарақалпақ Хиуаға қашты! Нең қалды?! Үшке бөлініп, үш жүзге бөлінген қазақ ит пен мысықтай ырылдасып-шырылдасып, бір-бірінің жағасын жыртып, іштен шалып, сырттан тас лақтырып кесектеп, өсектеп, бақастықты, іштарлықты, қызғаншақтықты індетіп қорлықта күн кешпек!

**Әбілқайыр:** — Менің қорлығым өз алдына! Тек шықпаған жаным бар!.. Халқымды сақтаймын деп бодандықты қабылдадым!

**Мөңке:** — Бодан хансыз ғой?

**Әбілқайыр:** — Ия...



**Мөңке:** — Бодан болу — бұл биліктен айрылу! Бағыну!

**Әбілқайыр:** — Әуелі мен бодандық — әскери одақ деп ойладым. Сол одақ арқылы түпкі мақсатымды орындаймын ғой деген қиялға берілдім. Ақ патшаның көмегімен үш жүздің, тіпті алты алаштың бастарын біріктірмекші болдым. Қолды болған Сайрам, Тәшкен сияқты ата-бабамның қоныс қалаларын қайтарып алуға әрекет еттім.

**Мөңке:** — Нәтиже қайда, хан ием?

**Әбілқайыр:** — Арманнан аярлық озды, аға би.

**Мөңке:** — Қазаққа жәрдемді тек қана қазақ береді! Қазақ үшін тек қана қазақтың басы ауырады? Ақ патша енді жерінді иеленеді! Қорғандар салып, әскерлерін төгеді! Баяғы қазақтардың қанын су қылып ағызған Жармақ сияқты баскесерлерін жібереді. Қаңғыбастарын қоныстандырады. Халқың буданға айналады!

**Әбілқайыр:** — Буданға дедіңіз бе?!

**Мөңке:** — Сарттар мінетін қашыр деген я есек емес, я жылқы емес бір мақлұқ бар. Қашыр — будан! Ертеңгі ұрпақ будан болып кетпесе игі! Қазақ деген атымыздың жоқ болып кетпесіне кім кепіл?! Қазірдің өзінде бізді қырғыз-қайсақ дейді! Қырғыз алаштың бір баласы болғанда, қайсақ деген кім? Адам білмейді. Бұл қайдан келген жұрт?! Мысалы, сарт деген де қазақ! Яксарт — қазіргі Сырдарияның бойында көшке ере алмай, егін егіп отырықшы болған қазақтар. Дарияның атымен сарттар деп аталған. Саудамен шұғылданады. Әр түрлі келімсектермен араласып будан халыққа айналған. Сарттар — атасы белгісіз будандар! “Қазақ жаманы — сарт!” деген қазаққа мақал да бар.

**Әбілқайыр:** — Ал өзбек ше, аға би?

**Мөңке:** — Өзбек — өзіміз. Сіздің арғы атаңыз Өзбек ханның, одан кейінгі Әбілқайыр ханның еліндегі қазақтар өзбек атанған. Өзбектер — бұл қазақтар, “Өзбек — өз ағам, сарт — садағам” деген қазақтың мақалы да бар. Жалпы, тегі бір, түбі бір халықпыз.

**Әбілқайыр:** — Өзбекпен тегіміз бір туысқан екенбіз, сонда неге бұл ағам қазаққа қанжар қайрап кектеніп жүреді?!

**Мөңке:** — Ата балаға, бала атаға қайрылмайтын шапағатсыз күндер келді ғой! Ұлыбекті кім өлтірді?

**Әбілқайыр:** — Баласы!.. Абдулләтип!..

**Мөңке:** — Абдулләтипті кім бауыздады?

**Әбілқайыр:** — Өз ағайыны!..

**Мөңке:** — Бірін бірі өлтіру — сарттарға дәстүр! Сол лас дәстүр қазаққа да келер...

**Әбілқайыр:** — Ақырзаман десеңші!..

**Мөңке:**

Заман ақыр болғанда:  
Жер тақыр болар,  
Халқы пақыр болар,  
Балалары жетім болар,  
“Ә” десең “мә” дейтін кесір болар.  
Бас қосылған жерде  
Әйел жағы ден болар,  
Жаман-жақсы айтса да  
Өзінікі жөн болар.  
Орай салып бастарын,  
Желкідетіп шаштарын,  
Тақымдары жалтылдап,  
Емшектері салпылдап,  
Ұят жағы кем болар.  
Орыс-қазақ қосылып  
Бір-біріне үйір болар.  
Сөйткен заман келсе  
Түзелуі қиын болар.

**Әбілқайыр:** — (теңселіп) Не істеу керек?! Аға би!  
**Мөңке:**

Кигенін сірісінен басар!  
Ұятын қымтаудан қашар!

**Әбілқайыр:** (бетін басып отырып қалады) Сұмдық! Ұл-  
қыздарым тап осы айтылғандай... бүлінер болса... қасірет!!!  
**Мөңке:**

Атасының асы емес, келін түсірген той емес,  
Бозбала мен қыз бас қосқан жиын болар,  
Мұның өзі жас ұлғайған адамға қиын болар.  
Ақырзаман болғанда су тартылар,  
Қарап тұрған еркекке қыз артылар!

**Әбілқайыр:** — Кері кеткен кер заман келер десеңші?!

**Мөңке:** — Келді! Келді, кер заман! Кер заман емес көр  
заман! Ойланыңдар! Толғаныңдар!

**Әбілқайыр:** — Жөнделу мүмкін бе?!

**Мөңке:** — Мүмкін!

**Әбілқайыр:** — Қалай?!

**Мөңке:** — Бірігіндер! Алтау ала болса ауыздағы кетпей  
ме? Төртеу түгел болса төбедегі келмей ме? Алты алаш бір

тудың астында бас косың! Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шықсын! Бірлік бар жерде, тірлік бар! Таққа таласпандар! Хан тағының талқаны шықпасын! Тіктендер! Аруақтарды ұмытпандар!

**Әбілқайыр:** — Елге ұйытқы бар ма?!

**Мөңке:** — Бар!

**Әбілқайыр:** — Кім?!

**Мөңке:** — Абылай!

**Әбілқайыр:** — А... Абылай дедіңіз бе?!

**Мөңке:** — Ия, Абылай...

(пауза)

**Әбілқайыр:** — Абылай хан емес қой...

**Мөңке:** — Білемін. Хан — Әбілмәмбет. Бірақ Әбілмәмбет бар билікті Абылайға беріп қойған. Әбілмәмбет ханның бұл ісі — адамгершілік. Көзі тірісінде інісіне еркіндік беруі — бүкіл қазаққа өнеге!

**Әбілқайыр:** — Мен ше?.. Елге ұйытқы бола алмаймын ба?

**Мөңке:** — Сіздің орныңыз бөлек, хан ием! Сіз өз халқыңызды сұмдық апаттан, жоқ болудан аман алып қалдыңыз! Сіз бүкіл елге мақтанышсыз! Бодандығыңызды пайдаланып ақ патшаның даламызға ендеп, құлаш жайып кіруіне тосқауыл бола тұрғаныңыз абзал емес пе?

**Әбілқайыр:** — Мынауыңыз — көрегендік, аға би! Құп алдым!

**Мөңке:** — Абылай сізге де іні, хан ием! Ініңіздің талабы тасқай, аруағы асқай!

**Әбілқайыр:** — Бәрі ел қамы!

**Мөңке:** — Қалмақтар әлі тыншу тапқан жоқ. Мына қасымыздағы Еділ қалмақтары жоңғарға қарай ығысуы мүмкін. Бұл — тағы да аласапыран деген сөз. Сол үшін Орта жүзге барып қайту керек шығар?

**Әбілқайыр:** — Жакында Абылай сұлтанға елшілік жіберемін. Өзіңіз бастап барасыз. Абылай сұлтанмен тығыз байланыс, қарым-қатынас орнатайық!

**Мөңке:** — Міне, бұл — ел болудың алғашқы қадамы! Сізден күткенім де осы, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Тығырыққа тіреліп, тұңғық түйіктан шыға алмай аласұрған халде едім... Ой өрісім кеңігендей, алыс-алыстарды көріп, бұрынғы бұлдыр айқындала бастады. Жоғалтқанымды тапқандай күйдемін қазір! Көкейіме көп нәрсе қонды!

**Мөңке:** — Қуануға әлі ерте, хан ием... Қуаныштың аулы алыста.

- Әбілқайыр:** — Неге?..
- Мәңке:** — Кеш қалдық... кешіктік...
- Әбілқайыр:** — Ештен кеш жақсы демейтін бе еді?
- Мәңке:** — Қатерлі қауіп жыландай жылжып жақындап келеді, хан ием...
- Әбілқайыр:** — Маған ба?..
- Мәңке:** — Сізге...
- Әбілқайыр:** — Менің бір басыма болса не қылар дейсіз?
- Халық үшін құрбандық шалынсам...
- Мәңке:** — Сіз керексіз ғой! Әр нәрсе өз орнымен болғаны абзал емес пе?
- Әбілқайыр:** — Құдайдан күшті емеспіз! Құлағаны болар құдайдың!
- Мәңке:** — Сол құдай “сақтансаң сақтармын” деген.
- (пауза)
- Әбілқайыр:** — Кімнен сақтанам?..
- (пауза)
- Мәңке:** — Барак сұлтаннан!..
- Әбілқайыр:** — Өзімнің де күдігім сол!
- Мәңке:** — Құдай озалдан біреуді жақсылыққа жаратады, ал біреуді жамандыққа жаратады! Бұл бір ақ пен қарадай, күн мен түндей тылсым құбылыс. Адам — періште! Адам — Ібіліс!
- Әбілқайыр:** — Азғана уақытқа орыс патшалығына бара тұрсам ба екен?
- Мәңке:** — Ол мүмкін емес!
- Әбілқайыр:** — Неге?!
- Мәңке:** — Ақ патша сізден құтыла алмай отыр. Сізді Абылаймен қосылып кетеді деген қауіп бар. Ақ патшаға қазақ хандығының әлсірегені керек! Бытырағаны керек! Бірін-бірі өлтіргені керек! Аталарыңыз салдырған қасиетті Қазан, Хажытархан қалалары қалай қирады?! Кім қиратты! Ұмытпаңыз! Сарайшық жермен жексен болды! Ата-бабаларыңыздың көрлеріне дейін қопарылды! Сүйектері тау-тау болып үйіліп өртелді! Аналарымыз, қыздарымыз қорланды! Жаны күйген бір қазақ “әкенді алған құдайға сенбе?!” деген екен. Ақ патшаға сенбе, хан ием!
- Әбілқайыр:** — Сонда кімге сенем?!
- Мәңке:** — Алладан қуат сұра! Аруақтардан қолдау сұра! Өзіңе сен! Сенімін жоғалтқан адам — тірі өлік!
- (пауза)
- Әбілқайыр:** — Сөздеріңіз етімнен өтіп, сүйегіме жетті, аға би!
- Мәңке:** — Әрбір адамның алдында бір ғана міндет бар.

**Әбілқайыр:** — Ол — қандай міндет?

**Мөңке:** — Адам болып өле білу! Ал бұл міндетті орындау кез келген пенденің қолынан келе бермейді, хан ием! Құдай бізді адам қылып жаратады. Бәрімізді теңдей көреді. Бірақ соның ішінде біреуге иттің өлімін береді! “Итке — ит өлімі” деп қазақ бекерге айтып жүрген жоқ. Біз адам болып өле аламыз ба, хан ием?!

**Әбілқайыр:** — Ұқтым... аға би!..

**Мөңке:** — Ендеше... хош... хан ием...

(Екеуі күшпақтасады)

**Әбілқайыр:** — Хош... данышпаным...

(Мөңке кетеді)

**Дауыстар:** — (сырттан) Би ағаны күтіп алыңдар! Би ағаны үлкен отауға кіргізіңдер!

**Әбілқайыр:** (жалғыз)

Ай не болар күннен соң,  
Күн не болар айдан соң.  
Құлпырып тұрған бәйшешек.  
Қурай болар солған соң,  
Хандар киген қамқа тон  
Шүберек болар тозған соң,  
Еңсесі биік көк сарай  
Мортық болар бөлген соң, —

деп Бұқар жырау айтқандай, бөлшектеніп бітер ме екенсің, алтын тақ!

Хан сарайы мортық болғалы не заман! Бүтінделіп еңсесі биіктемегелі не заман! “Бұқармын” деп “Қоқанмын” деп “Хиуамын” деп, Ұлы жүзбін, Кіші жүзбін, Орта жүзбін деп әр жер әр жерден состиып шошайған, шайқалып тұрған тақ деп аталатын төбешіктер көрінеді! Бұлар бірігіп биіктей алар ма? Қарлы шырдары мол айбатты тау бола алар ма екен, әлде тап бүгінгідей бір-біріне жау болып қалар ма екен?! Халықтың тәлкек тағдырының керуені қайда бұрылар?!

(Бопай келеді)

**Бопай:** — Хан ием...

**Әбілқайыр:** — Қонақтарды жөнелттің бе?

**Бопай:** — Өзіңіз айтқандай... Би ағаға ат мінгіздім. Шапан кигіздім. Қасындағы қосшыларына да бір-бір жетек жетектеткіздік. Би аға батасын беріп аттанды.

**Әбілқайыр:** — Жөн... жөн...

**Бопай:** — Анау карақалпақтың малы түгел санап берілді. Би аға өзімен бірге бір шоғыр қылып алып кетті.

**Әбілқайыр:** — (дауыстап) Жасауыл! (ішке жасауыл кіреді)

**Жасауыл:** — Бұйрығыңызға әзірмін, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Көбейді алып кел.

**Жасауыл:** — Ол осында, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Алып кел! Кіргіз!

**Жасауыл:** — Әміріңізге құлдық, хан ием! Қазір!

(Жасауыл кетеді)

**Бопай:** — Қылмысы ауыр ма?

**Әбілқайыр:** — Ауыр...

**Бопай:** — Қандай жаза қолданбақшысыз?

**Әбілқайыр:** — Жазасы — өлім...

**Бопай:** — Алда сорлы-ай?!

**Әбілқайыр:** — Билердің кеңесіне тапсырамын.

Шешімін солар айтсын!

**Бопай:** — Билер аямайды, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Не істе дейсің маған?

**Бопай:** — Қолыңызды қанға былғаманыз, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Көшсін! Кетсін қанғып! Оз обалы өзіне!

(ішке жасауыл мен Көбей кіреді)

**Көбей:** — (еңіреп) Хан ием!..

**Әбілқайыр:** — Ей... нәсілсіз малғұн!

**Көбей:** — (тізерлеп, жорғалап таққа жақындайды) Хан ием!.. Мен сіздің құлыңызбын!

**Әбілқайыр:** — Құл едің, құл болып қалдың! Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге! Негізіңе тарттың нәсілсіз!

**Бопай:** — Рас! Сен шапқыншылықта қолға түскен орыстың күн қызынан тудың! Шетқакпай, қағажу көрмесін деп аяп қатарға қосқан мен едім!

**Әбілқайыр:** — Көбейіп өз алына ру болар, өсер, өнер деп атыңды да Көбей қойған Бопай ханым еді! Қазақта тентек аздай тентектерді молайтуға мұрындық болыппыз ғой! Шөмекейде орыс күннен туған Анна атты ру бар! Адайда Құнанорыстар бар. Табынның Қаражонында Көмектер бар. Олар — бір тайпа ел. Қазақпыз деп түтін түтетіп отыр. Елдікке неге талпынбайсыңдар? Тойынғаның, семіргенің сонша, мына көптің басын жарып, көзін шығарып жүр екенсің? Талтайып төбемізге мініпсің? Қылуаларың маған жетіп жатыр. Мөңке бидің ауылына барып, төрін тепкілепсің?! Бұның не? Мөңке би кім, басқатар кім? Соған ақылың жетпегені ме? Ей, малғұн! Мөңке әулие — исі қазақтың ақылғөй! Ол — бәріміздің піріміз!

**Көбей:** — Кешіріңіз, хан ием... Білместігім көп екен...

**Әбілқайыр:** — Анада Хиуадан келе жатқан керуенді талапсындар?!

**Көбей:** — Жөн сұрасақ жөндерін айтпады... Нөкерлері біздерге қамшы сілттеп, қылыш көтерді...

**Әбілқайыр:** — Ол Қайып ханның керуені еді ғой?!

**Көбей:** — Кейін білдік, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Маған неге айтпадыңдар?!

**Көбей:** — Қорықтық, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Жамандықты жасырып бола ма?

Сыбырлағанды құдай естімейді деп пе едің? Сендер мені сыртпен де, ішпен де араз қылып болдыңдар?!

**Көбей:** — Енді не қыламын, хан ием?!

**Әбілқайыр:** — Ат құйрығына сүйретемін!

**Көбей:** — Бір қасық қанымды қиыңыз, хан ием!

**Бопай:** — Ата-анасы қалтқысыз қызметімізде болып еді, хан ием! Өлтірмеңіз... елден кетсін...

(пауза)

**Әбілқайыр:** — Мал-мүлкің тәреке! Жаның олжа! Қара басыңды ал да жоғал! Көзіме көрінбе?!

**Көбей:** — Әміріңізге құлдық, алдияр хан ием!

**Әбілқайыр:** (сыртқа) Жасауыл!

(Жасауыл келеді)

**Жасауыл:** — Әміріңізге дайынбыз, алдияр!

**Әбілқайыр:** — Мына малғұнды көз көрмеске айдап салыңдар!

**Жасауыл:** — Құп болады, алдияр! Әміріңізге құлдық! (Көбейді алып шығып кетеді)

**Бопай:** — Өліп қалады-ау соры қайнаған!

**Әбілқайыр:** — Өлмейді. Қазактың даласы кең. Әр бұтасы пана. Халқы кең пейіл, қанағатшыл, ынсапшыл. Баяғыда мені де ағайындарым мал-мүлкімді таратып алып, қуып салған. Дала кезіп қаңғып, аш бөрідей жортып жүріп сенің аулыңның үстінен шыққам. Әкеңнің жылқысын бақтым. Мен сенің жылқышың едім ғой...

(екеуі де күледі)

**Бопай:** — Сұлтандар хан тағына ие болу үшін, әуелі жылқы баға ма деймін?!

**Әбілқайыр:** — Неге олай дедің?

**Бопай:** — Абылай он төрт жасында Төле бидің түйесін баққан, жиырмаға келгенде Әбілмәмбет төренің жылқышысы ғой!

**Әбілқайыр:** — Абылай — түйеші. Абылай — жылқышы,

Абылай — сұлтан, ертең Абылай — хан! Оны мойындау керек. Қазіргі сұлтандардың ақылдысы, мықтысы, парасаттысы — Абылай!

**Бопай:** — Жер шалғай болса да қонаққа шақырсаңыз қалай болар еді?

**Әбілқайыр:** — Орта жүзге елшілік аттандырамын. Мөңке би бастап барады.

**Бопай:** — Келер ме екен?

**Әбілқайыр:** — Келеді. Абылай — халықшыл.

**Бопай:** — Сөйткен Абылайға да тіс қайрап, тіпті өлтіреміз дейтіндер де бар дейді ғой!

**Әбілқайыр:** — Қазақ бар жерде бақастық қалмайды! Бақастық — қазақтың ем қонбас кеселі!

**Бопай:** — Байқағаным, түйгенім: бұл дүниеде біздей сорлы жоқ шығар!

**Әбілқайыр:** — Хан, сұлтандардың ішіндегі бақытсызы — мен!

**Бопай:** — Неге?

**Әбілқайыр:** — Қазақта Әбілқайыр хан екеу. Бірінші Әбілқайыр тұсында қазақ-ноғай екіге бөлінді. Керей мен Жәнібек көшіп Шуға келді. Мен екінші Әбілқайыр болсам, менің тұсымда қазақ бас-басына кетті. Орысқа боданбыз, сартқа құлмыз, қалмаққа тұтқынбыз! Ел де, жер де қолдан сусып барады... Қазақ атымыз жоқ — қырғыз-қайсақпыз! Мөңке би есек пен жылқының арасынан, араласынан шыққан қашыр деген мақұлықпыз деп анықтама беріп ашуланды. Орынды ашу.

**Бопай:** — Ертеңгі ел дүбәраға айнала ма?

**Әбілқайыр:** — Ия...

**Бопай:** — Құрама дейтін қазақ бар деп естігем.

**Әбілқайыр:** — Құрама сартқа қосылды. Дүбәра дүниеге енді келеді. Іргесін біз қаламақпыз!

**Бопай:** — Қазақ деген біздің ел қайда қалады?

**Әбілқайыр:** — Ойланбаса, басы бірікпесе барып-барып мүлде құрып бітеді!

**Бопай:** — Қазақ хандығы ше?!

**Әбілқайыр:** — Хандықты тарқатады, жояды!

**Бопай:** — Кім?!

**Әбілқайыр:** — Ақ патша!

**Бопай:** — Менің халқым ақ патшаның алдындағысын жеп отырған жоқ қой!

**Әбілқайыр:** — Солайы солай, бірақ ақ патшаның құрығы ұзын! Ол алысты көздеп отыр. Қазақ хандығын жойса, Бұқарға, Самарқанға, Тәшкенге ауыз салады. Қазақ



даласын басып өтіп, бағындырып әскер ұстайды. Шығысқа, түстікке жол ашылады.

**Бопай:** — Аяғының астында қаламыз ба?!

**Әбілқайыр:** — Еншалла, ондай күйге түсіре қоймаспыз! Бармыз ғой! Тіріміз ғой! Тірлігімізді істерміз!

**Бопай:** — Бар емес пе қазақтың ту ұстар азаматтары?

(пауза)

**Әбілқайыр:** — Бопай ханым...

**Бопай:** — Айта беріңіз, хан ием...

**Әбілқайыр:** — Сенің маған өкпең жоқ па?..

**Бопай:** — “Ерің — пірің” дейді қазақ. Пірге өкпелеуге бола ма?

**Әбілқайыр:** — Мойнымнан бір зіл қара батпан ауыр жүк түскендей болды ғой...

**Бопай:** — Бұл не хан ием... ырзаласқан адамдай жаман ырым бастап?

**Әбілқайыр:** — Мына аласапыран, аумалы-төкпелі бұлағай заманда ырзаласып қойған абзал. Ажал азан шақырып келмейді.

**Бопай:** — Хан үрей шақырса, соңына ерген халқы қайтеді? Көрге барып жата бере ме?

**Әбілқайыр:** — Маған көр әлдеқашан қазулы!

(пауза)

**Бопай:** — Хан ием... не дедіңіз?!

**Әбілқайыр:** — Өз бауырым Барақ сұлтан жарағын сайлап, қанжарын қойнына тығып менің қолайымды күткелі біршама уақыт болды. Аңдыған алмай қоймайды ғой!

**Бопай:** — Барақ сұлтан дедіңіз бе, хан ием?!

**Әбілқайыр:** — Ия...

**Бопай:** — Уа, аруақ, өзің жар бола гөр!

**Әбілқайыр:** — Айғайлама! Шулама! Құдай өзі берген жанын өзі алар! Күтіп алдым!

**Бопай:** — Барақты бүгін осында көрдік дегендер бар!

**Әбілқайыр:** — Не дейсің?! (пауза) Жаңағы Мөңке білген екен-ау!

**Бопай:** — Қара басып сізге айту есімнен шығыпты!

**Әбілқайыр:** — Жасауыл! (жүгіріп жасауыл келеді)

**Жасауыл:** — Алдияр хан, бармын!

**Әбілқайыр:** — Бүгін Барақ сұлтанды көрдің бе?!

**Жасауыл:** — Жоқ, хан ием!

**Әбілқайыр:** — Жасауылдар қайда?!

**Жасауыл:** — Осында! Хан ием! Қарауылда!

- Әбілқайыр:** — Барындар! Іздендер! Табындар!  
**Жасауыл:** — Әміріңізге құлдық, алдияр! (кетеді)  
**Бопай:** — Мен де сұрастырайын, хан ием!  
**Әбілқайыр:** — Бар.. бара ғой... Барак сұлтан жақсылық  
 іздеп келген жоқ!  
**Бопай:** — Алла, жар бол өзін! Сақта ханды бөледен!  
 (кетеді)  
**Әбілқайыр:**

Жау жоқ деме — жар астында!  
 Бөрі жоқ деме — бөрік астында!

(Тасадан Барак сұлтан және қарулы адамдар шыға келеді)  
**Барак сұлтан:** — Дұрыс айттың, Әбілқайыр! Жау — жар  
 астында! Бөрі — бөрік астында!

**Әбілқайыр:** — Кімсіңдер! Жасауыл! Қайда Жасауыл!

**Барак сұлтан:** — Жасауылдар жер жастанды!

**Әбілқайыр:** — Барак сұлтан?!

**Барак сұлтан:** — Мен?!

**Әбілқайыр:** — Сен еркек емес, қатынсың!

(қанжарын суырады)

**Барак:** — (ышқына айғайлап) Ұрындар! Шабындар! Не  
 қарап тұрсындар итгер!!!

(екі жігіт Әбілқайырға балталарын сілтейді. Ол күлайды.)

**Әбілқайыр:** — Қапыда кеттім-ау!

(Тәлтіректеп орнынан тұрады)

**Барак сұлтан:** — Ажал осылай тосын келеді!..

**Әбілқайыр:** — Сен нәмарт! Қорқақ! Қатын! Егер  
 ер болсаң неге жекпе-жек ашық майданға шыкпадың?!

**Барак сұлтан:** — Мына өзбек-сарттарда “нәмарт болайын,  
 сау болайын!” деген мақал бар. Батырлықты, ерлікті Абылай  
 екеуіңе бердім!

**Әбілқайыр:** — Менің саған не жамандығым болып  
 еді?..

**Барак сұлтан:** — Жамандығың сол... сен биіктеп кеттің!  
 Сені төменге түсірдім! Орысты пайдаланып қазаққа ұлы хан  
 болғың келді?!

**Әбілқайыр:** — Қатынша патшаға... сен де... хат  
 жаздың... Орыстың қолтығына сен кірмедің бе?! Мен халқым  
 үшін...

**Барак сұлтан:** — Халқың үшін сен енді жерге кір!

(қанжар ұрады)

**Әбілқайыр:** — Арам ит-ай...

(күлайды)

**Барақ сұлтан:** — Тағынның айналасындағылар сені сатты!  
Құның жүз сом екен! Құлмен тең болдың!  
**Әбілқайыр:** — Арманда өткен өмір...  
**Барақ сұлтан:** — Кеттік! Іс тәмам!  
(бәрі кетеді)  
**Әбілқайыр:** — Дүние...ай...бұлай өтерінді біліп пе едім?!  
(жүгіріп Бопай ханым келеді)  
**Бопай:** — А... оһ... хан ием!.. Кім бар!!!  
(жасауыл келеді)  
**Жасауыл:** — Хан ием... не болды... Бұл не қасірет!  
Тірі жан жоқ еді ғой, есік алдында?! Ойбай!!! (жылайды)  
**Бопай:** — Хан ием! Көзіңізді ашыңыз!..  
(Жасауыл мен екеуі ханның басын сүйейді)  
**Әбілқайыр:** — Арман... ат үстінде... соғыста неге  
өлмедім... Ерлерше жауымменен... жағаласып... жұлысып...  
(үзіліп кетеді)  
**Бопай:** (ышқына айғайлап) Аһ!.. Хан ием!.. Қорғаным!..  
(жоктау)

Шөлінді көл қылам деп,  
Езінді ел қылам деп,  
Кеудесін өр қылам деп,  
Арманда кеттің, хан ием!  
А...а...а...  
Далаңды дала қылам деп,  
Балаңды дана қылам деп.  
Қараңды дара қылам деп,  
Арманда кеттің, хан ием!..  
А...а...а...  
Бұлантыға жол бастап,  
Аңырақайда қол бастап,  
Ерлікке ерен ел бастап,  
Өмірден өттің, хан ием!  
А...а...а...  
Бірлігі жоқ қазағым,  
Үлкенін тарттың азаның.  
Алдында әлі азабың,  
Қапыда кетті, хан ием...  
А...а...а...

(Сахна қараңғыланады. Жоқтау естіле береді. Жоқтау айтқан үн ақырындап барып қараңғыға сіңіп кетеді. Жарық қайта берілгенде төбе басында отырған Мөңке биді көреміз. Алшағыр иіліп тапсырма күтіп тұрған сияқты)

**Мөңке би:** — Қонақтарыңды көріп-біліп отырмын...  
**Алшағыр:** — Алыстан ат арытып келгендер!..  
**Мөңке:** — Басшысы — менің көптен күткен адамым...

**Алшағыр:** — Біледі екенсіз ғой?!  
**Мөңке:** — Өзінен бұрын даңқы жеткен.  
**Алшағыр:** — Сізді сұрады...  
**Мөңке:** — Не дедің?  
**Алшағыр:** — Әне! Анау көк төбенің басында жалғыз өзі! — дедім.

**Мөңке:** — Ол не айтты?  
**Алшағыр:** — Мен сілтеген тұсқа қарап, сізді алыстан аңдап: “Бидің қасында адам-кара молшылық екен”, — деді. Мен түсінбедім... Қайран қалдым...

**Мөңке:** — (күліп) Мені ойланып отыр дегені ғой! Ой — бұл адам! Ой — бұл халық! Ойлана білген адам ешқашан жалғыз жүрмейді!

**Алшағыр:** — Әне... өзі осында келе жатыр...  
**Мөңке:** — Сен бар... Қонақтарыңды дұрыстап күт...  
(Алшағыр кетеді)

**Алшағырдың даусы:** — Келіңіз, батыр! Би аға сізді күтуде!  
(Сырым кіреді)

**Сырым:** — Ассалаумағалейкум, би аға!  
**Мөңке:** — Уағалейкумассалам...  
(қол алысады. Оң жағын нұсқайды. Сырым отырады)

**Сырым:** — Армысыз, би аға!  
**Мөңке:** — Бар бол! Қай баласың?  
**Сырым:** — Байұлы Байбақты, Даттың баласымын!

**Мөңке:** — Қой баға алмайтын жаманнан да қолақпандай ұл туады екен-ау!

**Сырым:** — Отындық ағаштан октық мүсін шығады деген қайда? Шалдың үш түрі болады деуші еді. Қадірсіз шал, қыдырма шал, қазымыр шал. Өзіңіз соның қайсысы болдыңыз?

**Мөңке:** — Бала, қадірсіз десең халқымнан сұра, қыдырма десең көршімнен сұра, қазымыр десең қатынымнан сұра!

**Сырым:** — Дәл осылай анық, таңбалап сөйлейтін адамды іздеп сізге келіп едім, би аға!

**Мөңке:** — Осынша ен даладан, есепсіз елден сөйлесетін адам таппадың ба?

**Сырым:** — Таппадым.  
**Мөңке:** — Даламенен сөйлестің бе?  
**Сырым:** — Сөйлестім.  
**Мөңке:** — Баламенен сөйлестің бе?

**Сырым:** — Сөйлестім.  
**Мөңке:** — Дала не деді?  
**Сырым:** — Дала жоқтау айтты!  
**Мөңке:** — Бала не деді?  
**Сырым:** — Бала боқтау айтты!  
**Мөңке:** — Бұны қалай түсініп, қалай пайымдадың?  
**Сырым:** — Уайымдадым!  
**Мөңке:** — Айт уайымыңды!

**Сырым:**

Даламның жоқтау айтқаны — жоғалқаным көп!  
Баламның боқтау айтқаны — оңалтқаным жоқ!

(пауза)

**Мөңке:** — Тәуекел өлді — жоғалттық! Тәуке өлді — жоғалттық! Әбілқайыр өлді — жоғалттық! Нұралыны хан сайладық — келісіп жатқан дөнеңе жоқ! Еділдің бойын еңдей алмаймыз! Жайықтың бойын жайлай алмаймыз! Ата қоныстардан айрылдық! Еділ қайда, ел қайда? Жайық қайда, жер қайда? Не оңалттық? Кешегі ән жоқ! Сән жоқ!

**Сырым:** — Әніміз — зарлық! Сәніміз — қорлық!

**Мөңке:** — Зарлық пен қорлыққа жан мен тән қалай шыдайды?

**Сырым:** — Тән шіріп барады! Жан шығып барады!

**Мөңке:**

Алдымызда терең түңғиық күрдим...

Бай құрып, бақсы азады,

Кен көбейіп, бишара озады.

Қу моладан үйің болады,

Қу баладан биің болады.

Әйел ерге теңеледі,

Сиыр өгізге теңеледі.

Адам ақысыз жұмыс істемейді,

Дүниені түрлеп кестелейді.

Ащыны — ащы демейді,

Сағынып тамақ жемейді.

Тапқанын олжа дейді,

Алхам білгенді молда дейді.

Бір-біріне қарыз бермейді,

Шақырмаса көрші көршіге кірмейді.

**Сырым:** — Заманның бұзылғаны ғой, би аға!

**Мөңке:** — Әуелі адам бұзылады! Адам — құдайдың құлы!

Заман — адамның пұлы! Пұл — адамның құлқы! Заман — пұлдың мүлкі!

**Сырым:** — Енді не қыламыз, би аға?!

**Мөңке:** — Заманның құлы боласың!

**Сырым:** — Заман кімдікі?!

**Мөңке:**

Ендігі заман — орыстікі!

Қағазға жазар малынды,

Есепке салар барыңды.

Елінді алар қолыңнан,

Әскер қылар ұлыңнан,

Тексізді төрге шығарып,

Басыңа ол күн туғанда,

Теңдік тимес құлыңнан...

**Сырым:** — Ел?! Ел не болады?!

**Мөңке:** — Ел сол орнында қала береді!

**Сырым:** — Ел елдігін сақтай ала ма?!

**Мөңке:** — Буданға айналады!

**Сырым:** — Будан малда болмай ма?!

**Мөңке:** — Тілсіз, ділсіз, дінсіз адам — мал емес пе? Ақ патша енді қазақты мал қылып айдайды.

Қызыңды қатын етеді,

Ұлыңды жатың етеді.

Асыңды коқым етеді,

Намысыңды тоқым етеді.

Тілің тұл болады,

Ділің құл болады,

Дінің күл болады.

**Сырым:** — Ақырзаман десеңші, би аға!

**Мөңке:** — Мені “Ақыр Мөңке” демей ме?!

**Сырым:** — Дегенменен үміт бар ма?!

**Мөңке:** — Бар!

**Сырым:** — Қайда?!

**Мөңке:** — Сенде! Үміт — сен!

(Алшағыр келеді)

**Алшағыр:** — Би аға... күтіп отырмыз!..

**Мөңке:** — Қане, жүр Сырым...

**Сырым:** — Бастаныз, би аға!

(Жарық сөніп, аздан кейін қайта жанады. Сахнада сол көрініс. Мөңке мен Алшағыр)

**Алшағыр:** — Керемет өнерлі жігіттер екен. Түні бойы шырқап салған әндері, дүрілдетіп тартқан күйлері құлақтың құрышын қандырды. Балуандары өз алдына! Жыршысын айтпайсыз ба?! “Қарасай-Қазиды” жырлағанда әлем сілтдей тынды-ау!..

Орал да Орал, Орал тау,  
Орал таудың баурында  
Шұбырып өскен бес тұлпар,  
Бес тұлпардың ішінде  
Ешкі тұяқ кызыл ат,  
Ер Көкшенің аты еді.  
Бір міне алмай барамын  
Бір арманым сол деді, —

деп Орақтың өлер жеріндегі армандарын айтқанда тындаушы кәрі-жастың түгелдей бәрі көздерінің жастарын сығумен отырды. Мына Оралтау Орал батырдың, ал Көкшетау Ер Көкшенің ата қоныстары екен-ау!

**Мөңке:** — Бәлду-бәлду, бәрі өтірік!

**Алшағыр:** — Неге өтірік, би аға!

**Мөңке:** — Өмірдің өзі өтірік! Жалғаншы!  
Алданумен өтті қу өмір!..

**Алшағыр:** — Шаршадыңыз, би аға!

**Мөңке:** — Ия, шаршадым... жетер жеріме жеттім. Өз халімше тірліктегі міндетімді атқарған сияқтымын... Ұзақ сапарға аттанар шақ тақалды.

**Алшағыр:** — Бұл не сөз, би аға?!

**Мөңке:** — Мен даярланайын... Күткенім Сырым еді. Ол келді. Айтарымды айттым.

**Алшағыр:** — Біз не қыламыз, би аға?!

**Мөңке:** — Егер Сырым “атқа мін Алаш!” деп ұрандаса, қасында болындар! Менің намазыма ақ түйеге мініп жақайым Сартай молда келер... Жайғастырар... Абдырамаңдар. Тумақ бар жерде өлмек бар!..

(сахна қараңғыланады)

**Алшағыр:** — (жылап) Би аға...а...а... асылым...  
қамқорым!..

(дауыстар қосылады. Боздаған түйе. Түйе боздап келеді)

**Дауыс:** — Шөк! Шөк жануар!..

(түйенің “бақ” деген үні естіледі. Сартай кіреді)

**Алшағыр:** — Ассалаумағалейкүм...

**Сартай:** — Уағалейкүм ассалам... қайырлы қаза болсын!

**Алшағыр:** — Сіз жақайым Сартаймысыз?

**Сартай:** — Ия... Сартай мен болам...

**Алшағыр:** — Би аға... сізді келеді деп еді...

**Сартай:** — Құдай алдында да, ел алдында да бәріне мен жауап беремін. Обал-сауабы менің мойнымда... (тас қараңғы. Тек жылаған дауыстар кеңістікті кернейді)

**Дауыстар:** — Хош бол, би аға! Арысым, қамқорым... данышпаным!

(Боздаған түйенің даусы ұзай береді. Көмекші шымылдық түсіріледі. Шымылдықта Хиуаның бедері. Ақырындап Хорезм сазы естіледі. Хиуа ханы мен уәзір келеді)

**Хиуа ханы:** — Неғылдың?

**Уәзір:** — Сырым бүгін жүреді.

**Хиуа ханы:** — Бежердің бе?

**Уәзір:** — Табағына у салып едік. Берген тағамды ішпеді.

**Хиуа ханы:** — Сауысканнан сақ қазақ болды ғой!

**Уәзір:** — Өте сақ отырады.

**Хиуа ханы:** — “Патшаға қарсы соғыс ашамын, көмек бер” деп әскер сұрайды. Орыс қайда, біреу қайда! Өзіміз орыстан аманбыз. Сырымға әскер берсем — бізді шабады!

**Уәзір:** — Көмек беремін деп алдап-сулап, елден ұзатып салыңыз, ұлы хан!

**Хиуа ханы:** — Солай еттік.

**Уәзір:** — Бұлар Үстіртпен, келген жолымен кері қайтатын болса, жолдарына тосқауыл қойылды. Түгелімен бауыздалады.

**Хиуа ханы:** — Қарақалпақ ауылдарының үстімен жүруі мүмкін.

**Уәзір:** — Бұлар — туысқан халық. Ауыз жаласып кетеді. Біздерді сарт деп келеке қылады. Қалай да Сырымды жоқ ету қажет. Аман кетсе, кейін Хиуаға кәдік туғызады. Қол астымыздағы қазақтар, қарақалпақтар көтерілуі тұрған гәп.

**Хиуа ханы:** — Бұл анық!

**Уәзір:** — Сырымның үзенгісіне өте күшті у жаққыздым.

**Хиуа ханы:** — Ол қалай болар екен?

**Уәзір:** — У үзенгіден қажалып аяққа әсер етеді. Аяқтан миға өтеді.

**Хиуа ханы:** — Өле ме, маған соны айт?!

**Уәзір:** — Көпке апармайды, өледі. Емі жоқ!..

**Хиуа ханы:** — Саған үлкен сауға өзір!

**Уәзір:** — Ұлы хан...

**Хиуа ханы:** — Айт!..

**Уәзір:** — Маған бас уәзірлік лауазым лайық емес пе?



**Хиуа ханы:** — Болсын солай! Өлсін Сырым! Сол замат сен бас уәзірсің!

**Уәзір:** — Мәңгілік құлыңызбын, ұлы хан!..

(Олар кетеді. Жәрдемші кіші шымылдық ашылады. Төрт-бес жігіт Сырымды екі қолтығынан сүйеп келеді. Сырым тастың үстіне отырады)

**Сырым:** — Нұрқожа...

**Нұрқожа:** — Ия... батыр аға!

**Сырым:** — Осы жерге дамылдайық...

**Нұрқожа:** (сыртқа) Жігіттер! Аттан түсіндер! Бел шешіндер!

(жігіттер келеді)

**Сырым:** — Уа... алаша, байбақты, есентемір, шеркеш, ысық— іні-бауырларым. Маған еріп қиын-қыстау күндерімде сапарлас, түз-дәмдес болдыңдар. Ырзамын. Жақсы-жаманды бірге көрдік. Дұшпанды жеңдік, жеңілдік... ит жығыс түстік. Қалай да менің қасымда болдыңдар, қиындықтан қашпадыңдар... ажалға қарсы бардыңдар... Ырзамын. Хан бізді алдады. Әскер беремін дегені — жалған сөз. Қанша сақтансам да мен дертке шалдықтым...

**Нұрқожа:** — Қандай дерт, батыр аға?!

**Жігіттер:** — Не дерт болғанда да дауасы бар шығар?! Батыр аға! Үмітсіз болмайық!

**Сырым:** — Үзеңгіме у жағып жіберіпті... Аяғым сырқырап, кеудем қысканынан білдім... Өкпем аузыма тығылып отыр.

**Жігіттер:** — Сұмдық-ай! Құдай абырой бергей! Ағатай, енді не қылдық?

**Нұрқожа:** — Жақын жерде ауыл жоқ па екен? Қазақ, қарақалпақтар су жағалап көшіп-қона беретін еді ғой?

**Жігіттер:** — Издейік! Табармыз! Тез, тез!

**Сырым:** — Мен ауылға да... елге де... жете алмаймын...

**Нұрқожа:** — Не қылайық, батыр аға?!

**Сырым:** — Осы отырған жеріміз — Кезек батырдың жатқан жері... Кезек батыр қалмақтармен соғыста қаза тапқан... Әне... анау... арғы төбенің басында көрінген мола ... адайдың Қосай атасының қабірі... Бұл өлке де... қазақтың жұрты... Мені Кезек батырдың оң жағынан қоярсындар. Маған топырақ осы арадан бұйырған екен...

**Нұрқожа:** — Елге не бетімізбен көрінеміз, батыр аға?! (бәрі жылайды)

**Жігіттер:** — Ағатайым! Арысым! Аруағым!

**Сырым:** — Елге дұғай сәлем айтындар Қажымасын, мұқалмасын...

(жігіттер жылап-сықтап отырып Сырымның басын сүйейді. Сахна қараңғыланады. Мөңке бидің елесі көрінеді)

Мөңкенің елесі: — Сырым...

Сырым: — Би аға...

Мөңке: — Сен үмітім едің... Түнектегі жанған шамшырағым едің...

Сырым: — Үміт үзілер ме?! Шамшырақ сөнер ме?!

Мөңке: — Ел бар емес пе?!

Сырым: — Ел оянар ма екен?! Ойланар ма екен?!

Оңалар ма екен?!

Мөңке: — Елді ел қылатын кім?!

Сырым: — Елді ел қылатын — азаматы!

Мөңке: — Азамат деген кім?

Сырым: — Азамат деген — ар-намыс!

Мөңке: — Оянар ар-намыс! Оянар азамат!

Сырым: — Уа...елім-ай...

Мөңке: — Қайтейін... елім-ай!..

(“Елім-ай” әнінің сарыны естіле береді)

(Ән)

Мына заман қай заман, қысқан заман...

Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман,

Елім-ай! Елім-ай!

Шымылдық.

*Р.С. Бұл пьеса Алаш жұртының әдеби, әлеуметтік журналы “Жұлдызда” (7-саны, 2006) басылып шықты.*

## **Бәріңізді ата-баба аруағы қолдасын!**

Мөңке әулие атамызға ас беру кезінде ерекше қызмет еткен азаматтар аз болмады. Әсіресе, Серікбай Ақшолақов, Жеткерген Оралмағамбетов, Василий Хмырнов, Сергей Вишняк, Сайлау Байсанов, Сәрсеновтер әулеті, Қайыркүл Жұбатқанов, Қанатбай Елеусізұлы, Садакбай Өтегенов, Жаңабай Қобыландин, Бақтыбай Көкенов, Тағыберген Қалыбаев, Тахталифум Есенғұлов, Рахметулла Мүсіркегенов, Қорған Нұртазин, Нұрлан Құлмағамбетов, Есет Түменов, Еркінбек Елғонды, Жолдыбай Жүсіпов әулетіне, Жалғабай Ахметов әулетіне, Шалқар ауданының тұрғындарына және басқа көптеген тума-туысқа зор алғысымызды білдіреміз. Аттары аталмай қалған ұрпақтары бәрін түсіністікпен қабылдайды деп сенеміз. Бәріңізді ата-баба аруағы қолдасын!

*Есенғали ЖҮГІНІСОВ*  
Ақтөбе қаласындағы асты  
ұйымдастыру комитетінің төрағасы

## СӨЗ СОҢЫ

Бұл жинаққа Мөңке Тілеуұлына (1675-1756) қатысы бар материалдар енгізілді. Әуелгі сөз Мөңкенің тегіне қатысты болды. Бұл мәселе жөнінде Алаштың туысы бөлек ардақты азаматы Мұхтар Құл-Мұхаммед қызықты деректер ұсынған. Біз мұны жаны бар сөз деп есептейміз, себебі бала кезімізде қариялар айтқан, есте қалған шежіре әңгімелер де осыған саяды.

М. Құл-Мұхаммедке дейін де Мөңкенің ата-тегіне, өзіне қатысты біраз материалдар баспасөз бетін көрген-ді. (Қараңыз: Асанов Ж. Шекті Мөңке би Тілеуұлы. — Астана: Елорда, 2001ж.138 бет. “Мөңке би толғаулары”.// “Ақиқат”. 1999, №9-10 ; “Мөңке би”. // “Жұлдыз”, 2000, №4; “Мөңке Тілеуұлы — дана ойшыл,ұлы ақын,әйгілі би”.// “Алтын Орда”. 07.04. 2000; т.б.)

Мұхтар осы әр жерде айтылғандарды, жария көргендерді жинақтап, бас-аяғын бүтіндеп, тұтастандырып сомдаған. Іргелі зерттеу еңбек болып шыққан. Тереңнен тартқан. Жан-жақты білімдар азаматтың, қазақ шежіресіне де жетіктігі қайран қалдырады. Және бір озық жері данағөйге қатысты алда не істеуге болады деген мәселені де күн тәртібіне қойған. Жалпы алғанда, М. Құл-Мұхаммедтің бұл зерттеу еңбегі Мөңкетану саласында шоқтығы биік,оқшау тұрған дүние. Ғұмыры ұзақ, өлмейтін, өшпейтін зерттеу.

“Мөңкенің ата-тегіне қатысты деректер мен пайымдаулар” деген тарауда 2000 жылы Жоламан Алдияровтың алқауымен Алматыдағы “Зерде” баспасынан шыққан “Сайрам шайқасының сардары” деген кітаптағы құнды деп есептелген материалдар енгізілген. Негізінен Түркістан қаласының 1500 жылдығы қарсаңында 2000 жылы 18-19 тамызда Тілеу Айтұлына байланысты Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде академик Мұрат Жұрыновтың ұйымдастыруымен өткен халықаралық конференция материалдары алынды.

Күндердің күнінде қазақ тағдыры талқыға түскен, ата-

бабаларымыз қан жалдап, от кешкен, өлген-тірілгеніне қарамай, қайтпай соғысып, іргедегі астанасына жау жібермеген, даңқты Сайрам соғысы (1681-1684) ұлттық мереке ретінде аталып өтер күн туарына, тарих оқулығынан айрықша орын аларына еш күмәніміз жоқ. Сол тұста бұл конференция материалдарының құны артары даусыз.

Жинақтың үшінші бөлімінде ауылдың Мөңке би Тілеуұлының есімімен аталуына, би атында ауылдық округтің ашылуына және Мөңке би ұрпағы Мұқамбетқазы Тәжин атындағы орта мектептің жаңа ғимаратының салынуына байланысты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы мен журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты, Республикаға танымал ақын Ертай Ашықбаевтың аталған іс-шараның ізі суымай жазған репортажы берілген. Ол репортаж фотосуреттермен іргесін бекіте түскен.

Сондай-ақ, Мөңке ұрпақтары Мөңке Төлеген, қоғам қайраткері Мұқанбетқазы Тәжин туралы мақалалар да орын алған.

Жинақта ірі қоғам қайраткері, сәуегей болжампаз, жырау, дала философы Мөңке Тілеуұлына қатысты барлық мәселелер тегіс қамтылды, жан-жақты ашып көрсетілді деп айту қиын. Әйтседе, ол тарапқа да осы жинақ арқылы сүрлеу-соқпақ салынды деп ойлаймыз.

**Ж. АСАНОВ**

*Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,*

*20.11.2006 жыл.*

## Кітаптағы кейбір түсініксіз сөздерге түсінік

1. Орс — керілген жіп, мысалы, аттын аяғына орс салынады;
2. Шабан — бұл жерде бәйгеге жарамайтын ат
3. Сүреңі — түрі
4. Суат — мал, жан су ишетін жер
5. Харап — бұл жерде қырылды, өлді деген мағынаны білдіреді
6. Қысылтайың — асығыста деген мағынаны береді
7. Дұрдараздық — реніш
8. Күпті — алаңдау
9. Құсалы — қайғылы, зарлы
10. Жайдақ сөз — бос сөз
11. Аяр саясат — бұл жерде жөдігөй, қулық саясат
12. Шарапшын — көзге тағатын маска
13. Окшантай — белбеудің оқ салатын жері
14. Кілегей мұз — жұқа мұз деген мағынада
15. Көкжал — бөрінің арланы
16. Әйдік — үлкен деген мағынада
17. Дүниесауи — дүние-тіршілікке қатысты нәрселер
18. Заржак — көп сөйлейтін, зарлауық адам деген мағынада
19. Апайтөс дала — бұл жерде кең дала деген мағынаны береді
20. Төбел бие — төбесінде ағы бар бие
21. Сүбелі мақала — мәнді, мағыналы мақала
22. Тархан — жоғарғы әскери атақ
23. Там-тұмдап — бірте-бірте
24. Тін — жіптің өзегі
25. Дұдомал — күмәнді
26. Тегеурінді — бұл жерде мықты, берік деген мағынада
27. Тарлан — тау бүркіті
28. Тәбөрік — қасиетті үлес деген мағынада
29. Жүгініс — отырудың бір түрі
30. Олеңті — жер атауы
31. Кембағал — кеміс
32. Мешкей — ашқарак
33. Ноубат — зобалаң, қыншылық деген мағынада
34. Сүрлеу — ескі із
35. Кермиық — иықты деген мағынаны білдіреді
36. Сабан — бидай сабаны
37. Кебір — нашар жер деген мағынада
38. Тарантас арба — жүрісі жайлы арба
39. Қада — қазық деген мағынада
40. Жасын — найзағай деген мағынаны береді
41. Мәуе — жеміс деген мәнге ие
42. Абдан — мықты деген мағынада
43. Жойдасыз — ретсіз, қиянатшыл деген мағынада
44. Ахун — дін қайраткері
45. Лоббай — мақұл, жарайды деген мағынада

*Түсініктерді жазған Индира ДОСЖАНОВА*

## МАЗМҰНЫ

Аузына халқын қаратқан. <i>Ж. Асанов</i> .....	5
Мөңке би. Аңыз бен ақиқат. <i>М. Құл-Мұхаммед</i> .....	16
<b>Мөңкенің ата тегіне қатысты деректер мен пайымдаулар</b>	
“Сайрам шайқасының сардары” кітабынан (Алматы: “Зерде”, 2000.Ж. Алдияров)	
Алғы сөз. <i>Ж. Алдияров</i> .....	48
Тілеу Айтұлы. <i>Ж. Асанов</i> .....	50
Барымызды бағалай білейік. <i>М. Жұрынов</i> .....	57
Өнеге болар өрелі іс. <i>А. Аліхан</i> .....	59
Баршаға ортақ батыр. <i>Ж. Әлимағамбетов</i> .....	60
Асылдан асыл туады. <i>Е. Қадыров</i> .....	61
Шектінің шексіз ойлы пайғамбары. <i>Қ. Сарыбаев</i> .....	63
“Тілеу-Қабак” — Сарышолақтың өні. <i>Б. Көртен</i> .....	64
Жігіттің сұңқары болған. <i>К. Төлеубай</i> .....	79
Тойдан төбөрік. <i>Б. Кемал</i> .....	81
Қазақ халқының Жоңғария шабуылына қарсы азаттық күресі.....	83
Түркістан қаласының әкімі Өмірзақ Әметұлы мырзаға. <i>А. Мусин</i> .....	84
Көше атауы өзгерді.....	85
<b>Мөңке Тілеуұлы туралы деректер</b> (Ақтөбе, 1998-2002)	
Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының Ұйғарымы.....	86
Орталық ғылыми кітапханадан хат.....	87
Мұңке би. <i>А. Байтұрсынұлы</i> .....	88
Байтұрсын ұлы Ақымет. Сауат ашқыш.....	89
Ел қорғаны (пьеса). <i>Ж. Аймауытов</i> .....	90
Сары. <i>А. Жубанов</i> .....	91
Елең-алаң. <i>Ә. Кекілбаев</i> .....	92
Шекті Мөңке би сөзі. <i>Н. Наушабаев</i> .....	93
Письмо биев и батыров Малого и Среднего жузов имп. Елизавете с просьбой об утверждении султана Нурали ханом Малого и Среднего казахских жузов.....	96
Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің тақпақтап айтқан сөзі. <i>М. Ж. Көпеев</i> .....	98
“Қазақ әдебиеті” энциклопедиясынан үзінді Сырым Датұлы. “Қазақ әдебиеті” энциклопедиясынан.....	102
Қазақбай мен Нүрпейіс. <i>Н. Байғанин</i> .....	103
“Сарышолақ шайыр” кітабынан. <i>Ә. Дүйсенбаев, Ж. Асанов</i> .....	104
“Асыл қазына” Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясынан. <i>Ж. Асанов</i> .....	104
“Қазақ шежіресі” кітабынан. Қазақ халқының	

дана билері туралы Балқы Базар жыраудың айтқаны. <i>С. Тобылбеков</i> .....	106
“Шешендік сөздер” кітабынан. Мөңкенің сұрағына Сырымның жауабы. <i>Б. Адамбаев</i> .....	107
“Шешендік сөздер” кітабынан. <i>Б. Адамбаев</i> .....	108
“Тозған қазды топтанған қарға жейді” кітабынан. Мөңке би сөздерінен. <i>Б. Адамбаев</i> .....	110
“Шешендік шиырлары” кітабынан. Мөңке би.....	111
“Билер сөзі” кітабынан. <i>Т. Кәкішев</i> .....	114
“Шешендік өнер” кітабынан. <i>С. Негимов</i> .....	115
“Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері” кітабынан <i>М. Тілеужанов</i> .....	117
Ақырзаман болғанда. <i>Ш. Керімов</i> .....	118
Абайлаңыздар! <i>Ш. Мұртаза</i> .....	120
Шал мен шенеунік. Қазактың қарияларынан асқан астролог бар ма? <i>Қ. Сәрсенбай</i> .....	122
Мөңке бидің Нострадамустан несі кем? <i>С. Байменше</i> .....	125
Сұңқардан сұңқар туады. <i>И. Асқар</i> .....	137
Құдай аузыңызға салса.....	141
Зоветы бия Мөңке.....	142
“Асыл қазына” антологиясынан. Мөңке Тілеуұлы. <i>Ж. Асанов</i> .....	146
“Зар заман поэзиясы”, монографиясынан. <i>Б. Омаров</i> .....	147
Қай Мөңке би? <i>Б. Кемал</i> .....	148
“Ақтөбе” энциклопедиясынан. Айтулы Тілеу.....	157
Даланың дархан данасы. <i>Әмір Оралбай</i> .....	159
<b>Мөңке би Тілеуұлының есімі ауылға берілуіне, би атында ауылдық округтің ашылуына және Мөңке би ұрпағы Мұқамбетқазы Тәжин атындағы орта мектептің жаңа ғимаратының салынуына байланысты 2006 жылдың 23 қыркүйегінде өткен іс-шараларға қатысты жинақталған зерттеу еңбектері мен естеліктер топтамасы</b>	
Бағдарлама.....	162
Мөңке бидің мәңгілігі. <i>Е. Ашықбаев</i> .....	163
Қазақ әдебиетіндегі болжампаздық мәселесі және Мөңке би шығармашылығы. <i>Ж. Асанов</i> .....	171
Мөңке Төлеген. <i>Ж. Балмағамбетова</i> .....	178
Тектіден өрбіген тарлан. <i>Б. Төлепбергени</i> .....	181
Зар заман поэзиясының суаты. <i>Б. Кәртен</i> .....	185
Тілеу ұрпағы Мырзагүл Шманұлының Сарышолақ жырындағы образы. <i>Ж. Төлемісова</i> .....	195
Сайрам соғысы. <i>Ж. Қабақбаев</i> .....	200
Шекті Мөңке бидің болжауы. <i>Б. Кемал</i> .....	206
Қос тойың құтты болсын, уа, ағайын! <i>М. Матқан, Ә. Бөрібекұлы</i> .....	208
Мөңке би (екі бөлімді тарихи трагедия). <i>А. Уталиев, Ж. Асанов</i> .....	210
Сөз соңы. <i>Ж. Асанов</i> .....	259
Кітаптағы түсініксіз сөздерге түсінік. <i>И. Досжанова</i> .....	261



*“Ел-шежіре” қоғамдық қорының президенті*  
*Дидахмет Әшімханұлы*

## **МӨҢКЕ**

**Құрастырып, баспаға дайындаған, алғы және соңғы сөздерін  
жазған: филология ғылымдарының кандидаты  
Жұбаназар Асанов**

**Редакторы Л. Саяқызы  
Техникалық редакторы А. Қасымова  
Теріп, беттеген және корректоры Индира Досжанова  
Компьютерде беттеген М. Шайхметұлы**

**Теруге 25.01.2007.берілді. Басуға 21.02.2007. қол қойылды. Пішімі  
84x108<sup>1</sup>/32. Көлемі 17 баспа табақ. Офсеттік қағаз.  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 443**

**“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050052. Алматы қаласы, Мамыр,  
Афғинао көшесі, 3/22**

**ISBN 9965-9997-2-4**



**9 789965 999727**

